

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘОЖ 808.51:008

Қолжазба құқығында

МАЛИКОВА АСЕЛЬ МАЛИКҚЫЗЫ

Шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны ретінде

6D020400 – Мәдениеттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
философия ғылымдарының докторы,
профессор,
Иманжүсіп Р.

Шетелдік ғылыми кеңесші
политология ғылымдарының докторы,
профессор
Дронзина Т.А.
(София)

Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан, 2020

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ БОЛМЫСЫ.....	18
1.1 Шешендік өнер мәдени-тарихи құбылыс ретінде.....	18
1.2 Батыс-христиан мәдениетіндегі шешендік өнер қағидалары.....	32
1.3 Түркімәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдары.....	43
2 ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ШЕШЕНДІК ӨНЕРГЕ МӘДЕНИ ТАЛДАУ	59
2.1 Қазақ мәдениетіндегі шешендік өнердің орны.....	59
2.2 Қазақ шешендігіндегі саяси-мәдени тұғырнамалар, олардың сабақтастығы.....	71
2.3 Шешендік өнердегі мәдени-аксиологиялық концепциялар.....	86
3 ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ.....	101
3.1 Шешендік өнер мәдениетіндегі тәрбиелік ұстанымдар.....	101
3.2 Кәсіптік шешендік.....	117
3.3 Әлеуметтік желідегі онлайн тренингтер.....	141
ҚОРЫТЫНДЫ	153
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	161

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Би – Соттық, әкімшілік, әскербасшылық, елшілік қызметтерді атқарушы. Сөз шебері.

Гомилетика – («гр.- *homileo*») сұқпаттасу. Діни шіркеулік шешендіктің қалыптасуын, даму тарихын, жүйелік құрылысын және көркемдік әдіс-тәсілдерін зерттейтін шешендік өнердің тармағы.

Интенция – (лат. – «*intentio*») ниет, ұмтылыс, бағыт.

Когнитивті лингвистика – тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі антропоцентристік парадигманың қатарына жататын тоғыспалы ғылым саласы. Когнитивтік лингвистика тілдің танымдық табиғи болмысын зерттейтін ғылым.

Риторика – (ағылш. «*rhetoric*») шешен сөз, немесе шешендік өнер) - ежелгі Грекия мен Рим заманынан бері көптеген халықтардың мәдени, рухани, өмір тіршілігіндегі сөйлеу өнерінің жалпы атауы.

Шешен – көркем сөз иесі, рухани құндылық насихаттаушы.

Шешен сөйлеу – тапқыр, әрі көркем сөйлеу.

Ораторика – белгілі бір мақсатқа жету үшін бағытталған сөздер. Күдікті немесе бұрыс ойларды насихаттау.

Инфокс – әлеуметтік желілер арқылы таралатын лақап хабарлама.

Трампизация – танылу мақсатында, терең ойланбай сөйлеу.

Мәдени мұра – әрбір халықтың өзіндік ерекшелігін қалыптастыратын, әлемдік өркениетте із қалдыратын, дамытатын және сақтайтын ұлттық материалды және рухани мәдениет.

Мәдени кеңістік – адамзат қызметі мен қабілетінің, мәдени тәжірибелердің жүзеге асырылатын, тіл мен дәстүрде, сенім мен нормаларда кездесетін белгілік-нышанды мазмұндағы кеңістік.

Мәдени код – ғасырлар тарихымен ұрпақтан ұрпаққа берілетін таңдамалы мәдениет бейнелері мен рухани және материалды мұралар жүйесі.

Құндылықтар сабақтастығы – адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жетістіктер мен құндылықтарды мұрагерлікпен қалдырып, тәжірибе мен дағдыны жалғастырып отыратын қоғам дамуының барлық сатыларында кездесетін заңды құбылыс.

Тектілік мәдениет – адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілетін қасиет жүйесі.

Тұлға – пенделіктен биік тұратын, саналы өмірін маңызды мәселелерді шешуге арнаған, ел мен жердің жанашыр қорғаны болатын адам.

Мәдени ресурс (ағылш. «*culture resource*») – материалды және материалды емес заттың жасырын құндылығы, адамдардың пайдаланатын байлық көзі.

Эпистолярлық талдау әдісі – (лат.«*epistola*») – ауызша хат, жолдау дегенді білдіреді, яғни ауызша немесе жазбаша мәтіндерге, жолдауға талдау жасау әдісі.

Интроспективті (интроспекциялық) талдау әдісі – біздің зерттеу жұмысымызда Қазақ би-шешендерінің мәдениет көнтекiсiндегi мәселелердi өздерiнiң көзбен көрген, араласқан тұлға ретiнде олардың ақыл жүйесiне сiңген, ой елегiнен өткiзiлген толғаныс құбылысы ретiнде қарастыру әдiс-амалы.

Коррелятивтік әдіс– сәйкестендіру, өзара байланыстылық анықтау әдісі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ТМД	– Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
БАҚ	– Бұқаралық ақпарат құралдары

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында бүгінгі әлемдік ғылыми сана бір жағынан, қарқынды дамып жатқан кезеңде, екінші жағынан мәдени танымдық тұрғыда тосын да соны көзқарастармен бетпе-бет келіп жатқан дәуірмен тұспа-тұс келіп отырған дәстүрлі мәдениетке ренесанстық көзқарастың қажеттілігіне айналған тақырыптардың бірі әрі бірегейі Қазақ шешендік өнеріне мәдениеттанулық талдауға алғаш рет қадам жасалады. Ғылыми жұмыс Егемен еліміздегі сонау 2005 жылдан бастау алған «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», мемлекеттік бағдарламалар аясында орындалып отыр. Диссертациялық зерттеу жұмысы антика дәуірінен бастау алып, бүгінгі күнге дейін толассыз өзгеріс үстіндегі шешендік өнерге тарихи-мәдени саралау, соның ішінде тарихи тәжірибе мен шешендік өнер техникаларымен танысып, бұл өнердің әр заманға байланысты өзгерістерді айқындап, оларға салыстырмалы талдау жасалды. Сонымен бірге жұмыста қазақтың ұлттық мәдениетіндегі шешендік өнердің орны мен рөліне сараптау жасалып, оның мәдени аксиологиялық тұғырнамалары герменевтикалық пайым елегінен өткізіліп, қазақ шешендік өнері қазақ қоғамында тәрбие мектебі болғандығы әрі бүгін де сондай күзіретте болатындығы ғылыми сараптамаға түседі. Диссертация отандық ғылымдағы антропогендік, социогендік мәселелерге арналған, тұлғаның әлеуметтік ортада бар болу, экзистенция, әлеуметтік қатынас, іс-қимыл мәдениеті мәнін, адамның рухани болмысы табиғаты мен бағытын, қажеттілігін анықтауға міндеттелген мәдени теориялық эпистемалық әрі тәжірибелік эмпирикалық зерттеуге бағытталған жұмыс.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ғылыми зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігі, ең алдымен, мәдениет атты феноменнің болмыстық трансформацияға түсуімен байланысты деп санаймыз. Мұның тектамырын іздейтін болсақ, оның мәні мәдениеттің антропоөзектік генезисінде жатыр деп айтуға болады. Осы ойды белгілі мәдениеттанушы-ғалым, философия ғылымдарының докторы Б.Ғ. Нұржановтың: «Мәдениет бүкіл адамзаттық әлемді қамтиды, адамның адам болуы оның мәдени жаратылыс болуында» [1] - деп айтқанымен дәлелдеуге болады. Демек, адам мен мәдениет дуалистік мәнге ие болатын парадигмалды ақиқат. Бір жағынан, мәдениетті өндіруші де әрі оны тұтынушы да адам, демек мәдениет адамнан басталып, адаммен аяқталатын құбылыс. Мәдениет адамзатынан тыс бола алмайды. Екінші жағынан, адамның жаратылысы және оның бар болу кеңістігі мен уақыты мәдениет өңірінде жүріп отыратын шындық. Кез келген мемлекет өздері құрған мәдениеттің аясында ғана біртұтас қауым ретінде өмір сүре алады. Оның құлдырауы немесе жойылып кетуі сол мемлекеттің, халықтың құлдырауына немесе жойылып кетуіне апарып соқтыратыны сөзсіз. Мәдениеттің түптамасы – қоғамда қалыптасқан адамның образы арқылы көрініс беретін рухани-адамгершілік идеалдар. Бұл мәселе тақырып өзектілігіне принципті түрде әдіснамалық негіз бола алады деп есептейміз.

Сонымен бірге, мәселенің өзектілігі шешендік сөз өнерінің константты антропты-мәдени мәселе болуымен байланысты деп есептейміз. Қазіргі тілтану саласындағы теориялық та, практикалық та маңызы бар проблемалардың бірі – сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу мәдениеті тілдің сарқылмас мол байлығын зерделеп меңгерудің аса маңызды құралы болып табылады. Оны тиімді де мақсатты түрде қолдана отырып, адамның мәдениеті мен руханиятын жетілдірудің, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеудің құралына айналдыруға болады. Алайда, адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, адам тәрбиелеу, оны жетілдіру ісіндегі аса маңызды фактор ретіндегі тілге деген көзқарасы әрбір тарихи кезеңдерде әртүрлі болғаны да шындық.

Жалпы шешендік өнер тек адам болмысына таңылған, тек адам болмысымен ғана өлшенетін универсум. Екіншіден, шешенді сөз мәдениетін өндіргіш күші де, тұтынушы да – адам. Демек шешендік мәдениет адамның онтостық физикасының бір формасы, экзистенциялық континуумы. Өйткені қай заманда да адам мәдени жетілуге зәрулікте болады. Себебі Аристотельдің айтуынша, біріншіден адам рухани мәдени контексте аяқталмаған жаратылыс, екіншіден, әлеуметтік жаратылыс. Адам жаратылысынан әлеуметтік коммуникация алаңында өмір сүреді және одан тыс бола алмайды. Ал шешендік сөз өнері сол әлеуметтік ортаның өнімі әрі адамдардың өзара қарым-қатынас формасының бірегейі. Қорытындылай айтқанда, шешендік өнер адамзатының мәдени әлемі деп айтуға негіз бар. Сондықтан адам өзінің жаратылысы бойынша асқақ ойларға ерекше мән беріп, биік, игілікті істермен тәрбиеленеді, мәдени кемелдену жолында жүретіні ақиқат. Бұл мәселенің өзектілігіне теориялық негіз бола алады деп есептейміз.

Тақырыптың өзектілігі, сондай-ақ, сөз жаратылысының ғылыми тұрғыда мәдениеттанулық уникум эпистема кеңістігі болуымен байланыстыруға болады. Өйткені мәдениет әлеміне ықпал ететін басты феномен-құрал – **сөз**. Мәселен, Ахмет Иүгінеки «Әдептің басы – байқап сөйлеу» дейді. Ақын адамның ерекше қасиеті әдептілікті жоғарғы мәдениет дәрежесіне көтереді де, мәдениеттілік әдепті сөйлеп, дұрыс ой қорытудан көрінетіндігін айтады. Әдепті де дұрыс сөйлеу үшін ең алдымен ойыңның жинақтығы, ойыңның жетіктігі қажет екенін былайша жеткізеді: «Әрқашанда әдеппен қысқа сөйлеп әдеттен. Байқап шығар үніңді, тарта сөйле тіліңді, – дейді». Ахмет Иүгінеки абайлап сөйлеу, ойланып сөйлеу, тілге сақ болу әдептіліктің, яғни мәдениеттіліктің ең басты қағидасы деп біледі. Ал Ш. Құдайбердіұлын тыңдайтын болсақ: «Сөзіңді түзе – әдетіңе айналады, әдетің – мінезіңе айналады. Мінезің – сенің тағдырың» – деген сөзінде үлкен мәдени-когнитивті мағына, мәдени тәрбие, рухани өнеге жатыр. Данышпан бабаларымыздың ұшан – теңіз еңбектерінің нәтижесінде өскелең ұрпақтың тәлім – тәрбиесіне, рухани мәдени дамуына, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруіне ерекше көңіл бөлгенін байқай аламыз. Олай болса – сөз мәдени континуум, мәдени феномен, мәдениеттанулық мәселе болатыны анық. Тұлғаның рухани-моральдық, рухани-интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыруда сөздің рөлі даусыз болып табылады. Рухани-зайырлы саланың өкілдерін «тілдік агрессия», «жалғандық

риторикасы» және т.с.с. сөздер арқылы анықталатын реалиялар аландатпауы мүмкін емес. Демек адамның сөзін түзеу оның мәдени болмысының іске асырылу кеңістігі болатыны және оның аяқталмайтын үдеріс болуы мәселенің өзектілігіне экзистенциялық пәрмен беретініне көз жеткізуге болады.

Ғылыми жұмыс тақырыбының өзектілігін дәйектей түсетін келесі бір фактор – ол шешендік өнердің болуымен байланысты болмақ.. Шешен сөйлеу өнері әлемдік мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының эпицентрінің бірі десек болады. Мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы шешендік өнердің қалыптасып дамуымен бірге жүретін егіз үрдіс. Оның әлемдік мәдениеттегі тамыры өте тереңде жатыр. Ең алдымен, шешендік өнер мен мәдениеттің шығу тегіне үңілетін болсақ, олардың арасында онтогендік байланысты аңғарамыз. Өйткені шешендік өнердің пайда болуы, Аристотельдің пікірінше, саяси мәдени сұраныспен байланысты болғаны анық. Ал тіпті кеңірек мағынада қарастыратын болсақ, шешендік адамзатының мәдени қажеттігінен туындаған өнер саласы деп айтуға негіз бар. Б. Адамбаевтың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, шешендік өнер мәдени-әдеби әрі саяси-мәдени құбылыс болғаны дәлелденеді. Тақырыптың өзектілігіне қатысты айтар болсақ, шешендік өнер, біздің пікірімізше, мәдениеттің өмір сүру кеңістігінің бірі, ал мәдениеттанудың эпистолярлық білім қоры. Оны зерттеу объектісіне айналдыру шешендік өнерді мәдениетті адами, әлеуметтік болмыс ретінде оның тереңіне бойлай түсуге, мәдени мәйекті тереңіре зерттеуге, бүгінгі әлеуметтік тұлғаның мәдени когнициясын кеңейтуге мүмкіндік береді деп есептейміз. Қорыта айтқанда шешендік өнер бүгінгі тұлғаның ғылыми мәдени рефлексия тынысын байыта түсетіні сөзсіз.

Тақырыптың өзектілігі бүгінгі мәдени кеңістіктегі шешендік өнердің трансформациялану үдерісімен байланысты деп есептейміз. Заманауи әлемдегі бұқаралық ақпараттар құралдары мен коммуникациялардың қарқынды дамуына байланысты шешендік өнерге деген қызығушылық та күрт артуда. Шешендік өнер мемлекеттік идеологияның, қоғамдық пікір мен қоғамдық көңіл-күйді, сонымен қатар әрбір тұлғаны қалыптастыру үдерісін басқарудың аса пәрменді құралы екені мәлім. Риторика көптеген шетелдерде оқу бағдарламаның міндетті пәні болып табылады. Өйткені заманауи адамның өмірде табысқа жетуге, кәсіби құзыреттілікке деген прагматикалық ұмтылысын дәйекті, сауатты, анық және әдемі сөйлей білу қабілетінсіз елестету мүмкін емес. Көпшілік алдында сөз сөйлей білу шеберлігі, пікірсайыс өнері және кез-келген қоғамда адамдармен араласуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі шешендік өнердің әлеуметтік табиғатын, мәні мен ерекшелігін пайымдау, оның өркениет тарихындағы дамуының генезисі мен серпінін ашу, шешендік өнердің әлеуметтік үдерістердегі, заманауи қоғамның мәдени жай-күйін көрсететін рухани араласу және сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы маңызы мен ролін негіздеу бүгінгі таңда ерекше ғылыми және практикалық қызығушылық тудыруда.

Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігіне негіз болатын тағы бір фактор - қазіргі қоғамдағы адамдардың әлеуметтік қатынас мәдениетіндегі

деградациялық құбылыстар, әлеуметтік мінезіндегі қиғаш істер мен теріс көріністер. Ерекше бұқаралық көңіл-күйдің, эмоцияның тым көтеріңкі болуы. Тобырлық сананың басымдылығы мен коммуникативтік мәдениеттің әлсіреуі. Сондықтан, бүгінгі өркениет ағымы ішкі «Мені» мен мәдениеті жоғары азаматқа зәру. Ондай азаматты тәрбиелеудің бір көзі, біздің пікірімізше, ұлттық рухани мұраларда, нақтылап айтқанда шешендік өнердің мәдени-құндылықтық астарын ашуда жатыр. Қорыта келгенде, отандық мәдени философияны өзінің этнорухани тамырлары тұсынан қайта қарастыруға әкелген жағдайлар, біздің пікірімізше, бірі жағынан, оның ішкі имманентті даму потенциалдарындағы тенденциялық мәселер болса, екінші жағынан, әлемдік өркениет мәдениеті кеңістігіндегі сыртқы объективті процестер деген тұжырым жасауға болады.

Бүгінгі біздің жағдайымыз кешегі адамзаттың даму дәрежесінің жалғасы. Міне, сондықтан өткенді түсінбейінше, бүгінгіні түсіндіру және келешекті болжау мүмкін емес. Сондықтан адамзат ғұмырын оның басы мен аяғын толық қамти отырып біртұтас бүтін мәдени құбылыс ретінде сипаттау қажет. Олай болса, қазақстандық әлеуметтік жүйенің бүгінгі мен келешегі оның кешегі дәуірінде жинақталған рухани мәдени мұраларын талдай танып білумен, мойындаумен және қадірлеумен тікелей байланысты. Өзінің ұлттық рухани мәдени құндылықтарына көңіл аудармай, оны сыйламаған халықтың күні қараң, келешегі бұлдыр. Ондай қоғамда бірлік те, ынтымақ та болмақ емес. Ортега-и-Гасеттің: «Адамзат тарихының кешегісін бүгінгінің қажетті мүмкіндіктері ретінде қабылдамаса, оған айналдырмаса, ғылымның болашағы қысқа болар еді. Кешегі ұрпақтың қалдырған мұралары бүгінгі үшін таусылмас капитал»[2] дегенін мойындауға тура келеді. Олай болса, шын мәніндегі адамзаты әлеуметінің және оның жеке тұлғаның мәдени жетілу көзі көнеден келе жатқан мұралардағы рухани ұстанымдардың басымдылығын мойындаған тұстан басталмақ. Демек, белгілі бір этностың бүкіл мәдени тарихи өміріне ден қойғанда, міндетті түрде сол этносты жер бетінде дара феномен етіп орнықтырған тарихи себептерді ғана емес, оның мәдениософиялық дүниетаным ғұмырнамасын да дәл тану қажет [3]. Міне, осындай мәселелердің шешілу түйіндерін аталмыш ғылыми зерттеуде қазақтың шешендік сөздерінің астарынан іздеуге талпыныстар жасалынды.

Алайда, бір диссертациялық жұмыстың шеңберінде жоғарыдағы аталған мәселелердің барлығына толық жауап беру және шешендік өнерге сол проблемаларға байланысты мәдениеттанулық тұрғыдан толық талдау жасау өте қиын және ол нысанаға алынған ғылыми зерттеудің аясына сия қоймайды. Дегенмен, аталмыш жұмыста әлеуметтік мәдениетке қатысты әлеуметтік болмыстың өзегін құрайтын рухани мәдени жүйе, әлеумет ынтымағы мен тұтастығына, қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне тиянақ болар рухани мәдени феномендер туралы идеялар айқындалып, оларға мәдениеттану тұрғысынан талдау жасалынады. Адамзатының тіршілігі тек материалдық игіліктерге жетумен, тек тәннің қажеттерін қанағаттандырумен ғана шектелмейтіндігін

тілге тиек етіп, сонымен бірге адамзатына рухани мәдени сұраныстарын да өтеу парыз болатындығы шешендік сөздерге сүйене отырып сарапталады.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі. Диссертациялық жұмыс қазақ шешендік сөздерін мәдениеттану ғылым тұрғысынан талдау отандық ғылымда алғашқы ғылыми зерттеу болып табылады. Бұл орайда айта кеткен жөн, осы ғылыми зерттеу барысында өзіміз кездескен басты қиыншылықтардың ең үлкені сол іздену жұмысына қатысты сенімді түрде басшылыққа алатын кешенді ғылыми жұмыстардың тапшы болғандығы. Бұл әрине, кейінгі кездердегі отандық ғалымдарымыздың еңбектерін жоққа шығару емес. Мәселен, қазақ әдебиетін есепке алмағанда, отандық тарих, заң, педагогика, психология ғылымдары саласында қазақ би-шешендері жайлы біршама ой-пікірлер қозғаған ғалымдарды айтуға болады. Олардың қатарына Е. Бекмаханов, С. Зиманов, А. Еренов, М. Бижанов, Р. Сүлейменов, З. Кенжалиев, С. Созақбаев, Ж. Артықбаев, Н. Өсерұлы, С. Өтениязов, Ш. Аңдабеков, Қ. Жарықбаев, Ұ. Асыллов, Ж. Нұсқабайұлы, Н. Мұхаметханұлы, М. Қозыбаев, М. Қойгелдиев, Н. Мынжан, А. Оразбаева т.б. жатады.

Соңғы жылдары жалпы қазақ философиясы тарихын зерттеудің методологиялық көздерінің бірі ретінде қазақ фольклорын зерттеу қажеттілігін негіздеуге беталыс байқалады. Осы орайда Ж. Әбділдин, Қ. Әбішев, Ә. Нысанбаев, Д. Кішібеков, А. Қасабек, А. Қасымжанов, О. Сегізбаев, М. Орынбеков, М. Хасанов, Ж. Алтаев, І. Ерғалиев сияқты көрнекті философ-ғалымдарымыздың еңбектерін айтуға болады.

Қазақ шешендік өнері мен би-шешендердің тағлым сөздері кейінгі кездерде қазақ философиясы тарихы тұрғысынан кеңінен зерттеле бастағандығын айту керек. Бұл салада еңбектеніп жүрген ғалымдарымыздың қатарына С. Ақатаевты, Ж. Алтаевты, М. Бурабаевты, Ғ. Есімовты, Т. Айтқазинді, Қ. Бейсеновты, А. Бекежанды, Н. Мусаеваны, Қ. Нұрланованы, Б. Қазыханованы, Э. Қуандықованы, Ғ. Ақтанбекті, Т. Рысқалиевты т.б. жатқызуға болады.

Алайда қазақ фольклорындағы рухани құндылықтардың және қазақ би-шешендерінің кейбір өкілдерінің дүниетанымдық үрдістерін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан сараптау бағытында алғашқы қадамдар жасалғандығын айтпауға болмайды. Осы орайда Ә. Нысанбаев, Д. Кішібеков, А. Қасабек, Қ. Бейсенов, Ж. Молдабеков, Б. Құдайбергенов, Н. Құрманбаева, Э. Қуандықова, Б. Садықов, Г. Шалабаева, Т. Ғабитов, Қ. Әлжанов, С. Нұрмұратов, Б. Адамбаев, Д. Раев, А. Қадыршаев, Г. Қосымова, С. Негимов, Р. Сыздық т.б. зерттеушілеріміздің жұмыстары маңыздылығымен құнды деп есептейміз.

Әлеуметтік араласу барысында әлеуметтік аудиторияға тиімді ықпал етудің заңдылықтарын ғылыми негіздеуге, осы саладағы практикалық дағдыларды жүйелеуге және шешендік өнеріне оқытудың әдістемесін әзірлеуге деген кейбір талпыныстар шешендік өнері антикалық демократияның қатпарларында туындай бастаған кездерде жасалған. Осыған байланысты Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римнің белгілі шешендері, ойшылдары,

философтары қалдырған еңбектер ерекше құнды: софистер (Гиппия, Горгия, Продика, Протагор және т.б.), Аристотель, Демосфен, Исократ, Лисий, Платон, Плутарх, Сократ, Цезарь, Цицерон және т.б.

Орта ғасырлар дәуірінде шешендік өнердің хас шеберлері философ-дін мамандары болған (А. Блаженный, И. Златоуст, Г. Нисский және т.б.). Шіркеу шешендігінің («гомилетика») дамуына үлкен ықпал еткен Ф.Аквинскийдің теориялық зерттеулері де өте маңызды.

Шешендік өнердің түркілік болмысын ашуда әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның, Махмұд Қашқаридің, Әбу Абдулла Рудакидің шығармалары арқау болды. А. Егубай, Ж. Молдағалиев, Х. Сүйіншіәлиев еңбектері сараланды.

Жаңа заманның басынан бастап шешендік өнердің проблемалары Ф. Бэконның, Т. Гоббстың, Р. Декарттың, И. Ньютонның, Б. Спинозаның еңбектерінде көрініс тапты. Тіл мен мәдениеттің қоғам өміріндегі атқаратын рөлі Дж. Локктың еңбектерінде қарастырылды. Шешендік өнерінің шығармашылық аспектілері Вольтердің, Г. Гегельдің, И. Гетенің, Д. Дидроның, И. Канттың, Ф. Шиллингтің философиялық-эстетикалық шығармашылығында өзіндік дамуға ие болды.

Шешендік өнер проблемалары Э. Берн, Д. Бореи, П. Валери, Р. Дафт, А. Пиз, П. Сопер және т.б. сияқты заманауи шетелдік авторлардың еңбектеріне арқау болды.

Ресейлік қоғамдық-ғылыми ойдағы шешендік өнері проблемалар ауқымының зерттелуі ең алдымен Аввакумның, В.Г. Белинскийдің, В.И. Дальдың, К. Даниловтың, Н.А. Добролюбовтың, В.А. Жуковскийдің, М.В. Ломоносовтың, Д.И. Писароевтің, Л.Н. Толстойдың, В.К. Третьяковскийдің, Н.Г. Чернышевскийдің және т.б. еңбектерімен байланысты. Сот шешендігінің отандық практиктері мен теоретиктері А.Ф. Конидің, Ф.Н. Плеваконың және т.б. еңбектері де ерекше қызығушылық тудырады.

Тұтас алғанда, шешендік өнері тақырыбына қай жағынан болса да қатысты жұмыстарға жасалған талдау бұл тақырыптың мәдениеттанулық аспектіде жеткілікті көлемде әзірленбегендігін, зерттеуге қандай да бір пәннің аясындағы танымдық міндеттер тұрғысынан жасалғандығын көрсетеді, бұл осынау әлеуметтік феноменнің нақты фактілері мен формаларын сипаттаушылықпен және эмпириялық көрсетумен ғана шектелгендігі анық байқалады. Шетелдік зерттеушілердің көзқарастарын саралай келе Қазақстанның бүгінгі шешендік өнерінің түп тамыры – мәдениетіміздің уақыт елегінен өткен құндылықтарымызда. Сондықтан бұл тақырыпқа жан-жақты зерттеулер жүргізіп, ашуға тырыстық.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны – шешендік сөз өнерінің мәдениеттану ғылымы контексіндегі мәдени болмысы.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні – шешендік өнер мәдениеттанулық талдау нысаны.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Шешендік өнерді мәдениеттану тұрғысында қарастырып, информациялық даму заманында, цифрлық қазақстан жағдайында шешендік өнердің трансформациялану үдерісіне талдау жасау мақсаты көзделеді.

Көрсетілген **мақсатқа** жету үшін зерттеу жұмысында төмендегідей **міндеттер** қойылады:

- шешендік өнердің мәдени-тарихи болмысын, оның өркениеттік табиғаты мен интенциялық мәдени қуаты және ішкі әлеуетін сараптау;
- батыс-христиан мәдениетіндегі шешендік өнер қағидаларын саралау, ондағы дін қызметшілерінің шешендік өнерге еткен ықпалы мен ерекшеліктерін айқындау;
- түркі мәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдарын салыстыра саралау;
- қазақ мәдениетіндегі шешендік өнердің мәдени кеңістік аясындағы рөлін, мақсатын, қызметін анықтау;
- шешендік өнердегі мәдени тұғырнамалады анықтау және олардың сабақтастына талдау жасау;
- шешендік сөз өнеріндегі мәдени-құндылықтық концепцияларды анықтау және оларды мәдениеттану тұрғысынан пайымдау;
- шешендік өнер мәдениетіндегі тәрбиелік ұстанымдарды анықтау арқылы тұлға қалыптастыру және оны тәрбиелеудің тиімді құрал ретіндегі маңыздылығын сараптау;
- кәсіптік шешендіктің өзіндік ерекшеліктері мен қырларын саралау, салыстыру;
- соңғы жылдары әлеуметтік желілерде онлайн арқылы өткізіліп жүрген тренингтердің әлеуметтік сұранысын зерттеу, пайдасы мен зиян тұстарын анықтау.

Ғылыми жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері. Аталмыш диссертациялық зерттеудің әдіснамалық жүйесін әрі теориялық негіздерін анықтау мәселесі ғылыми жұмыстың көп қырлы сипатымен ерекшеленеді. Сол себепті біз жалпы ғылымдағы дәстүрлі әдіс-тәсілдермен бірге кейбір жаңа **әдіснамалық** принциптерді, концептік тұғырнамаларды басшылыққа алуды жөн санаймыз. Сондықтан негізгі әдіснамалық тұрғыда ғылыми жұмыста ұстанған **принциптер қатарына:** тарихи-логикалық, мәденистратегиялық, тұтастық, диалектикалық, себеп-салдарлық, жүйелік, бірегейлік (идентификациялық), семантикалық, антропоцентристік, онтологиялық, герменевтикалық, аналогиялық (салыстыру), гуманистік, теңгерімдік, құрылымдық, мүдделік, өзара тәуелділік, отансүйгіштік, мемлекетшілдік, құндылықтылық, этногендік, тұлғалық және т.б. тұғырнамалық **принциптерді** жатқызуға болады.

Диссертацияның әдіснамалық негізі. Диссертациялық жұмыс пәнаралық зерттеу бағытына сүйеніп келесі **әдіснамалық** амалдар қолданылды: өзектендіру (актуализация) және концептуализация; аналитикалық (дереккөздерді талдау үшін); ретроспективті (шешендік өнердің қалыптасу тарихын зерттеу үшін); жүйелік талдау және әмбебаптандыру

(универсализация); тарихи-логикалық талдау; мәденистратегиялық және эпистолярлық талдау; мәдени-акциологиялық талдау; ретранслиттік және интроспекциялық (Витгенштейн) талдау әдісі; коррелятивтік (сәйкестендіру, өзара байланыстылық); семантикалық, мәтіндік (контент талдау); теңгерімдік және болжамдық талдау; пәнаралық (шешендік өнер мәні мен мағынасын, теориялары мен тұжырымдамаларын айқындау үшін), дихронды, синхронды (салыстырмалы (компаративистік) талдау үшін); контекстік және ситуативтік талдау; когнитивтік және тұлғалық ментальды талдау; келешек тұлғаның мәдени сценариін болжау әдісі. Сонымен қатар диссертациялық зерттеу жұмысын жүргізу барысында сауалнам жүргізу (анкеталық) әдіс, эмпирикалық т.б. әдістер қолданылды.

Кейбір жаңа типті әдістерге тоқталатын болсақ, **эпистолярлық** талдау – (лат. тілінде – epistola) – ауызша хат, жолдаудегенді білдіреді, яғни ауызша немесе жазбаша мәтіндерге, жолдауға талдау жасауды білдіреді. Ал **интроспективті** (интроспекциялық) талдау әдісі – біздің зерттеу жұмысымызды Қазақ би-шешендерінің мәдениет көптекісіндегі мәселелерді өздерінің көзбен көрген, араласқан тұлға ретінде олардың ақыл жүйесіне сіңген, ой елегінен өткізілген толғаныс құбылысы ретінде қарастыру әдіс-амалы. Бұл әдіс – болып жатқан құбылысты ақыл-ой арқылы түсіне алатын тұлғаның ішкі рухани кеңістігін білдіреді.

Ғылыми жұмыстың теориялық негізі ретінде мәдениет тарихы және мәдени қатынас саласындағы мәдени онтологиялық, мәдени танымдық, мәдени-білімдік (эпистемалық), мәдени-құндылықтық, әлеуметтік-мәдени құрылымдық, мәдени-теориялық, әдіснамалық бағытында жарық көрген шетелдік және отандық іргелі зерттеулер алынады. Олар жоғарыда тақырыптың зерттелу деңгейін жіктемелік сараптауда бірнеше топқа бөліп көрсетілді. Сонымен бірге, бүгінгі әлемдік әлеуметтік желідегі онлайн коммуникация бағытындағы ғылыми-теориялық жетістіктер мен тәжірибелер ескерілді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыстың жаңалықтарын төмендегідей жіктеуге болады:

– еліміздің мәдени зерттеу кеңістігінде бұл тақырыпқа заманына сай талдап, цифрлық Қазақстанда шешендік өнердің өзгеріске ұшырап, дамылсыз дамуына ықпал етуші факторларды айқындау арқылы шешендік өнердің мәдени-тарихи астарына, оның өркениеттік сипаты мен мәдени интенциялық қуаты және ішкі әлеуетіне, мәдени теориялық негіздеріне отандық ғылымда алғаш рет талдауға қадам жасалады;

– шешендік өнердің тарихы мәдениеттану тұрғыдан қайта зерделенеді, атап айтқанда батыс-христиан және түркі мәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдары компаративистік сараланып, ондағы дін қызметшілерінің көркем сөйлеу мәдениетінің айырмашылықтары анықталады;

– тарихи-логикалық; эпистолярлық, мәденистратегиялық талдау арқылы қазақ мәдениетіндегі шешендік өнердің орны мен рөлі отандық ғылымда алғаш рет сарапталады;

– жүйелік талдау, семантикалық, тұтастық, ретранслиттік және интроспекциялық, коррелятивтік (сәйкестендіру, өзара байланыстылық) талдау арқылы шешендік өнердегі негізгі мәдени тұғырнамалар анықталып, олардың сабақтастығы анықталады;

– шешендік сөз өнеріндегі мәдени-құндылықтық концепциялар әмбебаптық, мәдени-акциологиялық, теңгермелік, герменевтикалық талдау арқылы анықталып, олардың мәдениеттанулық астары сараланады;

– шешендік өнер мәдениетіндегі тәрбиелік ұстанымдарды анықтау арқылы тұлға қалыптастыру және оны тәрбиелеудің тиімді құрал ретіндегі маңыздылығы тұлғалық мәдени ментальды талдау; келешек тұлғаның мәдени сценарийін түзу арқылы сарапталады;

– би-шешендердің сөз саптау ерекшелітеріне мәдени когнитивтік детерминизм тұрғысынан сарапталып, өзіндік мәдени перцепциялық тұстары пайымдалады;

– кәсіптік шешендіктің өзіндік ерекшеліктері мен қырларын салыстыра саралау, коррелятивтік (сәйкестендіру, өзара байланыстылық), теңгерімдік талдау арқылы кәсіптік шешендіктің ішінде аудиториядағы лекторлардың сөйлеу техникалары мен бағыттары отандық мәдениеттануда алғаш рет мәдени эпистемалық тұрғыда жүйеленеді;

– соңғы жылдары әлеуметтік желілерде онлайн арқылы өткізіліп жүрген тренингтердің әлеуметтік сұранысын сауалнама жүргізу негізінде эмпирикалық зерттеу арқылы онлайн тренингтердің түрлері мен мәдени сапасы айқындалды.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар мен ізденушінің қосқан жеке үлесі:

1. Шешендік өнерді мәдени құбылыс ретінде қарастыру оның пайда болу табиғаты мен қалыптасу тарихымен, адамзат өркениетіндегі қызметімен, жалпы мәдениет әлеміндегі алатын орны және атқарған рөлімен түсіндіруге болады. Талдау барысында мәдени феномен ретіндегі табиғатын, алдымен, шешендіктің сөз өнерінің мәдени-болмыстық тек-тамырын өркениетті контогинездік тұрғыдан мойындай келіп, біздің жеке ғылыми үлесіміз ретінде «шешендік – өркениеттік феномен» және «шешендік-мәдениет» деген концепттер анықталды.

2. Жалпы шешендік өз тәжірибе жағдайларындағы ұзаққа созылған даму жолынан өте жүріп, өмірдің талаптарына қарай өзгеріп, тұрақты түрде жетіліп отырды, сөйтіп тарихи себептерге байланысты өзінің әмбебап нысанын тапты, осының өзі оның қоғамдық өмірдің түрлі салаларында қолданылу мүмкіндіктерін кеңейтті деген тұжырым жасалады. Шешендік өнердің үгіт-насихаттық қырлары оның заманауи қоғамдық маңызын арттыра түсті. Батыс шешендіктің ықпал қуатын үстемелеу, шешендік насихат, ділмар сөздің дәлелдеу және дәйектеу пәрменін күшейту мәдениетіне, наным-сенім мәдениетін өсіруге қатысты белгілі бір ұстаным-қағидалар жүйесін жасады дейтін қорытындыға келгенбіз.

3. Түркі-мұсылмандық мәдениетіндегі шешендік өнер қағидаларын саралау барысында шығыс мұсылман мәдениетінің көне түркі тілдес

халықтардың рухани-мәдени мұраларынан нәр алған деген ғылыми тоқтамға келеміз. Жұмыста келтірілген деректер мен көзқарастарға және шығармалардың мәтінінің жазылуындағы стилдік үлгіге негізделі отырып, ондағы материалды мәдени контент ретінде мойындай келе, біз оларды саяси-әлеуметтік, мәдени гуманистік контекстегі шешендік арнау, шешендік насихат, шешендік уағыз, шешендік толғау, шешендік өсиет формасындағы туындылар деп тануға негіз бар дейтін ой түйіндейміз.

4. Қазақтың шешендік өнері – халықтың тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық мәдени болмысымен біте қайнасқан шешендік өнер мұраларынан тұтас ұлттың тарихын, мінезін, салт-дәстүрін, шежіресін, ерекшеліктерін, әдет-ғұрыптарын танытатын кеңістік. Ұлт болып қалыптасу жолындағы әр дәуірдегі саяси-әлеуметтік өзгерістерді, тарихи оқиғаларды, мәдени-танымдық үдерістерді демократиялық жолмен еркін өрнектеген би-шешендер - осы өнердің негізгі өкілдері. Сөз өнері көнені жаңғыртып, жаңаны жасаушы қасиетке ие. Шешендік өнер арқылы тұтас ұлттың әлем және адамзат туралы танымымен қатар ішкі рухани, мәдени құндылықтарын айшықтауға мүмкіндік беретін методологиялық құрал дейтін ғылыми тұжырымға келуге негіз бар деп есептейміз.

5. Шешендік саяси-мәдени концепциялар, оның сабақтастығын пайымдай келе, біз шешендік сөз өнерінің саяси-мәдени құбылыс болатынын тарихи тұрғыдан дәйектей отырып, саясат пен шешендік тамырлас феномен, себебі саясат – шешендік сөз өнерінің шығуы, қалыптасуы және даму алаңы деген қорытындыға келеміз. Шешендік өнері адамның қоғамдық-саяси өміріне ықпалын тигізетін, халықтың тағдырын анықтайтын, әр адамның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени статусын өзгертетін әрекеттік-күш, рухани-мәдени әлеует ретінде мойындалады деген тұжырымға келеміз.

6. Қазақ даласындағы мәдени-адамгершілік құндылықтар – қоғамның материалдық әрі рухани дамуының қажетті шарты. Қазақ би-шешендер ұстанған мәдени-моральдық норма-құндылықтар әлеуметтік қатынаста рухани өлшем, адамдардың өмір сүру ережесі, адам мен адам қарым-қатынас мәдениетінің көрсеткіштері, әлеуметтегі әр адамның өз орнын белгілеу және оны білу үлгілерінің үрдісі деген ғылыми тұжырымға келеміз.

7. Шешендік өнер тақырыбы бойынша әртүрлі аспектіде зерттеу жүргізген зерттеушілердің еңбектері саралай отырып, бүгінгі күнде трансформацияға түскендігі анықталып, своттық талдау жасалған. Мұнда шешендік өнер заман талабына сай үздіксіз өзгеріске түсуі шартты құбылыс деген ғылыми тұжырым жасалынды.

8. Кәсіби шешендікке талдау жасай отырып, біз шешендік өнерінің әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәні мен ерекшелігі адамның өз мәнімен байланысты болатын антропоэлектік құбылыс деп санаймыз. «Адам Әлемнің сомасы, оның қысқартылған конспектісі» – дейтін концепцияға сүйене отырып, кәсіби шешендік әлемі дегеніміз адамның белгілі бір салада ашылған түрі, оның проекциясы, шешендіктің трансформацияланған формасы деген тұжырым жасалады. Өзіміздің жеке ғылыми үлесіміз ретінде шетел мен отандық

теориялық жұмыстарына сүйеніп, еліміздегі кәсіптік шешендікке баса назар аударуымыз керектігі белгілі болғандықтан, әдістемелік құралдың керектігін байқап, әдістемелік құрал жасалды.

9. Соңғы жылдары әлеуметтік желілерде онлайн арқылы өткізіліп жүрген тренингтердің әлеуметтік сұранысын сауалнама жүргізу негізінде эмпирикалық зерттеу арқылы онлайн тренингтердің түрлері мен мәдени сапасы айқындалды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Диссертация тақырыбы қазақстандық мәдениеттану ғылымындағы көтерілген алғашқы еңбек болғандықтан ғылыми ізденісте қол жеткізген әдіснамалық ұстанымдар мен теориялық тұжырымдар отандық мәдениеттану саласы бойынша, оның ішінде отандық мәдениет тарихы мен ұлттық мәдениеттану ілімін ғылыми мәдени танымның әдіснамалық принциптермен, теориялық негіздермен, тарихи-эмпирикалық нысаналармен кеңейте түседі. Сонымен бірге батыс-христиандық және түркілік-мұсылмандық шешендік өнерінің өзіндік болмысы мен ерекшеліктерін салыстыру тәжірибесі арқылы қазақ шешендігінің шығыстық әрі түркілік, әрі әлемдік рухани мәдениет кеңістігінде алатын орнын анықтауға, бүгінгі әлемдік мәдени коммуникацияның этногендік тектамырын тереңірек әрі нақтырақ түсінуге мүмкіндік туғызады. Зерттеу жұмысында әрбір жаһандық, аймақтық, ұлттық, субэтникалық, аймақаралық, ұлтаралық мәдени қатынастар тоғысында сарапталып жүйеленген тұжырымдар мен тұғырнамалар мәдени эпистемалық, мәдени құндылықтық, мәдени эпистолярлық ағымға бойлай зерттеуге негіз бола алады. Көтерілген ізденістер төңірегінде Қазақтың дәстүрлі шешендік мәдениетінде басым болған түрлі концепциялар бүгінгі халықаралық мәдени қатынас пен мәдени дипломатия, мәдениеттану теориясының әдіснамалық парадигма өрісін кеңейтуге септігін тигізеді. Жұмыста алынған ғылыми тұжырымдар бүгінгі Ұлы Дала өркениетінің мәдени қырларын тануда базалық материалдар қорын байтуға, отандық мәдениеттану ғылымындағы, ұлттық мәдени руханият теориясын қалыптастыруда білімдік әрі ілімдік жүйені қалыптастыруға мүмкіндік жасайды дегенге сеніміміз мол. Сондай-ақ, шешендік өнер мәдениетіне, бұл саладағы кәсіптік бағыттарды зерттеу және олардың айырмашылығын айшықтау теориялық-әдістемелік тәсілдердің қалыптастыру үрдістерін жалғастыруға матрицалық негіз бола алады.

Ғылыми жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми тұжырымдар мен анықталған концепциялар, парадигмалар, тұғырнамалар, ұстанымдар, пайымдалған қорытындылар тек теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге тәуелсіз мемлекетіміздің ішкі және сыртқы мәдени-саяси тәжірибесі үшін де маңызды деп айта аламыз. Зерттеу жұмысынан алынған кейбір мәдени терминдер мен ұстанымдар, заңдылықтар мен қағидаттар ұлттық мәдениет саласында еларалық қатынас мәдениетін дамыту барысында принциптік нормаларды жетілдіруге көмектеседі, екі жақты және көпжақты келіссөз жүргізу мәдениет техникасы мен технологиясын қалыптастыруда этномәдени нұсқалардың базасын байытуға көмектеседі. Мәдени құжаттардың контекстік әрі мәтіндік контентін

калыптастыруда ұтымды сөз әдебін жасау өнеріне баули түседі. Мәдени қатынастың сөз өнері болатынын шыңдай түседі және кез-келген кәсіби маман мен қызметкерді ұтымды сөз иірімдерін қолдануға тәрбиелейді.

Сонымен бірге зерттеу жұмысының практикалық қызметі ондағы тұжырымдар мен көтерілген идеяларды мәдениет философиясы, саяси мәдениет, саясаттану, әлеуметтану, мәдени әлеуметтану, мәдени лингвистика, тіл мәдениеті, мәдениет тарих мен теориясы, еларалық қатынаста келіссөз жүргізу мәдениеті мен техникасы және технологиясы, этика мен этикет, дәйектеу және дәлелдеу мәдениеті пәндерін оқытуда кеңінен пайдалануға болады.

Жұмыста келтірілген материалдар мен теориялы-әдіснамалық ұстанымдар жас мамандарды мәдени әдептілік пен ұстамдылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу маңыздылығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысы тұжырымдары мен идеялары, концепциялары мен парадигмалары негізінде жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары, докторанттары және оқытушылардың, әкімдердің кәсіби мәдени білімін жетілдіру мекемелерінің тыңдаушылары үшін арнайы дәріс курстарын ұйымдастыруда қолдануға болады.

Зерттеу тақырыбы бойынша «5B020400 – Драма театр әртісі» бакалавр мамандығының білім беру бағдарламасына «Сөйлеу техникасы» атты курста сыннан өткізілді. Зерттеу нәтижелерін мәдениеттану мамандығында «сахна тілі», «актер шеберлігі», «мәдениеттану», «лидерлік» пәндерін оқыту барысында қолдануға болады. Қорыта айтқанда диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары пәнаралық, салааралық байланысты нығайта түседі.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы. Диссертациялық зерттеу жұмыстың нәтижелері 11 ғылыми мақалада көрініс тапты: соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика, гуманитарлық пәндер бойынша диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған арнайы журналдарда – 4; республикалық және халықаралық ғылыми конференциялардың жинағында – 6; Scopus базасында индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналда – 1.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертацияның құрылымы зерттеу жұмысын жүргізу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кіріспеден, үш негізгі бөлімнен: әр бөлім үш тақырыпшадан, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық жұмыстың жалпы көлемі – 166 бет, пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 149.

1 ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ БОЛМЫСЫ

1.1 Шешендік өнер мәдени-тарихи құбылыс ретінде

Шешендік өнерді мәдени құбылыс ретінде қарастыру оның пайда болу табиғатымен, қалыптасу тарихымен, адамзат өркениетіндегі қызметімен, қоғамдық-әлеуметтік кеңістіктегі, жалпы мәдениет әлеміндегі алатын орны және атқарған рөлімен түсіндіруге болады. Мәдени феномен ретіндегі табиғатын, алдымен, шешендіктің сөз өнерінің мәдени-болмыстық тек-тамырын өркениеттік онтогенездік тұрғыдан түсіндіруге болады.

Бұл тұста «шешендік – өркениеттік феномен» және «шешендік – мәдениет» деген ұстанымға сүйенеміз. Алдымен оның өркениеттік мәдени табиғатын қысқаша пайымдауға қадам жасалады. *Мәдениет* деген ұғымға жалпы түсінік беретін болсақ, ғылыми тұрғыда бүгінде мәдениет ұғымына беру жөніндегі көзқарастарға келер болсақ, отандық мәдениеттану ғылымының негізін салушысы, елге танымал философ ғалым Т.Х. Ғабитов, мәдениет ұғымына «ғылыми әдебиетте ...400-ден астам анықтама берілген», - дей келіп, «мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады» [4], - деп тұжырымдайды. Қысқа айтқанда ғалым мәдениетті құндылықтар әлемімен байланыстырады. Ал Б.Ғ. Нұржанов мәдениет туралы анықтаманың сансыз екенін, оған анықтама беру шексіз әлемге енумен бірдей дейтін көзқарас бар екенін алға тартады [1, с. 14]. Біз осы көзқарастарға қосыламыз, өйткені мәдениеттің түпкі мәні бүкіл әлеуметтік жаратылыстың тыныс-тіршілігінің мағыналық, мазмұндық құндылықтарды қолдап қолдау, бекітіп нығайту, оларды қозғалысқа келтіріп жандандыруда. Екінші сөзбен айтқанда мәдениет – «құндылықтық мазмұн мен мағынаны өндіру саласы». Демек, түптеп келгенде, мәдениеттің мәні бүкіл адамзат қауымының тұрақты тіршілігін орнықтыру және оның реттілігін қамтамасыз етуден көруге болады. Осы ретте, жоғарыдағы екі мәдениеттанушы ғалымдардың көзқарастарына сүйенетін болсақ, Ғабитов Тұрсын Хафизұлы өзінің «Қазақ мәдениетінің типологиясы» атты еңбегінде мәдениет пен өркениет қатынасын талдай келе ол жөніндегі пікірлерді алты топқа тоғыстыра отырып, «мәдениет пен өркениет бір-бірімен байланысты ұғымдар...» [4, 12б.], - деп жазады. Б.Ғ. Нұржановтың «мәдениет» пен «өркениеттің» арақатынасы тұрғысындағы мәдениеттанулық әдебиеттерді талдай келіп, олар өзара синоним ұғым, екеуі бір ғана адамзат қоғамының екі негізі – бірі рухани (мәдениет), екіншісі (өркениет) материалдық негізі болады дейтін көзқарасымен келісеміз [1, с. 16]. Сонымен мәдениет – кез-келген өркениеттің қалыптасуы мен даму деңгейін көрсететін категория. Кең мағынада алатын болсақ, мәдениет – адамзат өркениетінің туындысы. Ал *өркениет* – жалпы адамзатының *эйкумениясы*. *Эйкумения* – бүкіл адамзатының мекен еткен кеңістігі. Сондықтан мәдениет пен өркениет бір-бірімен өзара диалектикалық байланыста болатын егіз ұғым. Мәдениетсіз өркениет болмайды, өркениетсіз мәдениеттің мәні жойылады. Мәдениет пен өркениет –

егіз ұғым, бір-бірімен өзара тәуелді байланыс заңдылықты көрсетеді. Олар – бір бүтіннің екі жағы, өзара шарттас ұғым екені ақиқат. Демек, мәдениет – өркениеттік жаратылыс, ал өркениет – халық атаулының мәдени үдеріс кеңістігі. Олай болса, мәдениет – адамзатының өзі өз қолымен жасап өндірген екінші материя, екінші табиғат. Осы ретте Д.С. Раевтың: «Шешендік сөз өнерін халықтың өзі жасайтын болғандықтан, ол әр елдің өмір-тіршілігімен немесе тіршілік философиясымен тығыз байланысты болатындығы ақиқат. Сондықтан да ол өзінің тарихи-образдық, қоғамы-адамдық, философиялық сипаты жағынан авторлық иесі бар кез-келген туындыдан әлдеқайда шынайы, объективті ...құбылыс» [5], - деген көзқарасымен келісуге болады. Бұдан біз шешендік пен мәдениеттің өркениеттік әрі халықтық болмысының бір екенін аңғарамыз. Осыдан келіп ғылымда мәдениетті – материалдық және рухани мәдениет немесе материалдық және рухани игілік деп екіге бөледі. Міне бұл айтылғандар шешендік өнердің мәдени болмысын дәйектейтін ғылыми теориялық әрі әдіснамалық негіздің бір тармағы деп есептейміз. Мұнда біз шешендік өнердің өркениеттік онтогендік тамырына көз жібердік деуге болады.

Жоғарыда көрсетілген «шешендік – мәдениет» деген пастулатқа негізделе отырып, шешендік өнердің мәдени болмысын негіздеуге болады. Шешендік өнер – мәдениеттің ерекше бір көріну формасы. Белгілі философ-ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Жақан Жанболұлы Молдабековтың сөзімен айтқанда: «...Шешендік – ауызша шығармашылықтың жоғарғы, толыққан түрі. Шешендік – ойлану деңгейі, сөйлеу мәдениеті, мінез-құлық көріністері, әдептілік талаптары, кәсіби қызмет, байланыс жүйесі ретінде шығармашылық пен шеберліктің үлгілері...» [6]. Осы пікірге қосыла отырып, шешендік өнер қандай да бір халықтың, ұлт пен ұлыстың мәдени салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдени ой-санасы мен ойлау стилін сайып келгенде, мәдени таным архитектурасы мен дүниеге мәдени көзқарас ерекшеліктерін бейнелей алатын мәдени матрица деп айта аламыз. Олай болса, шешендік өнер – мәдениеттің контенттік континуумы әрі рухани эпицентрі деуге ғылыми-теориялық негіз бар. Оған дәлел ретінде Ж. Баласағұнның «Құтты білігінен» мына бір даналық бәйітінен үзінді келтірсек: «Ақыл болса, пайдасын ер көп көрер, білім білсе, эзиз тірлік өткерер. Ақыл күллі ісінді алып шығатын, бұл білімнен көрер бектер мұратын», – деген мәдени перцепциялық ой-толғанысты аңғарамыз. Мұнда Ж. Баласағұн шешендік сөз өнерін біріншіден, мәдени білім мәйегі, екіншіден адамзатын мұратқа жеткізер мәдени әлеуетті қуаткөзі дейтін іргелі метатеориялық идеяны көтеретіні анық байқалады. Осыған байланысты шешендік өнердің мәдени құбылыс болуын екі түрлі принциппен түсіндіруге болады: біріншіден, шешендік пен мәдениеттің онтологиялық мәселелері арқылы, екіншіден, шешендік сөздердің танымдық-методологиялық принциптерге қатысты мәселелері арқылы.

Алдымен онтологиялық негіздерге тоқталатын болсақ, мәдениет пен шешендік өнерінің онтологиялық тамырластығын олардың *сана* категориясы арқылы өзара бірігуінен байқаймыз. Мұнда біз тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы ғылыми сарапатамаларға арқа сүйейміз. Сондықтан, тіл мен

сананың өзара диалектикалық байланыс заңдылығы теориялық-әдіснамалық ұстаным бола алады.

Онтологиялық принцип тұрғысынан алғанда жалпы тіл мен сана бір-біріне тең дәрежеде ішкі даму көздер немесе бір-біріне тең құқылы субстанциялық бастама бола алады. Сана мен тілдің байланысындағы «сана мен объективті шындық» арасындағы өзара қатынас мәселесінің өзегі болып табылады. Демек, мәдениет әр кезде сана мен шешендік сөздің өзара қатынасы туралы мәселені мәжбүрлі түрде қарастырып отырады және тілдің мәдениософиялық мәнін ашуға негіз болатын принциптердің бірі – шешендік сөзбен сананың бірлігі. Мәдениеттанудағы материалдық пен идеалдықтың өзара байланысын сана мен тілдің өзара тәуелді қатынасы арқылы ғана ашуға болады [5,246.]. Идеалдық пен сыртқы шындық арасындағы диалектиканы анықтау үшін сана мен тіл бірлігіне ғана сүйене аламыз.

Ал енді шешендік сөздердің танымдық-методологиялық принциптерге қатысты тұсына келетін болсақ, Философиядағы сияқты мәдени дүниетанымның да негізгі ұғымдары «дүние» және «адам». Демек, кез келген ғылым осы екі табиғи шындықтың қатынасынан туындайтын мәселелерді зерттейді деуге болады. Өйткені барлық мәдениет атаулының өзі адами әрі ізгілікте жаратылыс, ал бүкіл адами және ізгіліктің өзі мәдени құбылыс. Екінші сөзбен айтқанда, әр ғылым «қоршаған орта мен адам» бірлігінің немесе жалпы объективті шындықтың белгілі бір көріністерін ғана зерттейді. Олай болса, шешендік сөз өнері де сол бір тұтас дүниетанымының белгілі бір компоненттері. Олай болса мәдениеттанудың да негізгі мәселесі – мәдени сананың мәдени болмысқа қатынасы немесе адамның сыртқы дүниеге қатынасы – шешендік сөздердің танымдық-әдіснамалық құбылыс болуының объективті негізі болып табылады.

Қорыта айтқанда мәдениет пен шешендіктің іштей бірлесуі олардың қарастыратын мәселелерінің тармырластығынан ғана емес, сондай-ақ, «материя және жалпы болмыс қозғалысының негізгі формаларының мәнісін, олардың өзара байланысын, бір-біріне тәуелділігін, бірі мен бірінің шарттастылығын тереңірек танып білу қажеттілігінен және шындық болмысы дамуының бірқатар жалпы принциптері мен заңдылықтарын ашып айқындауына да байланысты...» [5, 23б.], - дейтін көзқарасты құптауға болады. Демек, бұлардың тоғыстығы қазіргі кездегі ғылымдардың дифференциациясы мен интеграциясы-біртұтас диалектикалық процесс болатынын дәлелдей түседі.

Ендігі тұста мәдениеттік *тарихи болмысын* анықтауға қадам жасалады. Демек, «*тарих – шешендік өнер үдерісі*» және «*шешендік өнер – тарихи кеңістік континуумы*» дейтін концепттердің мәнін ашуға тырысамыз. Алдымен «*тарих – шешендік өнер үдерісі*» дейтін концептке келетін болсақ, шындығында тарих – шешендік мәдениеттің, оның ішінде шешендік өнердің пайда болуы мен қалыптасу алаңы, мәдениософиялық тілмен айтқанда тарих шешендік өнердің даму уақыты мен кеңістігін анықтайтын өлшем бірлігі. Бұл жерде біз шешендік өнер мен шешендік мәдениетті синоним ретінде алып отырмыз. Шешендік мәдениеттің басы да аяғы да адамзат тарихымен өлшенетініне

адамзат тарихының өзі дәлел бола алады. Демек, шешендік сөз өнері – тарихи тұрғыда ұрпақтан-ұрпаққа екшеліп, іріктеліп, сұрыпталып жетіп отырған мәдени асыл қазынаға айналған мәдени ақыл ұлағатының үздік қоры, халықтың дәстүрлі мәдени трактаттарының бірегей үлгісі деуге болады.

Ал енді екінші, «*шешендік өнер – тарихи кеңістік континуумы*» дейтін концептің табиғатына үңілетін болсақ, оны да онтологиялық тұрғыдан түсіндіруге болады. Тарих пен мәдениет бір-біріне теңқұқылы субстанциялық бастама бола алады дейтін болсақ, шешендік өнер мәдени құбылыс ретінде тарихтың субмәдени болмысы болатыны ақиқат. Осы тұста, Ж.Ж. Молдабековтың: «Шешендік шеңбері ...әр халықтың тарихымен және тағдырымен тамырлас, белсенділігімен және бірлестігімен белдес, өмірлік шындығымен және шеберлігімен шендес, еркіндігімен және естілігімен тендес, ерік-жігерімен жеңдес, субъективті-объективті қатынасында сөнбес көркемдік жетістіктен, ...халықтық сипатынан құралады» [6, б. 5], -дей келіп, «шешендік – тарихи құбылыстардың формасы, яғни әлеуметтік-мәдени сипаттағы нақты көріністер» [6, б. 13], - деген көзқарасы осыны дәйектеп тұрғандай болады. Сондай-ақ Б.Ғ. Нұржановты тыңдайтын болсақ та мәдениеттің басты ерекшелігін оның бүкіл әлемдегі адамзат болмысының тарихи феномен болуымен байланыстырады [1, с. 14] Шешендік өнерді тарихтан тыс қарастыру мүмкін емес. Тарих шешендік өнердің қалыптасу этосы. Бұлардың әрқайсысы объективті шындық, ерекше бір құбылыс болатындықтан олардың әрқайсысының ішкі табиғатын, бір-біріне өзара тәуелді қатынасы, байланысы арқылы ғана түсінуге әрі түсіндіруге болады. Сондықтан шешендік өнер адамзат тарихының субмәдени құраушысы немесе рухани құрамдас бөлігі ретінде, ол қоғамдық-тарихи болмыстың барлық салаларына (экономикалық, әлеуметтік, саяси және т.б.) қатысты өрістеп, дамып, түрленіп ықпал жасап отыратыны кешегі және бүгінгі тарихтан белгілі. Шешендік өнер тарих субъектілерінің мәдени әлеуметтік белсенділігі мен қырағылығының, саяси сауаттылығы мен саяси мәдениетінің асқақ биігінің көрсеткіші. Шешендік өнер тарихтағы әлеуметтік-гуманитарлық жауапкершілік пен мәдени көрегендіктің, тарихи тұлғалардың парызы мен борыштық мәдениетін, отансүйгіштік, мемлекетшілдік, халықшылдық, елсүйгіштік тұрғыдағы мәдени стратегиялық үдерістердің көрініс табу айнасы және оларды іске асырудың пәрменді де өтімді құралы болғанына адамзат тарихы куә. Демек, әр тарихи кезеңдердегі жеке тұлғаның мәдени санасы мен қоғамдық мәдени сана өз табиғатына сай шешендік өнер түрлері мен үлгілерін жасап отырды. Оған қазіргі кезеңдегі мәдениеттану ғылымының айтуынша, адамның әлемді бейнелеу образы әр дәуір адамдарының өз дәуір санасын түсінуіне тәуелді болды, өйткені мәдени сана әр кезде реальды тілде көрініс тауып отырды. Сондай-ақ, тарихшы Нәбижан Мұқаметханұлы осы ойды былайша жалғастырады: «... Сол белгілі бір тарихи дәуірде қазақтардың қоғамдық іс-қимылдары – олардық қоғамдық ой-санасының қоғамдық практикадағы көрінісі болып табылады. Сонымен қатар қоғамдық сана-сезімдер ... адамдардың айтқан пікірлерінен және жазған әдебиеттерінен аңғарылады» [7]. Осылар шығармашылық бостандық пен

белсенділікке ие болған адамзат санасындағы әрі өзіне өзі түрткі болған, әрі шешендік тілдің өзіндік даму мүмкіндігін айқындайтын бастамалардың болатындығын көрсетеді. Бұл тарихи кеңістіктегі шешендік өнердің өзіндік қозғалысқа түсу мүмкіндігі интенциясын айқындап тұр десек болады. Бұл құбылыс кеше де, бүгін де және ертең де болатыны хақ.

Енді шешендік өнердің тарихына келетін болсақ, оның тамырын тереңнен тартуға болады. Шешендік өнерінің тарихы екі жарым мың жылды қамтиды. Мәселен тарихи деректерге сүйенетін болсақ, шешендік өнер антикалық риторика ретінде ежелгі Грекияда (б.з.д. V-IV ғғ.) қалыптасып, ал III-II ғғ. жүйеленіп, б.з.д. I ғ. Римге таралады. Ежелгі грек жерінде шешендіктің алғашқы үлгісі қалыптасқанына дәлелдер жеткілікті. Міне бұл шешендік өнердің тарихилық болатынына дәлел шындық. М.Н. Пряхиннің пікірі бойынша, ол Ежелгі Грекияда туындап, сол дәуірдегі қоғамның кез-келген мүшесі үшін өмірлік маңызы бар өнерге айналған [8]. Мәселен Афина сол кездегі Грекияның үлкен экономикалық, саяси және мәдени орталығына айналғаны тарихтан белгілі. Мұнда сол кездің қоғамдық жағдайына сәйкес, қоғамдық сананың белгілі бір формасы ретінде мынадай халықтық саяси-мәдени институттың – халықтық жиналыстың, бесжүздік кеңестің және ықпалы зор болды. Халық алдында суырылып шығып еркін де өткір, ұтымды сөз айтудың, шабыттанып сөйлеудің, тоқтамды ой көтерудің, ұтқыр ойлау стилінің, екшеп сөйлеу мәнердің, пайымдау мен сұхбат жүргізу әдіс-тәсілдерімен танысудың, оларды жинақтаудың әрі оны таратудың қоғамдық шеңберде маңызы артты, оларға деген әлеуметтік-мәдени сұраныс артты. Мұнда саясатты, құқықты, тарихты, философияны жақсы меңгерген дарынды зиялылар дайындалды. Бір сөзбен айтқанда, ол мемлекетте сөз таластыру ережесі, ойлы да ұтымды сөз құдіретін таныта білетін шешендік өнер жоғары бағаланды. Бұдан біз шешендік өнердің қоғамдық-өркениеттік табиғаты мен мәдени тұрғыдағы өмірмәнділік болмысын аңғарамыз. Шешендік өнер адамзаттың ойлау мәдениетімен қатар қалыптасқан. Бұл өнердің өзі, ойлаудың ерекше жетілген түрі. Ойлау, сөз мәнісін анықтау, сөзді құрал ретінде қолдану және сөздің әсерін пайдалану сөз өнерінің құзырында.

Бұл қасиетті, киелі өнерді ыждаһаттықпен үйрену әрбір грек азаматының асыл парызы болған. Мінеки, осы уақытта риторика ғылымы шықты. Шешендік өнерге баулитын тәлімгер ұстаз (ритор) мамандық пайда болды. Ал оратор – латынша «*orator*», яни сөйлеу, ғайыпты болжау деген мағынаны білдіреді. «Риторика» терминдік атауының әуелгі әрі негізгі мағынасы шешендік өнердің теориясы дегенді білдіреді [9].

Н.А. Федоровскаяның айтуы бойынша, антика дәуірінің шешендік өнерінде риторика заңдары кеңінен қолданылған, ол туралы көптеген зайырлы трактаттарда жазылған [10]. Риторикамен қатар эристика (дауласу өнері) және софистика пайда болды. Джеймс Нерриктің айтуы бойынша, софистер, яғни шешендік өнерін ақылы түрде үйрететін мұғалімдер мен белсенді саясаткерлер өте танымал болған, олар өз оқушыларын дау-дамайлар мен соттарда жеңіске жетуге үйретеміз деп сендіретін болған [11]. Оның пікірі бойынша, эристика

мен софистиканы шектен тыс қолданып, оны көбіне риторика деп көрсетушілік шешендік өнерінің мәні мен оның қоғамдағы алатын орны туралы философтардың арасында қызу даулардың етек алуына ұласты, өйткені философтар (Протагор, Продик, Гиппий) софистиканы шындыққа ұқсайтын, қасақана айтылатын өтірік деп қарастырды [11, р. 108].

Көне дәуірде шешендік өнерінің көркейіп гүлденуінің екі кезеңі болған. Біріншісі, б.з.д. V-IV ғасырлар, Афина елінде сөз күннің күркірі мен жалт еткен найзағайдай Периклден бастап даңқты шешен Демосфенге дейінгі уақыт, ал Румде б.з.д. бірінші ғасыр немесе Цицерон заманы [9, б. 7]. Біз осы екі кезеңді зерделеп, екеуінің айырмашылықтарын байқадық.

Шешендік өнердің көне дәуірін екі кезеңге бөліп қарастырдық. Грекиядағы шешендік өнер және Римдегі шешендік өнер. Бұл екеуін бөлек алып қарастырған кезде айырмашылықтарын байқауға болады.

Грекия шешендік өнердің пайда болған отаны. Алғаш шешендік өнерді қалыптастырып, техникаларының пайда болуына ықпал етті. Шешендік өнермен қатар сөз құралын пайдаланатын театр өнері де пайда болды.

Әлемдік мәдениеттің көптеген маңызды құбылыстары антика дәуірінен бастау алады. Мысалы, ғалымдардың көзқарасы бойынша, б.з.д. VI ғасырдағы Дионистің құрметіне арналған әндер шырқалып, билер биленетін, діни рәсімдер өткізілетін діни мерекелерден басталған үрдіс бірте-бірте ашық аспан астындағы грек театрының пайда болуына алып келді. Сахнаның үш жағынан көрермендерге арналған орындар сахнадан алыстаған сайын баспалдақ түрінде биіктей береді. Дәл осы кезеңде, хорға арналған арнайы дөңгелек формасындағы алаңқайдан (орхестра) дара кейіпкер – актер жеке бөлініп шығатын көріністерден бастап, драмалық өнердің дамуы бастау алады. Театрға бару мәдени рәсімге айнала бастады, ол көрермендерді рухани тазару (катарсис) және көріністің кейіпкерімен қосыла толғану күйі арқылы біріктіреді (ол кездерде кейіпкерлерді бетперде киіп, табаны биік аяқ киім (котурн) киген ер адамдар ғана ойнайтын болған) [12].

Антикалық мәдениет тұтас алғанда, полистің рухы да денесі де әсем азаматының эстетикалық және этикалық мінсіз бейнесін көрсететін болған, бұл қоғамдық өмірдің құралы емес, мақсаты деп саналған. Зерттеушілердің пікірі бойынша, б.з.д. V ғасырда гректер грек-парсы соғысында (б.з.д. 500-449 жылдар) жеңіске жетіп, құл иеленушілік түпкілікті қалыптасқан кездері Грекияның экономикалық және саяси өмірі көтеріліп, мәдениет пен полистік демократия гүлденді, оның орталығы Афина қаласы болды. Афинада б.з.д. V ғасырда құл иеленушілік демократиясы орнады, оның негізгі үш мекемесі ретінде халық жиналысы, бесжүздік кеңес және сот құрылды [13]. Әр он күн сайын Афина азаматтары алаңға жиналып, мемлекеттік істерді талқылады. Халық жиналысы заң жүзінде билікті толық иемденіп, өзіне барлық мемлекеттік органдарды бағындырды, ішкі және сыртқы саясаттың басты мәселелерін шешумен айналысты, мысалы, жоғары лауазымды тұлғаларды сайлау, қаулылар шығару, соғыс ашу немесе бейбітшілік жариялау және т.с.с. Халық жиналысы отырыстарының арасындағы ағымдағы істерді бесжүздік

кеңес (булэ) қарастырды. Көпсанды соттың құрамында алты мыңға жуық сот алқасы мүшелері заңнамалық қызметпен шұғылданып, сот әділдігін жүзеге асырды.

Сотта мемлекеттік айыптаушылар, қорғаушылар болмағандықтан, әрбір азамат айыптауға, айыптауды қолдауға ғана емес, өз қабілетіне қарай өзін-өзі қорғауға да құқылы болды. Әрине, полис өміріне әрбір азамат белсенді қатыса алатын, өз пікірін айта алатын осындай еркін демократиялық құрылыста пікірталастар, дау-дамайлар жиі орын алатын. Өз ұстанымын қорғай білу, қарсыластың пікірін жоққа шығара білу, әдемі де сенімді сөйлей білу әрбір афиналық үшін бірінші қажеттілікке айналды. Мысалы, казармалық Спартада биліктің ең жоғарғы органы халық жиналысы деп саналғанымен, басқарудың нақты тетіктері патшаның және ақсақалдар алқасының қолында болды[14], бәлкім, Спартаның шешендік өнердің негізін қалаушы бола алмауының себебі де осы болса керек. Афина болса, мәселелерді өзіне тән көпшілік болып талқылау және шешу қажеттілігіне байланысты, шешендік өнерінің әлеуметтік құбылыс ретінде пайда болуына қолайлы шарттар тудырды. Сондықтан да, ғалымдар шешендік өнері Ассирияда, Вавилонда, Египетте, Индияда, жоғары бағаланып, дамыды деген пікірді ұстанғанымен де, шешендік өнерінің отаны дәл осы Ежелгі Грекия болды, себебі, полис-қала демократиясының қанат жаюына байланысты тіл шеберлігі тек мемлекеттік қайраткерлер мен қолбасшылар үшін ғана емес, қатардағы әрбір азамат үшін де кәсіби қажеттілікке айналды [15]. Демократия және демократияның әр адамға берген бостандығы сөзге бұрын-соңды болмаған күш-қуат берді, оны өнер деңгейінде меңгеру қажеттігі туындады, сондықтан Г.З. Априан өте әділ атап өткендей, шешендік өнер – «демократияның ұланы» деп есептелуі өте заңды.

Зерттеушілер атап өткендей, айтарлықтай ұзақ уақыт бойы, тіпті ең үздік сөз үлгілерінің өзі жазылмай келді, яғни, шешендік өнер тек ауызша түрде ғана болды. Сөздерді жазбаша түрде тіркеуді б.з.д. V ғасырдың екінші жартысында ғана шешендіктің теоретиктері мен практиктері – софистер енгізді.

Олардың қатарына Алкидам, Антифонт, Гиппий, Горгий, Критий, Продик, Протагор және т.б. жатады. Софистер деп (шеберлер, білгірлер) данышпандыққа, оның ішінде шешендікке ақылы негізде оқытатын кезбе мұғалімдер атала бастаған[16]. Софистер табиғатқа өнерді қарама-қарсы қойды, тілді де өнерге жатқызды. Олар ақиқаттық білімге жету мүмкін емес, өйткені бір құбылыс турасында қарама-қайшы пікірлер қалыптасуы мүмкін деп санады, сөйтіп әңгімесуші адамды өздерінің құйтырқы ойларымен «софизмдермен» сендірудің жолдарын іздестірді. Софистерді, гуманистер ретінде адам проблемалары, оның рухының еркіндігі толғандырды. Софистер ілімінің басты қағидасы деп Протагордың «Барлық заттардың өлшемі – Адам» деген әйгілі постулатын айтуға болады. Басқа софистер сияқты Протагор да тыңдаушыларға ықпал етудің психологиялық аспектілеріне айрықша назар аударды [17]. Софистердің педагогикалық қызметі, алғашқы риторикалық оқулықтарды жазуы мен мектептер ашуы Кора пен Тисийдің атымен байланыстырылады, бұл игі істер ағартушылыққа жол ашты, шешендік өнерінің білім беру саласындағы

міндетті және ең басты дәрежеге көретілуіне себеп болды. Бұдан біз шешендік өнердің мәдени ағартушылық бағдар алғанын және мәдени инновациялық сарынын аңғаруға болады деп есептейміз.

«Риториканың атасы» деп дәстүрлі түрде Леонтинадан шыққан Горгийді (б.з.д. 485-380 жылдары өмір сүрген) атайды, оның атағы асқан шеберлікпен сөйлегендігімен қатар, шешендік өнерге оқытуда да педагогикалық шеберлігі жоғары болғандықтан кеңінен тараған. Зерттеушілердің пікірі бойынша, ол тілде алғаш болып стилистикалық тәсілдерді қолданған, олар кейіннен «горгий өрнектері» деген атауға ие болған: қарсы қойып салыстыру (антитеза); мағынасы жағынан қарама-қарсы ұғымдарды үйлестіру (оксюморон); сөздердің соңын ұйқастыру; дауыссыз дыбыстарды ойнату (аллитерация) және т.б. Горгий ілімінің негізгі қағидалары Платонның «Горгий» диалогы арқылы көбірек танымал, өйткені «риторика атасының» өз еңбектері толық сақталмаған.

Ежелгі грек философы Сократтың (б.з.д. 469/470-399 жылдар) атымен, ғалымдардың пікірі бойынша, логикалық дәлелдемелер мен диалогтың әралуан формалары байланыстырылады. Сократ философиясында негізгі назар адам мен оның жанына бағытталған, жан адамға сана мен адамгершілік нормалардың жиынтығы, яғни ізгілік себуші, жанды жетілдіруші, ізгілік пен зұлымдық туралы түсінік беруші ретінде берілген. Сократтың пікірі бойынша, әрекеттердің теріс болуы ізгіліктің не екенін білмеуден болады, сондықтан да жан денеге қарағанда қамқорлықты көбірек қажет етеді, ал дене жанның моласы деп санаған. Сократтың көптеген нақыл сөздері бүгінге дейін белгілі: «Өзіңді таны», «Менің білетінім өзімнің ештеңе білмейтінім»[18]. Сократтың әдісі (майевтика) ақиқатқа әңгіме барысында, адамның өзін-өзі талдауының нәтижесінде жетуге бағытталған. Ол өз міндетін сұрақтарды дұрыс жауапқа жетелейтіндей етіп, шебер құрастыру деп білген. Ол өзін ақиқатың өмірге келу сәтіне қатысып отырған кіндік шешеймен салыстырған. Сократ адамға тірек бола алатын тұрақты да орнықты адамгершілік нормаларын қалыптастыру жолдарын іздеумен айналысқан. Ол өзінің сөйлейтін сөздерін ешқашан жазбаған. Академиялық шешендіктің (оқулық диалог) хас шебері бола тұрса да, ол даналыққа қоғамдық орындарда: алаңдар мен базарларда оқытқан. Сократтың пікірлері оның шәкірті, әсемдік туралы ілімді және өнер теориясын жасаған, объективті идеализмнің негізін қалаушы және әйгілі шешен болған Платонның (б.з.д. 429/427 – 347 жылдар) еңбектерінде көрсетілген.

В. Асмустың пікірі бойынша, Платон өзінің құрмет тұтқан ұстазының образын бірқатар диалогтарында жасаған. «Пир» деп аталатын еңбегінде ол Сократтың биязылығын, табандылығын, қарапайымдылығын, албырттығын суреттейді. «Сократ Апологиясы» деген еңбегінде ол Сократтың сот алдындағы сөзін келтіреді, өйткені кезінде Сократқа «құдайсыз, жастарды теріс жолға салушы» деген айып тағылып, соған байланысты ол сот алдында қорғануға мәжбүр болған. Сократтың соттағы сөзі қорғанысқа қарағанда шабуылға көбірек ұқсаған. «Критон» және «Федон» деген еңбектерде Сократ борыш пен

міндетті өзінің өмірінен де жоғары қоятын, өзінің философиялық ойларынан тіпті өлім жазасының алдында да бас тарпайтын ұлы адам деп суреттеледі.

У ішіп өлу жазасына кесілсе де Сократ өз оқушыларын жұбатып, олардың рухын қолдайтынын білдіріп, қош айтысады. Сократ жазаланғаннан кейін Платонның Афинадан қашып, ұзақ уақыт бойы ел кезіп, саяхаттап кеткені, ал 387 жылы Афинада тұңғыш кәсіби Академияның негізін қалағаны белгілі.

Платон тек философ қана емес, сонымен қатар тамаша әдебиетші де болған. Оның философиялық диалогтары өте жоғары әдеби көркем деңгейде жазылған. Платон өз ойларын метафоралармен, мифологиялық тәсілдермен, образдармен, символдармен, салыстырулармен жеткізеді. Оның сөздері логикалық тұрғыдан анық құрылған композициясымен қатар, эмоционалдылығымен ерекшеленеді, оның құрамына кіріспе, мазмұндау, дәлелдеу, қорытындылау бөлімдері кіреді. Өзінің шешендік теориясын Платон «Горгий», «Федр» диалогтарында көрсеткен. Сонымен қатар, оның басты еңбектерінің қатарында «Государство» («Мемлекет»), «Политик» («Саясаткер») шығармалары аталады. Платон софистердің іліміне қарағанда өзгеше көзқараста болған, яғни оның пікірі бойынша, нағыз білім әркімге әртүрлі емес, баршаға ортақ, білімнің мәні идеялар әлемін тану, ал әлемнің көшірмесі шынайы қоршаған орта түрінде берілген. Платонның жеке тұлға мен қоғамның арасындағы қарым-қатынастарға ерекше көңіл бөлгені белгілі. Оның мемлекет туралы іліміндегі негізгі ой – мінсіз саяси құрылыс жасау, ондағы басқарушы таптардың, әскерлердің, шаруалар мен кәсіпшілердің әрқайсысының өзіне тиесілі жұмыстарды атқара отырып, өз қызметтерін үйлесіммен ұштастыруы туралы идея. Платон былай деген: «Мемлекеттік құрылыстың екі түрі бар: біріншісінде – барлығының үстінен басшылар қарайды, екіншісінде – басшыларға да арналған заңдар бар» [19]. Платонның өз шығармашылығы арқылы адамзаттың философиялық-көркем ойы мен шешендік өнерін дамытуға өлшеусіз үлес қосқаны даусыз.

Грекияның тәуелсіздігі дәуірінде Исократ (б.з.д. 436-338 жылдар) пен Лисийдің (б.з.ж. 459-380 жылдар) шығармашылығы мен қызметі де елеулі орын алады [20]. Оларды біріктіретіні, екеуі де (Исократ – даусының әлсіздігінен, Лисий тағы бір басқа себептермен) ешқашан көпшілік алдына шығып сөз сөйлемеген, бірақ өте шеберлікпен дайындап беретін болған.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, Исократ салтанатты (эпидейктикалық) шешендіктің әйгілі шебері болғандықтан, өзінің сөздерін оқырмандар үшін жариялап отырған және риторика өнері мектебін басқарған, ал Лисий клиенттерінің тапсырысы бойынша сотта сөйленетін сөздерді шебер дайындайтын болған, бұл сөз өнерін шебер меңгеруді ғана емес, нәзік психологиялық түйсікті, қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының өмірін жақсы меңгеруді де талап ететіні сөзсіз.

Аса көрнекті шешен, шын мәнінде өз тағдырын өзі сомдаған тағы бір қайраткер Демосфен (б.з.д. 384-322 жылдар) болған. Қазіргі уақытта ондай адамдар туралы «өзін-өзі көтерді» деп сүйсінер еді. Біздің ойымызша, оның аты әлемге әйгілі, жалпы есімге айналды. Демосфеннің айқын мақсатты, табанды

еңбегінің нәтижесі өзін қандай да бір себептермен көпшілік алдында сөз сөйлеуге жаралмаған деп санайтындар үшін бағыт-бағдар беруші, үміт отын тұтандырушы болып табылады. Тарихшы Плутарх өзінің «Сравнительные жизнеописания» («Салыстырмалы өмір жолы») атты кітабында көрсеткеніндей, Демосфен тіл кемістігі мен даусының әлсіздігіне қоса, айтарлықтай дене кемшілігімен туған, яғни оның иығы әрқашан селкілдеп тұратын болған. Көпшілік алдына шығып сөз сөйлеуден бас тартуға мәжбүр ететін осындай кемістіктеріне қарамастан, Демосфен өзінің жан аямас, табанды еңбегінің, үздіксіз жаттығулар жасауының арқасында шешендік өнерінің барлық тәсілдерін жетік меңгерген әйгілі саяси шешен болып шықты[21]. Оның македон патшасы II Филипптің агрессиялық саясатына қарсы бағытталған «Филиппики» деген кітабы саяси шешендіктің баға жетпес үлгісі болып табылады. Бұл біздің ғылыми зерттеуіміз үшін шешендіктің өнер ретіндегі мәдени феномен болып қалыптасуындағы саяси генезисін анықтауға негіз болады.

Платонның аса көрнекті шәкірті, ғалым-энциклопедияшы, Аристотельдің (б.з.д. 384-322 жылдар) өмірі де Демосфеннің өмір жылдарымен сәйкес келеді. Демосфеннің қызметі сияқты оның шығармашылығы да полис дағдарысы дәуіріне жатады. Осындай нәзік психологиялық бақылаулардың өзі Аристотельдің еңбектерінде, оның ішінде «Риторикада» жасалған құмарлық теориясымен астасып жатыр, бұл классикалық гуманитарлық риторикаға деген қызығушылық қайта жаңғырып келе жатқан қазіргі уақытта да өз маңызын жоғалтпаған құндылық[22]. Демек, мұнда біз шешендік өнердің тарихи-мәдени сипатына көз жеткіземіз. Шешендік мәдени құбылыс ретінде адамзат тарихының әрі уақыттық, әрі кеңістіктік көрінісі, халықтың әлеуметтік тіршілігінің, қоғамдық сананың бір көріну формасы болатыны анық.

Сол уақыттарда (грек полистеріндегі өмірдің құлдырауына байланысты) адамдар пайымдаушылық, мемлекеттік және отбасылық өмірден алшақтау, мүлікті және әлеуметтік жауапкершіліктерден тәуелсіз болу арқылы бақытты өмір іздеуге көшті. Осындай (кинкиалық) философияның көрнекті өкілі, ғалымдардың пікірі бойынша, азды қанағат етіп, бөшкеде өмір сүрген Диоген Синопский (б.з.д. 414-323 жылдар) болып табылады[23]. Мұнда біз мәдениеттің тарихи табиғатын дәлелдеудің айқын мысалын көре аламыз. Бұл адамдардың мәдени тұрғыда әлеуметтік оқшаулану тенденциясын айқындап, жеке тұлғаның аскеттік мәдениетті білдіреді.

Осы ретте, Аристотельдің тағдыры II Филипптің ұлы – Александр Македонскиймен тығыз байланысты екенін айта кету керек. Жас кезінде Аристотель үш жыл бойы Александр Македонскийдің тәрбиесімен айналысқан, Македонскийдің қазасынан кейін ол қудалауға ұшырап, Афинадан кетуге мәжбүр болған [24]. Аристотель логика ғылымының негізін салушы, Ликейдің (лицейдің) іргетасын қалаушы ретінде белгілі. Аристотель өте бай мұра қалдырды. Оның ең белгілі, атақты шығармалары – «Метафизика», «Саясат», «Риторика», «Физика», «Экономика» және т.с.с. Аристотельдің әлемді тануға, өнердің пайда болуы мен мәні деген көзқарастары бүгінге дейін өз құнын

жоғалтқан жоқ деп ойлаймыз. Өнерді Аристотель шынайылыққа еліктеуге негізделе отырып, танымға жетудің ерекше тәсілі, өз болмысы емес, оныңқалыптасу ортасы деп түсінеді. Оның пікірі бойынша, өнер туындылары шындығында да болуы мүмкін нәрсені емес, бар немесе болған нәрсені бейнелейді, өйткені олар фактологиялық емес, қолдан жасалған. Өнер реализм мен ойынды (мысалы, театрда) үйлестіре отырып шынайы да, жасанды да бола алады. Ол шынайы үдерістерді қорытады, оның ғылыми нақтылықтан артықшылығы да осында. Өнер туындылары көрермендерге ләззат сыйлайды, көрермендердің қосыла толғануын туындатады, мысалы, трагедия орындалған сәттер көрерменге рухани «тазару» (катарсис) әкеледі. Осылайша, өнер тұлғаның өмірді тануына, оның игілікке негізделген дүниетанымын қалыптастыруға орасан зор ықпал етеді. Өнер жайлы Аристотель адамның хайуаннан айырмашылығы оның ақылы мен тілі, ал адамның өзі қоғамдық жаратылыс деген ойды алғаш айтқан. Ал мемлекетті Аристотель тіл арқылы өзара әрекеттесу жүйесі деп қарастырады. Аристотель өзінің «Риторика» атты туындысында «шешен өзінің алғысөзден, әңгімелеуден (мазмұндама), дәлелдеуден, қорытындыдан тұратын ойын анық, түсінікті, қарапайым формада білдіре отырып, тыңдарманға эмоционалдық әсер ету шеберлігін меңгеруі тиіс» деп атап көрсетеді[25]. Сонымен қатар, Аристотель риториканың негізгі санаттары ұғымын береді: логос – логика, тілдік құралдарды таңдау; пафос – шешеннің идеясы, түпкі ойы, ұстанымы; этос – сөздің аудиториядағылардың деңгейіне сәйкестігі, орындылығы. Аристотель, өзі де сөздің тамаша шебері бола отырып, шешен өзінің адамдардың алдындағы адамгершіліктік жауапкершілігін терең сезінуі тиіс және ұдайы өзін-өзі жетілдіріп отыруға міндетті дейді. Ол шешендік өнерінің мақсаты – халықтың қолайлы өмір сүруі мен бақыты үшін қызмет ету деп санайды[26]. Аристотельдің түрлі ғылымдарға (логикаға, математикаға, механикаға, саясатқа, физикаға және т.с.с.) арналған еңбектері, ғалымдардың пікірі бойынша, Ежелгі Грек ойшылдарының ғылыми-философиялық ойларын жүйелеп, тереңдете түседі.

Александар Македонскийдің Шығысқа сапарынан және оның алып держава құруынан (Дунайдан Үнді өзеніне дейін, Египеттен Орта Азияға дейін) бастау алатын Эллинизм дәуірінде грек және жаулап алынған жерлердің мәдениеттерінің бірігуі нәтижесінде эллинистік мәдениет пайда болды[27]. Біздің ойымызша, демократиялық полистің қирауымен бірге шешендік өнердің тамыры да жоғала бастады. Бұл дәуірге жаңа қалалардың бой көтеруі, астрономияның, математиканың, механиканың, теңізге жүзудің дамуы, тиісінше атақты математик Архимедтің (б.з.д. шамамен 284-212жылдар), қарапайым геометрияны жасаған Евклидтің б.з.д. III ғасыр), Күннің Жерді айнала қозғалатынын және өз осінен айналатынын дәлелдеген Аристарх Самосскийдің (б.з.д. IV ғасырдың соңы – III ғасырдың басы), т.с.с.ғылыми жетістіктері тән.

Эллинизм дәуірінде кітапханалар, мұражайлар – ғылыми орталықтар пайда болды. Әдебиет, ғалымдардың пікірі бойынша, эралуандана түсті, бірақ, деңгейі жағынан классикалық әдебиеттен төмен болды. Полистің күйреуі

әдебиетте, өнерде сияқты философияда да жеке-дарашылдыққа, эклектизмге (түрлі элементтердің үйлесімі) алып келді. Эпикур (б.з.д. 341-270 жылдар) негізін қалаған эпикуршылдық дамыды. Оның бейқұмарлық пен салғырттықты нормаға енгізгені белгілі.

Эллинизм дәуіріндегі дін, зерттеулер көрсетіп отырғандай, патшаны құдайдай көре отырып, монархтарға табынуды насихаттады. Сөз өнері бұл дәуірде қоғамдық маңызынан айырылып, білім беру жүйесінде оқытылатын пән дәрежесіне ауысты. Сөздердің құрамында Шығыстан келген азиялық стиль басым бола бастады: дыбыстық құралдар, сөз өрнегі, әсірелеу. Риториканы оқыту ойды дамыту үшін емес, нақты проблемалардан алшақ жатқан мәтіндерді жаттауға құрылатын болды.

Б.з.д. II-I ғасырларды Римнің эллинистік мемлекеттерді жаулап алуының нәтижесінде антикалық мәдениеттің орталығына айналғаны белгілі. Рим б.з.д. VI ғасырға қарай құрылымы айтарлықтай дамыған мемлекет-қала болып қалыптасты. Ол тас қамалмен қоршалған, кәріз жүйесі бар, гладиаторлардың шайқасын өткізетін зәулім цирк ғимараты бар қала болатын. Б.з.д. VIII ғасырдан VI ғасырға дейін Римде жеті патша билік етті. Соңғы Тарквиний Гордый патшаны көтеріліске шыққан халық б.з.д. 510 жылы құлатты, осыдан кейін Рим аристократиялық, құл иеленуші республика болып, Апенин түбегінің бүкіл аумағын өзіне бағындырды[28]. Грек қалаларын жаулап алудың нәтижесінде Рим бұрынғыдан да едәуір дамыған мәдениетке тартылды, бұл өз кезегінде осы саладағы эклектизмге, яғни көптеген мәдениеттердің элементтерінің бірігуіне алып келді[29].

Мысалы, б.з.д. IV ғасырда Римде өзінің кәсіби театры, өз драматургтері пайда бола бастады, олардың шығармашылығында грек мәдениетінің ықпалы анық байқалатын еді [12,с. 278]. Мәселен, көптеген комедиялар жазған Плавтың (б.з.д. III ғасырдың орта тұсы - 184 ж.), пьесаларының кейіпкерлері грек есімдерімен аталып, рим өмірінің белгілері бар грек қалаларында өмір сүреді. Теренций (б.з.д. 195-159 жылдар)[30]өзінің комедияларын грек авторларының, мысалы Менандрдың шығармаларын қайта мазмұндау қағидаттарында құрғаны белгілі. Сонымен қатар, рим дініне де грек діні үлкен ықпал етті, бұл, атап айтқанда, Юпитер – Зевс, Венера – Афродита құдайларын және т.с.с. теңестіру арқылы байқалады. Өздерінің практицизмімен ерекшеленетін римдіктерде заңтану саласы мықты дамыған еді, бұл, біздің ойымызша шешендік өнерімен тығыз байланысты құбылыс. Ежелгі Римнің аса ірі жетістіктерінің бірі болған Рим құқығы әлемдік құқықтану және сот шешендігі саласының дамуына орасан зор әсерін тигізді[31]. Ал философия саласында, А.Ф.Лосевтің пікірі бойынша, римдіктердің өзіндік жүйесі қалыптаса алған жоқ. Эпикуршылдық пен стоицизм ғана, оның өзінде бостандық дегенді сананың құмарлықтарды басқаруы деп білетін тек билік өкілдерінің арасында (мысалы, император Марк Аврелий) біршама танымал болды [28, с. 39]. Рим шешендік өнерінің дамуы сенаторлар мен лауазымды тұлғалардың тыңдармандарды сендіре білуін талап ететін республикалық құрылыстың пайда болуына байланысты мүмкін болды деп ойлаймыз.

Республика болып тұрған кезеңде жаңа жерлерді жаулап алу жорықтарынан кейін Римге эллинистік мемлекеттерден құлдар, материалдық және көркем құндылықтар әкелінді. Римнің сыртқы және ішкі саясатын түсіндірген және қолдаған шешен, көрнекті әсери қолбасшы және диктатор Гай Юлий Цезарь (б.з.д. 102 немесе 100 – 44 жылдар) болды.

Б.з.д. I ғасырдың соңында азаматтық соғыстар Республиканың құлауына апарып соқтырды. Цезарьдың әскери диктатурасының орнына республикалық форма түріндегі мұрагерлік диктатура – принцип келді. Б.з.д. 31 жылдан бастап Рим мемлекеті Шығыс Жерорта теңізінің, Еуропаның, Солтүстік Африканың басым бөлігін алып жатқан алып империяға айналады. Рим империясының ірі қалаларының ішінде Риммен қатар Александрия, Афина, Карфаген қалалары Грекиядағы кездердегідей философияны зерттеу орталықтары ретінде қала берді [14, с. 139]. Аса көрнекті философ, мемлекет қайраткері, заңгер, жазушы және әйгілі шешен, Цезарьдың замандасы – Марк Тулий Цицерон (б.з.д. 106-43 жылдар), грек философиясының идеяларын қабылдап, өз шығармашылығында рим дүниетанымының ерекшеліктерін көрсетті. Оның түсінігінде әлемді құдайлар жаратты, уақыт мәңгіліктен туындады, ал адам жанының мәні оның қызметінен көрініс табады. Тұлғаның жетілуін ол игілік істердің: даналықтың, ерліктің, әділеттің, байсалдылықтың бірігуінде деп біледі. Оның түсінігінде философия мен риторика біртұтас ғылым, Цицеронның бұл ойлары «Брут», «Об ораторе» («Шешен туралы»), «Оратор» («Шешен») және т.б. еңбектерінде жарық көрді. Цицеронның шешендік мектебін басқарғаны және сол мектепте сабақ бергені белгілі. Ол сөздегі нәзіктікті, дәлдікті, нақтылықты, сөз сөйлеушінің белсенділігін, шешеннің нақты қоғамдық ұстанымда бола тұрып, оның қызығушылықтарының әртарапты болуын жоғары бағалады.

Цицерон көпшілік алдындағы жоғары, орташа және төмен дәрежедегі сөздер басқа жерлердегі сөздерге қарағанда сәл көтеріңкілігімен ерекшеленуі тиіс, солай бола тұрғанымен, көпшілік алдындағы сөз түсінікті, жүйеленген, әбден ойластырылған, тартымды және қарапайым формада құрастырылуы қажет деп атап көрсеткен.

Цицеронның табынушысы, ізбасары болған атақты рим риторы, заңгер Марк Фабий Квинтилиан (шамамен б.з. 39-96 жылдары) риторика курсы болып табылатын «Шешеннің білімі туралы» трактатын жазған. Ол риториканың мынадай бағыттарын ашып көрсетті: азиаттық, сөйлемдегі сөздердің реттілігін бұзумен, дыбыстық құралдарды мәнерлі қолданумен, әсірелеумен сипатталады; аттикалық, дәлдікке, қысқалыққа, тілдің әсіре бояусыз тазалығына бағдарланады; родосстық, азиаттық және аттикалық бағыттардың элементтерін біріктірумен сипатталады. Квинтилианның өзі аттикалық бағытқа артықшылық берген, ал сөздің үш мәнерінің (жоғары, орташа, қарапайым) ішіндегі ең үздігі деп орташа мәнерді таңдаған. Ол сезім өлшемінің шеңберінен шықпайтын, бір қиырдан екінші қиырға ауытқудан аулақ, сонысымен бұл шешендік өнеріндегі өте құнды қасиет деп есептеген. Ғалымдардың пікірі бойынша, «республика тұсындағы Римде қайнаған қоғамдық өмір шешендік өнерінің мейлінше дамуына ықпал етті, ал

салыстырмалы түрде алғандағы сөз бостандығы – оның кеңінен таралуына септігін тигізді, сондықтан шешендік өнері бұл дәуірде белгілі бір дәрежеде халықтық сипатта болды» [32].

Сонымен, Ежелгі Грекияда, кейінірек Римде демократияның гүлденуі кезеңінде адамның жеке игіліктерге жетуі мен қоғам игілігі үшін тиімді қызмет ету мақсатында әлеуметтік өмірдің түрлі салаларына белсенді қатысуының қажетті құралы ретінде шешендік өнері пайда болып, қарыштап дами түсті. Біздің ойымызша демократия мен оның адамға берген еркіндігі сөзге бұрын-соңды болмаған күш-қуат берді, оны өнер деңгейінде меңгеру қажеттігі туындады, сондықтан шешендік өнерінің «демократияның ұланы» деп есептелуі өте заңды деп саналады».

Әлеуметтік үдерістермен, қоғамдық өмірдегі рухани құбылыстармен, саяси ұйымдастырудың жетістіктерімен тығыз байланыстағы рухани-практикалық қызметтің айрықша формасы ретіндегі шешендік өнері антикалық демократия қатпарларында пайда болып, қалыптасты. Осының рухани-мәдени нәтижесі ретінде Ежелгі Грекияда қалыптасқан адам құндылығының мәдени маңызды мәселе ретінде алдыңғы қатарға шыққанын байқауға болады.

Әлемдік мәдениеттің дамуына антикалық (ежелгі) грек-рим мемлекеттерінің мәдени мұрасы орасан зор әсер етті – деген зерттеушілердің пікірімен толық келісуге болады. Мысалы, Одиссейдің б.з.д. VIII ғасырдың соңында өткен Троян соғысынан қайтуы туралы әңгімелейтін Гомердің «сонау б.з.д. VIII ғасырда жазылған Илиада» және «Одиссея» поэмалары өшпейтін және осы күнге дейін баға жетпес туындылар екені баршаға мәлім. Архаика дәуірінде (б.з.д. VIII-VI ғасырлар) рулық тайпалардың ыдырауы кезінде, гректер Жерорта, Қара және Мәрмәр теңіздерінің жағалауларын игеріп, оларды оқшаулық жағдайынан алып шығу кезеңінде полистердің, яғни Аргос, Афина, Коринф, Спарта, Фивасияқты дербес мемлекет-қалалардың қалыптасуы жүріп жатты. Дәл осы дәуір гректерді біртұтастыққа ұмтылуға, басқа халықтармен өзара әрекеттестік жасауға итермеледі. Эллиндер (олар өздерін осылай атай бастады) египет және таяу шығыс мәдениетінен көп нәрсені қабылдады. Элладада құдайлардың бірыңғай пантеоны, жалпыгрекиялық киелі орындар пайда болып, олар полистердің арасындағы саяси, мәдени байланыстардың орталығына айналды. Кейбір құдайлардың құрметіне саналуан ойындар өткізіле бастады. Солардың ішіндегі ең әйгілісі Зевстің құрметіне арналып, Олимпия қаласында төрт жылда бір рет өткізіліп тұратын спорттық жарыстар болды. Олимпиада ойындары, өзіміз білетіндей, әлі күнге дейін әлемдегі ең беделді спорттық жарыстар болып табылады.

Осы тараушаны қорыта келе біз шешендік өнерді мәдени-тарихи құбылыс ретінде пайымдай отырып, шешендік өнердің табиғи болмысына *«шешендік – өркениеттік феномен» және «шешендік – мәдениет», «тарих – шешендік өнер үдерісі» және «шешендік өнер – тарихи кеңістік континуумы»* деген онтогенездік концептік ұстанымдар бойынша талдау жасауға тырыстық. Сонымен бірге, Грекиядағы шешендік өнерді мәдени танымдық бағытта қарастырдық. Оған дәлел ретінде ең алғаш театрдың, поэзияның пайда болуы.

Рим шешендік өнеріне тоқталсақ, Рим империя болғандықтан, шешендік өнер империяға қызмет етті. Белгілі бір топтың мүдесіне жұмыс жасады. Діни шешендер пайда болды. Қорыта айтқанда шешендік өнерді «бүкіл адамзаттық игіліктер аясындағы рухани кеңістікте өсіп-өркендеген, ұлттық ерекшеліктерімен дараланатын құбылыс ретінде зерттелуі қажеттігін» [3, б. 69] мойындаймыз.

1.2 Батыс-христиан мәдениетіндегі шешендік өнер қағидалары

Біз алдыңғы тараушадаға экскурс талдамада шешендік өнердің адамзат мәдениетінің елеулі кезеңдері мен өңірлік бағыттарын қамтитындығына көз жеткіздік. Демек, шешендіктің қалыптасу кезеңдері мен деңгейлеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасау арқылы оның мәдениеттегі орны мен рөлін, ұлттық жетілу бағыттарын айқындауға болатынын айқындай түсеміз. Бұл тараушада шешендік өнердің батыс-христиан мәдениетіндегі көрініс алуы және ондағы қағидалардың өзіндік болмысы мен ерекшеліктерін ой елегінен өткізуге талпыныс жасаймыз. Ю.В. Рождественскийдің пікірі бойынша, антикалық риторика жүйелі түрдегі шешендік тәжірибе жағдайларындағы ұзаққа созылған даму жолынан өте жүріп, өмірдің талаптарына қарай өзгеріп, тұрақты түрде жетіліп отырды, сөйтіп, антика дәуірінің соңына қарай, тарихи себептерге байланысты өзінің әмбебап нысанын тапты, осының өзі оның қоғамдық өмірдің түрлі салаларында қолданылу мүмкіндіктерін кеңейтті [33].

Б.з. IV-V ғасырларында шектеусіз монархияның орнауына байланысты Рим империясы орталығы Рим болып табылатын Батыс Рим және орталығы Константинополь болып саналатын Шығыс (Византия) Рим болып екіге бөлінді. Ғалымдардың пікірі бойынша, мәдениеті грекия мәдениетінің христиандық нұсқадағы жалғасы болған Шығыс (Византия) Рим империясы 1453 жылға дейін сақталды. Батыс империя соңғы император құлаған 476 жылы жойылды. Осы жыл антика дәуірінің (Ежелгі дүниенің) соңы және Орта ғасырлардың бастауы, феодалдық формациядан көшу деп саналады. Орта ғасырлардың діни өмірі IV ғасырдың өзінде мемлекеттік дін болып үлгерген христиан дініне бейімделді.

Зерттеушілер атап көрсеткеніндей, орта ғасырлар дәуірін инквизицияның көмегімен дінге сенбеушілерді қудалау, өзгеше ойлайтындарды аяусыз жазалау шараларымен сипатталды. Еркін ойлаушыларды, «бақсы», «балгерлерді» аяушылықсыз отқа өртеді. Осы уақыттарда көптеген адамдар дін жолына түсуге тілек білдіре бастады. Осылайша, некесіздікке және мүліксіздікке келісім берушілікпен сипатталатын монахтар пайда бола бастады. Ал, монахтар пана тапқан монастырлардың өздері болса, уақыт өте келе жылжымайтын мүліктердің және басқа да құндылық түрлерінің бай меншік иелеріне айналды [34]. Дінбасылардың билігі өте күшті болды. Ғылым мен өнер христиандық рухына сәйкестендірілді. IX-X ғасырларда алхимия, астрология, магия сияқты ғылымдар пайда болды. Орта ғасырлар дәуіріндегі қоғамдық өмірдің барлық салаларын, оның ішінде білім беру саласын да дінбасылар бақылауда ұстады. Шіркеу қызметкерлерін дайындайтын монах мектептері ашыла бастады. Бірақ

зайырлы білім беретін мектептер де болды, Оксфорд пен Кембридже (Англия) университеттер, теологияның орталығы атанған Париж Сорбоннасы ашылды. Ортағасырлық университет ғылымы схоластика (яғни, мектеп ғылымы) деп аталды. Ол таптаурындарға, наным-сенімдерге, шіркеу беделіне, теологияға (құдай сөзіне) сүйенді және адамды құдайға құлшылық етуге, құдайдан қорқуға, шіркеу талаптарына мүлтіксіз бағынуға шақырды.

Христиан дінінің догмаларын әзірлеген Ерте Ортағасыр философтары мен дін қызметкерлері танымалдыққа ие болып, оларға Шіркеудің «атасы» деген құрметті атақ берілді. Олардың шығармашылығы «патристика» («патер» – ата) деп атала бастады. Патристика кезеңінің белгілі өкілдері ретінде Августин Блаженный, Григорий Нисскийлерді атап өтуге болады.

Діннің негізгі қағидалары мен таптаурындарын жетілдіріп, зерттеумен сипатталатын «схоластика» кезеңінде (XI-XV) ортағасырлық христиан философиясының жүйесі Фома Аквинскийдің (XIII) еңбектерінде неғұрлым толық түрде көрініс тапты. Оның шығармашылығы – схоластиканың биік шыңы (оқу орындарында оқытылатын философияны осылай атаған) [35]. Орта ғасырлардың шешендік өнері жаңа – діни бүркемеге ие болды. Ол енді шіркеу шешендігінің ерекші бір түрімен көмкеріліп, гомилетика деп атала бастады. Ол, біздің ойымызша, шамадан тыс діншілдікпен, моральшылдықпен, схоластикалық оқымыстылықпен ерекшеленді.

Біздің ойымызша, осы дәуірдегі сөз өнерінде адамның көзін жеткізіп сендіру емес, әсіре иландыру қағидаты басым келеді. Сөйленетін сөздерде ойды аргументтермен негіздеу мүлдем болған жоқ, өйткені схоластика, догматизм, моральшылдық салтанат құрған, бұлардың барлығы да шамадан тыс діншілдікке бастайтын ілімдер. Сөзбен әсер ету ақылға салуды емес, дінге сенуді көздейді. Ол тыңдаушылардың сана-сезімін жаулап алуға бағытталған. Сонымен қатар, Ортағасырлар кезеңінде (университеттер мен шіркеу мектептерінің ашылуына байланысты) дәріс жанрындағы нақылдық бағытындағы академиялық шешендік те дами бастады. Бірақ, діни және шешендердің ғылыми пікірсайысы әдеби мәтіндерді жатқа айтуға ұмтылатын, кім көп мәтінді жатқа айтып, орынды қолдана алса, сол жеңіске жететін дәйексөз турнирлеріне айналды. Ортағасырлық шешендердің сөздерінде мазмұн емес, сыртқы форма басымырақ болды.

Қайта өрлеу дәуірінің рухы туралы оның атауының өзі де айтып тұрғандай: буржуазиялық қоғамдық-экономикалық қатынастардың қалыптаса бастауымен бірге барлық жағынан да эталон болып саналған антика әлемінің мәдениеті де қайта өрлей бастады. Қоғам тарихындағы осы кезеңнің ерекшеліктері бір жағынан Ортағасырлық бұғаудан құтылуға ұмтылыспен, екінші жағынан, жаңа қалыптасып келе жатқан капиталистік қатынастардың әлісіздігімен сипатталған дәуірдің ауыспалы ахуалына байланысты еді. Бұл мәдениеттің антикалық, христиандық және магиялық-мистикалық құбылыстарының араласып кетуінің орын алуына алып келді. Қайта өрлеу дәуірінде әлі де инквизиция оттары лаулап жанып жатты, ал университеттер мен басқа да оқу орындарында схоластиканы оқытып жатты. Егер антикалық

уақытта тұлғадан тыс космология мен адамның материалдық негізі абсолютті дәрежеге саналған болса, Ортағасырларда шамадан тыс діни негіздер мен діни түсініктер басымдылыққа ие болса, Қайта өрлеу дәуірінде сана-сезімді, еркін, шығармашылық мүмкіндіктері шексіз жаратылыс ретінде Адам идеалға айналды. Суретші адам жаратушы Құдайға теңестіріліп, бірінші сатыға қойылды.

Өнердің ең маңызды қағидаттарының бірі схоластикалық «оқымыстылық» пен Ортағасырлық моральшылдыққа қарсы масаттану болды. Қайта өрлеу дәуірінің алдыңғы қатарлы қайраткерлерінің басты назары адам, оның даму еркіндігі, оның бірегейлігі болды. Осыған байланысты Қайта өрлеу дәуірінің басты дүниетанымы – гуманистік (адамға бағдарланған) дүниетаным деп санауға негіз бар. Гуманистердің пікірі бойынша, мінсіз адам – ол энциклопедияшы, әмбебап, оның білімділігі мен дарындылығы тек тәнті болу мен бас июге лайық. Гуманизмнің аса көрнекті өкілдері Леонардо да Винчи, М. Монтень, Ф. Петрарка, Ф. Рабле, У. Шекспир және т.б. болды. Американың ашылуы, жаңа астрологиялық жүйенің белгіленуі Николай Коперниктің атымен байланысы бар. Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманизм идеяларының жарқын көрінісі ретінде, философиялық трактаттары мен ғашықтардың ұраны деп танылған махаббат лирикасы арқылы белгілі болған Ф. Петрарканың шығармашылығын атап өтуге болады.

Қайта өрлеу дәуіріндегі қоғамның өмірі антропоцентризммен, адам тұлғасы мен оның құндылығын абсолюттендіру үрдісімен, жалпыға бірдей теңдік пен жеке меншіктің жоқтығына негізделген әлеуметтік саланың мінсіз құрылысына, сондай-ақ тұлғаның мәдени тұрғыда үйлесімді дамуына, оның жеке-дара қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерінің кеңінен ашылуына тең әлеуметтік мүмкіндіктердің берілуіне бағытталған демократиялық мәдениет үрдістермен тығыз байланысты болды. Қайта өрлеу дәуірі өнердің, оның ішінде театр өнерінің серпінді дамуымен сипатталды, мысалы У.Шекспир Лондонның «Глобус» театрында қызмет еткен кезеңде театр баршаға қолжетімді, демократиялық және халықтың барлық топтарының арасында танымал болды.

М.А. Таривердиева, уағыздың маңызы христиан діні пайда болған кездерден бастап-ақ бірінші дәрежеде болған деп көрсетеді. Христиандық уағыздың мазмұны мен оны құрастыру туралы ілім, шіркеулік шешендік өнер туралы ғылым «гомилетика» деп аталды. Иисус Христостың «Тау үстіндегі уағызы» гомилетика үшін үлгіге айналды [36].

Н.А. Фаворовтың пікірі бойынша, гомилетика дегеніміз «шіркеуде сөйлеудің ережелерін түсіндіретін және уағыз айтушыны дұрыс жолға бағыттайтын ғылым». Гомилетиканың құрамына мынадай талаптар кіреді: 1) шіркеуде сөйлеудің мәні туралы; 2) формасы туралы; 3) рухы немесе ішкі сипаты туралы; 4) мазмұндалуы немесе сыртқы сипаты туралы; 5) айтылуы, халыққа жөн сілтеуді құрастыру туралы; 6) жазбаша дайындықсыз, ақыл айту, яғни импровизация туралы [37].

Фома Аквинский, тамаша шешен бола отырып, уағызшының әдемі сөйлеу мәнеріне, сөздің жағымды естілуіне, христиан дінінің догмаларын санаға сіңіре

отырып, адамдардың сана-сезіміне әсер етуге бағытталған шіркеу шешендігінің (гомилетика) дамуына өлшеусіз үлес қосты деп санаған дұрыс болар еді деп ойлаймыз. Гомилетика (гр. «адамдармен қарым-қатынас жасау») дін сөзінің бір бөлігі болып табылады, ол дін қызметкерлері қызметінің теориясы мен практикасын қарастырады. Ол священникті дінге сенушілердің алдында уағыз айтуға дайындауға бағытталған және екі аспектіні қамтиды: біріншісі, тыңдармандарды сендіру және оларға әсер ету тәсілдерін меңгеру ретінде көрініс беретін риторикалық аспекті, екіншісі, уағызшының өз қызметін білуі, оның ұмтылысы және діндарлық өмір сүруін білдіреді [38].

Зерттеушілердің пікірі бойынша, Ортағасырлық шешен-уағызшылардың, діндарлардың ішіндегі ең көрнектісі византиялық уағызшы Иоанн Златоуст (347-407), өзінің осынау есімін шешендігінің арқасында алған. Оның көптеген еңбектері мен практикалық қызметі діни ой мен шіркеу шешендігі өнеріне зор әсерін тигізді. Уағызшылардың ішіндегі тағы бір көрнекті өкіл христиан аскеті Симеон Столпник (шамамен 390-459), қырық жылдан астам уақыт бойы отырып-тұруға арналған кішкентай ғана тегістік орнатылған бағанда қимылсыз тұру антын орындаған, сол бағанда тұрып уағыздар, әңгімелер өткізген[39].

Сонымен, феодалдық қоғамға өтіп, әлеуметтік-экономикалық құрылыс өзгергеннен кейін, діни өмірдің барлық салаларында да өзгерістер жүргізіле бастады. Осы өзгерістер шешендік өнерін де айналып өткен жоқ. Сөздің ең беделді түрі шіркеу шешендігі болды, ол адамдарға идеологиялық және саяси ықпал етудің құралына айналды. Ортағасырлық шешендік өнері уағыздардың, литургиялардың (православиеде – обедня, католиктерде – месса), псалмдардың, библияның мәтіндерін түсіндірудің негізінде дамыды.

III ғасырдың ортасына қарай шіркеу шешендері Қасиетті Рухтың қаруы, Құдайдың ойын жеткізушілер деп саналды, сондықтан, шіркеуде айтылатын сөзді дайындаудың өзі маңызды болмай қалды, тіпті рухани жаршының асқақ мұратына енжарлық таныту деп айып тағылды. Алайда, Евангелияның пайда болуына байланысты гомилетика мен риториканың біртіндеп жақындасу үдерісі басталды, миссионерлік үшін шешендік өнердің пайдалы екендігі мойындала бастады. Евангелия мәтіндерін дерексөз ретінде келтіру уағыздардың мазмұнын тиімді ете түсуге көмектесті, мұның өзі осы уағыздарды айтар алдында алдын ала дайындалу қажет екенін талап етті [40].

Христиан дінінің аса көрнекті діни маманы Оригеннің заманында (б.з.185-253 жылдары) ең үздік уағызшылардың сөздерін жазғыштардың көмегімен жазып алу дәстүрі қалыптасты, тиісінше мазмұн және форма сияқты әдеби санаттарға деген назар күшейе түсті. Ориген уағызшылардың белсенді рөліне, тиісінше, олардың тілдік тұрғыдағы дайындық деңгейіне назар аударды. Кейін осы үрдісті басқа да көрнекті шіркеу ойшылдары қолдады [41].

Сонымен, сол кезеңде уағыз адамның ой еңбегінің нәтижесі ретінде алдын ала дайындауды, ойластырылған сөз түрінде ресімдеуді, өңдеуді қажет ететін және авторлық белгілерін қамтитын әдеби шығарма деп танылды.

Сол сияқты Августин Блаженный да (б.з. 354-430 жылдары) антикалық риториканың біршама жетістіктерін мойындады. Христиандардың риториканы

теріске шығармай, одан әрі дамыта беруінің өзі де осы Августин Блаженныйдың арқасында мүмкін болды деп саналады. Ол оқушылардың жандүниесіне, психологиясына үңілген шешендерді қолдады, «жеті еркін өнер» бағдарламасының дидактикалық мүмкіндіктерін жоғары бағалады, христиан клириктерін риторикалық мектептердің бағдарламалары бойынша оқытуды ұсынды. Алайда, Августин уағыздағы ең басты орында Библия тұру керек деп дәлелдеп, сөзді әсірелеу, ойдан шығарушылықпен әуестену сияқты антикалық дәстүрлерге қарсы болды [42].

«Христиан ілімі туралы» трактаттың төртінші кітабында Августин библия қағидаларын түсіндіру мен христиан уағызшылығының қалыптасуындағы риториканың рөлі туралы ой қозғайды. Ол уағызшылықтың табысты болуы «шешендік қабілеттерге емес, тақуалы дұғаларға байланысты» деген ойды дәлелдейді. Августин Блаженный шіркеу уағыздарын айту кезіндегі импровизациялау мүмкіндігін тек қажетті нәтижеге жету үшін ғана қолдануға болады, өйткені алдын ала дайындалғанда болашақ тыңдармандардың құрамы мен олардың күйін болжап білу мүмкін емес деген ойды ұстанды [43].

Кристина Гарригостың ойы бойынша, христиандық уағыз материалды орналастырудың орнықты схемасын антикалық риторикадан қабылдаған деп санайды. Уағыздың мәтіні нақты да дәстүрлі құрылымда жасалатын және кем дегенде үш міндетті бөліктен тұратын. Кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Сонымен қатар, христиан уағыздары суреттеу құралдарының жүйесіне шынайы өмірден алынған теңеулерді енгізді (құрылыс, егіншілік және т.с.с.), мұндай тәсілдер уағызды әлеуметтік мәртебесі әртүрлі адамдар үшін түсінікті ете түсті [44].

Риторика мен гомилетиканың арасындағы одақтың ең шынайы көрінісі діни ағартушы, Константинополь архиепископы Иоанн Златоусттың шығармашылығы болып табылады (б.з. 344-407 жж.). Бір жағынан, ол риторика адам жанын тазарту мен ақылын қалыптастыруды емес, тек әдемі сөйлеп, ақша табуды ғана үйретеді деген болатын. Алайда, Иоанн Златоуст христиан құлшылығы мен әдебиетіне ғылым ретіндегі риториканың көптеген жетістіктерін әкелді [45], ал оның уағызшылдық шешендік өнеріне қосқан үлесі туралы толығырақ тоқталатын боламыз.

Дінге сенушілердің көптеген буындары үшін Иоанн Златоусттың есімі гомилетикалық шешендік өнердің символы болып табылады.

Иоанн Златоуст кейінгі антикалық дәуірде өмір сүрді, ол христиан діні мен христиандар қудалаушылыққа ұшыраған кезең болатын (б.з. IV ғасыр). Ол жас монахтан бастап Константинополь архиепископына дейінгі, әйгілі Ливания шешендік өнер мектебінің тыңдаушысынан христиан ұстаз-уағызшысына дейінгі, христиан діни ілімінің алтын қорына айналған гомилетикалық шығармалардың авторына дейінгі, зайырлы адвокаттан діни-шіркеу қызметшісіне, шіркеу шешеніне дейінгі жолдан өтті, оның есімі – Златоуст – теңдесі жоқ шешендік өнердің символына айналды.

«Әулиелер өмірінде» былай деп жазылған: «Оның уағыздарының күшітілігі соншалықты, тыңдаушылары оған «тоя алмаушы еді». Иоанның тілі

сондай тәтті шешен және барлығы үшін өте ізетті ұстаз болғаны соншалықты, қалада оның әңгімесін тыңдағысы келмейтін бір де бір адам болмайтын, «Иоанн әңгіме өткізгелі жатыр екен» дегенді естігенде, барлығы да шіркеуге қуана-қуана жиналатын. Қала басшылары мен судьялар өз шаруаларын тастап, көпестер саудасын доғарып, қолөнершілер өз істерін тоқтатып, барлығы Иоанның уағыздарын тыңдауға асығатын, оның аузынан шыққан әрбір сөзді жаттап алуға тырысатын. Иоанның әсерлі уағызын тыңдай алмай қалса, бұл олар үшін орны толмас өкініш саналатын» [45, С. 95-107].

Уақыт өте келе шапшаң жазғыштар Иоанн Златоусттың уағыздарын қағазға түсіре бастады, кейін сол жазбаларды басқаларға берді немесе сататын болды. Иоанн Златоусттың діни мектебі гүлдене берді. Науқас адамның бір жұтым суға зар болатыны сияқты, дос адам да өзінің жолдасын сағынады, дейтін Иоанн Златоуст («Таланттар туралы нақыл»). Өз уағыздарында ол тыңдаушыларын «сүйіктілерім» деп атады, «жүрегім сендердің жан сұлулықтарыңа тәнті екені соншалықты, мен сендердің бейнелеріңді әрдайым жүрегімде ұстаймын, тіпті ұйықтаған кезімде де сендерден ажырамаймын» деп айтатын болған. Осы жылдары оның педагогикалық таланты ашылды, ол өзінің уағыздарын мойындағандарыңды қол соғып, шапалақ ұрып емес, тыныштықта, ұйып тыңдау арқылы дәлелдеңдер деді, осылай тыныш отырып тыңдауды осы уақытқа дейін «храмдағыдай тыныштық» деп атап кеткен [46].

Иоанн жазбаша ұстаздығын да табысты жалғастыра берді – христиан діни ілімінің көркіне айналған діни шығармалар жазды, атап айтқанда «Тақуа Стагирияға үш ауыз сөз», «Жас жесірге» атты ой толғауларында ол нәпсіге қарсы күрес рухын күшейтуді жақтаушы ретінде көзге түсті. «Қасиеттілік туралы» кітабы құлшылық етушілер үшін ғана емес, шешендік өнерінің проблемаларына қызығушылық танытқандардың барлығы үшін де ең басты кітапқа айналды.

Славян халықтары Иоанн Златоусттың шығармашылық мұрасын мойындады, түсінді. Мәселен, болгар патшасы Симеон оның тағылымды әңгімелері мен сөздерінен әйгілі «Златоструй» жинағын құрастырды. XI ғасырда жазылған Супраль қолжазбасы – Иоанн Златоуст сөздерінің жинағы да тарихта белгілі, оның сұқбаттарының бірі 1073 жылғы Святослов жинағында бар, 187 «сөзі» XV ғасырдағы Четъи-Минеи кітабына енген, 7 «сөзі» – XII ғасырдағы Троице-Сергиев лавры жинағында және т.с.с., ал ең кейінгі басылымдарының ішіндегі барынша толығы Иоанн Златоуст шығармаларының 1898 жылы орыс тіліндегі 12 томдық шығарылымы болып табылады, ол 1991 жылы Мәскеудегі «Православная книга» баспасында қайта басылып шықты, одан кейінгі жылдары да бірнеше рет шығарылды.

Өткен замандардың ең үздік классикалық рухани дәстүрлерін жаңғырту мақсатында шіркеудің негізін қалаушылардың, солардың ішінде Иоанн Златоусттың да еңбектерін пайымдаудың уақыты келді. Сондықтан, діни қызметшінің шешендік өнеріне арналған «Қасиеттілік туралы» еңбегінің үзіндісіне талдау жүргіземіз.

Иоанн Златоусттың әйгілі «Қасиеттілік туралы» еңбегі [47], оның ішінде «Бесінші сөз» сөз өнері туралы, діни қызметшінің шешендігі туралы діни уағызшының ой толғауларының бірегей үлгісі болып табылады.

Ұстаздары Ливаний мен Андрагафиден ең үздік антикалық риторикалық және философиялық үлгілерде тәрбие алған Иоанн Златоуст, «ақиқат үшін күресуші шіркеу шешендігінің зор рөлі мен қиындықтары туралы толғайды. Ол Аристотельдің белгілі формуласын негізге алады: «Сөз үш элементтен тұрады: шешеннің өзінен, оның айтып тұрғаны жайлы, және оның осы сөзді арнаған тыңдаушысынан» [47, с. 245].

Ең алдымен, Иоанн Златоуст, тыңдаушысының психологиялық, жан ерекшеліктеріне назар аударады. Олар қарапайым оқушылардың кейпінде болуды қаламайды, оларға пендешілдік тұрғыдағы ойын-сауық шараларына қатысып отырған көрермендердің кейпі ұнайды, өйткені олар оқушылар сияқты діни уағыздарды тыңдап, ұйып отырмайды, олар төреші сияктанып, өнер көрсетушілерді сынайды, көңіл көтереді. Одан әрі ойшыл шешен-діни қызметшіні сақтандырады, халық шешеннің өз сөзіне басқа біреулердің еңбектерінен алынған сөздерді қосқанын кешірмейді, сөйтіп ол халықтың сынына, айыптауына ұшырауы мүмкін. Сондықтан, шіркеу шешені тыңдаушылардың қыңырлығы мен негізсіз сынына бағынып кетпей, аудиторияны басқара алатындай қажырлы болғаны абзал.

Иоанн Златоусттың пікірі бойынша, бұған қол жеткізудің екі жолы бар: тыңдаушылардың тарапынан айтылатын мадаққа мән бермеу және уағызшы сөзінің тегеурінділігі. Ол осы пікірді терең талдайды, тек мадаққұмарлықтан ада, қолпаштауға құмар емес, халықтың пайдасы үшін сөйлеген адам ғана «ізгілікке толы» өсиетті айта алады дейді. Сонымен, антика әлемінің этос (этика) жайындағы белгілі постулаты Иоанн Златоусттың гомилетикалық еңбектерінде қолдау табады.

Иоанн Златоуст шешенді халықтың «басшысы» деп атап, оны әсіресе тыңдаушылардың тарапынан өткір сын, әшкерелеу жағдайында сөзді барынша жетік меңгеруге шақырады, өйткені олар сәл ғана мүлт кетушілікті, жетіксіздікті – батылсыздықты, өзіне сенімсіздікті, сөзден жаңылушылықты, сөздік қордың жұпынылығын және т.с.с. кешірмейді, қапыда айтылып қалған сөз үшін ашу шақыруы да мүмкін, олай болған жағдайда ең «шынайы өсиеттің» өзі бұрмалануға ұшырайды» [47, с. 245].

Иоанн Златоуст діни қызметшіні жас балалардың әкесіне теңейді және оны тыңдаушылардың ашу-ызасы мен күншілдігінен сақтандырады, олардың маңызын асырып көрсетуден де, жете бағаламаудан да аулақ болуға шақырады, бірақ олардың тіл тигізбек болған әрекеттерін «тез арада өшіруге», кінә тағушылардың көзін шындыққа барынша тез жеткізуге ұмтылуға кеңес береді. Ол «айбындылық» пен «ардақтылыққа» тек рухы биік, қайғы-мұңға мойымайтын, мадаққа мас болмайтын, мақтаусыз қалса өкінбейтін адам ғана ие болатынын бірнеше мәрте ескертеді.

Иоанн Златоуст сөз күші барлық адамға беріле бермейтінін, және олардың сөз шеберлігін ұдайы жаттығу арқылы әрқашан да жетілдіріп отыруы

тиіс екенін атап айтады («сөздің күші – біліммен»). Иоанн Златоусттың пікірі бойынша ең білімді адамдар басқаларға қарағанда көп еңбектенуі тиіс, өйткені олар болымсыз ғана кемшіліктері үшін тыңдаушыларының орасан зор сынына ұшырап кетуі мүмкін, өйткені тыңдаушылар уағызды оның мән-мағынасына қарап емес, өзінің уағызшы туралы пікіріне қарап бағалайды, оның еш кемшілігін кешірмейді. Иоанн Златоуст сәл ғана кемшіліктің өзі «көптеген ұлы адамдардың» даңқына, абыройына орасан зор нұқсан келтіретінін ескертеді, өйткені адамдар ұлы адамдардың аз ғана кемшілігін де кешіре алмайды. Ол жалпы көпшіліктің құрметіне бөленгендерге, яғни шіркеу уағызшыларына да халықтың жақтырмаушылығы болатыны туралы өкінішпен жазады, бірақ уағызшы соған бола алаңдамауы керек, өзін жағымсыз ойлармен қажытпай, сынға қарсы тұруы тиіс.

Иоанн Златоуст нағыз шешен – нағыз кәсіби маман, өз туындысы үшін жауап беретін шебер сияқты өзінің шығармаларына өзі төреші болуы тиіс дейді. Ол уағыз айтушының ішкі жан-дүниесіне ерекше көңіл аударады, ол еңбек етуден, өз сөзін жіті басқарудан жалықпауы тиіс, сөйте тұрып, ақиқат жеңіске жеткен сәттерде де халықтың мадағына немқұрайды қарауы тиіс.

Осындай нәзік психологиялық бақылаулардың өзі Аристотельдің еңбектерінде, оның ішінде «Риторикада» жасалған құмарлық теориясымен астасып жатыр, бұл классикалық гуманитарлық риторикаға деген қызығушылық қайта жаңғырып келе жатқан қазіргі уақытта да өз маңызын жолғалтпаған құндылық. Әрине, «көп еңбектеніп, бірақ мақтауға ілінбеу дегеннің өзі мадақтан аулақ емес адамды қажытып, шаршатып жіберуі мүмкін» – деп жазады Иоанн Златоуст. Оның пікірінше, бұл үшін адамның жаны көрікті, алмастай өткір болуы тиіс.

Иоанн Златоуст тыңдаушылардың жан-дүниесінде шешендікке деген сүйіспеншіліктің, сөзі дуалы адамдарға деген шынайы құрметтеу сезімінің арта түскенін атап өтеді. Шешендер менменшілдік деп аталатын «жабайы жыртқышты жеңу үшін», қажырлы, сабырлы қалпын сақтау үшін көп еңбектенуі керек деп сақтандырады.

Иоанн Златоуст, бүгінгі заман шешендеріне айтып тұрғандай, өзге де қиындықтар баршылық, олар туралы сол қиындықтарды бастан өткерген адам ғана айта алады деп ескертеді.

Осылайша, Иоанн Златоусттың еңбектері гомилетикалық және зайырлы шешендік өнерін меңгергісі келетіндер үшін тамаша мектеп болып табылады. Иоанн Златоусттың мұрасынан біз діни шешендіктің негізгі постулаттары жайында біле аламыз: халыққа арналған әңгіме, еңбекқорлық; мадақтан аулақ болу; сөз құдіретін ұдайы да табанды түрде нығайту; сөз өнерін үйреніп қана қоймай, оны еңбектену мен жаттығу арқылы сақтау; уағызшының сөз шеберлігі қаншалықты жоғары болған сайын, ол өз шеберлігін арттыру жолында соншалықты көп еңбектенуі тиіс; өз қабілетінің күшін сезінген уағызшы тобырдың өресінен биік бола алады.

Антикалық, грек-латын-византиялық шешендік дәстүрі ұлттық негізде шығармашылық дамуға ие болды, оның тарихи мұрасы қазіргі заманның

шешендік өнерін қалыптастыруда ерекше маңызды. XI-XII ғасырлардағы діни және адамшылық қағидаттарына, яғни жеке қарапайымдық принципіне негізделген шешендік идеалын, мінсіз үлгісін қалыптастырды. Ал ежелгі діни риторлар мен интеллектуалды дінбасылар, қоғам көшбасшылары болды, әлеуметтік маңызы бар идеялар мен құндылықтардың басшысы болды, олар қарапайым халық пен «аса маңыздыларды» патриотизмді, мемлекеттілікті нығайту жолында оқытты.

Лука Жидятаның «Изборник» 1076 ж., «Кітап оқу туралы сөз», «Байларға нақыл», «Туысқандарға өсиет», Феодосий Печерскийдің «Заң және Құт», Кирилл Туровскийдің «Князьдар туралы сөз», «Орыс жерінің өлімі туралы сөз», Серапион Владимирскийдің «Сенімнің аздығы», және т.с.с. еңбектер де асқақ ойлар мен ізгі ниеттерге толы [48, 49],

Әрине, технологиялық тұрғыда зайырлы және діни шешендіктің арасында ұқсастық өте көп екенін атап өтуіміз керек. Атап айтсақ, шешеннің логикалық, сөздік мәдениеті, сөйлеу техникасы және т.с.с.

Айырмашылығы (гомилетиканың пайдасына) тілінің мазмұны, тілдің діни бағыттылығы (гомилетика) тұрғысынан өте айқын және зайырлы тілде, әсіресе саяси, сот, академиялық тілде бұл қасиеттер өте жұтаң.

Батыс-христиандық шешендік өнер туралы тарихи шолуларға зер салатын болсақ, ол XVII ғасырдың екінші жартысында орыс мәдениетіне сүйенгенін аңғаруға болады. 1620 жылы жарық көрген алғашқы «Риторика» атты еңбек «Істерді оймен табу туралы» және «Сөзді әсерлеу туралы» деген екі бөлімнен тұрды. Мұнда шешеннің міндеттері анықталып, сөйлемді «ойлап айту» тәсілдері төрттүрлі жүйеде: оқу, кеңесу, мадақтау және сотта дәлелдікті дәйектеу бағытында ұсынылады, сонымен бірге тыңдаушының құмарлығын өршіту тәсілдері де көрсетіледі. Олай болса, бұл дәуірде шешендік өнеріне жүктелген қағидалардың қатарына ағартушылық, гуманистік, деократиялық, моральдық ықпал ету, әділдік пен объективтілік ұстанымдарын жатқызуға болатынын аңғаруға болады.

Петр I кезінде сөздің нақтылығы мен қысқа да нұсқа болуына, сол екеуінен туындайтын ойдың көрнектігі мен құнарлығына ерекше мән берілді. Ой айқын болу үшін екіұшты ой мен сөзден арылу, артық нәзіктік пен сезімталдыққа және орынсыз нақақтыққа бармау керектігі ескертіледі. Бұдан шешендік өнердің логикалық дәлдік пен ой анықтылығын, адамды эмоционалдық беріктікке баулу мәдени қағидалардың сұлбасын көруге болады.

М.В. Ломоносов дәуірінде жұрт алдында сөйлеу өнеріне зор мән беріледі. М.В. Ломоносов «Шешендікке қысқаша нұсқау» атты екі басылыммен (1748 және 1797 жж.) жарық көрген еңбегінде ғалым риторикада сөздің сенімді болуына, тыңдаушыны өз пікіріне тартатын айқындылыққа, ұлттық тілдің үлгісіне, орыс және шіркеу-славян тілдерінің арақатынасына айрықша назар аударды. Сондағы мақсат – жалынды сөзбен жүрекке жол аша отырып, тыңдаушыға өз ұғымының бейнесін жеткізу. «Егер халық арасында сөзді айту немесе қолдану бұзылса, онда оны түзеуге әрекеттену керек» деген ұсынысын көрсетеді. Орыс тілін батыл тілімен шұбарламау мақсты көзделеді. Мұндағы

мәдени қағидалар шешендік өнердің жариялы сөз, сендіру, нандыру, тыңдаушысының көзін жеткізу, мойындату, сөздік өтімділігін қамтамасыз ету, мәдени-лингвистикалық коммуникация мәдениетіне жетелейтін бағытта болғанын байқаймыз.

XVIII-XIX ғғ. орыс шешендік өнерінің қағидалық жүйесін сөз еткен және оған айтарлықтай үлес қосқан ғалым әрі қоғам қайраткерінің бірі – М.М. Сперанский болды. Ол өзінің 1844 ж. жарық көрген «Дамыған шешендіктің ережелері» атты еңбегінде шешендік өнердің теориясына талдау жасай отырып, сөздің эмоционалды мағынасына, «құмарлықтың» табиғатын талдауға, жеке дара сөйлеудің стиліне баса мән береді. Сонымен бірге, сөз саптау теориясының бағыт-бағдарын жасай келе, М.М. Сперанский сөз саптаудың: айқындылық, көптүрлілік, бірлестік, сөздің материямен теңгерімдік сияқты қасиеттерін анықтады. Мұндағы шешендікке тән болған мәдени қағидаларға көз жіберетін болсақ, онда мәдени эмпатикалық ұстанымға, эмоциялық психологизмге, сөз бен ойдың анықшылығы, сөздің полифункционалистігіне, лексема мен материяның етеп-теңдігі сияқты мәдени қағидаларға, жек тұлғаның тілдік стиліндегі ментальдық кодының субмәдени астарына көңіл бөлінген деуге ғылыми негіз бар.

XVIII ғасырдың аяқ шенінде И.С. Рижский өзінің «Риторика тәжірибесі» (1796) деген еңбегінде шешендік өнерді стилистикамен және дұрыс сөйлеу мәдениетімен салыстыра отырып, сөз бен ойды үйлестіре білу өнері мәдениетіне талдау жасағаны тарихтан белгілі. Осыған негізделе отырып, біз бұдан ол шешендік сөз бен тілдің және ойдың сәйкестік табу қағидасына маңыздылық берген деуге болады. Сондай-ақ, И.С. Рижский шешендік сөздің ұтымдылығы сөз айқындылығымен, эмпатиялық қуатымен, сөз байлығымен, сөздегі буын икемділігімен байланыстыратын сублингвистикалық мәдени заңдылықты, яғни теориялық стилистика мәдениетін анықтай білген деп айта аламыз.

XIX ғасырдағы шешендік өнерді зерттеушілердің еңбектеріне қысқаша шолу жасайтын болсақ, А.Ф. Мерзляков өзінің «Риториканың қысқаша курсы» (1809) еңбегінде шешендік сөз өнерінің көпфакторлық табиғатын үңіле келе, шешендік сөздің ерекшеліктері мәтін авторының мінездік болмысына, ділмардың көңіл-күйіне, шешендік сөздегі материалдың мағынасына, айтушының мақсатына тәуелділік мәдени заңдылығын анықтайды. Бұлардың өзі шешендіктің ерекше мәдени қағидаттық табиғатын белгілей алады деп есептейміз.

Осы ғасырдың шешендік сөз өнерінің танушысының бірі – А.И. Галич шешендіктің грамматикалық, логикалық, психологиялық, эстетикалық формаларына талдау жасаған. Ол «Прозаның барлық түрлеріне арналған ораторлық теориясы» атты еңбегінде шешендіктің бұл ережелері оның монолог, әңгіме, хатар, іскерлік құжаттар, тарихи және тәлімдік шығармаларға тән болатын атайды.

XX ғасырдың екінші жартысында АҚШ пен Еуропада шешендік өнердегі сөйлеу мәдениетін, сөзбен ықпал ету, шешендік насихат арқылы наным-сенімді

калыптастыру мәселелерін арнайы зерттейтін ғылыми орталықтар жасақталды. Оны «неориторика» деп аталатын бағыт қалыптасты. Оның өзі екі бағытқа бөлінді, бірі шешендік сөздің дәлелдеу қуаты мен тиімділігіне қатысты шешендік тілді ұйымдастыру, екіншісі шешендіктің сөздің көркемдік стилі мен оны әсерлеу мәселесімен айналысты. Осы тұста шешендік өнердің саяси-мәдени тұрғыдағы саяси-қоғамдық, үгіт-насихаттық қырлары оның заманауи қоғамдық маңызын арттыра түсті. Бұдан туындайтын шешендік өнер қағидаларды сұрыптайтын болсақ, оларды шешен сөйлеу мәдениетін арттыру арқылы оның ықпал қуатын үстемелеу, шешендік насихат, ділмар сөздің дәлелдеу және дәйектеу пәрменін күшейті мәдениетіне, наным-сенім мәдениетін өсіруге қатысты ұстаным-қағидаларды көруге болады. Сонымен бірге, ойды жүйелеу қабілетін арттыру, мәдени ақыл кеңістігі мен деңгейін көтеру, адамгершілік пайым мен сезімді анықтаудың ережелері сарапталады деп айтуға болады.

Сонымен, шешендік сөз өнері қоғамдық-тарихи құбылыс ретінде өмірге жеке тұлғалық әрі әлеуметтік көзқарас мәдениетінің белгілі бір заңдылықтары мен қағидаларын байыта түсіп, халықтың рухани-мәдени белсенділігін арттырды деуге негіз бар. Мәселен, Г.З. Апресян шешендік сөз өнерінің әлеуметтік-функционалдық сипатын ескере отырып, оның төмендегідей негізгі бағыттарын атайды: *әлеуметтік-саяси, қоғамдық-тұрмыстық, академиялық, соттық-құқықтық, діни-шіркеулік* түрлерін анықтайды. Біздің пікіріміше, бұлардың әрқайсысы шешендік өнердің мәден қағидалары торабын қалыптастыратын мәдени институттар жүйесін білдірмек.

Шешендік мектептер зайырлы және діни бағыттағы әлемдік және пост-кеңестік риториканың негізінде тұлғаның рухани-адамгершілік мәдениетін дамыта отырып, өзі де дамып келеді, діни этика қағидаларындағы педагогика мен психология белсенді дамуда. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек соңғы жылдары жастардың назарын риториканың, шешендіктің діни, рухани әлеуетіне барған сайын көңіл аударуда.

Бүгін классикалық құндылықтарға, оның ішінде гомилетика сөз өнеріне, уағыз өнері туралы ғылымға деген әлеуметтік қызығушылық қайта күшейіп келеді, зайырлы және діни шешендік мектебі қалыптасу үстінде. Мемлекет талантты педагогтардың, ғалымдардың шешендік өнері саласындағы инновациялық ізденістерін ынталандырып отыр, өйткені сөз сөйлеушілердің риторикалық мәдениетін арттыру қоғамды гумандандыруда маңызды фактор бола алады, конструктивті сұқбат арқылы қоғам мүшелерінің ортақ шешім табуына, келісімге келуіне, маңызды мәселелерді шешуде екі жаққа да тиімді қорытындыға келуіне көмектеседі, өзгеше пікірді ұстанатын адамдарға деген құрмет көрсету сезімін арттырады, рухани, діни және зайырлы салалардағы пікірсайысшылардың аргументативтік мәдениетін көтереді, әрбір сөз сөйлеушінің өз риторикалық қадамы үшін, оның ішінде діни этика принциптерінде, жауапкершілігін арттырады.

Гомилетикалық шешендік өнері зайырлы шешендікпен бірге қанды соғыстардың туындауына, бірін-бірі жоюға апарып соқтыратын тілдік

агрессияны, «сөз майданын» еңсерудің біртұтас, қуатты құралы ретінде қызмет етеді.

Ғылым, мәдениет, білім, өнер, дін, бұқаралық ақпарат құралдары тұлғаның рухани мәдениетін азаматтардың діни ренессансының кепілі ретіндегі шешендік өнер құралдарының көмегімен қалыптастыру ісінде өз күштерін біріктіруі тиіс. Дін саласындағы шешендерінің, педагогтардың, саясаткерлердің, қоғам қайраткерлерінің мұраты – жанжал аласапыранын сөздің құдіретімен, сүйіспеншілік риторикасының ересен күшімен еңсеру.

Бүгін адами құндылықтарды қоғамның рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру тұрғысынан ғаламдық деңгейде қайта түйсіне бастайтын кез келді. Бұл ретте мемлекеттің гүлденуі жолындағы құндылықтарды ізгілік педагогикасы, этика бағытында насихаттау мақсатында қоғамның рухани-интеллектуалдық күштерін біріктіру қажеттігі туралы мәселе көтеріліп отыр.

Бұл тараушаны қорытындылай келе, біз мұнда батыс-христиандық мәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдарын анықтау мақсатында шешендіктің қалыптасу кезеңдері мен деңгейлеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасауға тырыстық. Сонымен бірге, оның мәдениеттегі орны мен рөлін, ұлттық жетілудің – әлеуметтік-саяси, қоғамдық-тұрмыстық, академиялық, соттық-құқықтық, діни-шіркеулік – сияқты бағыттарын айқындадық. Бұл тараушада шешендік өнердің батыс-христиан мәдениетіндегі көрініс алуы және ондағы қағидалардың өзіндік болмысы мен ерекшеліктерін ой елегінен өткізуге талпыныс жасадық. Егер антикалық дәуір шешендігіндегі мәдени қағидалардың қалыптасуына қоғамның саяси-прагматикалық сұранысы негізгі өлшем болған болса, Ортағасырларда шамадан тыс діни негіздер мен діни түсініктер басымдылыққа ие болды. Шешендік өнер христиан дінінің догмаларын санаға сіңіре отырып, адамдардың сана-сезіміне әсер етуге бағытталған шіркеу шешендігінің гомилетика бағыты қалыптасты, ол діни шешендіктің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қайта өрлеу дәуірінде шешендік өнер адамға сана-сезімді, еркін, шығармашылық мүмкіндіктері шексіз жаратылыс тұрғысынан келді. Мұнда сөзбен ықпал ету, шешендік насихат арқылы наным-сенімді қалыптастыру, тілдік агрессияны, «сөз майданын» еңсеру мақсаты көзделді деп ой қорытуға болады.

1.3 Түркі мәдениетіндегі шешендік өнер қағидалары

Бұл тараушада біз түркі мәдениетін мәдениеттану ғылымында алғаш рет, біріншіден, шешендік сөз өнері контекстінде, екіншіден, ондағы мәдени ұстанымдық-қағидаларға мәдениософиялық тұрғыдан талдауға қадам жасаймыз. Бұл мәселенің өзіндік болмысына бойлайтын тұста, шығыс-мұсылмандық мәдениеттің тарихи-логикалық астарына қысқаша шолу жасауды жөн көреміз.

Түркі халықтарының әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өмірі ежелден өзара байланыста болғанына тарих куә. Шығыс мұсылман мәдениетінің көне түркі тілдес халықтардың рухани-мәдени мұраларынан нәр алғаны анық. Мәселен түркі тілдес жазба мәдени мұралардың тарихы үшжүз жылдықтан тамыр тартатыны белгілі [6,б. 44]. Бұл мәдени мұралардың тарихи,

элеуметтік, саяси, философиялық, мәдени-құндылықтық, әдеби-поэтикалық, дидактикалық, лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық тұстарын этнотарих, этноэлеуметтану, этносаясаттану, ұлттық философия, этномәдени, ұлттық әдеби, этнолингвистика, этнопедагогика, этнопсихологиялық мәселе тұрғысынан зерттеулер қатары өсуде. Ал түркі тілдес мәдени мұраның шешендік сөз ретіндегі феномендік болмысы және ондағы мәдени қағидалық ұстындары алғаш рет мәдениеттанулық талдау нысанына айналуда.

Шығыс халықтарының сөйлеу мәдениетін, әдебиетін, элеуметтік өмірін, архитектурасын, мәдениеттік аспектілерін зерделей келе ұқсас тұстарының бар болатыны анықталады. Шығыс мәдениеті контексіндегі түркі қауымына ортақ көне түркі мәдениеті мен сөз өнеріне көз жіберетін болсақ, олардың тарихи тамырластығын анық байқаймыз. Оған дәлел ретінде археологиялық зерттеулер барысында қазіргі Қазақстан территориясында жүздеген тұрақтар мен қоныстардың шығыс мемлекеттерге тән мәдени ұқсастығы бар. VI-X ғғ. қалалар мен қоныстар қолөнер, мәдениет, сауда кәсіптерін өзара байланыстырушы маңызды экономикалық буын ретінде болды. Сауда жолындағы транзиттік қалалар «Ұлы Жібек жолының» бойындағы Суяб пен Тараз қалаларын атап айта аламыз. Басқа шығыс елдерімен де, атап айтсақ, Византия, Иран, Кавказ, Алтаймен, т.б. мемлекеттермен үдіксіз сауда және мәдени байланыста болды.

IV-XV ғасырлар аралығындағы түркі тілдес ру-тайпалардың ортақ әдеби-мәдени және сөз өнеріндегі қазынамыз молынан табылады. Оларға:

1. VI-IX ғғ. көне түркі ескерткіштері. Олар Орхон ескерткіштерінің (VII) жазбалары: Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жайлы тастарға қашалып жазылан жырлар. Сонымен қатар, «Қорқыт ата кітабы» (VIII) мен «Оғыз-наме» (IX) дастаны, Әбу Наср әл-Фарабидің еңбектері кіреді.

2. X-XII ғғ. Қараханид түріктерінің тілінде жазылған әдеби мұралар. Жүсіп Баласағұнидің «Құдадғу білігі» (Құтты білік) атты дидактикалық дастан, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» (Түркі тілдерінің сөздігі), Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмат» (Даналық кітабы) аталатын өлеңдер жинағы, Ахмет Йүгінекидің «ибатул-хақайық» (Ақиқат сыйы) дидактикалық жыр жинақ, Сүйлемен Бақырғанидің «Хакім ата», «Жұбан ана», «Әулие Мария» өлең жинақтары.

3. XIII-XIV ғғ. Алтын Орда – Хорезм дәуірі деп аталады. Бұл кезінде жазылған туындылар (шағатай) қыпшақ диалектісінде жазылған. «Кодекс Куманикус» (Қыпшақ тілінің сөздігі), Хорезмидің «Мұхаббат-наме» дастаны, Дүрбектің «Жүсіп-Зылиқа», Насыридин Рабғузидің «Қиссауи Рабғузи» немесе «Қисса-сул Әнбия», Құтыптың «Қысрау Шырын», Сайфи Сарайидың «Гүлістан бит-түрік» дастандары. Осы кезеңде жазылған Қадырғали Жалаиридің «Жамиғат-таурих», Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди», Захириддин Бабырдың «Бабыр-наме» шығармалары. Бұл шығармаларда елдің тұрмысы, мәдениеті, рухани тіршілігі сипатталған. Олардың арасында ортақ мәдени байланысты байқауға болады.

Жоғарыда көрсетілген шығармалар түркі әлемі мәдениетінің ғана емес, эйкумендік мәдениет кеңістігінен орын алған құнды жәдігерлер. Олардың мәдени танымдық-тағлымдық мәнін әрі шешендік-тілдік сипатын зерттеген әдеби ғылыми еңбектер баршылық, ал мәдени-қағидааттық тұсына алғаш рет жол салынуда.

Алдымен, Орхон жазбаларына тоқалсақ, сол дәуірлердегі түркі руларын басқарған Күлтегін, Білге, Тоныкөк сияқты бек-батырлардың құлыптастарындағы ерлік жырлардың тілдік құрылысы мен сөз саптаудағы поэтикалық иірімдері, бір жағынан, көне қазақ тіліне жақын келетінін өз кезінде түркі мәдениетін зерттеуші ғалымдар В.Бартольд, В.Радлов, П.Мелиоранский, С.Малов анықтағаны белгілі. Екінші жағынан, мұнда шешендік толғаудың, шешендік арнаудың жарқын үлгісін көруге болады.

Олай болса, біздің ата-бабаларымыздан мұра болған сөйлеу мәдениетіне тиесілі әдет-ғұрыптар мен нормалар көне жазба ескерткіштерінің тілінде, халық арасындағы ауызекі тілде сақталып келгені ақиқат. Атап айтатын болсақ, Орхон дәуірі Күлтегін ескерткішіндегі:

Биікте Көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралғанда
Адам баласы үстіне (билік жүргізу үшін) ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен.
Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздармен аттанып
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
Ілгері Қадырқан қойнауына дейін,
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған.
Екі аралықта жүрген иесіз көк
Түріктерді осылай қоныстандырған екен.
Білге қағандар екен.
Алып қағандар екен.
Әміршілері де білге болған екен,
Алып болған екен.
Бектері де, халқы да сенімді екен.
Сол үшінде елін сонша (ұзақ) билеген екен,
Ел ұстап, төрелік еткен...
Түнде ұйықтағым келмеді,
Күндіз отырғым келмеді.
Қаның судай ақты,
Сүйегің таудай жатты [50] - деген шешендік толғаулармен танысамыз.

Бұл жолдардан елдің мәдениетін, сонымен бірге, шешен сөйлеу мәдениетін көре аламыз. Иоллығтегін – осы «Күлтегін» жырының авторы. Бұның дәлелі ретінде бірінші жырдың соңында: Осы жазуды жаздырғанның аты Иоллығтегін», – деген тасқа қашалып жазылған жазу бар[51]. Бұл Түрік қағанатында ауыз әдебиеті мен жазу мәдениеті болғанын және ол шешендік, суырып салушылықтан бастау алатындығын дәлелдейді.

Ал бұл саяси шешендік толғаудың мәдени қағидаттық болмысына зер салсақ, *біріншіден*, бұл дүниенің қос бастамалық болмысын мойындау мәдениетін уағыздаса, түркілік бұл мәдениет ежелгі Қытай рухани мәдениетіндегі «Ин және Ян» көнцепциясына сәйкес келеді. *Екіншіден*, эйкумендік болмыстың үштағандық тұғыртасына және адамзатының этостық белдеу ортасын меңзейтін мәдени заңдылық қағиданы айтып тұр десек болады. *Үшіншіден*, адамзатының әлеуметтік-саяси жаратылыс болатынын мойындататын «ақиқат», демек, әлеуметтік-саяси орта – адамзатының өмір сүру кеңістігі дейтін мәдени заңды қағиданы мойындатуға тырысады. *Төртіншіден*, қоғамдық кеңістікте биліктің, оның басында белгілі бір «бек-тұлғаның» болу заңдылығын нұсқаған мәдени қағиданы меңзейді. *Бесіншіден*, «дұшпандық» пен «бейбітшілдік» сияқты саяси концепция адамзаты болмысындағы мәдени константтық норма-қағида болатынын көрсететін идея өріс алады. *Алтыншыдан*, түркілік жершілдік, елшілдік, отаншылдық мәдени қағидаттық таным айқын көрінеді. *Жетіншіден*, шешендік толғаудан түркілік мәдениеттегі «сенім» категориясының мәдени өмірмәнді нормалық мәртебесін аңғаруға болады. Мұнда сенім – адамның тіршіліктік ғұмырының континуум бөлігінің бірі, адамның бұл өмірде болуының шартты бөлігі дейтін дейтін мәдени танымды мойындатады. *Сегізіншіден*, ойдың да, шешендік сөздің сөз тарихи әрі саяси-әлеуметтік шындыққа негізделуі шарттылығын айқындайтын мәдени қағиданы байқау қиын емес. *Тоғызыншыдан*, шешендік толғаудағы саяси көшбасшының білікті болуын мәдениеттілік биікке көтеретін мәдени қағиданың сарыны байқалады. *Оныншыдан*, мұнда түркілік қаһармандық мәдениеттің шешендік тіл арқылы берілген перцепциялық қағидасымен таныс боламыз.

«Күлтегін» жырының осы жолдарынан әскери-саяси шешендік өнердің белгілі бір түрі болғандығының айғағы. Жауға аттанарда сарбаздарға рухтандыратын шешендік стилдегі көркем сөздер қолданып, әсерлі ықпал ету мәдениет үлгісін аңғру қиын емес.

Ғасырлар бойы сақталып, көне жазба ескерткіштері, халық ауыз әдебиеті шығармалары арқылы бізге дейін келіп жеткен мәліметтер біздің ата-бабаларымыздың тілді, адамның сөйлеу мәдениетін оның жақсы адам екендігінің ең басты өлшемі деп санағанын көрсетеді, яғни ол тілді құрметтей отырып, оны тек ізгі мақсаттарға ғана пайдалану мақсатында ойды жеткізу мәдениетіндегі шешен сөйлеудің мынадай стилдік норма-қағидаларын айтуға болады:

- сөзі мағыналы, мазмұнды болуы шарт;
- сөзі қарапайым және түсінікті болуы тиіс;

- сөйлеу кезінде тыңдаушысының тұлғасын, жай күйін ескеруі тиіс;
- сөзі мәнерлі де әсерлі болуы шарт;
- сөздің мағынасы логикалық жағынан жинақы болуы тиіс;
- сөз мазмұны мен формасы жағынан көрікем де әсем болуы тиіс;
- сөз қысқа және нұсқа болуы тиіс;
- сөз сөйлеу кезінде осы шарттар, әдептік нормалар сақталуы тиіс;
- тіл тұрпайы сөздерден ада, логикалық тұрғыда мазмұнды, белгілі бір мақсатқа негізделген болуы тиіс;
- сөз өтімді әрі нанымды болуы шарт;
- тіл қуатты да пәрменді болуы шарт.

Міне бұлар жоғарыдағы шешендік толғауда келтірілген «Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген» саяси мәдени ұтанымға қызымет етіп тұрған этнолингвистикалық жүйе ерекшелігін көрсетеді.

Қорқыт – Сырдария өлкесін мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпаларынан шыққан Орта Азия, Кавказ, Қазақстан жұртына ортақ, данагөй ойшыл, ақын, ділмар шешен адам болған. Зерттеушілердің айтуынша, оның жырларында 400-ге жуық нақыл сөздер кездеседі, онда 366 алып, 24 ділмар би, 32 білікті ел басқарушы туралы нақыл сөздер айтылады [6, б. 45].

Қорқыт жырларындағы шешендік нақылдарға құлақ түрсек, ол бірде: «Ат жемейтін ащы шөптің біткенінен бітпегені игі, адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі. Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың туғанынан тумағаны игі, жалған сөздің болғанынан болмағаны игі», -десе, енді бірде: «Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді. Тәкаппарлықты тәңірі сүймес, көңілі пәс ерге дәулет бітпес. Жат баласы саған жақсы болмайды ұл, жақсылық та көрдім демес сондай бір. ...Ат шалдықпай жол білмес, қанжар тимей жау қайтпас. Анасыз қыз ақылға жарымас, әкесіз ұл сыйға жарымас. Алтын жүген кигізсең де, тұлпар болмас қара есек. Қамқадан тон жапқаныңмен, ханым болмас қара күң», -деген шешендік нақылдар жүйесін қалдырған.

Бұл шешендік нақылдарды зерттеу тақырыбының талабына сай ғылыми пайым елегіне салатын болсақ, Қорқыт *алдымен*, адами экзистенциядағы пайдалы мен пайдасызды, жарамды мен жарамсызды, құнды мен құнсызды анықтаудағы рационалды ойлау, ұтымды шешендік сөзбен жеткізу мәдениетіндегі қағидалық афоризм жүйе үлгісін көрсетеді. *Екіншіден*, Қорқыт баба адамның ізгі де кісілік мінездерді жағымды қиаеттердің үлгісі ретінде танып, қабылдауды мәдени қағида дәрежесіне көтере білген дегуге негіз бар. *Үшіншіден*, дана ділмар «тәкаппарлық – теріс мінездің төменгі шегі» дейтін мәдени концепсфераны ұсына отырып, адам бойындағы теріс мінездік қасиеттерді өлшеудің мәдени шегін білдіретін рухани қағиданы ұсынады. *Төртіншіден*, Қорқыт жүйрік пен шабанның, озық пен осалдықтың, әлді мен әлсіздің, алыс пен жақынның, жігерлік пен жігерсіздіктің ара жігін ажыратып, мәдени құндылықтық мәнін ашып беруге тырысқан шешендік мәдениеттің қағидаттық жүйесін көрсетудің түркілік үлгісін жасай білген. *Бесіншіден*, данагөй шешен адамның адам болмысында ғұмыр кешудің мәдени

әдептік қағидасы ретінде – сыйымдылық, өз ортасымен үйлесімділік, толеранттық кісілік қасиеттерді жоғары бағалау идеясын ұсынады.

Қорқыт жырының енді бір шешендік бата үлгісіне тоқталсақ: «Сөзді тыңда, Байбөрі бек! Тәңірі саған ұл берді, өмірі ұзақ болсын. Ол оғыздардың тірегі, ту ұстайтын батыры болсын. Басынан қар кетпейтін биік тауларға шығамын десе, ұлың соның ең биік құзына шығатын болсын. Ағысы қатты қан сасыған өзендерден өтемін десе, тәңірі оның жүзіп өтуіне жар болсын. Ұлың қара ормандай жау ортасына кірер болса, тәңірі оның ісіне сәт берсін. Ұлыңның атын «Бәміш» деп атап жүр едің, ендігі Бәмсі–Байрақ болсын», - деген жолдарды оқимыз. Бұл жерде Қорқыттың шешендік батасындағы түркілік мәдениеттегі *біріншіден*, әлемнің жаратушысы – Тәңір дейтін дүниетанымдық мәдени қағиданы, тәңіршілдік мәдениетті, *екіншіден*, шығыстық мәдениеттегі «ұл баланы» әулеттің, елдің қорғаны, тірегі ретінде мойындайтын мәртебелі де құзырлы тұлға деп санайтын рухани мәдениет ұстанымын, *үшіншіден*, ер-азаматқа тән болатын жауынгерлік, батырлық қасиетті құрмет тұтудың мәдени қағидалық нұсқасын, *төртіншіден*, шығыстық түсініктегі батырды елдің туына балайтын мәдени құндылықтық қағиданы, *бесіншіден*, мұнда жалпы шығыс-мұсылмандық мәдениетке тән жас ұрпақты жақсы мінезге, маңызды іс-әрекетке бағыттайтын мәдени-қағидааттық моральды аңғарамыз.

IX-X ғасырларда түркі қағанатың ыдырауы Араб халифатының Орталық Азияға, сондай-ақ қазіргі Қазақстан даласындағы елді мекендерге үстемдікке ие болуына жағдай жасады. Араб өркениеті ислам дінін білім мен ғылым арқылы сіңіруді көздейді. Сондықтан да X-XIII ғасырларда түркі тектес халықтарға ортақ ғалымдар – Ибн Сина, Бируни, Науаи, Баласағұни, Қашқари, Яссауи, Фердоуси, Фараби, Низами және т.б. араб тілін үйретіп, мәдениетіне машықтандырды. Араб мұсылман әлемі Орта Азия территориясында ғылыми прогресс пен төңкеріс жасады, аймақтарда, шаһарларда діни білім беру институттары қалыптасып, білім мен ғылым жүйесінің дәрежесі күшейді. «Медреселер діни ілімдермен, дәрістермен ғана шектеліп қоймай, арифметика, медицина, фәлсафа, дінтану, астрология сияқты әлемдік маңызы зор мәдениеттерді беруді мақсат етті» [50, б. 87].

Орта ғасырдағы шешендік өнерге келер болсақ, бұл дәуірде өмір сүрген рухани тұлғалар білгір энциклопедист, ойшыл-білімгер болумен қатар тіл өнерін, сөз сөйлеу шеберлігін игерген дарынды шешендер, өз халқының мұң-мұқтажын сезіне білген, ол жөнінде ой толғай білген, өз пайымын айта білген және елдің келешегін болжай білген көреген болғаны мәлім. Орта ғасырда Батыс пен Шығыс мәдениетін ұштастырған, Шығыс Аристотелі саналған кемегер тұлғаның бірі де бірегейі – әл-Фараби де өз заманында білгір шешен тілді ақын болғанын тарих біледі.

Сол әлемдік ойшыл – Әбу Насыр әл-Фарабидің сөз өнер жайлы еңбектерін тақырып тұрғысынан қарастырсақ, ол өз еңбектерінде заманауи тіл біліміндегі пробемалардың бірі – сөйлеу мәдениеті, атап айтқанда ақындардың, ел билеушілердің, имамдардың шешендік қасиеттері туралы ой қозғайды. Сөзге, сөйлеу мәдениетіне, әл-Фарабидің пікірі бойынша, шешендік өнеріне

байланысты өнегелі адамдар сай болуы тиіс талаптарды қарастыруға қадам жасалады.

Әлемдік мәдениетке қомақты үлес қосқан ойшыл, әйгілі орта азия философы, ғалым-энциклопедист, әлемнің 70-тен астам тілдерін білген. Оның есімімен ортағасырлардағы бірқатар ғылыми жаңалықтар ғана емес, Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі ағартушылық әлеуметтік, мәдениософиялық ойдың дамуын да байланыстырады. Өз заманының барлық ғылымдарын жетік меңгерген және олардың одан әрі дамуына үлкен үлес қосқан, грек философтарының еңбектеріне жазған түсініктері арқылы олардың Шығыс елдерінде кеңінен таралуына ықпал еткен әл-Фарабидің еңбегі Шығыс әлемінде өте жоғары бағаланды, оны «Әл Муаллим ассана», яғни «Екінші ұстаз» деп атады. Әбу-Насыр әл-Фараби жайында және оның шығыс философиясын, логиканы, медицинаны, математиканы, этика мен эстетиканы, әдебиеттану мен тілтануды, сонымен қатар басқа да жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарды дамыту жолындағы ғылыми еңбектері туралы еуропалық және шығыс елдері зерттеушілерінің айтарлықтай еңбектері бар. Әл-Фараби еңбектерінің осыншалықты қызығушылық тудыруының себебі, оның ғылыми еңбектері мәдениет, әлеуметтік-этикалық және әлеуметтік-мәдени проблемаларға арналған.

Әл-Фарабидің шешендік сөз туралы көзқарасын қарастырғанда біз оның поэтика, көркем сөздің қағидалары жайлы, риторика туралы жазған еңбектерін ескереміз. Атап айтқанда, әл-Фарабидің сөйлеу мәдениетіне, ақындық сөзге, тілдің ерекшеліктеріне қатысты кейбір пікірлері оның «Китоб ал-алфоз ва алхуруфт» (Сөздер мен әріптер туралы кітап), «Калом лахлу фи маъно исм ал-фалсафа» («Философия» сөзінің мағынасы туралы), «Абу Наср Аль-Фарабий сұзи» (Әбу Насыр әл-Фарабидің сөздері), «Китоб фи синлат ал-китоби» (Жазу өнері туралы кітап), «Китоб фи ал-лугат» (Тілдер туралы кітап), «Тақпақ құрастыру өнері туралы», «Тақпақ құрау өнерінің ережелері туралы», «Ізгі қала» сияқты еңбектерінде кездеседі. Сонымен бірге, 1973 жылы Фарабидің туылғанына 1100 жыл толуына мерейтойы қарсаңында белгілі отандық турколық-ғалым Ә.Дербисалиев оның «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» атты еңбегінің мазмұнымен таныстырғаны белгілі [6, б. 46].

Аян Нысаналиннің 1971 жылғы аудармасымен берілген әл-Фараби өлеңдеріндегі шешендік шиырларға назар аударсақ: «Қашықтасаң туған жер – қалың елім, не бір жүйрік болдырған жарау керім. Қамығамын... сағынып, алау денем, шаршадым мен, қанатым талды менің, шаңыт жолға сарсалып қарауменен», -деп келетін жолдардан орта ғасыр мұсылмандық руханияттағы туған жерге, өз еліне деген сағынышпен берілген құрмет пен сүйіспеншіліктің үлгісі болатын мәдени императив қағидасын көруге болады. Ал «Тамылжып бал тыныштық айналаман, жұлдызым түнге құшақ жаған далам. Жап-жалғыз ұйқысыз жатырмын мен, ай жарығы жанымды аймалаған» -деген шешендік толғауда Фараби табиғатты бұл дүние болмысының «жәннатына» балайтын сезімдік мәдениеттің биігін көрсетуге ұмтылған сөз өнері феноменін аңғара аламыз.

Сонымен бірге Фараби: «Тіршілікте құрыштай бол төзімді, сан мәртебе алдаса да өзінді. Тағдырыңды еш уақытта жазғырма, тіпті кейде болса әзәзіл азғырған» -десе, енді бірде оның өлең жолдарынан: «Өрге жүзген өнегелі ісімен, таңда адал дос өз теңіңнің ішінен. Жүргендер көп достық атын малданып, алайда тек қалма оған алданып» - деген шешендік нақылды оқи аламыз. Мұндағы мәдени қағидаттық жүйеге зер салсақ, Фараби, *біріншіден*, адамзаттың бұл дүниедегі болмысына таңылған «тіршілік» дейтін үдерісті мәдени құндылық ретінде мойындататын экзистенциялық мәдени қағиданы ескертеді. *Екіншіден*, автор адам бойындағы «төзімділік» қасиетті мәдени құндылық мәртебесіне көтеретін қағиданы шындай түседі. *Үшіншіден*, Фараби «тағдыр» феноменінің мәдени универсум болу қағидасын белгілейді. Шындығында «тағдыр» – адамзатының мәдени тіршілігінің жүру этосы дейтін болсақ, тағдырдан ешкім тыс тұра алмайтын мәдени аксиоманы мойындаймыз. Осының өзі оны адам тіршілігінің мәдени қағидасы болатынын дәлелдей түседі. *Төртіншіден*, «өнегелілік» – өнегілі мінезді, өнегілі істі, өнегілі тіршілік пен өмірді бейнелейтін моральдық категория. Біздің мәселе тұрғысынан өлшейтін болсақ, ол мәдени тұғырнамалық мәртебеге ие болатын руханияттық ұғым. *Бесіншіден*, мұнда Фарабидің «адалдық» ұғымын мәдени қағидаттық статуска көтеру мәдениософиялық позициясы анық көрінеді.

«Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы» кітабында Әбу Насыр әл-Фараби мынадай ой айтады: «Тілді және ұғынуды меңгерген тірі жаратылыстан кемел ешқандай жаратылыс жоқ»[52]. Әл-Фарабидің пікірі бойынша, осы игілікті бағалап, оны меңгеруге ұмтылған адамның бойында бірқатар қасиеттердің болуы шарт. Атап айтқанда, ол «шешен және білім мен дана адамдарды құрметтей білетін жан болуы тиіс»[52, с. 182]. Жоғарыдағыларға талдау жасасақ, шебер сөйлеу шешендік мәдениеттің өлшемі дейтін қағидалық идея жатыр деуге негіз бар. Сонымен бірге, Фараби шешендік, білімділік, даналық сияқты рухани құндылық ретінде мойындай отырып, оларды құрметтеу мәдени қағида қатарына жатқызатын мәденистратогемді көреміз.

Ізгі қала билеушісінің, имамының, жазғышының қандай талаптарға сай болуы тиіс екендігі туралы айта келіп, әл-Фараби олардың тілге, шешендік қасиеттерге деген көзқарастарына жеке тоқталады. Мысалы, ізгі қаланың билеушісі «табиғатынан өткір ойлы, айтқан сөздің мағынасына көңіл бөліп, тез ұғатын» және «тыңдаушыға барынша анық жеткізу үшін өз ойын әсем сөздерді қолдана отырып білдіре алатын адам» болуы тиіс [52,с. 154-160]. Мұнда әл-Фараби билік басындағы саяси тұлғаның ұтқыр ойлы, өткір тілді болуын мәдени норма ретінде көрсететіні анық. Сондай-ақ, саясаткер көшбасшының ойы мен тілінің анықтылығы айтылатын сөздің көркемділігі мен тілдің шеберлігіне тәуелдендірілу қағидасының мәдени нормалық құзырын анықтайды. Ізгі Қаланың имамына қажетті алты қасиет жайындағы пікірлерінде әл-Фараби былай дейді: «Бесінші қасиет – имамның бойында халықты бұрынғы имамдар орнатқан заңдарға, сонымен қатар, олардың үлгісі бойынша өзі орнатқан заңдарға бағындыру үшін оларды жалынды сөздер арқылы ұйыта

алатындай, шешендік дарыны болуы қажет»[52,с. 161]. Бұл тұста Фарабидің діни қызметкердің жалынды сөзі – халықты белгілі мақсатқа жұмылдырудағы мәдени ұстаным-қағидасы дейтін діни-концептік идеясын байқаймыз. Жалынды сөздің мәдени қағида ретіндегі өтімділігі мен рухани пәрмендік қуаты сөз етілмек.

Әл-Фараби үшінші ғылым деп логиканы атайды. Мұнда философия, логика, таным, сана, адамгершілік, руханият және т.б. жайында айта келіп, Әл-Фараби осы саладағы тілдің алатын орны мен маңызына ерекше назар аударады. Ізгі адам сай болуы тиіс 12 талап пен шартты нақтылай отырып, ол тілге, сөйлеу мәдениетіне, шешендік өнеріне байланысты мынадай талаптарды келтіреді: «талқыланып отырған кез келген мәселені тез және дұрыс түсіну, олардың мағынасына үңілу, сөйлесіп отырған адамның айтқандарының шындық немесе өтірік екенін айыра білу, оның шынайы мақсаты не екенін білу; сөздердің нақтылығы және өз пікірін анық та мүдірмей жеткізе білу; шындықты және шындықтың жақтаушыларын сүю, өтірік пен өтірікшілерді жек көру»[52, с. 186-187]. Бұл келтірілгендерден біз, *біріншіден*, көтеріліп отырған мәселені «тез және дұрыс түсіну» шешендік өнердегі ұғымталдық мәдениет қағидасы дейтін ойға жетелейді. *Екіншіден*, мәселенің контекстік мағынасын бойлауды да мәдени норма мәртебесіне көтермекші болады. *Үшіншіден*, шындық пен өтірікті пайымдай білу шешен сөз иегері үшін мәдени қағидаттық дәрежеге көтеріледі және оны шешендік сөздегі нақтылық пен анықтылыққа, тапқырлыққа, сөз шеберлігіне тәуелдендіру де мәдени қағида санатына жатқызылады. Мұнда шындық – мәдени феномен әрі ол – мәдениет өлшемі дейтін идея жатыр. *Төртіншіден*, «шындықты және шындықтың жақтаушыларын сүю, өтірік пен өтірікшілерді жек көру» концептіден біз Фарабидің «шындық адалдық пен әділдіктің» көрсеткіші дейтін контекстегі мәдени қағиданы байқауға болады. *Бесіншіден*, «шындықты сүю» мәдениеттіліктің шыңы дейтін идеяға жетелесе, ал «өтірікті жек көру» адам рухани әлемінің тазалығына бағыттайтын мәдени қағиданы аңғартады.

Жоғарыда келтірілген үзінділердің өзінде біздің заманымыздағы сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптардың түгелі дерлік бар екені байқалады: сөйлеушінің ойын толық және анық ұғу, айтылғандардың негізгі мақсатын түсіну; сөйлеген кезде дәл, нақты мағыналы сөздерді қолдану, анық және мүдірмей, кідіріссіз сөйлеу; сөз шындыққа негізделуі тиіс; сөзді өсек, өтірік, орынсыз хабарлар тарату үшін пайдаланатындарды жақтырмаушылық, шынайылық және т.с.с. Бұлар қазіргі транзиттік қоғам мәдениетіне маңызы зор мәдени қағидалық жүйенің рухани сценириін жасағандай болады.

Әл-Фараби өтірікті, жасандылықты былай деп бағалайды: «жалған, жасанды ақшаның ақша деп саналмайтыны сияқты, өтірік пен жасандылық та ешқашан ақиқат бола алмайды»[52,с. 196]. Байқап отырғанымыздай, Шығыстың ұлы ойшылдары бізге мәдени және рухани мұра ретінде тілді, сөзді, сөйлеу мәдениетін, оған қойылатын тілдік және тілдік емес талаптарды, тілді қолданудың ізгілікті нормаларын және т.с.с. көптеген игіліктерді қалдырды. Тілтану және педагогика саласындағы аса маңызды міндеттердің бірі – бүгінгі

заман адамын тілге деген құрмет рухында тәрбиелеуге қажетті осынау баға жетпес мұраны дұрыс пайдалану болып табылады.

Тілге ұқыптылықпен, құрметпен қарау, оны мақсатты және орынды қолдану, сондай-ақ оны адамды тәрбиелеу және жетілдіру құралы деп бағалау өте терең тарихы бар мәселе. Біздің ата-бабаларымыз тілдің, сөздің адам өмірі үшін пайдасын сонау көне замандарда да түсінген, оны адамды дұрыс жолға бағыттайтын, адамға оң әсер ететін, тіпті оның өмірін де өзгерте алатын құрал ретінде қабылдаған. Біздің арғытегіміз тіл адамды бақытты немесе бақытсыз ете алады деп санаған, өйткені тілге деген ұқыптылық пен оны мақсатты қолданудың айрықша қағидалары мен нормалары болған. Осы қағидалар мен нормалардың сақталуы бірте-бірте сөйлеу мәдениетінің негізін қалады. Алдымызда рухани кемелденген адамды тәрбиелеу сияқты аса маңызды міндет тұрған бүгінгі таңда тіл мен мәдениетке деген құрмет, адамдардың әлеуметтік қатынасы сияқты мәселелер баршамыз үшін де маңызын жоймақ емес. Осы мәселенің оң шешілуінде дана бабаларымыздан қалған мұралардың, оның ішінде Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінің атқаратын рөлі ерекше деп есептейміз. Сондықтан, жоғарыда атап өтілген көзқарастар шешендік өнердің бұлжымас мәдени қағидаларына айналды деп айтуға ғылыми негіз бар. Оларды тағы бір мәдени қағидааттық жүйеге тоғыстыратын болсақ, шешеннің сөз шеберлігін көрсететін мәдени қағидалар: нанымды көз жеткізе сөйлеу, санаға сіндіру, ұғынықты айту, дәлелді сөйлеу, шындықты айта білу шеберлігі, тиянақты білім, нұсқалы сөз сияқты қағидалық ұғымдарды жіктеп түсіндіруге тырысады.

X-XIII ғасырларда орта ғасырлық Орта Азиядағы түркілік шешендігіне қатысты шығармалардың қатарына Қарахандар билігі дәуірінде Жетісу жерінде жазылған екі туындыны – *Жүсіп Баласағұнның* «Құтты білігі» мен *Махмұт Қашқаридің* «Диуани лұғат ат-түрік» атты сөздігін жатқызуға болады. Бұл екеуі де Жетісу жерін мекендеген түркі тайпаларының тілінде жазылған тұңғыш жазба әдебиет үлгілері болғаны айтылады [6, б. 57].

Ж. Баласағұн шешендігіндегі мәдени қағидааттық мәселелерді сөз етер тұста, алдымен оның өз заманының аса білімді, бірнеше (түрік, парсы, араб, қытай) тілді бекем меңгерген, сол дәуір әдебиеті, тарихы, астраномия, геометрия т.б. ғылымдар саласынан мағлұматы көп болған ғұлама данышпан ретінде белгілі болғанын айта кету керек. *Ж. Баласағұнның* «Құтты білік» дастанының шешендік шығарма қатарына жатқызылуы жөніндегі көзқарастарға қысқаша тоқталып кетуді жөн санаймыз.

Осы тұрғыдағы пікірлерге үңілетін болсақ, *Жүсіп Баласағұн* аталмыш дастанның кіріспе бөлімінде: «Әр елдің данышпандары біздің кітабымызды өздерінше атап жүр. Қытайдың ойшылдары «Мемлекет иелерінің даналық ережелері» деп атаса, Үнді кемеңгерлері оны «Жайлы басшылық кітабы», шығыс патшалықтары «Хүкмет ешекейі», парсылар «Бақытқа жеткізетін ғылым», кейбіреулері оны «Патшаларға кеңесші кітап» деп атап кеткен. Ал түріктер жерінде бұл кітапты «Құтадғу білік» -дейді деп келтіреді. Ежелгі түркі әдебиетін зерттеуші ғалым Асқар Егеубай бұл шығарманы бірде әлеуметтік-

этикалық дастан, философиялық трактат, саяси дидактикалық дастан десе, енді бірде оның «дидактикалық дастан, ақылман толғаныстар, яғни ақылман дастан» [53]. Ал танымал философ-ғалым Ж.Ж. Молдабеков дастанның Күнтолы хан мен Айтолы уәзірдің ел билеу туралы, оның ережелері жайлы даналық сөздері шешендік өсиет ретінде, дастанның уәзірдің ұлы Оғдулмаш пен хан арасындағы сұрақ-жауап түрінде болып, оның басым бөлігінің сұрақ-жауап үлгісінде болуына, түркі тілдес тайпалардың сол кездегі тұрмыс-салт жырлары – айтыс, толғау, терме үлгісінде жазылғандығына және сол кездегі тіл мәдениетінің шарттары сөз етілгеніне негізделе келе, «...Дастанның кейіпкерлері әңгімесіне құрылуы, сұрақ-жауап арқылы ой өрбітуі – поэзиядан гөрі шешендік сөздердің құрылымына жақын екендігін аңғартады. Ақыл-ой иелерінің жауаптасуы негізінде шындық ашылады. Шешендіктің мақсаты – шындықты тыңдаушыларына ой мен сезімге қатар әсер ете отырып жеткізу. Осындай көпшілікке үлгі боларлық өсиет сөздерді қазақ шешендік сөз деп атаған. Олай болса, Ж. Баласағұнның «Құтадғу білігін» шешендік дастан деп те танимыз» [6, б. 58], – деп жазады.

Жоғарыда келтірілген деректер мен көзқарастарға және дастан мәтінінің жазылуындағы стилдік үлгіге негізделе отырып, ондағы материалды мәдени контент ретінде мойындай келе, біз дастанды саяси-әлеуметтік контекстегі шешендік арнау, шешендік насихат, шешендік уағыз, шешендік толғау, шешендік өсиет формасындағы шығарма деп тануға негіз бар деп есептейміз. Сонымен бірге, дастанның тіл мәдениетінің шарттарын көздей отырып, «Хакімдердің қарашамен сөйлесу шарты қандай болмақ?», «Хан сарайындағы адамдар ел алдында өздерін қалай ұстамақ?», «Бұқара халықпен қалай тілдеспек?», «Баланы қалай тәрбиелеу керек?», «Адам жиын-тойда қалай сөйлемек?», -деген сұрақтарға жауап іздеуі және осылардың дәстүрлі мәдениет үлгісі ретінде жырлануы, оның шешендік өнер туындысы болуына дәлел болмақ.

Енді дастандағы шешендік сөз өнері қағидаларына мәдениеттанулық шолу жасасақ, ең алдымен ондағы «*жәуанмәрттілік*» сияқты басты мәдени-философиялық тұғырнаманы ескеру қажет. Зерттеушілердің пікірінше, «*жәуанмәрттілік*» түркі даласында мың жылдық тарихы бар ілімге апаратын қағидалар жиынтығы» [6,б. 58]. Дастан төрт түрлі мәдени-құндылықтық тұғыртас идеяға негізделгені анықталады: 1. Әділет (Күнтолы). 2. Құт пен ырыс, дәулет (Айтолы). 3. Ақыл мен парасат (Өгдүлміш). 4. Ұстамдылық, қанағат (Өдгүрміш). Осыған орай дастан төрт түрлі мәдени принципке негізделеді: әділдік, бақ-дәулеттілік, ақыл-парасаттылық, ұстамдылық пен қанағатшылдық. Осылардың өзінде шешендік өнердегі мәдени қағидалардың күзіретті түпнұсқа ұстындардың бар екенін аңғару қиын емес. Мәселен әділдік принципі шешендік өнердің мәдени субстанционалды қағидасын көрсетсе, ақыл-парасаттылық принцип оның мәдени стратегиялық концептуалды қағидасынан хабар береді. Ал ұстамдылық пен қанағатшылдық принципі шешендік мәдениеттің моральдық қағида-ережесін стратегиялық тұрғыда анықап тұр десек болады.

Мәтіндегі «Ешкім ажалдан қашып құтыла алмайды. Өзіңді бос үміттермен алдауды қою керек. Күдіктің бәрін тоқтат, енді мен де кетемін», - деген шешендік өсиетке тоқталсақ, мұнда Ж. Баласағұн дәстүрлі мұсылмандық мәдениеттегі «ажал» ұғымының мәдени аксиома, мәдени константа болатын және адам ғұмырнамасында болмыстық шек болатынын мойындату ережесі бойынша ұғындыруға тырысады. Осыларды дастангер: «Бауырым, сен теріс жолдарға түскен жандарға ерме, олардан аулақ жүр, қашанда әділдік жағында бол. Бұл дүние – бізге мәңгі тұратын мекен-жай емес, адамға бір сәттік қысқа ғұмыр берілген», - деген шешендік өсиетпен түсіндіре әрі мойындата білген. Мұнда әділдік – шешендіктің ең биік мәдени мәні әрі уникум мақсаты дейтін тұғырлық идеяны көруге болады. Ғұлама-шешен дастанның енді бір жолдарында: «Әділеттілік – орасан зор қазына және құндылық, онда растылық пен адамгершілік бар. Даңқ пен абыройды әділдік әкелер, мәнісінде ол адамгершілікте болар. Адамдар сирек емес, адамгершілік сирек, әділ адамдар әзірше азырақ», - деп толғайды. Міне, осы бір шешендік нақылдар желісінде шығыс-мұсылманды сөз өнеріндегі мәдени қағидалар универсумы жүйесінің орын алғаны анық. Мәдени герменевтика тұрғыдан талдасақ, әділдік – шешендік мәдениеттің субстанциясы әрі оның мәні мен функционалдық мақсаты, шешендіктік өмір сүру шарты дейтін ереже-қағиданы көреміз. Әділдік – шынайылық алаңы, шындықтың ордасы дейтін мәдени максима мәртебесі анықталған. Әділдік – адамзатының абыройын болдырушы өмірмәндік мәдени құбылыс, адамның адамгершіліктік болмысын анықтайтын моральдық өлшембірлік, мәдени қағдалық тұғыр. Тағы бір нәрсе ол – адамзатының әділдік пен зұлымдық арасында, олардың күресі алаңында жүретін мәдени константты жаратылыс болатынын шешендік толғау арқылы мойындатуы. Бұл да шешендік өнердегі мәдени танымның қағидаттық жүйесінен хабар береді. Сондықтан әділдік – мәдени қазына және мәдени құндылық болмақ.

Сондай-ақ дүниені «о дүние» және «бұл дүние» деп бөлетін діни-мәдени қағидаттық парадигма сарыны орын алған. Бұл адамның ойлау және сөйлеу мәдениетіндегі шектік нормаларды еске салатын мәдени ережелік ұстаным болмақ. Адам болмысындағы «фәнилік» және «бақилық» ғұмырдың бар болатынын түсіндіруге ұмтылған шығыс-мұсылмандық мәдениеттің қағидаттық жүйесін айқындайды.

Жүсіп Баласағұнның шешендік толғауларындағы басты мәдени-танымдық категория – «даналық» ұғымы болғанын аңғарамыз. Сондай-ақ, бұл ұғымның семиотикалық кредосы – саяси-мәдени контекст болғанын да мойындауымыз керек. Демек, автор саяси биліктегі даналықты басшының биік мәдени ұстанымы ретінде қарастырады. Мәселен, ол билеушілердің төмендегідей бес жағымсыз әдеттен алыс болуын уағыздайды: «Жүрсін бектер, бес нәрседен алыстап, есі болса, жұрнақ болса намыстан. Ұшқалақтық – бірі, екіншісі – сараңдық, үшіншісі – ашу оған надандық, қырсығың – сор, бетті жер қып жүргізер, бесіншісі – өтірік жерге тірі кіргізер! Бек бесеуден бойын аулақ ұстасын, білсін сонда, басынан құс ұшқанын», - деген шешендік насихат-өсиеттен соны анық аңғаруға болады. Мұнда шығыс данышпаны бес жағымсыз

қасиеттердің төрешісі намыс болатынын көрсете келе, «намыс» шығыс мәдениетіндегі басты құзырлы ұстаным болатынын мойындата түседі және ол негізгі мәдениеттанулық эпистема этосы болады дейтін идеяны көтереді. Демек «намыс» – шығыс-мұсылмандық мәдениеттегі уникал түсінік, тіпті ол – мұсылман әйкумениясының уникал мәдениеті деп айта аламыз.

Жүсіп Баласағұн шешендігіндегі мәдени ұстанымдарды қорытындылай келе ондағы адамгершілік мәденисофияны мыналарға тоғыстыруға болады: «Кісілік, имандылық, ақпараттық-адамшылық; тілге, білімге, дінге берікті; ақыл-парасат, рухани саулық, еркіндік; іскерлік, ұлағатты ұлылық; ел қорғау, намысшылдық, жүректілік; ұрпақ тәрбиелеу, ұлды ұяға, қызды қияға қондыру; досқа мейірімділік, жауға – қаталдық; қанағат – рахым, адалдық». Сондықтан Жүсіп Баласағұнның шешендігіндегі мәдени ұстанымдар эпистемасын бектің моральдық бейнесін сипаттаудан, саяси көшбасшыны моральдық тұрғыдан бағалаудан, ойшылдың аллегориялық бейнелерінен, адам сана-сезімін терең талдаудан, ақыл-парасаттың құзырлы қуатын көрсетуден, жамандық пен зұлымдықтың парадигмалық құзіретін анықтаудан білуге болады деп санаймыз. Осылар арқылы ойшылдың мәдени гуманистік идеялары көрініс тапты дей аламыз.

Енді *Махмұд Қашқариге* келетін болсақ, ол – он бірінші ғасырда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, белгілі саяхатшы. Оның түркі, араб, парсы мәдениетіне жетік, білгір тілші ғалым болғаны аян. «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбек жазып, өз заманындағы түркі тілдерінің тұңғыш ғылыми грамматикасын жасады. «Диуани лұғат ат-түрік» тек түрікше-арабша түсіндірме сөздік қана емес, сонымен қатар, ол түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми еңбек. Біз үшін ең маңыздысы – автор түсіндірме сөздікке ежелгі ауыз әдебиетінің үлгілерінен, өзі өмір сүрген орта ғасырдағы шығармалардан аса құнды материалдар – түрлі тақырыптағы өлең-жырлар, ертегі-аңыздар мақал-мәтелдер, қанатты сөздер т.б. көркем сөз үлгілерін енгізген [54]. Мәселен, Орта ғасырлардағы әдеби мұраларды зерттеген ғалым Х.Сүйіншіәлиев «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы деп таныды. Ал Асқар Егеубай бұл еңбек мәдениетіміздің, тіліміздің, әдебиет пен өнеріміздің, қала берді, ұлт, ұлыс ретіндегі толысу жолдарымыздың бедерлі белгілерін, тума қасиеттерін сақтаған рухани қазына өзегі болатынын атап көрсетеді [53,б. 9]. Сонымен бірге, зерттеуші-ғалым М.Қашқаридің қызыл тілді шешен, оның ойға да, сөзге де батыл, өжет найзагер ділмар екенін де айтады [54,б. 183]. М. Қашқаридің шешендік сөз өнеріндегі баға жетпес тұлға болғанын оның өз сөзімен де дәлелдеуге болады. Мәселен, ол: «Түркі ұлыстарының ерте дәуірден бергі бастарынан кешіргендерін сараптап, атадан балаға мирас боп келген, зер шеккен әдемі сөз өрнектерін теріп шықтым. Өмір көріністерін жақсы баяндайтын өлең-жырларын, шаттық қуанышы мен қасірет-қайғысын қамтитын терең ойлы мақал-нақылдарынан үлгі ұсындық. Оқыған адамдар бұл меруерт сөздерді пайдаланып, өзінен кейінгі ұрпаққа мирас етер деп үміттендім. Міне осылайша лұғат кітабым атадан балаға ел қазынасын жеткізер қымбат мұра боп

мәңгі сақталар деген зор үмітпен ұзақ сапарға аттандырдым», – деп келтіреді. Міне, осыларға сүйене отырып, біз М. Қашқаридің сөзмерлік тіл қаруын мықты меңгерген, жауынгер әрі өзін ділмар-шешен деп таныған өткір тіл иесі болғанын мойындаймыз.

Сондықтан Махмұт Қашқари еңбегінде өзі өмір сүрген заманның тұрмыс-тіршілігін, өмірін, әдеби мәдениетін, сөйлеу мәдениетінің озық үлгілерін көрсеткені анық. Солардың кейбір тұстарына тоқталып, тақырып тұрғысынан пайымдауға қадам жасаймыз. Айтар болсақ, Қашқари сөздігінде ғылым-білім, әдеп, тәлім-тәрбие, әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени, моральдық-психологиялық, гуманистік сипаттағы ой-толғаулар желісі шебер шешендік насихат нұсқасында берілгендігін байқаймыз.

Онда адамның кейбір жекелеген жағымсыз дағдылары – дүниеқорлық, қорқақтық, мәнсапқорлық, опасыздық, бойкүйездік, ынжықтық т.б. сынға алынып, ерлік, ізгілік, кісілік, әділдік, адамгершілік, ақ ниеттілік сияқты оң мінездік қасиеттер мәдени-моральдық ұстаным ретінде шешен сөз жүйесімен дәріптеледі. Шешендік насихат арқылы данышпан жас ұрпақты батырлыққа, ержүректілікке, елжандылыққа, отансүйгіштікке шақырады. Демек Қашқари «Диуанындағы» ділмар-сөздер шығыс-түркілік мәдениеттегі мәдени қағидаттық құндылықтар жүйесін жасаған мәдени білім кеңістігі деп айтуға негіз бар.

Адамның ақылды жаратылыс ретіндегі басты айырмашылығы оның бойындағы ең ізгі қасиеттерінде: ақылында, білімінде, әділдігінде, ақиқатшылдығында, ізгілік-кісілігінде деп түсінеді. Дүниеқорлықты қатты сынай келіп, парасатты адам ізгі, қайырымды болады, ал қайырымдылық елде көп болса, ел-жұрт тату-тәтті өмір сүреді, жоқ-жітікке жәрдем береді, – деп уағыздайды. Бұдан ғұламаның парасаттылық пен ізгілік – қайырымдылықты өндіруші қуат көз, соңғысы – ел бірлігінің кепілі дейтін мәдени құндылықтық көзқарасты сезіну қиын емес. Мәселен сөздік мәтініндегі: «Зиян болар адамзат артық бұйым, білімді адам не қылсын дүние жиып. Дүние-мүлік ерлердің пейілін алады, дүниеқор адам естерінен танып қалады. Ақылды адам тәкаппар болмас, ақылсызды мақтасаң, есінен жаңылар. Білімдіден ақыл ал, асыл сөзді ұғып ал, бойыңа сіңір. Ізгілік қанша керек болса, өз қолыңмен де оны істей біл. Жарлы-ғаріп келсе, ықыласпен күтіп ал, тойғызып, ризалап шығарып сал», - деген шешендік насихат пен өсиет жоғарыда айтылған мәдени құнсыздық пен құндылықтар жүйесін растап тұрса керек.

«Диуан» сөздеріндегі «Туғандардан мәңгі өмір сүрген жоқ, дүние, әлем, жұлдыздар да күнде туып, сөнеді. Адамдарға дәулет пен даңқ дұшпан бопты деседі. Бұндай жаудан білімді адам жырағырақ өседі», - деген шешендік нақылдар мұсылмандық мәдениеттегі өмірмәнді құндылықтар универсумын көрсетпек. Мұнда, біріншіден, адамзат ғұмырнамасындағы «мәңгілік» пен «беймәңгілік» арақатынасын анықтап, адам бар мен жоқтың аралығында ғана болатын жаратылыс екенін, екіншіден, адамға бұл дүниеде неден аулақ, не нәрсеге жақын жүруді рухани-мәдени құндылықтар тұрғысынан түсіндіруге тырысады.

Осы тұрғыда X-XII ғасырларда тәжік мәдениетінде фарсы-дари тіліндегі поэзияның қанат жайғанын ескеру керек. Фарсы-дари тіліндегі шығармаларымен танымал болған ең алғашқы парсы тілді авторлардың бірі Әбу Абдулла Рудаки – тәжік классикалық әдебиетінің негізін қалаушы, Орта Азиядағы парсытілді ауыз әдебиеті мен және жазбаша шығармашылықтың бастапқы даму кезеңіндегі аса көрнекті өкілі болған. Әбу Абдулла Рудаки – өзінің барлықдерлік шығармаларында адам өзінің өмірлік жолының дұрыс бағытын атақ-даңқы мен байлығының арқасында емес, санасының, адалдығының және ерлігінің арқасында табады деп санаған. Мұнда да шешендікпен айтылған адамзатындағы құмарлыққа қатысты оң және теріс мәдени құндылықтар желісі сөз етілгеніне көз жеткіземіз.

Қорыта келгенде, бұл тараушада шығыс мұсылмандық мәдениетіндегі шешендік өнер қағидаларының кейбір тұстарын қарастыруға тырыстық. Шешендік сөз өнері адамның сана-сезіміне, бүкіл рухани өміріне әсер етіп, өшпестей із қалдыратын шынайы өнер ретінде қарастырыла алады деп нық сеніммен айтуға болады. Шешендік өнердің ең жоғарғы дәрежесі «... шешен ой байлығын толық меңгеріп, өзінің даусын, эмоцияларын басқара алатын және өзінің ойы мен сөзі арқылы тыңдаушыға әсер ете алатын» болғанда ғана нақты көрініс береді деген байламмен келісеміз [55].

Бірінші тараудағы зерттемелік ойларды жинақтай келіп төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Шешендік өнерді мәдени-тарихи құбылыс ретінде пайымдай отырып, шешендік өнердің табиғи болмысына «шешендік – өркениеттік феномен» және «шешендік – мәдениет», «тарих – шешендік өнер үдерісі» және «шешендік өнер – тарихи кеңістік континуумы» деген онтогенездік концептік ұстанымдар анықталды. Сонымен бірге, Грекиядағы шешендік өнерді мәдени танымдық бағытта қарастырдық. Оған дәлел ретінде ең алғаш театрдың, поэзияның пайда болуы. Рим шешендік өнері Рим империясына қызмет етіп, белгілі бір топтың мүдесіне жұмыс жасады. Антикалық шешендік діни шешендік өнердің шығуына негіз болды. Шешендік өнерді бүкіл адамзаттық игіліктер аясындағы рухани кеңістікте өсіп-өркендеген, ұлттық ерекшеліктерімен дараланатын мәдени құбылыс ретінде мойындалды.

2. Мұнда батыс-христиандық мәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдарын анықтау мақсатында шешендіктің қалыптасу кезеңдері мен деңгейлеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасалынды. Оның мәдениеттегі орны мен рөлін, ұлттық жетілудің – әлеуметтік-саяси, қоғамдық-тұрмыстық, академиялық, соттық-құқықтық, діни-шіркеулік – сияқты бағыттары анықталды. Егер антикалық дәуір шешендігіндегі мәдени қағидалардың қалыптасуына қоғамның саяси-прагматикалық сұранысы негізгі өлшем болған болса, Ортағасырларда шамадан тыс діни негіздер мен діни түсініктер басымдылыққа ие болды. Шешендік өнер христиан дінінің догмаларын санаға сіңіре отырып, адамдардың сана-сезіміне әсер етуге бағытталған шіркеу шешендігінің гомилетика бағыты қалыптасты. Қайта өрлеу дәуірінде шешендік өнер адамға сана-сезімді, еркін, шығармашылық мүмкіндіктері шексіз

жаратылыс тұрғысынан келді. Мұнда сөзбен ықпал ету, шешендік насихат арқылы наным-сенімді қалыптастыру, тілдік агрессияны, «сөз майданын» еңсеру мақсаты көзделді.

3. Түркі мәдениетіндегі шешендік өнер қағидаларының: эйкумендік болмыстың үштағандық тұғыртасы, адамзатының әлеуметтік-саяси жаратылыс болу «ақиқаты», «дұшпандық» пен «бейбітшілдік» саяси концепция, түркілік жершілдік, елшілдік, отаншылдық мәдени қағидаты, түркілік мәдениеттегі «сенім» – адамның тіршіліктік ғұмырының континуумы, түркілік қаһармандық мәдениеті, ізгілік, кісілік, әділдік, адамгершілік, «тіршілік», «төзімділік» дейтін үдерісті мәдени құндылықтары сияқты кейбір тұстары экзистенциялық мәдени қағида ретінде мойындалды. Фараби «тағдыр» феноменінің мәдени универсум болу қағидасын белгілейді. Фарабидің «адалдық» ұғымын мәдени қағидаттық статусқа көтеру мәдениософиялық позициясы анық көрінеді.

2 ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ШЕШЕНДІК ӨНЕР - МӘДЕНИ ТАЛДАУ

2.1 Қазақ мәдениетіндегі шешендік өнердің орны

Біз алдыңғы тарауда қазақ қоғамының шешендік өнер мәдениетінің тамыры сонау ежелгі замандағы бабалар дәстүрінен бастау алатына көз жеткізіп, негізгі әлеуметтік-мәдени нормаларды іріктеп, шешендік сөз өнері оларды одан әрі дамыту барысында халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени және рухани байлығының мұрагері болғанын айтқан болатынбыз. Бұл тараудың алғашқы тараушасында мәдениософиялық жүйе тұрғысынан алғанда мәдениеттану ғылымында алғаш рет қазақ шешендігінің ұлттық мәдениеттегі орны мен рөлін анықтауға қадам жасаймыз.

Отандық мәдениеттанушы ғалым Ақтолқын Құлсариеваның: «Қай тарихи-мәдени кезеңнің болмасын, өзіндік бет-бейнесін танытатын басым идеологиялық сарыны, парадигмасы болады» [56], -деген көзқарасын жақтай отырып, қазақ мәдениеті адамның ойлау, тану, іс-әрекет еркіндігі мен бастандығын көрсетеді дейтін болсақ, онда қазақ шешендік сөз өнері – адамзаттың ар-ождан, тіл бостандығының көріну формасының әрі алаңы, әрі ірге тасының бірі. Содан қазақта «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мәдени қағида қалған және қазақ оны рухани-мәдени ту етіп ұстай білген. Ол әр кезде әлем тіршілігінің тұңғығына жетейлетін ой жүйесіне, ой үрдісіне, ой ағымына негіздеп отырады. Осы тұрғыдан алғанда заманауи мәдениеттанулық ізденістер үстінде ең алдымен, қазақтың дала мәдениософиясын ұлттық фольклордан оның ішінде шешендік сөздерден іздеп, қазақ ұлтының өмірлік мәдениетін, елдің өзіндік мәдени таным жүйесін, ой толғау үрдісін аршып алуымыз керек және оны қазақ шешендік сөз өнерін этномәдениеттанудың көздерінің бірі ретінде қарауымыз қажет. Міне, осы тұста қазақ шешендік сөз өнеріндегі рухани-мәдени ойлар мен идеялар ұлттық мәдениеттанудың негізгі әрі метатеориялық, әрі әдіснамалық арқауы болады деп есептейміз.

Ең әуелі ұлттық шешендік мәдениетке қысқаша сипаттама беретін болсақ, ол – қазақ халқының дүниені, әлемді тану мәдениеті әдіс-тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктерінің аясы. Ол қазақтың ұлттық мәдениетінің бар болмыс-бітімін қамтитын кеңістік іспеттес. Ұлтымыздың шешендік сөз өңірі қазақтың мәдени тіршілігінің өзіндік мәдени таным тектелгісі, оның ішкі мәдени-рухани әлемінің көріну формасы, қазақы мәдени тәжірибе мен заңдылықтар, мәдени қағидалар мен ұстанымдар, мәдени ережелер мен тұғртастар шежіресі. Сонымен бірге, шешендік өнер қазақ мәдениетін танудың амал-тәсілдерінің тактикалық әрі стратегиялық жүйксі. Халқымыздың шешендік сөз мәдениеті ұлтымыздың этноментальдық кодтар қоры, кізілік пен ізгі мінез мектебі. Сондықтан қазақ дүниетанымын ғылыми-мәдени тұрғыдан зерттемейінше, оны белгілі бір методологиялық принциптерге негіздемейінше қазақ ұлтын, оның мәдени болмысын жан-жақты тану мүмкін емес.

Руханият тарихында әрбір ұлт халықтарының қалдырған ізі біркелкі емес. Қайсы бірі ондағы берілетін өз кезегін, өз мүмкіндігін алып, өмірден аларын

алып, берерін берсе, қайсы бірі әлі күнге дейін өзінің тарихи мүмкіндігін, есесін ала-алмай келеді. Қазақтың өткеніне көз жіберсеңіз, оның рухани-мәдени үрдіс тарихына бергенінен гөрі берері көп халық. Бұл әрине, тарихта қазақтың есесі кеткендігі емес, өмірден өзінің тиесі орнын ала алмай келгендігінде дер едік. Қазақтың келшекте әлемдік мәдениетке беретін көп тұстары қайнарлары мен тұнбалары – кешегі халық даналығындағы танымы терең тағылымдық үрдістері деп айтуға болады.

Ал тағылымсыз руханият тарихы да болмайды. Яғни тағлым дегеніміз – адамзаттың, жеке халықтың, әрбір адамның өмірден алған сабағы, жасаған ой-тұжырымы. Мәселе кімнің қандай тұжырым жасап, оны күнделікті тірлігінде қандай дәрежеде қажетіне жарата алуында болса керек. Жүріп өткен тарихи жолын, сол жолда жинаған рухани тәжірибесін, ата-бабаның озық ойлары мен өнегесін, тәлім-тәрибесін бойына сіңіріп, оларды жетілдіріп, сондай-ақ, түрлі күрделі тарихи кезеңдерде жіберген қателіктерінен тиісті қорытынды жасап отырмаған халықтың көші түзелмесе керек. Осы орайда, Тайкелтір шешеннің:

Бұрынғының ізінен,

Тағдырдың құрған тезінен,

Барасың қайда жол тауып, Шоқай бидің:

Қазақтың жолы – күрең жол,

Одан тайған мерт болар[5, 39 б.], - деп айтқандары шындыққа жанасады.

Бұл ретте, «қазақтың шешендік мәдениеті – Шығыс мәдениетінің құрамдас бөлігі, қала берсе бүкіл түркі – мұсылман дүниетанымын құраушы элементтердің бірі, әлемдік мәдениеттің бір тамыры. Бұның өзі қазақ мәдениетінің әр тарихи кезеңдерде әртүрлі халықтардың мәдениетінен импульс алып отыратындығын және өзі де көптеген ұлттар мәдениетіне ықпал етіп отырғандығын көрсетеді»[5, 39 б.], -деген пікірмен келісуге болады. Ол қазақтың өз тарихынан белгілі. Мысалы, С. Ақатай: «Қазақ - Еуразия далаларының әр тілдес, нәсілі де әр текті тарихи-этникалық қауымдастықтарын өз бойына сіңірген көне халық», – дей келіп, «Ұлтымыздың тамыр тегі тереңнен тартса, мәдениеті мен рухы онан да тұңғыықтан, бесмыңжылдық атты көшпелі өркениеттен қуат алады. Демек, халқымыздың бітім-болмысы мыңдаған жылдар аясында екшелген күрделі игіліктер негізінде өз топырағымызда қалыптасқан төл құбылыс екен. Қазақ халқын Еуразия тарихының барлық дәуірлерде жасалған күллі тарихи-мәдени игіліктерінің заңды мирасқоры деп қабылдауға болады» [57], -деп жазады. Олай болса, қазақ шешендік мәдениетінің тамыры Евразия мәдениетін аралайтыны сөзсіз. Осындай мәртебеге ие болған мәдениет бүгінгі күні әлемге танылмауына қақысы жоқ. Оны таныту бүгінгі қазақ зиялыларының ақылдық арына аманатталуда.

Үшіншіден, қазіргі кезең өркениеттер қақтығысы немесе дәлірек айтсақ мәдениеттер қақтығысы кезеңі. Бұл процесс ашық та, жабық та жүріп отыруы мүмкін. Осы тұста қазақ мәдениеті өзін әлдендіру қажет, ол үшін оның танымдық өріс қуаты күшейуі керек. Сондықтан ұлттық шешендік мәдениет қазақтың ішкі рухани потенциалын жан-жақты ашуға қызмет етсе дейміз.

Қазақтың бұрын-соңды айта алмай жүрген, бірақ ақыл-парасатының төрінде жүрген ойлары мен идеяларын, мұраттарын, құндылықтарын ашып көрсетсе деген арман тұрады. Қазақтың рухтық мәдениетінің биіктігін, оның тазалығы мен пәктігін, мықтылығын дәріптеп, соны келер ұрпаққа сіңірсе деген қиял жетелейді.

Төртіншіден, қазақ шешендігіндегі мәдени дүниетанымның өзіндік ерекшелігі мол құбылыс. Өйткені, қазақ шешендік мәдениеті негізінен эмпирикалық өмір мәдениософиясы. Сондықтан, оның танымдық-практикалық сипаты басым. Қазақ өмір-тіршілікті – тәлім-тәрбие мектебі деп білген. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ шешендік мәдениетінің зерттелуіндегі мақсат-міндеттің тағы бір қыры – ол оның қызметтік жүгіне көңіл бөлу деп есептейміз.

Қазақтың мәдени-философиялық көзқарастарының басты ерекшеліктерінің бірі, біздің пікірімізше, әлем бәріне ортақ, ол – егеменді көп бөлмелі бір-ақ үй сияқты дейтін түсінік. Әлем – тұтас жаратылыс, сондықтан адам мен әлем бір бүтін дейтін дүниенің тұтастық принципін мәдени дүниетанудағы басты ұстаным етіп алуы. Адам мәдениетінен – бүкіл әлемнің мәдени болмысы түзіледі деп қарайтын таным қазаққа тән мәдениософия. Сол себепті қазақ аузында: «Бар жаратылыс тұтастықта. Бал арасын өзіңе, өзінді бал арасына сана, өзінді гүлге, гүлді өзіңе сана. Әуені сенің тынысыңа, өзінді әуенің тынысыңа сана. Суды есіңе, тазалыққа сана», – дейтін сөз тіркестері жиі кездеседі [5, 40 б.]. Осыдан қазақ мәдениеті «Меншіл» мәдениет емес, ол – бүкіл әлемді біз деп есептейтін гуманистшіл мәдениет. Сондықтан ол Мұхаммет Пайғамбардың: «Адамды сүймей әлемді, әлемді сүймей Адамды сүйе алмайсың» – деген ойына сай келіп тұрғандай. Адам адамды Алланың адамды сүйгеніндей сүйсе, бүкіл әлем тыныштықта өмір сүрер еді. Ал қазір адамның қадірі адамның табанымен тапталуда дегенді айту керек. Қазақ шешендік мәдениеті тек ұлттық ауқыммен шектелмейтін, әлем тұтастығын қуаттайтын, бүкіл адамзат бірлігі мен ынтымағын көздейтін мәдениософия. Қазақ мәдениетінің осы тұстары, оның зерттелу қажеттілігіне мұрындық болмақ.

Бесіншіден, қазақ шешендік мәдениетке үнілетін болсақ, оның ежелгі қазақ этностары мен тайпаларының материалдық және рухани мәдениетінің негізінде өніп-өскендігіне күмән жоқ. Демек, қазақ шешендік мәдениет – ол қазақ халқының жалпы мәдениетінің логикалық жалғасы және негізгі рухани мұрасы, құндылығы. Қазақ даласындағы мәдени дүниетаным, ең алдымен, қазақ елін құраған алғашқы тайпалардың тіршілігі барысындағы дүниені тану бағыт-бағдарларына, әдет-ғұрыптарына, өмір сүру стильдеріне, наным-сенімдеріне сүйенеді. Яғни, қазақ шешендік мәдениетінің қалыптасуының тарихи алғышарттарына қазақ мифтерін, дінді, ұлттық фольклорды, поэзиялық құбылыстарды жатқызуға болады.

Осыған орай, ендігі мәселе, біздің пікірімізше, қазақтың ұлттық мәдениетінің қалыптасып дамуындағы ұлттық шешендік сөз өнерінің орны мен маңызы қалай дейтін мәселе болса керек. Тағы да Құран Кәрімге сүйенетін болсақ, жеке адамның да, ұлттың да, қоғамның да ішкі қуаты – өз ішінде

дегенді көрсетеді. Сайып келгенде, қазақ мәдениетінің ішкі интенциялық өсу күші мен әлеуетінің бір тамыры – шешендік өнерінде дей аламыз. Шешендік қазақтың төл мәдениеті десек, ол бізді сол дәстүрлі мәдениетті құрметтеуге мәжбүрлейтіні анық. Осы ретте, «шындығында шешендік сөз өнері – қазақ халқының әлемді тану, бейнелеу, ойлау тәсілі, қарым-қатынас құралы, сайып келгенде, ол қазақ дүниетанымының көріну формасы [5, 41 б.], - деген тұжырымды жақтауға болады. Шешен сөйлеу өнері қазақтың дара ерекшелігі. Біздің пікірімізше, ұлттардың осындай ерекшеліктерін даралап көрсеткенде ғана, олардың арасында өзара түсіністік мәселе қоюға болады. Әрбір этностың өз ерекшелігін өзі көрсету мүмкіндігі болғанда ғана жалпы адамзат баласының жетілуі мүмкін. Демек, ұлт бар жерде оған тән болмыс-бітімнің, дүниетанымның болмай қалуы мүмкін емес. Әрбір ұлт – өз болмысының туындыгері. Сондықтан кез келген ұлттың төлтума қасиеті ешқашан сол ұлттың кемшілігі емес, ерекшелігі болып табылады.

Жалпы алғанда, шешендік сөз өнерінің өнбойынан бүкіл адамзат баласының қалыптасу жолы үнемі әртүрлі көзқарастардың, идеялардың, әртүрлі әлеуметтік мұраттар мен құндылықтардың тоғысуы мен кереқар келуі арқылы ілгерілеп отырғандығын көреміз. Көзқарастар тоғысы мен таласы, пікірлер сайысы, олардың бірін-бірі қайрап, толықтырып, жетілдіріп отыратындығының куәсі сияқты. Осы жерде қазақтың әлеуметтік-мәдени дүниетанымы, оның ой толғау әдісі, ақыл-парасаты өзіне шешендік тіл арқылы қорған құрып тұрады деген түйінге келеміз.

Егер шешен сөйлеу ата-бабамыздың тұжырымды да, түйінді ой айту дәстүрі десек, онда олар қалдырған рухани-мәдени мұраларды түсініп, тани білу бүгінгі ұрпақ парызы. Ондай болмаған жағдайда қазақ елінің ұлттық мәдени танымы мен сана-сезімі күңгірт тартады да тұрады. Сырттан келетін күштердің ықпалы мен әсеріне талғаммен қарап, тойтарыс беру қуаты әлсірейді де оп-оңай ноқтасыз-жүгенсіз солардың жетегінде кетуі мүмкін.

Шешендік сөздерде қазақ даласы көшпелілерінің бүкіл коммуникация жүйесі мен дүниетанымның дәстүрлі ұлттық логикасы, қозғалу ритмі жатыр. Біздің пікірімізше, қазақ мәдениетінің қалыптасу үрдісіндегі негізгі күре тамырдың бірі – шешендік сөздер. Шешендік сөз өнері – халық даналығының өзінше бір биігі.

Қазақтың рухани мәдениетінде шешендік өнері өзінің қоғамдық-тарихи өмірді шыншылдықпен бейнелеу тұрғысынан да, мәдениософиялық ой қозғау тұрғысынан да, сондай-ақ мәдени құндылықтар жүйесінің молдығы тұрғысынан да ерекше мән-мағынаға ие. Төл тарихымыз, мәдениетіміз, заңымыз, саяси, құқықтық мәдениетіміз туралы сөз қозғағанда алдымен фольклорлық мұрамызға жүгінбей тұрып толымды тұжырымдар жасауға болмайды. Осы ретте «әр халықтың мәдениеті тек сол мәдениеттің өзіндік құндылықтары аясында және өзіндік контекстінде ғана толық түсінікке ие болады» [56,б. 145], -дейтін көзқараспен келіспеуге болмас. Қоғамдық ой-зердеміздің қай саласы болмасын өзінің бастау көзі туралы ой қозғағанда ең әуелі фольклорлық айғақ-деректерге жүгінуге мәжбүрлік туады. Демек, қазақ

шешендігін зерттеу дегеніміз ұлтымыздың текті мәдениетіне үңілу деген сөз. Бұл әдістемелік тұрғыда мәдени релятивизм деп аталады. Демек, бұл қазақ мәдениетінің ғылыми өрісін кеңейтетін мемлекеттік маңызды шаралардың бірі.

Қазақтың шешендік сөз өнерінде мәдени дүниетанымның барлық қырлары қамтылған десек артық айтпаған болар едік. Мәселен, мәдени онтостық мәселелер дала ділмарларының шығармашылығында «болмыс» ұғымы «жаратылыс» категориясымен беріліп, оның даму кезеңдері мен сатылары, жетілу формалары мәдени танымдық феномен ретінде айқындалады. «Жаратылыс» категориясы шеңберінде болмыстың барлық түсініктері орын ала отырып, бүкіл халықтық мәдени ой-санасы қалыптасқан деп айтуға болады.

Шешендік сөздерде ұлттық мәдени таным процесі көркемдік синтез дәрежесіне көтеріледі. Образдық тұтастану процесі болмыстың бүтіндігін көрсете келіп, негізгі ұлттық мәдени танымдық қағидаға айналады. Шешендік сөз дәстүріндегі мәдени танымның тұтастану процесіне ортақ құбылыс – ол нақтының дерексізденуі, танымдық бейненің таным объектісінен алшақтауы және абстрактілі ой қорыту деңгейінде қайтадан көркем синтезбен ұласуы. Яғни, шешендік сөздердің мәдени дүниетанымдық қызметін таным процесіндегі білмеуден білуге, қарапайымнан күрделіге, абстрактіліктен нақтылы шындыққа, деректіден дерексіздікке ұмтылған құбылыстардан байқауға болады. Міне, бұл қазақ шешендік сөз дәстүріндегі ой азаттығының бір көрінісі.

Сонымен қатар, қазақ шешендік сөздерінде аксиологиялық мәселелер ерекше қойылған. Бұл қазақ халқының өзінше бір ерекше этногуманитарлық құндылықтар жүйесін жасау қуатын білдірсе керек. Аксиологиялық мәселелерде, әсіресе адамның этноморальдық сапаларына көңіл аударып, олардың өзінше бір жіктелу, сарапталу үрдісі ерекше орын алған. Мәселен, ар, намыс, ақыл, кісілік, кішіпейілдік, қанағат, сабыр, имандылық, адамшылық, мейірімділік, қайырымдылық және осылардың жағымсыз сыңарлары талқыға түсіп, олардың ара салмағы ажыратылады. Осылардың дұрыс жақтарына қарай адам мінезін бағыттаудағы мәдени үрдісі мектебін байқаймыз. Ал осыны батыспен салыстыратын болсақ, батыс ғалымдарының Европаны рухани тұрғыдан сипаттай келіп, оның адамгершілікті жоғалтқанын: «Безнравственность нынче стала ширпотребом, и кто только не щеголяет ею» [2, с. 169]– деген жолдармен көрсеткеніне куә боламыз. Ал бұған керісінше біздің ұлттық мәдениетіміздің нағыз ұйытқысы - ұлттың ары мен намысы болатындығы дәріптеледі. Шешендік сөздер арқылы әлеумет өткен дәуірлердегі құндылықтар туралы тек біліп қана қоймай, оның асыл элементтерін өз бойына сіңіріп, өзінің рухани мақсат-мұратына айналдырып отырады. Қорыта келгенде, біріншіден, қазақ шешендігіндегі әлеуметтік-мәдени ойлардың қоғамдық-әлеуметтік маңызы даналықтың көзі болып табылатын дала ділмарлығы, рухани құндылықтар үрдісі адамдар арасындағы өзара тең сухбаттың, бауырластықтың, түсіністік пен ынтымақтың ұстанымдарын өз ішіне қордалап отырған ілім болуында. Екіншіден, шешендік сөз өнерінің мәдени моральдық-практикалық маңызы тұрғысынан бүгін ғылым мен технология, информация

дәуірінде отырып, өзінің ішкі әлемінен хабарсыз, имандылық, арды ойлай алмай, жаппай кәсіпқұмарлық жайлаған әлеуметтік індеттің елі де осы қазақ шешендігіндегі халықтық мәдениет екендігі даусыз. Міне бұл – ұлттық әлеуметтік мәдениеттің болашағы үшін ұлы мұра.

Ең басты мәдени құбылыстардың тағы бірі – шешендік сөз өнерінде мәдени лингвистикалық универсум тұңғығының жатқандығы ма деп ойлаймыз. Өйткені, қазіргі гуманитарлық білім кеңістігіндегі мәдени төңкерістің өзі лингвистикалық құбылысқа байланысты болып отырғаны, яғни ой қозғалының немесе «эпистемологиялық жылжудың» ойдың тілге қарай ойысуы немесе *тілмен ақылды болу* тенденциясы аталуда [58]. Олай болса, осы қозғалыстың астарында тіл мәдениетті өлшеудің іргетасы дейтін теориялық-әдіснамалық ұстанымның жатқандығын аңғару қиын емес.

Осы ретте қазақ мәдениетінің басты ерекшелігінің бірі – қазақсөз қонған халық болуы, демек қазақтағы ақылдылық тіл мәдениетімен байланысты болған деуге ғылыми негіз бар. Билердің қара қылды қақ жарған әділдігі туралы естеліктер, билердің айтқан нақыл сөздері ұрпақтан ұрпаққа беріле отырып, осы күндерге дейін жетті, бұл дала халқының сөз құдыретіне деген құрметін, оны ұмытпай ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға деген ұмтылысын білдірсе керек. Өйткені қазақтың рухани мәдениетінде ерекше орын алатын билер шығармашылығы туралы естеліктердің осы заманға дейін жетуінің бір себебі де осы қазақ халқының сөз қадірін биік бағалаушылығының арқасы екені даусыз. Сөздің парқы мен нарқын біліп, қадірін түсінген, сөздің астарынан сыр ұғып, тауып айтылған бір ауыз сөзге тоқтай білген. Бұл – қазақтың табиғи қалпы, рухани – мәдени деңгейі. Біздің пікірімізше, міне осындай кешегі ата-бабаларымыздың дүниетанымдық мұраларын тану, оған жүгіну, оларды зерттеу – бүгінгі қоғамдық тіршіліктің мәдени идеялық субстанцияларын жасау деген сөз. Мұндағы басты идея – халықтың онто-органикалық тұтастығын ұлттық рухани-мәдени негізге бағындыру. Қазақ шешендері дүниетануды, ең алдымен, адамның еркіндігі мен жауапкершілігіне, имандылығы мен тектілігі сияқты мәдени білімге негіздейді. Бұл – қазақтың шешендік сөз дәстүріндегі экзистенциялық мәдениеттің негізгі мақсаты.

Шешендердің мәдениеттанулық көзқарастарындағы тағы бір басты идея – ол адамзат қауымының даму тарихындағы рухани фактордың басымдылығын мойындауы. Өйткені адамзатының екі кеңістіктен: физикалық және рухан түзілім кеңістігінен тұратыны ғылымда белгілі. Ал енді бұл ақыл иесінің тән мен жанға бөлінетінін білдірмек. Осы тұста пенденің рухани әлеміне басым көңіл бөлінуіде негіз бар болатыны өзінше бір күрделі мәселе. Өйткені ол өзінің көзге көрінбейтін, ғылыми танымға беріле бермейтін құпиялылығымен, трансценденттік табиғатымен ерекшеленетін әлем. Солай бола тұра, алайда рухани әлем адамзатының қауымдастық болмысында шешуші факторға ие болады. Себебі адамзат қоғамының қалыптасып, дамуы сол пенденің рухани дүниесіне тікелей тәуелді болатынын тарих дәлелдеуде. Тіпті бүгінгі заманауи дәуір де қоғамдағы рухани ахуалға тәуелді. Міне сондықтан адамның рухани жетілуі протодәуірінен бері келе жатқан, әр кез күн тәртібінен түсе қоймайтын

көне проблема. Демек, шешендік сөз өнері әр тұлғаның рухани мәдениетін ашып көрсету амалын қарастыратын, оның рухани бүтіндігін сақтау қорының мәйегі болатын күдіретті күш дейтін ғылыми тұжырым жасауға негіз бар. Сондықтан шешендік сөз өнері қазақ жұртының қалыптасу тарихындағы мәдени білім ордасы, ұлтымыздың шешен тілмен сөз саптау мәдениеті еліміздің қоғамдық қатынас мәдениетінің теңдессіз тұғырнамасы болатыны анық.

Сөзмерлік өнердің рухани эпистема тұрғыдағы қазақ мәдениеттегі қызметін және рөлін айшықтайтын қыры – халық татулығы мен ынтымағы проблемасының мәдени құбылыс ретінде күн тәртіне шығарылу мәдениеті болғаны анық. Бұл ретте, адам ғұмырын мәдени тұрғыда қандай бағытта жетілдіруге болады, қалай жолмен рухани бірлік мәдениетіне қол жеткізуге болады деген сұрақтар төңірегінде ой өрбітіп, адами қарым-қатынас қабірлік заңдылығы тарапынан келу көзделеді. Халық нақылындағы, «Ел бірлігі – ел теңдігі» атты мәдени тағлым ұлы дала өркениетіндегі татулық пен тұтастықтың, рухани бүтіндік мәдени дәстүрінің тұтқасы болған. «Дала ділмарлары қазақ әлеуметін әр түрлі топтарға жіктей отырып, жалпы атам қазақтың жолға қарау, жасқа қарау мәдени дәстүрін ел арасын, қауым арасын, жеке кісі арасын алыстату үшін емес, біріктіру үшін ойластырған әлеуметтік-мәдени ұстаным болғандығын көрсетеді [5, 44 б.], -деп келетін пікрді осы тұста құптаймыз.

Ғылымда *минорат* үрдісі деп аталатын бұл дәстүр көшпелілердің тек ошақ басы қарым-қатынасында ғана емес, бүкіл қоғамның әлеуметтік-мәдени қатынасында да маңызды орын алып отырғанына куә боламыз. Сайып келгенде туыстықты аялау әлеуметтің бірін-бірі жақын тұтудың мәдени ережесіне айналған, ал бұл дәстүр барша әлеуметтік тұтастық пен татулықты ұстап тұру механизміне айналған. Қазіргі жастар осындай адамдық жылы сезімнен тұратын дәстүрдің сыры мен қырын біле бермейтін, сондықтан қазір алысты жақын тұтудың орнына, жақынды жат көру тенденциясы етек алып бара жатқан шақта бұл үрдіс ұлттық әлеуметтік мәдениет үшін өте маңызды феномен деп айтуға тұрады.

Дала ділмарлығының ұлттық мәдениеттегі орны мен маңыздылығы ондағы саяси мәдениетпен анықталмақ. Қазақ шешендігіндегі саяси-мәдени ойлар шеңберінде ең алдымен бүгінгі саяси концепциялардың маңызды алғышарттарының қалыптасқандығын аңғаруға болады. Мәселен кешегі Асан қайғының «Жерұйық» феномені бүгінгі «тыныштық» саясатының методологиялық негізі болып табылады. Демек, біздің ойымызша, аңыз желісіндегі «қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған заманды» аңсап, Желмаямен шартарап кезген Қорқыттың елі үшін Жерұйық іздеу утопия емес, дәстүрлі қазақы саяси-мәдени танымның ділдік ойлау әлемінің ақиқаты. Жерұйық әлі күнге дейін тарихи-логикалық қызметін жоғалтпаған, дәстүрлі ұлттық дүниетаным мәдениетіндегі космологияның негізгі ұстыны.

Қазақ би-шешендерінің геосаяси көзқарастарындағы жер немесе геожүйе – адамның тіршілік қозғалысы кеңістігі ғана емес, сонымен қатар оны

сүйіндіретін де күйіндіретін, мәдени сабақ-ғибарат алатын ортасы. Көшпелі қоғам адамы өз тарихын, өз ғұмырын тікелей табиғатқа тәуелдендірген тіршілікпен жанды байланыс, тұтастық ішінде көрген. Оның ғұмыр түсінігі де мәңгілік өлмейтін табиғат ішіндегі еркін ырғақты қозғалысқа негізделген мәдени түсінікті дәріптейді. Адам үшін жер адам мен табиғат арасындағы, түштеп келгенде әлем тұтастығын еске алу теориясы қызметін атқарады. Олай болса қазақ би-шешендерінің геотанымы – жер мен адам, қоғам үйлесімділігі негізіне құрылған мәдениософия.

Қазақ шешендігіндегі саяси билікке қатысты мәдени ойлардың бүгінгі ұлттық мәдениеттегі орны мен роліне келетін болсақ, қазіргі кездегі этникалық астамшылықтан туған көңіл арыны өршіп тұрған, кісінің жанұяға да, белгілі бір топқа да, тіпті саяси ұйымға да жататыны ешқандай роль атқармай жатқан шақта, саяси тұрақсыздық үйреншікті құбылысқа айналған дәуірде, бүкіл саяси тұрмыстың негізі бұзылып тұрған мезгілде сонау көшпелілердің күнделікті тіршілігінен туған елдің саяси билікке деген түсінігі, саяси бірлігі мен ұйымдасуға деген қабілет-дарыны бүгінгі билік мәдениетіне рухани негіз болып табылады [5,40].

Қазақ шешендігі әлеуметтік-құқықтық реформаларды жүзеге асыру барысында қазақ қоғамының құқықтық мәдениетін қалыптастыруда ерекше маңызға ие болған «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жинағын әзірлеп қабылдады, және оны далалық мемлекетте қолданысқа енгізді. «Зугра» атты аңызда Тәуке хан заманы билердің әділеттілікпен аты шыққан дәуір ретінде суреттеледі[59]. Құқықтық нормалардың дала демократиясын бекіте отырып, әлеуметтік салада берік орнағандығы туралы, әділ басқару дәуірі туралы, билердің жоғары мәртебесі туралы орыс зерттеушілерінің тарихи фактілерге сүйене отырып жазған еңбектерінде келтірілген мәліметтерден көруге болады. Бұл еңбектерде қазақ хандығы тұсындағы билердің әділ қызметінің арқасында қазақ руларының арасындағы өзара тартыс тоқтатылды деп көретіледі.

Билердің қоғамдық өмірді реттеу үшін енгізген саяси идеялары мен құқықтық нормаларына тереңірек үңілсек, олардың қазіргі заманауи мемлекеттік басқару жүйесінде, сот өндірісінде реформалар жүргізу кезінде қолданылу мүмкіндігі бар екендігін байқаймыз, бұл, әрине, билердің реформаторлық қызметі саласында егжей-тегжейлі ғылыми зерттеулер жүргізуді талап етеді.

Қазіргі уақытқа дейін филологтардың жүйелі зерттеулері тек шешендік өнер үлгілеріне және аса көрнекті билердің тарихи өмірбаянына арналып келді[60]. Билердің қоғамдық мұрасын зерттеу ісіндегі жағдайдың біршама қанағаттанарлық деңгейде екеніне қарамастан, олардың философиялық мұрасы, дүниетанымдық ерекшеліктері, құқықтық мәдениет саласындағы идеялары әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан арнайы зерттелмей келді.

Қоғамның құқықтық мәдениеті саласында билер әділдікке қол жеткізу және халықты құқықтық басқаруды ұйымдастыру проблемаларына ерекше назар аударды. Бұл мәселелер бойынша билер ерекше ауызбіршілік танытқан. Олардың пікірі бойынша, мемлекетті әділ басқару көздерінің бірі ел басқару

ісіне сұлтан-төрелердің араласуын шектеу деп саналды. Билердің мұндай «саяси-революциялық» идеясына ақсүйек сұлтандардың шығу тегінің арқасында басқалардың алдында артықшылықтарды пайдалануына байланысты нақты жағдайдың себеп болғаны анық. Бұл артықшылықтардың мәнісі – мысалы, хандықта қабылданған заңдарға сәйкес бірдей қылмыс жасағанына қарамастан, әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдеріне қатысты әртүрлі жазалар қолданылатын болған. «Жеті Жарғыда» былай деп жазылған: «Егер кімде-кім сұлтанды не қожаны өлтірсе, ол марқұмның туған-туыстарына жеті адамның құнын төлесін». Әртүрлі әлеуметтік топтар өкілдерінің жауапкершілігінің әртүрлі дәрежеде болуы міндеттердің де әртүрлі болуына апарып соқтырды: сұлтандарға әскери міндеттен басқа ешқандай міндет жүктелмеді. Сұлтандардың тағы бір басымдығы – оларға дүре соғылмайтын және олар билердің сотына тартылмайтын. Төре руының өкілдерін – чингизидтерді сотқа тартуды ханның өзі немесе аға сұлтан ғана жүзеге асыратын болған, яғни оларға билердің заңды соты жүрмейтін болған. «Ақ сүйек» пен «қара сүйек» өкілдерінің сот алдындағы жауапкершілігін теңдестіру және әлеуметтік әділдік қағидатын орнату мақсатында қоғамның құқықтық санасын өзгертуге деген билердің талпынысы олардың әлеуметтік табандылығын көрсетеді. Билерге тиесілі тағы бір идея «мемлекеттік басқару ісіне әртүрлі әлеуметтік топтардың арасынан шыққан дарынды, қабілетті адамдарды тарту» болды. Қазақ қоғамында Шыңғыс хан дәуірінен бастау алатын мызғымас қағида болғаны белгілі, яғни халықты басқару тек қана сұлтандар мен төрелерге ғана жүктелуі тиіс. Нәтижесінде ел басқару ісіне сұлтандар өзінің ақылы мен білімінің, қарым-қабілетінің арқасында емес, шыққан тегінің, беделінің арқасында ие болатын жағдайлар орын алды; тіпті ел басқару құқығы оларға мұрагерлік арқылы берілген оқиғалар да болған. Халықты қарым-қабілеті бар адамдар ғана басқаруы тиіс деп есептеген билер халықты басқарудағы сұлтандардың билігін шектеу туралы Тәуке ханның көтерген саясатын бірауыздан қолдады. Төле бидің: *«тәмәм жарлы жиылса, көң болмайды, тәмәм султан жиылып айтқан сөздің бәрі бірдей жән болмайды»* деген сөзін Әйтеке бидің де қолдағаны белгілі.

Әйтеке би сұлтандардың сот өндірісі мен қоғамды басқару ісіне тек шыққан тегіне қарап жіберілуін өткір сынға алды, және бұның қоғамның дамуына, елдің әділ басқарылуына теріс әсерін тигізетіні туралы ашық мәлімдеді. Ол мемлекеттік қайраткерлердің елді соңынан ерте алатын батырлар мен көсемдердің қатарынан, сөзінің құдіретімен адамдардың басын біріктіріп, бірауыздылыққа бастай алатын шешендердің қатарынан, үш Жүзге белгілі тұлғалар мен көреген саясаткерлердің қатарынан сайлануын қолдады. Осыған үндес идеяларды Қазыбек бидің философиясынан да кездестіреміз.

Қазақтың саяси-құқықтық мәдениетіндегі, әсіресе елді саяси басқару мәселелеріндегі үш бидің ұстанған ең басты қағидаттары бірлік пен келісім идеяларына негізделген еді. Мемлекеттіліктің нығайтылуы, оның саяси беделінің артуы ханды бүкіл халық болып сайлағанда ғана мүмкін болмақ. Төле бидің *«жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін»*[61] деген атақты нақыл сөзі осының

айғағы; Қазыбек би «*Ей, біз үш жүз, үш қазақ керіспейік, асылы бізге керіскен жән емес*»[61,б. 43] деп елді бірлікке, ынтымаққа шақырса, Әйтеке би үш Жүздің өзара тартысып, билікке таласуының арты жақсылыққа апармайтынын, атап айтқанда бұл саяси бостандығымыздан, мемлекеттілігімізден айырылып, басқа бір мемлекеттің бағынысына қарап қалуымызға апарып соқтыруы мүмкін екенін ескертті.

Үш бидің қызметі туралы тарихи деректер, сонымен қатар тарихи аңыз-әңгімелер арқылы, билердің елді этика және құқық нормаларына сай әділ басқару туралы идеялары бүгінгі таңда да өз маңызын жоғалтпағанын байқаймыз.

Төле бидің және оның басқа да билердің ойларынан құқықтық мәдениет пен адамгершілік қасиеттің тамырлас ұғымдар екенін байқауға болады. Шындығында да, қоғамдық сананың осынау санаттары бірін-бірі толықтырушы қасиеттер екені даусыз.

Билердің азаматтық, қылмыстық, некелік құқық саласындағы шешімдері де аса құнды. Төле бидің шешім қабылдау кезінде айтқан«*тапқан қуанады, таныған алады*»деген нақыл сөзі меншік құқығын қорғайтын азаматтық құқықтық институт нормасына айналды. Осы құқықтық шешімнің түбіне тереңірек үңілсек, оның ежелгі римнің классикалық меншік құқығына жақын екенін аңғару қиын емес.

Ежелгі римнің аса көрнекті заңшылдары бөтен мүлікке талап қоюшы тараптардан индикациялық талаптардың сақталуын талап еткен, сол арқылы жекеменшіктің, меншік мүліктің қорғалуын құқықтық нормаға айналдырған[62]. Атап айтар болсақ, Ежелгі Рим заңында былай делінген: «Бұл меншік құқығын қорғауға арналған ең басты талап. Бұл талап заттың иесі болып табылмайтын меншік иесіне қарсы заттың иесі болып табылатын меншік иесінің тарапынан беріледі, егер соңғысы алғашқысына оның затын қайтарып беруден бас тартатын болса». Әрине, бұл қазақ құқығы Еуропалық мемлекеттер сияқты Ежелгі Римнің азаматтық құқығының негізінде дамыды деген сөз емес; алайда осындай деңгейде қабылданған сот шешімдерінің көшпенді қоғамда да құқықтық нормативтік сипатқа ие болуы билер институтының өміршендігін тағы бір мәрте дәлелдеп отырғаны даусыз. Меншікті қорғау жөніндегі Рим құқығына ұқсастығы бар Төле бидің шешімдері Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған Азаматтық кодексінің баптарында көрініс тапты. Атап айтсақ, ҚР Азаматтық кодексінің 260-бабында былай деп көрсетілген: «Меншік иесі өзгенің заңсыз иелігіндегі өз мүлкін талап етуге құқылы»[63].

Билер институтының қалыптасуына Қазыбек би де өз үлесін қосты: «*Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес, Теңін тапқанды тегін бер, қосағымен қоса азарсын*»[64]. Қазыбек бидің осы сөзі салт талабына бағынбай өзінің сүйген адамына тұрмысқа шыққан қыздың құқығы мен намысын қорғауда кейінгіге үлгі боларлық жағдай болды. Әйтеке бидің қазылық шешімдері де көбіне үлгі сипатында болғанын растайтын фактілер аз емес.

Төле бидің «*Қанжыға тон сақтайды, тон жан сақтайды*», «*Тұсау ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды*» деген сөздері кезінде халық

арасында кеңінен тарағаны белгілі, бұл да қазақтардың құқықтық мәдениетінің белгілі бір деңгейін көрсетеді [61, б. 14]. Профессор З. Кенжалиев аса көрнекті қазақ билерінің қабылдаған шешімдерінің үлгіге айналу оқиғаларын теориялық тұрғыдан негіздейді. Оның пікірі бойынша, қазақтың қоғамдық санасында құқықтық қағидаттардың, нормалардың афоризмдермен, нақыл сөздермен тығыз байланыста, қатар жүруі кездейсоқтық емес. Өйткені, шындығында да, билер институтының аясында қабылданған шешімдер қазақ қоғамында үлгі боларлық жағдайлар тудырды, ал халық арасында бұл жағдайлар құқықтық нормалар мен қағидаттар ретінде қабылданды. Билердің қазылық шешімдері халық арасында кеңінен таралып, құқықтық сипатқа ие болды, уақыт өте келе құқықтық қағидаттар мен нормалар ретінде сақталып қалды. Ал, осы шешімдердің, үкімдердің барлығы ауызша түрде, ауызша сөз мәдениетінің нормаларына сүйене отырып жарияланғаны, афоризмдер мен нақыл сөздер түрінде іске асырылғаны, өлеңмен өріліп, поэтикалық ұйқасқа ұласқаны бүгінде баршаға аян [65].

Қазақ халқының құқықтық мәдениетін қалыптастыруда ерекше орын алған «Жеті жарғы» заңдар жинағы қабылданғаннан кейін билер бас қосып, билер институтының негізгі қағидаттарын бекітті. Билер институтының негізгі қағидаттарын ғылыми тұрғыдан қарастыру арқылы олардың терең идеяларға, этикалық және құқықтық санаттарға негізделгенін байқаймыз. Билер институтының тәуелсіздігін анықтайтын түпкі негізі, басты қағидаты – ұлы билердің жеке қасиеттері, олардың ерекше дарындылығы [66]. Билердің қоғамдағы әлеуметтік рөлін, билер институтының қалыптасу жағдайлары мен оның функцияларын зерттеген Шоқан Уәлиханов, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына ықпал еткен құқықтық жүйенің ең басты негізі ретінде үш бидің тұлғалық қасиеттерін атап көрсеткен. «Сот реформасы туралы жазбалар» атты еңбегінде ол билердің тұлға ретінде қалыптасуы туралы өзінің ойларымен бөліседі: «Би лауазымына көтерілу қырғыздарда халықтың тарапынан қандай да бір ресми сайлаудың өткізіліп, халықты басқарып отырған басшылық тарапынан ресми бекітілген емес; тек сот саласындағы терең білім мен шешендік өнердің арқасында ғана би деген атаққа ие болуға болады. Би деген атаққа ие болу үшін адам халықтың алдында өзінің заң саласындағы білімдері мен шешендік қабілеттерін бір емес, сан мәрте дәлелдеуі тиіс болатын. Мұндай адамдар туралы әңгімелер кең байтақ далаға өте жылдам тарап кететін, сөйтіп оның аты баршаға да, әркімге де белгілі болып шығатын. Осылайша, би деген атақ сот және адвокат тәжірибесін жүргізуге берілген патент іспетті болды <...>бірақ, осыған қарап қырғыздарда би болу мұрагерлік әдіспен ұрпақтан ұрпаққа берілген деп ойлауға мүлдем болмайды.<...> Әкесі белгілі би болған, бірақ баласы ондай атаққа ие болмаған көптеген қырғыздарды білеміз» [67].

Төле бидің «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» – деген сөзі әділдіктің алтын дінгегі, әділет қағидаттарын іске асырудағы билердің басты идеясы іспетті. Әділдіктің далалық қағидатының ерекшелігін былай көрсетуге болады: егер тараптардың бірі билердің қазылық шешіміне разы болмаса, онда шешім әділетсіз деп танылған, бұл бидің халық арасындағы беделіне орасан зор

нұқсан келтіретін болған. «Әділетсіз» бидің қазылығына бұдан былай ешкім жүгінбейтін болған. Қазақ қоғамының дәстүрлі құқықтық мәдениетін терең зерттеген З.Кенжалиев, көшпенді қоғамда қабылданған әділдік ұғымының өзіндік мағынасын былай деп түсіндіреді: «Көшпенді қоғамдағы би-шешендер мен халықтың рухани өмірінің арасындағы тығыз байланыстың бір қыры – сот ісіне қатысушылардың «жеңісі» немесе жеңілісі» емес, олардың «жеңілдеуі». Біз сот ісінің осы қырын әрқашан да ескеруге тиіспіз, яғни «рухани ақталу» немесе «рухани жеңіс» функциясының орындалуына назар аударуымыз керек»[65, б. 146].

Көшпенділердің құқықтық мәдениетінің рухани түп қазығы мынадай дүниетанымдық сипаттағы ойға негізделген: *«малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы»*. Кез келген құқықтық құбылыс немесе оқиға, дау-дамайлар туындаған сәттен бастап толық шешілгенге дейін тек осы тұрғыдан ғана қарастырылуы тиіс болды, және іс жүзінде де солай болатын. Бұл қағидат сот практикасында да ең басты қағидат болды, сонымен қатар мақсат-міндеттерді анықтауда да шешуші рөл атқарды[61, б. 41].

Билер институтының құқықтық мәдениеті классикалық құқықтық институттардың аясында қалыптастырылған заңдарға барлық уақытта да сүйене бермеген. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сот шешімдерін орынды, қисынды айтылған, афоризмдік мағынадағы *аталы сөзге* негіздеп шығару практикасын енгізді. Сот шешімдері мүлдем өзгеше құқықтық философия өлшемдеріне сүйенді. Дәл осындай тәсілдеме аса күрделі, мүлдем шешілмейтін дерлік сот істерінің күрмеуін шешуде жол тауып шығуға мүмкіндік берді, шешендік сөз құдыретінің арқасында билер жауласушы тараптардың татуласуына, бітімгерлікке қол жеткізді. *«Дана сөз дау шешеді» деген нақыл сөз дәл сол кездері айтылса керек.*

Сонымен бұл тілге тиек болғандардала өркениетінің рухани тұғыры мен биігі болған – сөзмерлік шығармашылықтың мәдениеттанымдық әлеуетін дәріптеу. Ділмарлық шиырлардың серпіні мен ұлы далақоғамының рухани-мәдени ғұмырнамасын сүреттеп, еліміздің мәдени дүниетанымы және ұлтымыздың танымгерлік мәдени рухымен бетпе-бет келуге әрі оның ішкі сырына бойлауға мүмкіндік туады. Сонымен бірге, даналық өнердің мәдениеттанымдық бітімі қазіргі жас буынға өз сырын әлі аша қоймаған, қазақтың антрапософиялық мәдениетінің қайнарларының бетін аршуға көмектесері анық. Келешек кешегі мен бүгінгіде жасырынып жатады. Келешекті ұғып, болжау өткенге саналы ақылмен бойлау мен бүгінгіні ғылыми талдау әрекеттеріне негізделмек.

Бұл тараушаны қортындылай келе, кешегі шешендеріміздің сөз саптау дәстүрінен ой азаттығы мен сөз бостандығының терезісінің тең келуін аңғарамыз. Олар, бостандық – ол адамды өзіне қалай бағындыруға тырысатын сырт құбылыстарды жеңу дейтін идеяны тастайды. Сол сырт құбылыс адамға жат болмай және үрей туғызбай, керісінше, адам сол арқылы өзін таныған жерде, шындаған, сынаған жерде, ол құбылыс адам тіршілігінің қажетті сәтіне немесе компонентіне айналған жерде және белгілі бір формаға ие болған жерде

ғана жалпы бостандық пайда болады дейтін көзқарастарды орнықтырады. Сондықтан бұл үрдіс, біріншіден, шешендік сөз иегерлерінің рух бостандығында бүгінгі егемендігіміздің тамыры жатқандығын еріксіз мойындатады. Ата-бабаларымыздың ой азаттығы мен сөз азаттығы – кезінде бүгінгі күн үшін қаланған рухани-мәдени негіз. Халқымыздың көне рухани мұраларын біз қалай түсінеміз, қалай игереміз, соған қарап біздің рухани-мәдени мүмкіндіктеріміздің шегі анықталады. Екіншіден, біз олардың мәдени астарын қаншама айқынырақ анықтаған сайын, соншалық олар мәдени сананың субстанциялық негізі бола береді. Егер халық үшін қызмет ету – шешендік сөздің өмір сүру шарты болса, ал оның мәдени дүниетанымдық маңызын ашу – мәдениеттанудың міндеті [5, 46 б.]. Үшіншіден, шешендік өнердің мәдениеттанулық өзегі және мәдени астарына үнілудің өзі қазіргі ұлтымыздың жаңа рухани сапасын тіктеп келе жатқан Тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын келешегін қалыптастыруымыздағы алтын дінгегі болатын мәдениософиялық базасын, ізгі мінезді тұлғалық жүйесін орнықтыру тарапынан да маңызы зор болмақ. Олай болса, би-шешендердің сөз саптау өнері отандық мәдениеттану ғылымының танымдық өрісі, рухани нәрі болатыны анық. Шешендік сөз өнері - ұлттық мәдениеттің қыр-сырын терең түсіну үшін үлкен негіз және әдіснамалық құрал. Шешендік сөз өнерінің шеңберінде қазақтың этномәдени ойлау дәстүрі қалыптасқан деуге болады. Онда экзистенциялық таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, ұлттық ойлау үлгілері көрініс тапқан. Сол себепті қазақтың шешендік сөз дәстүрі ірі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде өзінің ғылыми құндылығымен қатар, жоғары рухани күш ретінде де маңыздылығымен ерекшеленеді.

2.2 Қазақ шешендікөнеріндегі саяси-мәдени тұғырнамалар және олардың сабақтастығы

Бұл тараушада қазақ шешендігіндегі саяси тұғырнамалар жүйесінің мәдени астарына сараптау жасай отырып, олардың мәдени сабақтастық жақтарын ой елегінен өткізіп, мәдениеттанулық рефлексия кешенін қалыптастыруға алғаш қадам жасаймыз. Бұл ретте біз шешендіктің саяси-мәдени тұғырнамаларына зерттеу себебімізді жалпы шешендік өнердің шығуы саяси сахнамен байланысты болуымен негіздейміз. Оған теориялық негіз болатын ғылыми көзқарастар баршылық. Бұл мәселеге төменде арнайы тоқталатын боламыз.

Жалпы қазақ жұртының саяси мәдениетіне көз жіберсек, оған қазақ халқының саяси көзқарасы, саяси сана мен саяси мінезі, саяси мұраттары мен қоғамдық арман-аңсарлары, әлеуметтік және тарихи тәжірибесінен алынған саяси-мәдени тұғырнамалық рухани құндылықтар енгендігі анық. Қазақ үшін бұл – ұлттық саяси-мәдени идеологияның негіздері болмақ. Ал бүгінгі тәуелсіздік алған саяси кеңістік пен уақыт ауанында шешендік өнердегі ұлттық саяси-мәдени идеология, біздер үшін өмір сүру, ХХІ ғасырда аман қалу амалына айналуы керек деп есептейміз. «Саясат-қалың орман, қолыңда

компасың болмаса адасасың», -деп Елбасы айтқандай, халық шешендігіндегі саяси-мәдени идеялар сондай компас қызметін атқарады деген үміттеміз.

Осыдан туындайтын алғашқы саяси-мәдени тұғыр жүйесі – ол саясат пен шешендік – өнер дейтін концепциядан өрбиді. Осы тұста алдымен, ол екеуінің өнер болуына негіз болатын тарихи-мәдени фактор шешендік өнердің шығуы мен қалыптасуының өзі қоғамдық-саяси үрдістермен онтогендік байланысы. Шешендік өнер жайлы ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, шешендік пен саяси құбылыстар арасындағы өзара диалектикалық тәуелділіктегі байланысты аңғаруға болады. Өйткені, жалпы шешендік өнер, ең әуелі, қоғамдық саяси-мәдени қажеттікке байланысты пайда болғанына тарих куә. Ежелгі Греция мен Рим шешендік өнердің алғашқы бастау алған отаны десек, оның шығуына көне Грецияда Солон заңы себеп болғаны, шешендік өнердің негізін салған Афиналық саясаткер Демосфен, ал Римде Цицерон болғаны мәлім және ол жайлы олардың айтқандары куә. Мәселен шешендік дарын мен саяси өнерді тығыз байланыстыра келіп, ежелгі Афина шешені Демосфен «Саяси қайраткер мен шешен қандай жағдайда мейлінше батыл қимылдау керек?» деп сұрақ қояды да оған өзі былай деп жауап береді: «Мемлекеттің бүтіндігіне қандай болмасын қатер төнген және халқы дұшпанмен күрес жүргізуіне тура келген жағдайда, міне, нақ осындай жерде нағыз ақылды және арлы азамат керек» [68], -десе, енді бірде: «Шешеннің міндеті – уақиғаны әуел бастан көре білу, оның ағысын аңғару және ол туралы басқаларға ескерту. Сонан соң әрбір істе бейқамдық, кертартпалық, түсінбестік, баққүндестік сияқты барлық ерікті мемлекеттерге тән кемшіліктер болады. Осылардың барлығын мүмкіндігіне қарай мейлінше азайту ... болып табылады», [68,с. 282], -деп көрсетеді. Бұдан біз саясаттың өнер болуын дәлелдейтін факторларды оның субъективтік астарынан көретіндігін, яғни саяси тұлғаның жеке басына тән қарым-қабілетке, ақыл-парастына, арына, ағарымпаздық пен көрегендік сияқты рухани мәдениетіне тәуелді болатынын көреміз. Осының өзі саяси-мәдени тұғырдың ерекше мәдени феномен болатындығын білдірсе керек. Ежелгі Римнің айтулы ділмары М.Т. Цицерон: «Шешеннің тағдыры – мемлекет тағдырымен төркіндес» [69] -деп жазады. Мұнда да ділмар-саясаткер билік субъектісінің субмәдени қарымына иек артады.

Міне осылардан түйіндей келіп, біз әсте шешендіктің дүниеге келуі, өніп-өсіп дамуы адамзат эйкуменінің әрі ондағы әлеуметтік қауымдастықтың, билік жүйесінің қалыптасып, саясаттың алға шығуымен төркіндес болғанын адамзатының прототарихынан бергі ғұмыры тәлелдеп келеді. Демек, халық мұңы мен жыры айтылатын саяси алаң халықтың жоғын жоқтайтын елдің сөзге шебер қара қылды қақ жаратын сөзмерлерінің пікір додасы, тіпті саяси мінбер шешендік сөз сайысының тұрақты тұғыры болғаны анық. Осы ретте, «шешендік өнер сонау ықлым заманнан бастап қоғамдық-саяси қажеттіліктерден туып, халықтың саяси өміріне қозғаушы күш ретінде тарих сахнасына шыққан...» [5, 213 б.], - деген көзқараспен келісеміз. Сол себепті, шешендік сөз өнері – әлемдік саясат өзі дүниеге алып келген мәдени феномен деп айта аламыз.

Сол сияқты саясаттың да, шешендік сөз өнерінің де қалыптасуы қоғамның саяси-мәдени тыныс-тіршілігімен байланысты болатынын және оның мәдени тұғырлық астарын қазақтың шешендік дәстүрлерінің қалыптасуы мен даму тарихы да дәлелдейді. Қазақ даласындағы би-шешендер мен шешендік сөз өнеріне және оның қоғамдық-саяси сипатына ұлттық ауыз әдебиетін зерттеушілер де баса назар аударған. Дала қоғамындағы «Билер сотының ертеден келе жатқан халықтық түрі» [70] нақында сөз қозғай келіп, Ш. Уәлиханов қазақ шешендігінің елдегі саяси мәселелермен тамырлас болғанын мойындаған. Осы тұрғыда Абайдың көзқарасына назар аударатын болсақ, ол да Шоқанның ойын жалғастырып, би-шешендердің елдің саяси-тарихи істеріне араласа білетін, оны зерделей білетін, соған орай орамды ой, бітімді шешімдер кесе алатын адамдар болатынын айтқан. Мұнда да шешеннің де, саясаткердің де өнерпаздық қарымына: орамды ой, бітімді шешім қабылдау қабілетін мәдени құндылықтық тұғыр ретінде мойындалады. Сондай-ақ, Абай: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», әз Тәуке ханның Күл төбенің басында күнде кеңес болғандығы «Жеті жарғысын» білмек керек. Іәм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек» [71], - деп жазады. Мұнда Абай шешен-саясатшының мәдени тұғырына білімділікті қояды. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешендік өнерді түрге бөле отырып, шешендік сөздердің бір түрі ретінде саяси шешендікті көрсеткен тұстары бар. Мысалы, ол «шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлегенде – саясат шешен сөзі деп аталады» [72], -деп келтірген. Бұл жерде шешендік пен саясаттағы иландыру, сендіру, көзін жеткізу сияқты мәдени тұғырнаманың саяси мәртебесін жоғары қояды.

Шешендік пен саясатты өнер деп мойындайтын мәдени тұғырнаманы әрі олардың қоғамның тарихи болмысымен тығыз байланысты болатындығын кейінгі зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінен де аңғаруға болады. Қазақтың шешендік өнерін зерттеуші-ғалымдардың бірі – Б. Адамбаев шешендік сөз өнерінің шығуын қазақ даласындағы көшпелілердің рулар мен ұлыстарға бірігіп, олардың өзін-өзі басқару жүйесінің, өзара әлеуметтік-саяси қатынас жүйесінің қалыптасуымен байланыстырады. Сонымен бірге, ол XVIII ғасырдағы қазақ шешендігінің өркендей түсуін айта отырып, оған үш түрлі саяси факторлардың себеп болғанын баяндайды. Біріншіден, оны Тәуке хан тұсындағы саяси шаралармен (Билер кеңесін құру, Жеті жарғы заңын шығару, қазақтың басын қосуы, оларды үш ұлысқа топтауы), екіншіден, қазаққа көршілес хандықтардың (Жоңғар, ойрат) саяси қоқан-лоқы жасау саяси әрекеттерімен, үшіншіден, қазақ шаруаларының өз хандарына және ресей патшалығының үстемдік әрекеттеріне қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің етек алу себептерімен байланыстырады [73]. Осыған орай Б. Адамбаев қазақ ділмарларын «ел құрасқан шешендер (XI-XVI), ел қорғасқан шешендер (XVII-

XVIII), хан-сұлтандарға қарсы шешендер (XVII-XVIII), бек-болыстарға қарсы шешендер (XVIII-XIX)» – деп топтайды [73, б. 24-102]. Қазақ шешендігін зерттеуші әдебиетші-ғалым С. Негимов: «Осы уақытқа шейін шешен-билердің мейлінше дәл, ұтымды сөздері көркем сөз ретінде қарастырылып келгені белгілі. Негізінде, шешен-билер мемлекет тағдырын шешетін шынайы тұлғалар. Мемлекеттің көсегесінің көгеруі, дамуы нағыз шешен-билердің тегеуірінді өнерімен, өнегесімен, қызметімен тамырлас» [9,б. 39], – екенін айқын көрсетеді. Сөйтіп ол шешендік өнерді саяси тақырыпта сөйлеу, салтанатты мәслихатта сөйлеу және сотта сөйлеу сияқты үш түрге жіктей отырып, оның саясатпен тығыз байланысты болатынын және олардың екеуінің де өнер болатынын мойындайды. Мұнда автор саясат пен шешендікті біріктіретін мәдени-саяси тұғыр биігіне тегеуірінділік пен өнегелілік мәдениетті көтереді.

Бұл айтылғандарға Қазыбек бек Тауасарұлының айтқандарын кепілдікке тартуға болады. Ол Ордабасындағы бір жиынды айта келіп: «Бұған үш жүздің игі жақсыларының бәрі жиналды. Бұған себепші болған үш басты жыландай үш жаққа қараған хандар емес, сол кездері ұлық хан саналатын Болат та емес, қазақтың үш данышпаны Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүз Әйтеке би еді. Сөйтіп, жиынды Болат ханға ашқызды. ...Жиынды ол бастағанымен, сөз де, байлам да, бар билік те қазақтың үш биінде болды» [74], – деп жазады. Сонымен бірге Қазыбек бек қазақ даласындағы хандық билік жүйесіндегі би-шешендердің саяси ролін ерекше бағалап, ол: «Тәуке өзіне ғақылшы етіп... Төлені, ... Қазыбекті,... Айтықты алған. Бұлармен қатар әз Тәуке Қырғыздың Қоқым (Көкім деп те атайды) биін, Қарақалпақтан Сасық биді, Қатағанда Жайма биді қолына ұстады. Әз Тәуке өзінің білікті ғұмырында үнемі осыларға арқа сүйеді. Тәуке кезіндегі атақты заң «Жеті жарғыны» да осылар жасады. Тәуке – ...сол ғақылдылығымен үш биді қатар ұстап, олардың көңіліне қонған сөздерін кешіктірмей іс жүзіне асырып отырған адам» [74, б. 210], - деп келтіреді. Міне бұл да саясат пен шешендікті теңестіретін өнерлілік мәдени тұғыр болатынын дәлелдей түседі.

Шындығында Тәуке хан сұлтандар беделінің әлсіреп бара жатқанын дер кезінде көре біліп, билер ролін күшейтеді. Билер сот қызметінен бастап ру басшысына дейінгі қызметін атқарған. Әз Тәуке айналасына беделді, от ауыз, орақ тілді шешен билерді жинап, ел, мемлекет мәселесін шешуде кеңесіп отырған. Тәукенің саяси бірлікті нығайту бағытында билер кеңесінің маңызы ерекше болды. Билер кеңесіне тұрақты күші бар, кеңесші мәртебесі берілді. Билер кеңесінің шешімімен хан міндетті түрде санасқан. Билер заң шығарушы міндетін де атқарады. Сот істерін жеке билер шеше алмаған жағдайда, осы билер кеңесі немесе хан қарайтын болған. Басқару жүйесінде білікті билер мен батырларды тандап, оларды қасына топтастыра білген Тәукені орыс тарихшысы А.И. Левшин Спартаның ақылгөй заңгері Ликургпен теңеген екен. Бұған Қазыбек бидің: «Хан билерсіз жеке қарекет қылмайды. Өйткені хан жарлығын іске асыратын – халық, ал халық, қалың жұрт хан қолында емес, ол нақ қазір біздің – билердің қолында. Хан жарлығы екі болмайды дегенмен, оны мына

Төле ағаң, анау Айтық ағаң қолдамаса, жүзеге аспайды. ... Билік жалғыз жүргізеді деп есептелетін Шыңғыстың өзі билерсіз қың демеген. Бұл тіпті, былай қарағанда, біз іргелі мемлекетпіз дейтін Еуропа елдерінен артықпыз, өйткені елмен-жұртпен билер арқылы сөйлесіп, тіпті хан жанында отырмын демей, өзіміз сөйлесіп, ортақ нардау жасап, тоқтамға келеміз. Бұл біздің елдігімізді, ел бола алатынымызды көрсетеді», - дегені және Төле бидің: «... Ендігі Әбілмансұрдың болашағы Қазыбек ағаңа (Қазыбек биге) оның оны салмақтап, бедел туғызуына байланысты», - деп айтқаны кепіл болмақ. Олай болса, Төле бидің: «ел шетіне жау келсе, батырлар мен биге күш» дегенінің мәнісі осында болса керек.

Бұдан біз би-шешендердің саяси-қайраткерлігін, яғни олардың елінің, жерінің қасиетін, өткен-кеткенін бәрін зердесіне тоқыған, оны біліп қана қоймай, керек жерінде пайдаланып, білгенінен нәтиже шығарып отыратын адам болатындығын байқаймыз. Олар ең тұйық жерден шұғыл жол тауып кете алатын саяси көсем болған деуге болады. Ендеше, *саяси көсемдік* – мәдени тұғырдың биік шыңы десек болады. Олай дейтініміз қазақ даласы қоғамында шешен билердің төрелі-қалыстық үкімі сол замандағы сот билігімен пара-пар болғанын елдің кәрі тарихы біледі. Қазақтың дал өркениетіндегі билердің сот төрелігіндегі ұтқыр тілден шыққан шешімдері басым жағдайда хан-сұлтандардың үкімінен де жоғары болған. Билер шешімі олардан көрі халыққа жақын, жұғымды болған. Салыстырар болсақ билер билігі хан-сұлтанға қарағанда өзінің шыншылдығымен, әділдігімен құрметке ие болған деп айтуға негіз бар. Би – ханның ақыл-ой кеңесшісі, рухани тірегі әрі рухани ұстазы ретінде танылды. Би әр уақытта халықтың атынан сөйледі, сондықтан да би ханның алдында тайсалмады, тіпті керекті жерінде өктемдік те көрсете алды. Қазақы дәстүр бойынша би ханға жол көрсетті, ханның кемшіліктерін бетіне басып сынады, дұрыс жолдан таймауына бас-көз болып, қателіктерінен ажырауға шақырды. Би ханға қатты айтуға, халық қамы үшін керекті жерінде сұс көрсетуге хақылы болып есептелді. Себебі, ұлттық саяси мәдениет бойынша шешендік-билік – халыққа бәрінен ең жақын тұрған билік. Ал белгілі саясаттанушы-ғалым Әзімбай Ғали да осындай пікірді айта келіп: «Қазақтың мемлекет құқығында сот элитасы (билер) әу бастан атқарушы билік серкелерінен, биік лауазымды батырлардан, молда мен қожалардан биігірек тұрған» [75], - деп жазады. Бұл келтірілген материал қазақтың орысқа бодан болу дәуіріндегі саяси билік жүйесінің құрылымының өзгертілген сипатынан белгі береді.

Билер шешендігіне көңіл аударған, философ-ғалымдарымыздың зерттеулеріне сүйенетін болсақ та осындай ой-түйіндері кездестіреміз. Қ. Бейсенов шешендік сөз өнерінде «уытты саяси сарынмен ерекшеленетін толғаулардың» болатынын айта келіп, «... билер дегеніміз ... құқықтық сауаты бар, тарихи деректерден хабардар талант иелері. Әдетте мұндай адамдар рудың көсемі, ақсақалы болып келеді» [3,б. 79-87], – деп жазады. Мұнда да би-шешендердің белгілі мемлекет қайраткері, саясаткер болатындығы айқын көрінеді. Сондықтан «ел бастап жұртын ерте білетін, сөз бастап тыңдаушыны

аузына қарата білетін адамдарды» билер деп айтуды жөн көретінін және билер шешендігінің сайып келгенде олардың «қоғамшылдығынан құралып, қазақ қауымының жетістігі мен даулы мәселелерін талқыға салатындығына» [76] тоқтам жасауға болады. Сайып келгенде, шешендік өнердің саясатпен байланысына қарсы келетін пікір жоқ, керісінше қазақ ділмарларына саяси қайраткер ретінде баға беру көзқарасы орын алған. Сондай-ақ, Қ.Әлжанов та қазақтың би-шешендерінің саяси іс-шараларға қатысының бар екенін Асан қайғының мемлекеттік деңгейдегі саяси-мәдени қызметі арқылы көрсетеді. Алтын Орда, сонан соң Қазақ Ордасының салтанат құруы тұсында қазақ мемлекеттілігін орнату мәселесінің өткір қойылуы және сол дәуірде Асан қайғының «қазақ халқының бірігуіне, жас мемлекеттің өмір салтын, жер жағдайын зерттеп білуге үлес қосқан тұлға деп тануға болатындығы» [77] баян етіледі.

Міне, осы жоғарыда келтірілген үзік ой-тұжырымдардан – билер шешендігін қазақ даласындағы дәстүрлі қоғамның, қазақ мемлекетінің саяси тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттай алған ерекше саяси-мәдени феномен деген ой қортуға болады. Дала қоғамындағы мемлекеттік билік жүйесін сипаттаудағы мәдени тәсілінің бірі деп айтар едік. Себебі шешендіктің өзі ең алдымен бүкіл елдік, халықтық мән-мағынаға ие болған үлкен саяси-мәдени уақиғалар мен факторлардан туындағанын байқаймыз. Осыған байланысты, дала қазағы айнала қоршаған ортамен есептесіп, одан туындайтын оқиғалардың алдын алуға дайын болу сияқты саяси мәдениетті қалыптастыра білді. Ол қазақ халқына тарихи оқиғаларға баға беріп, оған ықпал ету мәдениетін үйретті. Соларға тікелей әсер ете алатын қасиетке ие адамдардың ықпалы арта түсті. Мәселен, қазақ үшін XVIII ғасырда орын алған «қайың сауып, ши сорған», «Ақ табан шұбырынды» заманда өз руының, ұлысының, елінің тағдырын, болашағын ойлап, оны дағдарыстан, соншама үлкен әлеуметтік-саяси апаттан алып шығудың әдіс-тәсілі мен жолын іздегендердің қатарында би-шешендер болды. Демек, қазақтың шешен-билері – тап осындай қажеттілік қалыптастырған ұлан-ғайыр әлеуметтік-саяси құбылыс деп атуға болады. Қай тұста да ұлт тағдырын әріден таныған ұлы би-шешендер жан-жақтан келе жатқан қатерді қапысыз таныды. Бұл би-шешендердің превентивтік саяси мәдениетінің көрінісі деуге болады. Олар тығырыққа тіреліп, қатты дағдарған жалпақ қауымның өзін-өзі тауқыметтен алып шығып, құтқарып қалуға деген құлшыныс-ұмтылысынан жаралған саяси-мәдени қайраткерлер.

Шешен-бидің көсем шешімінің саяси мұраты – үкімет тізгінін ұстаушылардың билігіне баға беріп, оның оңы мен солын ажыратып, дұрысын қолдап, дұрыс емесін сынап, оларды қарашаның пайдасына қарай ойыстырып, істің бетін елдің сұранысына икемдеу, билеушіні кісілік мінезден айнытпау мәдениетін қолдау болды. Билердің діттегені – хан-сұлтандардың саяси мінезін ұлы дала хандық қоғамындағы элитарлық мәдениет үлгісін қалыптастыру. Сондықтан қазақ сөз ұстарлары – дала қоғамының рухани ұнтаспасы болған, қараша халықтың мәдени тіршілігінің ішкі сырын аңғарған көкей көзі қырағы

элитарлық топ ретінде елінің намысын ту еткен мәдени текті тұлғалар қауымы болған.

Қазақ шешендігіндегі келесі бір *саяси-мәдени тұғырнама жүйесі* билердің *саясат туралы мәдени жаратылыстық танымына* байланысты қалыптасқан деп айта аламыз.

Шешендердің үкім-қалыс пікірлерінің бағамы, ізденушінің назарын саяси процестерге қатысты ерекше мәденигендік дүниетанымға қарай ойыстырады. Саяси билік ділмарлық сөз кеңістігінде басқа салаларға ұқсай бермейтін, өзіндік бітімі бар мәдени құбылыс тұрғысынан тәпсірленеді. Демек саяси өмір дала сөз өнерінде ең әуелі, адамдардың саяси-мәдени мінезінің көрініс табу формасы, сондай-ақ, қоғамдағы мәдени сананың өмір сүру кеңістігі тұрғысынан талқыға түседі. Бір сөзбен айтқанда, онда саясат – қоғамдық сананың бір формасы, саяси мәдениет дейтін идеяны көре аламыз. Сондықтан саясат, адамның әлеуметтік-экономикалық өміріне ықпалын тигізетін, халықтың тағдырын анықтайтын, әр адамның қоғамдағы әлеуметтік-саяси статусын өзгертетін саяси-мәдени әрекет-күш деп мойындалғанына сенім мол.

Саясат өз даму логикасы бар, өз заңдылығы бар, өз даму тарихы бар өзіндік мәдени үрдіс ретінде танылады және би-шешендер саясаттағы объективтілікпен бірге субъективтілік жағдайларды да қатар қояды. Олардың пікірінше, саясат та өзіндік болмысы бар, адамзат ғұмырындағы қоғамдық тіршілікті құрайтын және одан бөлінбейтін тұтас мәдени құбылыс. Өйткені, олар адамзатына әуелден айла асырып, аман қалуды ойлап отыратын мәдени-саяси қасиеттер тән екенін мойындаған және қандай да бір әрекет өзіне қарсы әрекет туғызбай тұрмайтындығын білген. Мысалы қазақтың алғашқы би-шешені, білімпаз-әулиесі Майқының: «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, ел болуды ойлар», – деп айтқанында, Қазыбек бидің - Баба, қазақтың кегі қайтсе қайтады? – деген сұрағына Қармыс бидің: «Атқа қонбаса, садақ тартпаса, оқ боратпаса, қазақтың кегі қайтпайды»[5, 219 б.], - деп айтқанында саяси биліктің немесе саяси үдерістің әраи адами, әрі қоғами, әрі біртұтас саяси-мәдени тіршілік көзі болатынын және адамдардың мінездік мәдениеті арқылы көрінетін, адами позиция түрінде іске асырылатын эмпатиялық әрекет болатынын растайтын мәдени танымды аңғаруға болады. Осылайша, даласөз өнерінде «Ел намысы – ер намысы» деген саяси-мәдени тұғырнама қазақ елінің сыртқы әлем мен байланысында рухани-мәдени принцип болып орныққан.

Осыдан қазақ даласындағы саяси тұрақтылық пен орнықтылықты немесе саяси-әлеуметтік бірқалыптылықты сақтау сияқты саяси-мәдени тұғырнама келіп шығады. Міне осы мәжбүрлік адамзатты өз тәжірибесіне сүйене отырып әрекет жасауға, сондай-ақ бастан кешкенге баға беруге үйретеді. Үнемі қандайда бір саяси іске дайын тұрып, сақ тұруға, бекем жүруге машықтандырады. Бұл қазақтың дәстүрлі қоғамындағы өзін-өзі сақтай білу қабілетінен туындайтын төл саяси-мәдени интенция болса керек. Дүниенің қыры мен сырына бойлау барысында адамзат баласы білікпен де, білекпен де, дәлел-дәйекпен де, түсінік-түйсікпен де әрекет жасаған. Бұл мәдени амалдар

парадигмасын көрсетеді. Осыған орай Мұхтар Шахановтың сөзімен айтқанда «1456 жылы Шайбани ұрпағынан бөлініп жеке отау тіккен қазақ халқы осы аумалы-төкпелі, алқакөл сұламалы, құзтасты-құламалы бес ғасырдан артық уақыт ішінде өз басынан үш жүзден астам ірілі-ұсақты ұлт-азаттық көтерілісін өткерген» [78]. Қорыта айтар болсақ, бұдан қазақ жұртының ұлы қарманымен мұраты өздаласын сыртқы шапқыншылықтан сақтау өз елін найзаның ұшымен, білектің күшіменаман алып қалу басты саяси мәдениетке айланғаны анық. Мәселен, осы ретте профессор Д.С. Раевтың: «Осындай тұста арғы-бергі дала жақсыларының ішінен қазақтың ұстанып отырған үрдісі мен тұрмысын сақтап қалу үшін күресу керек екенін бүкпесіз айтуға алғаш бел байлаған адамдардың бірі – билер қауымы болды десек қателеспейміз. Олар өзін өзгермесең, өмір өзгермейді, әркім өзіне-өзі бекем болса, ел тізгініне бекем болады деген сияқты көзқараста болды»[5, 220 б.], - деген пікірі шындыққа жанасады деп птейміз. Міне, бұл қазақ шешендігіндегі *саяси-мәдени антропоөзектік тұғыр* деп айтуға негіз бар. Мәселен, қазақтың ел құрасқан шешендерінің бірі – Асан қайғы би: «Жолдасыңа жау тисе, жаныңды аяп тұрыспа» деп қаһармандық іске бел байлауға уағыздау арқылы саяси іскерлікке шақырса, ел қорғасқан шешендердің бірі – Төле би жаугершілік тұста елдің саяси ерік-жігерін білдірген. Халық жасақтарын азаттық күрестерге жігерлендіре отырып: «Уа, көсіле шабар жерің бар, ту көтерген ерің бар. Қол боларлық елің бар, атадан қалған сара жолың бар. Құлдық ұрсаң дұшпанға, арылмайтын сорың бар ... Құлдық ұрсаң дұшпанға, еркек болып туды деп, мына сені кім айтар?», – деген шешендік толғаумен бағдарлау арқылы ел қорғау, жердің бүтіндігін сақтау саясатының нақтылы іспен болатынын айқын мойындаған мәдениетті көреміз. Азаматтың қаһармандық, батылдық пен батырлық, ержүректілік, отансүйгіштік, елжандылық сияқты парыздық намысты қайрайтын ұлттық рухты көтерудің үлгісін шешендік шиырмен келтірген мәдени антропоөзектік тұғырды көреміз.

Жоңғар мен қазақ елінің сыртқы саясатын жүргізу тұсында атақты үш бидің әрқайсысы баруға ниет білдіріп: «Дауласқанды жайғармын, жауласқанды жерлермін» (Төле би), «Жағаласқанды жапырып, найзамды ерсілі – қарсылы іремеймін бе, дауымды аршып, күремеймін бе» (Әйтеке би), «Тынысы бардың елде – ырысы, жауда – ұрысы, дауда жұмысы бар емес пе» (Қазыбек би), – деген шешендік арнау сөздерінде де саясаттың нақтылы адамға байланысты болатын іс-әрекеттің мәдени жүйесі болатыны расталады. Сол сияқты Жетес бидің: «Жау келсе – қолыңа найзанды ал, қарыңа қалқан сал» – деуі немесе Қалмақ пен қазақ шапқыншылығы дәуіріндегі қазақ елінің қалмақта қалған малы мен ұл-қыздарын қайтару мақсатымен Абылай ханның қалмаққа елші жіберу барысында Бертис бидің «... біз осы жолы суын сүт қылып қайнатпасақ бізден қатын артық. Қасықтай қанымызды, шыбындай жанымызды салып көрерміз», – деп міндеттеме алуы хандық пен мемлекет тұтастығы мен тәуелсіздігін көздеген сыртқы саясатта әрекеттік принципті ұстанған прагматикалық мәдениетті білдірсе керек. Бұны дала сөз шеберлерінің кестелі тілімен, тұлғалық бітіміндегі елдік аңсар-арманымен жұрттың мәдени санасын ғажайып

салтанатпен игерудегі, әлеуметтің саяси мінезіне кеңдік пен кісіліктің, тазалықтың нәрі мен қамқорлық жасап жанашыр болудың, дәуір мен дәуір алмасып, заман өзгеріп жатқан тұста өздерінің мақсаткерлік мінез болмысымен, ақыл тереңдігімен, парасат кемелдігімен елгеақылманрухани тірек, қайраткерлік рухпенсаясатқаықпал етудегіпайым-парасатын, білім-білігінхалық үшін жұмсаудың ақжүректі, адалтілекті биік пассионарлық мәдениеттің үлгісі ретінде мойындауымыз керек.

Қазақ ділмарлығындағы тағы бір айрықша бет бұратын *саяси-мәдени тұғырнамалық жүйе* – сөз ұстарлардың саясатты белгісіздік (стохастикалық) сипат тән құбылыс ретінде таныған көзқарасы. Шешендік сөздерде саяси тіршіліктегі белгісіздік пен беймәлімділік, қауіп пен күдіктің орын алатыны табиғи құбылыс ретінде қарастыру мәдени дәстүрінің басымдығы байқалады. Стохастикалық деген ұғымның өзіне келсек, ол энциклопедиялық сөздікте гректің «stochastikos» (умеющий угадывать) деген сөзінен алынып, кездейсоқтық, ықтималдылық деген мағынада қолданылатындығы көрсетіледі [79]. Ал шетелдік сөздер сөздігінде стохастикалық процеске өзінің сипаты тұрғысынан оның нәтижесін алдын ала нақты анықтауға болмайтын процесс ретінде анықтама беріледі [80]. Осы айқындамаларға сүйене отырып, дала ділмарларының саясатқа деген стохастикалық көзқарасын негізсіз деп айтуға болмайды. Алайда, олар бұл құбылысты біздің түсінігіміздегі ғылыми тұжырымдармен жіктеп, түсіндіріп жатпаған. Бірақ саяси көзқарастарында осындай позицияда болғаны анық.

Ал енді бұл парадигманы ғылыми тұрғыдан талдайтын болсақ, ғылымда да әлемді тануға деген бір-біріне оппозициялық жағдайда болған екі түрлі: сциентистік және стохастикалық көзқарастардың болғаны әрі олардың арасындағы полемиканың бүгінге дейін жетіп отырғаны мәлім. Дегенмен, ХІХ-ХХ ғасырларда әлемге деген ғылыми көзқараста жаңа арна қалыптаса бастап, ол - ғаламға деген стохастикалық көзқарасқа ойысты. Ол – ондағы өзіндік ішкі қайшылығымен, көп қырлылығымен, беймәлімдігімен, демек, әлемдік өркениеттегі болып жатқан үдерістердің немен аяқталатынын күні бұрын болжауға бола бермейтінін мақұлдайтын концептсфера болып есептеледі. Мұнда күтілмеген, әлі ішкі сырын аша қоймағандықпен, қиын, бейтаныс дүниелер дезаңдылықпен бірге қосарлана ілесіп жүретін константты универсум қоғамдық өмірде орын алатыны құпталады. Міне, осы пікірдің бірте-бірте әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға да енуіне бүгінгі саясаттанушылардың көзі жетуде. Бірақ, олар ғаламның дәлдік ғылыми бейнесі мен әлеуметтік-мәдени бейнесін толық теңгеруге болмайтындығын жақтайды. Яғни, қоғамдық құбылыстардағы беймәлімділік, күрделілік, кездейсоқтық, олардың біз күтпеген нәтижелер беруі өзінше бір феномендік құбылыс екенін аңғаруға болады. Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Соңғы он жылдың ішінде біз бастан кешкен уақиғалардың шиыршық атып тұрғандығы, күнделікті өмірдің уайым-қайғысы мен қауіп-қатерінің шығандығы сондай, кей-кейде көне тарихтың бел-белестері де, келешектің көкжиегі де көмескіленіп кете береді-дей келіп, «...тарих болжам жасап, бал аша бергенді мойындай қоймайды,

сондай-ақ, ақ-қара деп қана айыра салғанды да құп көрмейді. Дүниеде екі дүлей күш бар, оның бірі – уақыт, енді бірі жағдаят деген сөздің осыдан екі ғасырдан бұрын айтылып жүргені тегін емес. Алда тұрған уақыт біздің тарихымызда онша оңай уақыт емес, жағдаят жақсы боп кетер деп үміт етудің де жөні жоқ» [81], - деп ой түйіндеуін соны мойындағандықтың куәсі деуге болады. Тағы да бір осындай пікірге орын берсек, белгілі жазушы-ғалым Хасен Әбдібаев: «Адамзат тарихы сағымды қуудың қайырсыз көрінісіне ұқсайды. Мұның себебі адамның ақымақтығында емес! Көзі жеткен жерді ғана көре білетін адам тындыруға ұмтылған ісінің түпкі нәтижесінің қалай боларын білмейді, мәселенің түп-тамырына үңіле алмайды» [82], - деген ой-қорытынды жасайды. Бұл айтылғандарға дәлел ретінде Қазақстан саясаттану ғылымының соңғы уақыттағы объективті және субъективті сипаттағы көптеген себептерге орай, стохастикалық дүниетаным шеңберіндегі зерттеу жұмыстарына біршама ойыса бастауын айтуға болады. Мұның өзі, біріншіден, ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алған қасіретті оқиғалардың бүкіл адамзаттың тарихи дамуындағы терең де түйінді қарама-қайшылықтарды айқындауымен; екіншіден, адамзатының тіршілік ету жағдайының жоғары технологиялар дәуірінде тым шиеленісіп кетуімен, үшіншіден, мемлекеттік, аймақтық және ғаламдық деңгейдегі дағдарыстарды әлеуметтік тұрғыдан болжайлау үрдістерінің күрделене түсуімен түсіндірілмек. Міне, қарап тұрсаңыз, жоғарыдағы үш тұжырым ғалам құпиясынан туындап, дұдамалдықпен аяқталып тұр.

Бұл мәселені айтуымыздағы біздің көздеген мақсатымыз – қоғамдық құбылыстарда да, оның ішінде саясатта да осы құбылыстардың болатындығын мойындай отырып, ол принципті ескермеуге болмайтындығын мақұлдау. Сонымен бірге қазақ даласындағы дәстүрлі қоғамның саяси үрдістерінде осы принциптердің сақталу дәстүрінің болғандығын айту немесе кешегі осындай саяси ұстаным мен бүгінгі саясат болмасы арасындағы сабақтастықты анықтау.

Жоғарыда айтылғандардан біздің зерттеуімізге қатысты туындайтын түйінді ой, ол – қоғамдық құбылыстардың стохастикалық сипаты өзінше ерекше фактор арқылы көрініс табатынына байланысты мәселе. Синергетика тілімен айтқанда «қоғам» атты күрделі жүйенің жоғарыда көрсетілген құрылымдық құрамының өзегінде тұрған басты элемент – адам. Қоғамдық-саяси қозғалыстағы басты айқындаушы фактор, біздің пікірімізше, адам болмысына келіп тіреледі. Яғни, қоғамдық-тарихи құрылымда адамның пассивті квазиобъект емес, керісінше белсенді субъект әрі көп жағдайда сыр бере бермейтін құпия күш ретінде әрекет етуші элемент болуы ғана қоғамдық процестерге күрделілік және сырын ішіне жасыратын құпиялылық мазмұн беріп отырады деп айтуға болады. Дерек көзіне сүйенетін болсақ, Асқар Егеубаев Жүсіп Баласұғынның құтты білік еңбегіне жазған алғы сөзінде: «Тарихтың көзі де, өзі де – адам. Дамудың лүп-лүп соққан ыстық жүрегі да – адам» [82], – деп келтіреді. Демек, бүкіл әлемі де, қоғамы да құбылыстардың тоғысар нүктесі адамға келіп тірелетіні еш ақталуды қажет етпесе керек. Міне бұл да саясаттағы антропоэлектік мәдени-саяси тұғырдың болмысын дәлелдей

түседі. Адам мен оның өмір сүру жағдайы немесе қоғамы кеңістігі арасындағы байланыстың өзі түзу сызықпен жүрмейді, яғни саясаттың стохастикалық сипатқа ие болатынын көрсететін мәдени тұғыр деген сөз. Шындығында, жалғанның жарық дүниесіне келген әрбір тіршілік иесінің өмір сүруінің өзі – құпиялы құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда, біз үшін зерттеу пәні боларлық мәселе – ол стохастикалық көзқарастың саясаттағы алатын орны және ұлттық шешендік өнердегі оның көрініс табуы. Демек қазақ би-шешендерінің саяси танымында стохастикалық көзқарастың ерекше орын алғандығын тілге тиек ете отырып, оның көрініс табу ерекшелігін көрсету міндеті қойылады.

Қазақтың би-шешендерінің саяси көзқарастарындағы стохастикалық белгілердің орын алу дәстүрінің қалыптасуына себеп болған басты фактор – ол, біріншіден, ғаламның құпиясын толық ашуға болмайтындығына мойынұсынғандық болса, екіншіден, микроәлемдік құбылыс ретіндегі *адамның да құпия жаратылыс* екенін мойындайтын мәдени тұғыр деп есептейміз. Ал осы адам дегіміз не деген сұраққа берілген бүгінгі ғылыми тұжырымдарға көз жіберетін болсақ, оған толық жауаптың әлі жоқ екеніне, яғни адам өзі үшін өзі әлі де құпия жаратылыс болып қалатындығына көз жеткізуге болады. Мәселен кезінде И. Кант адам феноменінің негізі біздің танымымыздағы берілмейтін нәрсе, екенін, өйткені Құдай оның жаратылу актісі туралы бізге мәлімет қалдырмаған деген пікірді алға тартқан. Испан философы Х. Ортега-и-Гассет философия адамды тануда анықтылықтан гөрі белгісіздікке душар болатынын көрсетсе, Тейяр де Шарден адам ең бір құпиялы нәрсе дегенді мойындайды.

Философиялық әдебиеттерде «құпия» ұғымы бірнеше мағынада қолданылады. Олардың басым көпшілігі «құпия» ұғымы ғылымда әлі танылмаған, бірақ тануға болатын құбылыстарды атау үшін қолданады дегенді айтады. Алайда, қазіргі ғылымда адамның құпиялылығын анықтауда, оған «затты тану деген сөз – оны құрастыру» (Спиноза), «тану, яғни оны ұғыммен көрсету» (Гегель) деген сияқты рационалистік формулаларды қолдануға болмайтындығымен түсіндіреді. Мәселен, М.М. Бахтин: «адам ұғым бола алмайды», – деген тұжырым жасайды. Олай болса, объектіні тану тәсілдерін субъектіні тану процесінде қолдануға келмейді деген сөз. Бұл субъектіні танудың өзіндік ерекшелігін көрсетсе керек. Адамның ерекшелігі оның құпиялылығында деп айта аламыз[83]. Демек, заттық таным категорияларын субъектіні тануда қолдануға келмейді.

Қазақ шешендігіндегі «адам аласы ішінде» дейтін түсінік жоғарыдағы ғылыми жорамалдардың баламасы десек артық айтпас едік. Біздің зерттеуімізге қатысты мұнда қоғамның әлеуметтік-саяси өмірінде де өзінен сыр бермейтін құпия сәттердің орын алатыны туралы идеяның бар екенін айтуға негіз қалыптасады. Демек, дала сөз шеберлері саясаттың белгісіздік сырын қазақтың – «адам аласы ішінде» деген мәдени қағидасының астарынан іздеуге бізді жетелейді. Оған мысал есебінде Моғал бидің Ноғайбай биге арнап айтқан шешендік арнауын алуға болады: «Ілімің бар екен, білімің әлде қалай. Қағуың бар екен, халқыңа жағуың әлде қалай. Айлаң бар екен, халқыңа пайдаң әлде қалай. Жорғалығың бар екен, халқыңа қорғандығың әлде қалай. Заттығың бар

екен, халқыңа қымбаттығың әлде қалай?!». Бұл жерде қарт би жас бидің жеке қасиеттерін мемлекеттік, қоғамдық, халықтық тұрғыдан сынай отырып, бидің саяси мінезінің мәдени болмысына стохастикалық көзқараспен баға береді. Егер де би-шешен өз қабілетін ел-жұрт үшін пайдаланса, ол халқының қамқоршысы, ал ақыл-парасатын қара басының пайдасы үшін жұмсап, халқына айласын өткізіп, арам көңілді болса, онда ол ел үшін, қоғам үшін қауіпті, күмәнді адам болады деген мәдени тұғырды меңзейді. Қалмақ ханы Қоңтажының әйелінің ханға: «...Тай дегенің тұлпар болып жүрмесін, бала дегенің сұңқар болып жүрмесін, байқау керек» [84], – деген шешендік болжамын алсақ та, шындығында да саясат мазмұнының өзектеніп өткірленуі, қызулануының мәні, оның немен аяқталуының белгісіз болуымен байланысты болатыны аңғарылады.

Осы ретте, «Қазақ пен қалмақ арасындағы саяси мәселелердің қандай жолдармен шешуге болатындығын, оның қандай нәтиже әкелетінін алдын ала нақ анықтаудың күрделілігі осы мәселедегі жүргізілетін саясаттың салдарының беймәлімділігін, белгісіздігін білдіріп, жалпы қазақ даласындағы саясатқа деген стохастикалық көзқарастың болмысын бейнелейді»[5, 228 б.], - деген көзқарас орынды болмақ. Сондай-ақ, Тайкелтірдің қалмақ ханы Қоңтажға: «Алдияр тақсыр алдына келдік, берсең алдық, бермесең қалдық, сөзді өзіңе салдық!» – деген осалдығы басым күмілжу көңілден шыққан сөзінде, Төле бидің «Алдағы күндері халқымның күні қандай болмақ деп армандаймын» – деп айтқан шешендік мысал мен болжамдарында да саяси стохастикалық мәдени көзқарастың сарыны жатқандығы айтылады[5, 228 б.]. Осы ойдың шынында да дала зиялыларына тән болғандығына дәлел ретінде Тұрсын Жұртпайдың ойталғамын келтіруге болады. Мысалы, ол Абай туралы ой қозғай келіп: «Соншама ауыр салмақты көтере тұрып, халқының белгісіз болашағын болжағанда жүрек қабына шер толып, жарып кетті» [85], - деп жазады. Абайдың сөзімен айтқанда: «Көк тұман – алдыңдағы келер заман, үмітті сәуле етіп көз көп қадалған» [85,б. 5]. Демек бұл би-шешендердің: «Бұл дүниенің сипатын түгел білген пенде жоқ» (Балпық би), – деген танымдық мәдениетке келіп саяды. Осының бәрі адамзат қоғамындағы сауалы бар да, жауабы жоқ құбылыстардың көптігінен және оны түгел білу мүмкін еместігінде болса керек.

Біздің пікірімізше, қазақ ділмарларының мұндай көзқараста болуын мойындауға негіз бар. Себебі, олардың бәрі дүниеге көбінше мұсылмандық ой таразысымен қарағандар. Өйткені, мұсылмандық мәдениеттегі негізгі принцип – адамзаты мен сыртқы ортаның бір-біріне тәуелділікте өмір сүру қағидаты. Ол принцип исламдық мәдениеттің *бірқұдайлық (таухид)қағидасынан* туындайды. Бір құдайлық заңдылығына негзделген бұл түсінік барлық дүниенің түпбірлігі – бір Құдай бастамасынан алынады. Демек, бұл жалпы ғаламның сыры тек Құдайға ғана белгілі дегенді білдірмек. Ал сол мәдени танымдық принципке келетін болсақ, адамға болмыстың түп көзі мен мәнін танып білу мүмкіндігі берілмеген болып есептеледі. Тағы да Балпық бидің айтқанына оралатын болсақ, ол: «Алланың қолындағы өмір сырын адам ашпақ емес», – деп ой түйіндейді. Бұдан біз қазақ би-шешендерінің кез-келген құбылыстардың сырын

ашуда, сонымен бірге саяси шешімдердің, іс-әрекеттердің нәтижесін болжауда оны бір Аллаға тапсырған және ол істің бас-аяғын бір Аллаға басқартқан. Бұл процесті ислам діні арқылы енген «*тәуекел*» ұғымымен белгілеген. Сондықтан біз шешендік өнерде саясат көп жағдайда тәуекелге толы әрекет ретінде танылып, саясатқа қатысты «*тәуекелдік*» мәдени тұғырнаманың болғанын көреміз. Бұл қазақтың саяси тәуекелді (риск) тек адамдағы әлеуметтік-психологиялық құрғақ-күдік ретінде емес, керісінше оны әлдебір белгісіздіктермен, беймағлұматтылықпен, неғайбылдылықпен онтологиялық байланыста болатын іс-қимыл деп таныған мәдени тұғыры.

«Тәуекел» ұғымы мен орыс тіліндегі «риск» ұғымдарының этимологиялық шығу тегі тұрғысынан терминологиялық сипаттамасы мен келтірінді немесе сапалық-мазмұндық сипаты, қызметтік мағынасы арасындағы айырмашылығы мен ұқсастығы жөнінде біршама ғылыми көзқарастардың орныққаны белгілі. Біз сол зерттеулерге сүйене отырып, ресейлік және Батыс шетелдік әдебиеттерде «риск» ұғымына берілген анықтама – түсініктерді жинақтай келіп, оларды үш топқа жіктеуге болады деп есептейміз. Біріншіден, «риск» ұғымы белгілі бір іс-әрекеттің әдіс-тәсілдерін таңдаудың спецификалық процесі ретінде түсіндіріледі: белгісіздік жағдайда альтернативаларды таңдау; белгілі бір сәтке байланысты жағдайда іс-қимылдың түрін таңдау; қалыптасқан жағдаяттар мен сол кездегі әлеуметтік пікірдің тұтастығын ескеру және оның негізінде шешім қабылдау. Екіншіден, «риск» ұғымының мазмұны субъектінің нақтылы іс-әрекеті арқылы анықталады: алдын ала оң нәтижеге үміттенген әрекет; сенімсіздікке толы болған іс-әрекет; сәтсіздікке ұшырау мүмкіндігі бар, қауіпті жағдайдағы адамның мінезі. Үшіншіден, риск – іс-әрекеттің, қимылдың, нақтылы жағдайдың жағымсыз салдарының бар болу ықтималдылығы тұрғысынан қарастырылады: әртүрлі альтернативаларды таңдауда қателесу, кемшіліктер жіберу ықтималдылығы; шешімді іске асыраудан туындайтын немесе сыртқы ортаның жағымсыз факторларының салдарынан күтілетін зияншегушілік; кездейсоқ факторлардың салдарынан болатын ыңғайсыздықтардың болу мүмкіндігі.

«Риск» ұғымының қазақша баламасын қарастыратын болсақ та, гуманитарлық терминдер жүйесінде олардың арасында аздаған айырмашылық болғанымен, құбылыстарды бейнелеу үшін қолдану дәстүрінде келтірінді сапалық-мазмұндық тұрғыда олардың бір-біріне ұқсастығының басым болуын байқауға болады. Осы тұрғыдан алғанда араб тілінен енген «тәуекел» сөзі өзінің келтірінде мағыналық немесе сапалық-мазмұндық тұрғыдан алғанда «риск» сөзімен сәйкестену икемділігіне ие болу мүмкіндігін көрсетеді. Олай болса, қолданыста жүрген орыс тілі арқылы енген «риск» сөзі мен араб тілінен енген «тәуекел» сөзінің арасында сапалық-мазмұндық жағынан байланыс жатқанын байқауға болады. Мысалы, «Құран кәрім лұғаты» атты сөздікте: «Тәуәккәл – бір істі Алла тағалаға тапсыру; Аллаһқа сүйену» [86] – деген анықтама берсе, ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде, «тәуекел – бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем буғандық. Нар тәуекел – бір нәрсеге брлық қиыншылықты сезе отырып, батылдықыпен бел шешіп

кіріскендік. Тәуекел етті – бір іске бел шешіп, батыл кірісті, неге де болса көнбекші болды» [87] - деген сипаттама береді. Сонымен ол терминдерге этимологиялық та, мағыналық та тұрғыдан берілген анықтамаларды қорыта келгенде, олардың тоғысатын жері біреу ғана, ол – адамға келіп тіреледі десек болады. Атап айтқанда «риск» ұғымының сапалық мазмұны «қауіпті ықтимал», «қауіпке түсу», «нәтижесінің белгісіз болуы» сияқты айқындалармен байланыстырылса, «тәуекел» ұғымы да сол бір белгісіздіктен төнуге ықтимал қауіп-қатерден туындайтын сезімдерден адамның өз мүмкіндігіне сенімсіздіктер туған жағдайда, қиыншылықты сезе отырып, оның істемекке керек іс-әрекеті келешегін, нәтижесінің сәтті аяқталуын Аллаға тапсырумен байланысты болатынын аңғаруға болады. Яғни «риск» пен «тәуекел» ұғымдары төңірегіндегі айқындалардың бәрі бір ғана адамның қандай да бір іс-әрекет мақсатты істі істеуде оның нәтижесінің оң немесе теріс болуына нақты көзі жетпеушіліктен, белгісіздіктен, сенімсіздіктен болатын үрейден туындайтын қауіп-қатердің болу ықтималдылығы жағдайында шешім қабылдау мен оны іске асыру әрекетіне қатысты ситуациялық құбылысқа келіп тірелетіні анықталған[5,232 б.]. Міне бұлар адамның белгілі бір мінездік қимылы турасында кесімді ұйғарым жасау барысында әлде бір міндеттілік пен мүдделілікті саяси тұлғаның мойнына жүктеу сезімімен байланысты болмақ деген мәдени тағлымды бекітуге негіз бар. Осы бір әдіснамалық ұстамға сүйеніп, бұл гуманитарлық ұғымдар барлық семиотикалық тұрғыдан тұтастала келіп, қоғамдағы саяси мәдениет болмысын айқындауда барынша маңызды жүк арқалағаны анық деп айта аламыз.

Аталып өткен ғылыми-әдіснамалық тұжырымдарға негізделіп келіп, саясатқа белгісіздік тұрпаттағы түсінігі ұлы дала қоғамындағы нар-тәуекел мәдениетіне арқа сүйегені анық. Мысалы: «Тәуекел ердің жолдасы, тілектес болған дос жарым» (Есет би), «Елге ие болыңдар, Аллаға барлығыңды тапсырдым» (Кенгірбай би)[5, 232 б.], – дегендер соның дәлелі болар. Сондықтан «...Тәуекел түбір – қайық, мінесің де өтесің», -деп келетін халық даналығының қалыптасуы сол бір қазақтың ерен мәдени ұстанымының тұғырлық сипатын білдірмек. Сонымен бірге, «Тәуекел ердің жолдасы», деген саяси-мәдени тұғырдала өркениетіндегі саяси үдерістерге байланысты орныққан этно-мәдени концепция дей аламыз. Мұндай құбылысқа негіз болатын жағдайы «тілеуімнің әйелі екіқабат» деген мәдени концепт өзінде жасырып тұр. Ол алдағы іс-қимылға, оның нәтижесіне деген белгісіздіктен туатын стохастикалық мәдени болжамның бар екендігін астарлы шешендік ораммен айтқызып тұрса керек. Ал «аллаға барлығыңды тапсырдым», «тәуекел дедім», «тәуекел түбі – қайық, мінесің де өтесің» деген саяси-мәдени тұғырлар қабылданған шешімнің оң немесе теріс нәтижеге әкелеріне көзі жетпегендіктің және алда қауіп-қатердің бар екенін сезе тұра, жақсы нәтижеге бағышланған батыл іске барушылық мәден үрдісті айқындаса керек. Яғни бұл тәуекел субъектісінің белсенділігін айғақтайды деп ой түйіндеуге болады. Тәуекел субъектісінің белсенділігін немесе қандайда бір басқа субъективті позициясын «саяси мінез-құлық» мәдени категориясы арқылы көрсетуге болады деп есептейміз. Өйткені

бір түрлі жағдайда әр адам әр түрлі мінез бағытын көрсетуі мүмкін, яғни олар әр түрлі тәуекелге баруы мүмкін. Демек, тәуекел белгілі бір жағдайға көңіл аударған тек субъектінің мінез-құлқында ғана пайда болады. Осы орайда, Төле би Абылай жөніндегі өз пікірін саяси стохастикалық тұрғыдан сараптай келіп: «Кім біледі, бір күні бір ұрыста қалмақтың шанышқан бір инесінен жазым болып жүрмесе. Құдай лайым тілегімізге жеткізгей», - деп айтқанын келтіруге болады. Бұл мысалдан аңғарылатыны Төле Абылайдың өз тағдыры және оның саясатының тағдырын «қалмақтың» соғысындағы мінезіне тәуелдендіріп тұрғанын байқаймыз. Келтірілген мысалдан алдағы нақтылы әлеуметтік саяси жағдайда нақ баға беру және адам мінезінің салдары әлеуметтік ортаға да, табиғаттағы кездейсоқ жағдайға да байланысты болудан қалып, ол жөнінде қалыптасқан тек субъектідегі белгісіздік, дұдамалдық, сенімсіздік сезімдермен байланыстылығы көрінеді. Сонымен бірге, белгісіздіктің өзі қоршаған шындық туралы адам танымының жеткіліксіздігінің нәтижесі болып табылатындығы айқын сезіледі. Оны Бұқар бидің Әбілхайыр ханға: «Орыстан болып жақының, тапқан-ақ екен Әбілқайыр бақырың. Қатын патшадан бата алдың, қалай болар екен ақырың?», - деп айтқан шешендік перцепсиядан түюге болады. Сондай-ақ, «Алдағы күндері халқымның күні қандай болмақ деп армандаймын» (Төле би), «...өлсем кетермін, тірі қалсам елге жетермін, сонда сізді ойлармын» (Кебекбай шешен), «Тауып бір керім амалын. Талқандап тас қамалын, күл қылса кер заманын. Түзелер ме заманым!» (Шағырай шешен)[5,234 б.]. - деп келетін дала ділмарлығындағы беймәлімдік түйіндер соны айтып тұрса керек. Бұлар біріншіден, адам болмысындағы иррационалдық ділді көрсетсе, екіншіден, саяси әрекеттің ақиқи нәтижесі әр кезде саясат субъектісінің болжамына бағына бермейтіндігін көрсетсе керек. Адамдағы иррационалдық қасиетке тағы да бір мысал келтірсек: «Өз мініңді білместен, қалайша бұйрық бересің» (Саржан би), «-Ей, ағайын, сендер мені Нұралыға жұмсамаңдар, ол ит маған да бермес. Берсе жақсы, бермесе тегін қайтпаспын, бір жанжал туып кетер» (Сырым шешен)- деген шешендік шиырларды келтіруге болады. Сонымен бірге Қазыбек бек бидің «жаман айтпай жақсы жоқ», – деген мәдени тұғыр-концепті оған кепілдік етіп тұр. Ал енді адамның саяси факторларға толық баға беру мүмкіндігінің шектілігіне келсек, оған Ахыт хажы-шешеннің: «Әуре басым, көз жасым тынбай ағып, болды сел, Иілді мойын, менің ойым, не болады қайран ел!», Төле бидің: «- Қоймайсыздар шаршы топ, қандай жерге барамын. Болады қандай заманым, ... Көпшілік өзің білесің, мен жалғызбын сіздер көп», – деп жауап беруі куә.

Дала сөзмерлік өнеріндегі тәуекелшілдік саяси-мәдени тұғырдың өзіндік белгісі билердің тарихи беймәлімдік кезде жеке тұлғаның өзінің жасампаздық рухы әлеуетіне, сүйене отырып болып жатқан оқиғаны өзіндік саяси тактикалық әдіспен талдауға әрі мәселенің келешегін көре білу қарым-қабілетіне үміт артудағы мәдени мүмкіндігінде деп айтуға болады. Оған Қазыбек бидің қалмақ билеушісіне тәуекелшілдік рухпен: «Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Берсең жақсы бітіміңді айт, бермесең дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жерінді

айт», - деген жауабы және Алтын емел өңіріндегі қазақ-қалмақ шайқасында Дөде мен Бәйдібек би диалогындағы: «Келсең кел, өзім де сол сөзіңді күтіп тұр едім» - деген тәуекелшілдік қадамы, қоштаушыларының: «Иә, құдай, аруақ қолдай гөр» деп айтқан тәуекел байламы [5, 235 б.], - дәлел. Аталған тәуекелшілдік рухтан сезілетіні – беймәлімділік қазақтың батырлық тұлғасындағы болмыстық мәдени өлшемідейтін мәдени қайраткерлік таным. Біздің пікірімізше, тәуекел саясат субъектісінің әлеуметтік мінезін сипаттайтын мәдени құбылыс болып табылады. Демек беймағлұматтық тәуекелмен, тәуекелшілдікпен астарласып жатады деп ой қорытуға болады. Қоғам – тәуекелі мол «алтын көмбе» деген мәдени-саяси тұғырды айтуға болады. Сонымен, шешендік сөйлеудегі саяси мәдени софия тәуекел ұғымындағы ішкі мәдени құндылықты, оның өз жетістігін және көпшілікке беймәлім, ұғымсыз құпиялылықты меңгереді. Би-шешендердің тәуекел мәдени софиясына қатысты ойлары ақиқат өзінің «ашықтығымен», «шынайылығымен» емес, ең алдымен барынша «құпиялылығымен», «беймәлім-жұмбақтығымен» үйлесімді, жарасымды дейтін мәдени танымға тоғысады. Бұл таным тәуекелдің астарындағы анықты ашу – жәй жеңіл ғана белгілі бола қалатын нәрсені табу емес екенін аңғартады. Осының өзі бізді құпия сырды, жұмбақ дүниені мәңгілік іздеу жолына салады.

Сонымен ойымызды түйіндей отырып, мынадай шешімге келеміз: біріншіден, саясат пен қазақтың дәстүрлі саяси мәдениетіндегі беймәлімділік құбылыстың арасында түпбірлік ұстанымның жатқандығы анықталады; екіншіден, саяси тұлғаның ментальдық тұғырының шешуші фактор болу мәселесінің маңыздылығы; үшіншіден, беймәлімділіктен қазақ билерінің тәуекелдік мәдениетінің қалыптасатын заңдылығын мойындау; төртіншіден, тәуекелдің антроморфтық сипат алатындығына сену; бесіншіден, тәуекелшілдік рух әр сәтте саяси тұлғаның пассионарлық мәдениетіне тәуелді болу заңдылығы анықталады.

2.3 Шешендік өнердегі мәдени-құндылықтық концепциялар

Қазіргі таңда «кеңестік және посткеңестік мәдениеттік» ортадан бөлініп, кешегі қалыптасқан мәдени аксиологиялық танымның орнын «жаңа сипаттағы» құндылықтармен толтыру науқанында «батыстық және шығыстық» дүние кеңістігінен «өзімді табу» жолында жүргеніміз шындық. Ал рухани әлеміміз бен мәдениетімізде үлкен орны бар ғұлама ойшыл-философ А. Яссауидің ілімінде көрсетілгендей «алдымен өзіңді тану» маңызды болып отырғаны ақиқат. Сол сияқты қазақтың шешен-билері – қоғамның рухани жәдігерлері, мәдени кеңестіктің күйреуіне, құлдырап азғындауына жол бермейтін, Алланың жер бетіндегі өкілі, қызметшісі ретінде танылғандар. Олай болса, қазақтың шешендік сөз өнері – ұлтымыздың өзінше мәдени құндылықтар жүйесін қамтыған әмбебап рухани универсумның бірегейі. Оның ұрпаққа қалдырылған ұлы мұра екенін ғасырлар тарихы дәлелдеп келеді. Демек рухани мәдениет өз бастауын халық даналығындағы үлгі-өнегеден, ұлағатты тағлымнан алады. Адамдар бір-бірімен тіршілік қатынасын, әлеуметтік-мәдени коммуникация

қағидасын т.б. қатынастардың өнегелі үлгісін, ең алдымен, халық даналығы негізінде реттеп отырады.

Сонымен, бұл тараушада мәдени құндылықтар мәселесін бірінен екіншісі туындап отыратын, өзара байланысты екі тұрғыдан қарастыруға қадам жасалады. Біріншіден, шешендік өнерде адамға әртүрлі (оң-теріс) сапалық мәдени дағдылар мен қасиеттер тұрғысынан берілетін сипаттамаларға талдау жасалынады. Екіншіден, өз ұлтымыздың мәдени-аксиологиялық санасына, оның ішкі қыр-сырына үңілу мақсаты көзделеді. Ұлттық мәдени сана, біздің пікірімізше, әр ұлт пен ұлыстың өзіндік дүниетанымы, әлеуметтік сезімінен туындап, ұлттың ішкі рухани-мәдени мүмкіндіктері арқылы қалыптасатын және халықтың өзі мойындаған ортақ құндылық жүйесі. Ол әр халықтың ақыл-парасаты, мәдени ойлау жүйесі, салт-дәстүрі, мінез-құлқы, іс-әрекеті, тіршілік тәсілі, мәдениеті мен психологиясын қамтып, осылар арқылы көрініс тауып отырады. Демек ұлттық мәдени сана – әр елдің өзіне ғана тән ортақ рухани құндылықтар жүйесі, мәдени-танымдық тұтқалар жиынтығы. Олай болса, халықтық мәдени сана қазақ еліне тиесілі әрі тән ортақ құндылық. Ол болмаған жерде адамның мәдени тіршілігінде әр түрлі ауытқулар мен тұрақсыздықтар, ретсіздіктер болуы мүмкін. Аномиялық жағдайлар орын алып, адам пиғылы мен мінезіндегі тектілік пен тексіздіктің, жаман мен жақсының, өтірік пен шынның, әділеттілік пен әділетсіздіктің ара-жігі немен өлшенеді деген сұрақтарға жауап беру мүмкіндігі қиындайтыны анық. Осыдан адамның мәдени құлқында, іс-әрекетінде абсолютті еркіндік, ырықтылық, жауапкершіліксіздік немесе абсолютті шектілік рухани жұтаңдық пайда болуы мүмкін. Мәселен, батыс ғалымдары адамның «өзін-өзі билеуін жоғалтуын» белгілі бір ортақ мәдени құндылықтың болмауымен байланыстырады. Сондықтан, біз қазақ халқының бүгінгі тәуелсіз мемлекетінің ішкі рухани болмысын, ұлттық мәдени санасын қалыптастыру үшін халықтық аксиологиялық жүйені ояту керек.

Ұлтымыздың оң мәдени дәстүрін жандандырудың, априорлық рухын өсірудің, рухани-мәдени әлеуетіміздің бастауы бұлағы өзіміздің дәстүрлі мәдени құндылықтар десек, оның тұңғыық тұнбасы би-шешендердің мәдени құндылықтық концепция қалпында жататыны анық. Дала ділмарлығында құндылық-концепттердің қойылуын би-шешендердің этномәдени қалыптардың (жай-күйдің) әртүрлі формаларына талдау-жіктеу арқылы мәдени-мәндік талдаулардан аңғаруға болады.[5, 96 б.]. Бұл оң мен терістің, бұрыс пен дұрыстың, жаман мен жақсының ара-жігін ажырата білу мәдениетінің үлгісі, адамның оң және теріс қасиеттерін бағамдай білу мәдениетінің тұнбасы деуге татырлық. Мәселен, «Ашуға жол берсе, Алдау мен арбауға ерсе, ақыл мінез бе? Арамдыққа ұпайы кетсе, ажарға сиып «рахмет етсе», әділдік мінез бе? Қайыршыдай қаңғып өтсе, бүгін келіп, ертең кетсе, бақыт мінез бе? Дәмелендіріп көзіңді талдырса, үмсындырып мақұрым қалдырса, үміт мінез бе? Ақылдан тірегі болмаса, алмастай өткір жүрегі болмаса, шешендік мінез бе? Адастырып азапқа салса, талапты мұқап, сезімді алса, арман мінез бе? Талпынып қанат қақпаса, қиыннан қиюын таппаса, талап мінез бе?»[5, 96 б.], - деп толғайтын Ақтайлақ пен Қанайдың шешендік шиырлары жоғарыдағы

мәселе төңірегінде өрбігені анық. Бұлардың рухани-мәдени толғаныстарындағы мәдени тағлым жүйесінен адами пенде болмысындағы мәдени дағдылардың тұтастығын әрі оппозициясын аңғарамыз. Мұнда адам – моральдық-мәдени тұрғыда дуалистік жаратылыс деген идея көтеріледі. Сондықтан, адам ғұмырының әртүрлі мінез күрестерінен тұратындығы оның жан мен тән, нәпсі мен рух арасындағы таластан болатыны меңзеледі. Осы күресті мұсылмандық қағидаларға негіздейтін болсақ, «ол «джихад» ұғымымен белгіленіп, адамның ішкі дүниесіндегі зұлымдық пен ізгіліктің күресін, немесе осы күрес үстінде адамның өзін-өзі жақсы қасиеттерге қарай жеңе біліп, жоғары ізгі қасиеттерге ұмтылу жолындағы рухани-мәдени жетілуді білдірген» [5, 97 б.], -деген көзқараспен келісуге болады. Қазақ сөз ұстарлары өздерінің бұл сыни салыстыруларында мінездік мәдени дағдыларды салыстыра отырып талқылау, мінез түрін анықтаудың дәстүрлі мәдениетін көрсетеді. Осының өзін ерекше ментальдық мәдени универсум, құндылықтық пайымдау жүйесі деп айта аламыз. Сонымен бірге, осы компаративістік саралау мәдениетінен келіп шығатын ендігі бір құндылықтық аспект – адам алдына келіп тірелген дилемалық жағдайда мінездің қай формасына икемделу адам еркіне тәуелдендіру мәдени тұғырнамасы. Осындай мәдени концепсфера адамның мәдени құндылықтық өңіріне қатысты қандайда бір ой түйіндеуге арқау болатыны анық.

Қазақтың мәдениософиясында адамға қажетті ізгі қасиеттер үлкен мәдени құндылық, идеал (мұрат) дәрежесіне көтерілген. Ал би-шешендер ондай қасиеттер қазақтың бойынан табылса қуанып, соны жырлаған. Егер табылмай жатса, оған өкініш білдіріп, сынап-мінеп, жақсы қасиеттерге қарай адамды жетелеп тәрбиелеген. Шешендік сөз өнерінің мақалдап-мәтелдеп сөйлеу мәдениетінде де осындай үрдістерді байқауға болады. Оған төмендегідей мақал-мәтелдер дәлел болады. Мәселен, «Ашуыңа сүйенсең, адасудың белгісі» (Бөлтірік). «Ашу арындайды, ақыл артынан аяндайды», «Ашу келсе – ақыл кетер». Сол сияқты Асан қайғы бидің: «Ашу дұшпан, артынан түсіп кетсең қайтесің түбі терең қуысқа!...» [5, 97 б.], - дейтін нақылы соны білдірмек. Осының өзі қазақ шешендігіндегі ашу мен адасудың адам үшін зор рухани құлдырауды білдіретін мәдени нұсқау болатынын көрсетеді. «Ашуын ақылына жеңдірген адам – дана» дейтін мәдени танымды мойындатады.

Ақылдылық пен ақымақтықты сараптаудағы мысал былайша өрбиді. «Ақылды көпшіл келеді», «Ақылсызға ақылды тура айтсаң, мін деп түсінеді. Көптің көзінше айтсаң, сын деп түсінеді», «Ақылдыны алысым деме, ақылсызды жақыным деме» [5, 98 б.], -деген шешендік нақылдар қара-қайшы мінезді саралау мәдениетін көрсетпек. Бұл келтірілгендерде адамдағы жағымды және жағымсыз әдеттер шектесіндегі тұлғаның ішкі болмысындағы мәдени шайқас сүреттеледі. Мұнда ақыл – мәдениософиялық тұрғыдан алғанда, оның құндылықтық мазмұнынан биік болатын түсінік. Ақылдылық – адамды мәдени жаратылыс санатына жатқызатын априорлық ұғым. Ақылдылық мәдени өлшем тұрғысында тірі пенденің белгілі бір тіршілік иесі болуының тектік қасиеті. Қазақ би-шешендерінің «имплициттік» мәдениософиясы тұрғысынан алғанда,

ақыл адамның қоршаған ортаға мейірімді көзқарасын анықтайтын мәден наным ретінде жаратылған аксиологиялық құбылыс болып тұр. Бөлтірік шешеннің: «Ісіңнің ақ болмағы – ақылдан» – дегеннің мәнісі сонда болар. Демек, ақыл әр адамның қадір-қасиетін, кісілік кемелдігін білдіретін жиынтық мәдени ұғым ретінде танылған. Бұл тұрғыда ақыл парасат ұғымына жақын келеді. Сондықтан әдетте ақыл-парасат деп қосарланып қолданады. Сонымен ақыл мұнда адамның мінез-құлық мәдениеті жағынан кемелденіп жетілгендігін көрсетеді. Мәдени өлшем тұрғысынан қарағанда ақыл – қазақ шешендері үшін негізгі аксиологиялық мұраттардың бірі. Ақылды адамға кең пейілділік, кең мінезділік тән дегенді білдіреді. Ақылды жан иесі адамның толысқан мінездің белгісі ретінде терең сана мен келісті әдет, кең, бай мінездердің жарасты тұтастығын құрайтынын мәдениетке меңзейді. Ақылды болу кіршіксіз пәк рух тазалығын, әдемілікті бойға сіңіру, рухани сұлулықты жүрекке ұялатуды мойындаған би-шешендердің мәдениаксиологиялық танымы. Ал ақылсыз болу – «жақсы мен жаманды ажыратпайтын» адам болу деген сөз. Тек ақылсыз адамдар ғана тоң мойындық жасап, өзін-өзі салмақтамайды, бір беткейлік жасап, өмір бойы кателесу үстінде жүреді дейтін ой жатыр. «Ақылсызды жақыным деме», «ақымақтың артымен жүр» деген тіркестерден адамға «сынықтан» басқаның бәрі жұғады деген ұстаным бойынша, ондайлардан алыс бол дейтін мәдени насихатты аңғарамыз [5, 86]. Міне, бұл қазақ шешендігіндегі жақсы мен жаман мінездерді салыстыру арқылы «жаманнан» жирен «жақсыдан» үйрен дейтін мәдени ұстанымды білдірмек. Мұндағы ұлттық мәдениет - біріншіден, «ақылды» және «ақылсыз» сияқты екі түрлі этикалық ұғымдардың мәдени категория ретінде алынуы. Екіншіден, бұл екі ұғымның бір-біріне ауысып отыратындығы, өзгеріп, түрленуі және адам бойында жүре қалыптасатындығы айтылғандай. Үшіншіден, ақыл жақсыға да, жаманға да беріледі және олар ізгілік те, сараңдық та сияқты мәдени сапалық қасиеттермен шендесуі мүмкіндігі көрсетіледі. Бұл этноруханияттағы мәдени таным аксиомасы десек болады.

«Білімділік» пен «білімсіздік» категорияларын салыстыра отырып, олардың мәдени өрі мен төменін көрсетеді. Адам атты пендеге осының қайсысын таңдағаның дұрыс, өз бойыңда қайсысының басымдау болғанын қалайсың деген мәдени диллема тұрғандай. Мысалы: «Білімдіге дүние жарық, білімсіздіктің күні кәріп», «Оқымаған бір бала, оқыса екі бала», «Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір», «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Білімдімен жақын болсаң, қолың жетер, білімсізбен жақын болсаң басың кетер», деген мақал-мәтелдер жоғарыдағы диллемадан жол табудың мәдени рефлексиялық үлгісін ұсынады. Адамның мәдени-моральдық болмыс-бітімін қарама-қарсы сапаларға бөлу – адамның қоғамдағы орнын, ролін, қызметін анықтауға бағытталған түсініктер мен мәдени құндылықтардың бастауы. Өйткені адамзатының мәдени-моральдық құрылымы оның әлеуметтік кеңістіктегі орны мен ролі, әлеуметтік-мәдени мәртебесі, қадір-қасиетімен теңестіріліп, аксиологиялық сипатта танылған.

Енді бұл мақалдардың қазақы мәдениет философиясы тұрғысынан өнегелілігі неде, ақылы қандай, тәрбиелік түйіні неде дейтін болсақ, ол мынада деуге болады. Мұндай қазақ мақал-мәтелдері жандүниенде бас көтерген өзіңнің ар-ұятына, кісілігіңе лайықсыз қылықтармен күресе біл, оларды тұншықтыра біл, өйткені олар адам затының үлкен де күшті жаулары әрі адам жанының тілектеріне қайшы келіп, оны қатты мазалайтын құбылыстар дегенді ескертеді. Егер сенің жаның жаман қасиеттерге бейімділігін танытса, онда олар әдетіңе, әдетің мәдениетіңе айналып, сені өздеріне бағындырып алады да, кейін қашып құтыла алмайтын рух пен жан дертіне ұласатын рухани-мәдени үдерісті мойындатады. «Жаны саудың тәні сау», «Жан ауырса, тән азады, қайғы басса жан азады» демекші, адамның жаны дертке шалдықса, рухы да, әлсірейді, содан соң адамның мәдени адамгершілік қасиеттері де қашады дегенді аңғартады. Бұл айтылғандар: «Тек білікті білер мұның түйінін, тек білікті білер мұның құрметін» [88], - деген мәдени парадигмаға саяды. Бұдан адамның мәдени-моральдық санасын лайықсыз мінездерден тазарту идеясын байқаймыз. Бишешендердің адам мінезін ашуда оның ұстанатын идеялық бағытының үлкен роль атқаратынын айқын таныған мәдени көзқарасын аңғарамыз. Адамның өзінің алдына мақсат қоюын, ол мақсаттардың адамның мәдени санасы үшін маңыздылығын, қорыта айтқанда, идеялық бағыт пен мақсатқа ден қою мәдени деңгейінің мінезге ықпалын талдап көрсеткендей болады. Дала ділмарлары мәдениет, мінез, мақсат, мүдде төрттігін біртұтас ағзалық байланыста қарастырады. Осының өзі тәуелсіздік жағдайдағы ұлттық өркениетті дамыту жолында тұрған қазақ елінің азаматтары үшін баю инстингінен гөрі биік адамгершілік – гуманистік мәдениеттің ерекше ұтымды рухани құндылық болатынын көрсетеді. Қорытындылай келгенде жоғарыда біз оң және теріс мінездерді жұптап салыстыру арқылы, ділмарлық өнердегі олардың мән-мазмұнын ашу үрдісінің мәдени эпистемасымен таныстық.

Қазақ шешендігіндегі тағы бір назар аударатын жағдай, ол – бір-бірін салыстыра отырып сарапталған оң және теріс мәдени сапаларды жаман мен жақсы мінездерге жинақтау принципі бойынша берілетін құндылықтық баға жүйесі. «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат», «Басыңа іс түссе, жақсы көмек етеді, жаман күліп өтеді», «Жаман жақынын сыйламас», «Пейілі жаман пәлеге жолығады, бітпейтұғын жалаға жолығады», «Жаман адамға мал бітсе, жақынын танымас», «Жақсы – арына құл, жаман малына құл», «Жақсыға қылған жақсылық, өмірінде тозбайды. Жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды», – дейтін мақал-мәтелдерді алатын болсақ, адам бойындағы мінездің жақсы мен жаман сапаларға жіктелу мәдениетіне куә боламыз. Жеке мәдени-моральдық сапаларының көріну формалары арқылы индивидтердің бір-біріне қарама-қарсы тұлғалық мәдени дихотомия үдерісін көрсетеді. Сонымен бірге әр адамның өз іс-әрекетіне өзінің берген субъективті бағаларының әртүрлілігін немесе мәдени құндылықтық бағыттарының әртүрлілігін айқындайды. Осы ойға кепілдікті Жүсіп Баласағұнның шешендік сарындағы 235-ші бәйітіндегі:

Екі түрлі ат, тілде жүрер, қалғанда,

Бір жақсы, бір – жаман, мына жалғанда [82, б. 45], - деген жолдарынан табуға болады. Сол сияқты би-шешендердің жақсы мен жаман мінездің аражігін саралау, бағалау тәсілдеріне көңіл аударсақ, оған Кебекбай шешеннің:

Асыл мен жасықтың

Аспан, жердей арасы – дейтін шешендік сынын алуға болады. Ол жақсы мен жаманның арасы көк пен жердей екенін айта келіп, олардың ұлттық мәдениет жүйесіндегі өз орындарын, өз дәрежесін, моральдық тұрғыдағы статусын анықтаған деп айтуға келеді. Сол сияқты «Жаманның дәмесі зор, сөзі қотыр, көкірегі - қараңғы көр, көзі – соқыр» (Есекелді би), «Жаманда тек болмайды», «Жаманды қалай үйретсең де бас болмайды» (Балпық би), - деп айтылғандардан да жағымсыз мінезді адамдардың өз мәдени болмысы мен дәрежесі айқындалады. Сондай-ақ, би-шешендер жаман мінезді адамдардың келешегін де болжаған. Осыған орай Торайғыр би: «Жаман баланың атасы жақсы болса да, түйе үстінде ит қабар», – деп толғайды. Олай болса, «Балаң жаман болса, күнің шықпайды, қатының жаман болса, үнің шықпайды» (Аққабак би), - деген мәдени тоқтамға келудің мәнісі осында болар. Осыларға байланысты Жүсіп Баласағұнның:

Жақсы болсаң, атыңды атап мақтайды,

Жаман болсаң, ей ер, сөгіп даттайды.

Жаманды сөгіп, жақсыны асыл санайды

Байқап қара, көңілің нені қалайды! [82, б. 71], - деп шешендік толғамында да жаманды сыни тергеудің, жақсыны ұлықтаудың мәдени парадигма үлгісін көрсете білген. Бұл шешендік толғаудың соңғы жолы, біріншіден, шешендік сөз өнеріндегі адамға жаман мен жақсы мінезді таңдау еркіндігін субъектінің өзіне бере тұрып, оны оң мінезге қарай уағыздау тәсілінің мәдени технологиясын көрсетеді. Ол, біріншіден, біздің ұлттық мәдени-моральдық сананың ділдік (ментальдық) ерекшелігін білдіріп, моральдық бостандық адамның өмірмәндік мәдени субстанциясы болатынын дәлелдеп, екіншіден, әр адамның моральдық бостандығын құрметтеу мәдениетін айғақтап тұрғандай болды. Үшіншіден, ділмарлық өнер адам мінезіндегі жақсы да, жаман да қасиеттерді адамның тұлғалық болмысының тұтастығын құрайтын мәдени континуумы ретінде қарастырады. Ол дала сөзмерлігіндегі мәдени эпистеманың маңызды айырмашылығының бір қыры. Ғалымдардың пікірінше, «бұл тұстар қазақ шешендігіндегі аксиологиялық танымның өз бітімі-болмысын білдіретін және оны тиянақтайтын көріністер...»[5, 101 б.], - болып есептеледі. Осы тұрғыдан алғанда, әуелгі жаратылыста қалыптасу мақсатында да, тіршіліктегі көріну формасы жағынан да жақсы мінез жағымсыз мінезге қарғанда басым болу немесе біріншісінің екіншісінен әлдеқайда жоғары тұру мәдени заңдылығына куә боламыз. Адам деген ардақты атқа ие болудың басты шарты – рухани игілік, яғни инабатты мінездің үстемдігіне ие болу. Олай болса, қазақ шешендігі, ең алдымен, адамның рухани-мәдени болмысының жетілуіне баса назар аударған. Адамзат, ең әуелі, ішкі әлеміндегі жеке эгоизмінен арылуы керек. Адамзат тек жаратылысынан берілетін бастапқы мәдени шығармашылық

бастамаларын қалпына келтіру арқылы ғана шынайы дұрыс жолға түсе алады дейтін идея жатыр деп айта аламыз.

Дала ділмарларының адамның жағымсыз мінезді ерекше бөліп алып, мәдени аксиологиялық тұрғыдан сипаттама берген тұстарын да байқауға болады. Олардың кейбіреулеріне тоқталатын болсақ, жағымсыз мінезді құрайтын моральдық сапалардың әрқайсысы белгілі бір мәдени өлшемдерге негізделе отырып бағаланған көреміз. Мәселен, қазақтың мақалындағы «Сараңның қолы қалтырауық» дейтін тұсты және би-шешендердің «Сұрағанды бермеген сараң емей немене» (Бұқар би), «Сараңнан бермес туады» (Майқы би), «Жолдас болсаң сараңмен жол үстінде қалдырады» (Жанқұтты шешен), – дегендерін алсақ, сараңдықтың мәдени жай-күй екені мойындалып, келтірілген мысалдарда ондай адамға дүниеқорлық қасиеттің тән екені айтылады. Мұндағы басты мақсат адамды әдеп-ибалық тұрғыдан жетілуге қарай дәріптеу. Үмбетей жыраудың сөзімен айтқанда «Бұл мінез, бұл қылықпен қайдан абырой табарсың», оданда «Дін пұсырман баласы адамдықтан жерімес», дейтін тоқтамға келтіреді. Яғни жеке тұлғаны адамгершілікке қарай жетелеу көзқарасын байқаймыз. Сондай-ақ, Бекболат шешеннің айтқанына сүйенетін болсақ, «Қоғамшыл, кең қолтық болсаң, халқың сүйер» дегенге саяды. Досбол шешенге зер салсақ: «Мінезде жаман не жаман, бұзып бітті қу заман. Ақылсыздың сүйгені жаман, ақымақтың түйгені жаман, жылмақай мінез жаман. Бойға күйез жаман, айсыз түндей надан жаман, аузы тұшығар арам жаман. Ақылсыз болса, балаң жаман. Күншіл болсаң, жақын жаман. Өсекші болса, қатын жаман. Адалсынған кәзеп жаман. Надандығы ұрының адалды серік етпейді, арамнан алыс кетпейді»,– деп келтіреді. Жанқұтты шешен: «Надандықтың белгісі, өзін-өзі мақтайды», «Өсекшімен сөйлессең, ұрмай-соқпай талдырады»,– деп толғайды. Байқасақ, Досбол мен Жанқұтты шешеннің насихатында адамға рухани азғандық жағымсыз мәдениет контекстінде қарастырылады. Дала шешендерінің танымында адамдағы төмен мәдениеттің көрінісі – надандық. Әділдік жоқ ортада, «надандық пен зұлымдылық орнаған қоғамда елден рақым, сүйіспеншілік, мейірім жоқ болады, ар-ұят, намыс, иман көшеді»[5, 103б.], - дегенге сенуге болады. Қоғамдағы әлеуметтік ынтымақтастықтың тірегі болған әділет пен оның айналасындағы қолдаушы оң мәдени құндылықтардан: иман, бақыт, ар-ұят, сүйіспеншілік, мейірім, рақым, намыстан жұрдай болады дегенге саяды.

Би-шешендердің енді бір тобы адамның өтірік сөз айтатын суайттық мінезіне тоқталып өтеді. Жанқұтты шешен: «Кез болсаңыз суайтқа, өтірік айтып нандырады», деп толғаса, Бапан би: «Адал жүрмек болмаса, сөзіңе опа қылмаса, түзулікті бұрмалап, өтірікті шындаса, кең дегенің немене?» - дей келіп, өтірік айту түзу мінезді бұзатын, адалдықтан тайдыратын мәдениет екеніне зейін аудартады да, оның адамгершілікке қайшы келетінін көрсетеді. Жүсіп: «Өтірік сөз өрге баспайды», - дей отырып, «Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық» [82, б. 72], - деген мәдени кесім жасайды.

Сонымен бірге, дала ділмарларының адамгершілікке қайшы келетін моральдық сапалардың басқа да түрлерін анықтайтын тұстарын айтуға болады.

Мәселен, Қорқыт әйел затының жағымсыз мінездеріне сипаттама бере отырып, жалпы адамға тән ынсапсыздық, қанағатсыздық, кесірлік, ниеті қураған адам сияқты мінездерді жіктеп көрсетеді. Әйел біткеннің ең жаманы «кесірлі әйел» - дей келе, ондай мінез туралы пікірін: «Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз» [89], - деген ой тұжырымға тоғыстырады. «Кекшіл адам басын жұтар. Содырлы – сотқар көп болса, еліне найзасы тиер» (Қозыбай шешен). «Бақ қонбайды жасыққа, жан жуымас пасыққа...» (Жәлменде би), «Есірік патша елін тыңдамайды», «Анасы ұятсыз болса, баласы миятсыз болады» (Нақысбек шешен), – деген шешендік нақылдарды алсақ, адам кекшілдік, содырлық, сотқарлық, жасықтық, пасықтық, есірік, ұятсыз, миятсыз сияқты мәдени-моральдық сапалар тұрғысынан сипатталатындығын байқаймыз. Осындай мінездерге қынжылған пікірін Жетес би: «Ақыл айтқан кісіге аларамыз, сондықтан сиректеді-ау өз арамыз. Сөзінің тоқтамы жоқ, ұстамы жоқ, Ағайын бұл мінезбен не оңамыз», – деген мәдени логикалық тұжырыммен бекітіп тұрғандай болады. Мұндай мінездерді саралай келіп, би-шешендер, олардың «жақсыға жаманнан тиер кесір» деген мәдени концептіні мойындап, «Ішінен жақсысы кетсе, ер жесір» (Қозыбай шешен), – деген мәдени парадигма жасайды. Демек, құндылықтар құбылып, жақсы мен жаманның айырмашылығы жоғалған, жақсысы кеміп, жаманы көбейген қоғамда дүние теріс айналады, естінің айтқанына құлақ асар жан табылмайды деген мәдени метатеориялық шешімге келеді. Бұл осыдан барып қоғам рухани-мәдени құлдырауға бет алады дегенді білдірмек. Жетес бидің сөзімен айтқанда, «Сөздің сәні – өнегелі нақылы», – деген мәдени концепсфера осы болар. Осындай мәдени сын тәсілдерді қолдана отырып, қазақтың сөз ұстарлары адамның теріс мінездерін сынап-мінеу арқылы түзеуді мақсат тұтқан деуге болады. Мұнда ұлттық этномәдениеттанудағы «жаманды жаманмен шектеу» тәсілін байқауға болады. Яғни, өмір сүру деген сөз – адам өзінің әр кезде белгілі бір құбылыстармен шектеулі болатынын сезіну және сондықтан өзін шектейтін құбылыстармен санасу деген сөз. Міне бұл қазақ шешендерінің эмпирикалық өмірдегі тіршілік ету мәдениетінің *концептуалды* принципін көрсетуі. Ал қазіргі адамдардағы тіршілік принципі тіпті өзгеше: «Өмір сүру деген сөз – ол ешқандай шектеуді сезінбеу, сондықтан бәрін істеуге болады, ешкімнен ешкім биік емес» – дейтін мәдени қағида. Шешен-ділмарлар қазақ халқына тән ұялу және айналадағыны сыйлау сияқты құбылыстарды оның табиғи мәдени қалпы екендігін тани білген. Егер адамның жағдайы жақсарып, бақытты-дәулетті болатын болса, ол тағдырдың, алланың сыйы және адамның өз жақсы қайеттері мен іс-әрекетінің жемісі деп есептеген.

Ал қазіргі заман адамдары үшін іс-әрекеттегі абсолютті еркіндік адамның табиғи қалпы болып есептелуде. Ондай адам ешкіммен санаспайтын, тек өзімен ғана санасып, өзімен өзі ғана риза болатын адам. Бүгінгі адам саналылықтан көрі санасыздықтың немесе инстинктің жетегінде көбірек жүретінге ұқсайды. Сондықтан адамдар қалыпты өмір сүру жағдайы субстанциясынан ажырап, олар бұқаралық тіршілік аппаратына (элементіне) айналған. Адами экзистенцияның халықтық, ұлттық тарихи негіздері көмескіленіп, жоғалудың аз

алдында. Осы орайда К.Ясперстің «Жаңа жас ұрпақ өткен ұрпақ қол жеткізген рухани игіліктерді қабылдауға қабілетсіз дейтін ой туғызады» [90], - деп айтқанымен еріксіз келісесің. Бұл ретте, қазақ шешендері, ақыл иеленген пенде өз табиғатын сақтау үшін түсіну, сезіну мәдениеті болуы керек дегенді ескертеді. Ізгіліктік мәдениет адам ғұмырнамасының шарты болуы тиіс дейтін ойға жетелейді.

Ұлы дала билері адамдағы тұрлаусыз қасиеттердің ішіндегі ең төменгі түріне, жаманның ішіндегі жаманының қатарына имансыздық, тәкәппарлық пен кесірілік мінездерді жатқызатыны айтылады [5, 105 б.]. Мәселен, Бөлтірік шешен: «Құдайсыз адам имансыз, имансыз болсаң сол жаман»-десе, Байжігіт би: «Өтірікшіде иман жоқ, жанын сатады», -деген мәдени парадигманы ұсынады. Ал тәккапарлық жөнінде Досбол би: «Көктен биік – тәккапарлық»-десе, қазақ мақалында: «Асқанға аспан да аласа», -деген мәдени парадокс жасалынады. Оны «Адамды түрлі бәлеге ұшырататын – тәккапарлық» (Балпық би), «Тәккапарлық үнемі көрініп тұратын өлік» [61, б. 137-141], - деген мәдени перцепция айғақтап тұр деуге болады. Қорқыт бабаның: «Менмен, тәккапар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді»[5, 105 б.], - дегенінің сыры осында болса керек.

Сондай-ақ, бүкіл«жамандықтың анасы – имансыздық» - деген мәдени концептуалды идеяға жетелейді. Рухани дағдарыстың негізгі себебін олар, ең алдымен, адам баласы өз білігінің, өз ортасына қатынасын және сол ортада өзінің бар болу мәдениетінің төмендеуінен көреді. Екіншіден, билер мұндайда адамзатқа дұрыс жолды меңзегендей болады. Мысалы, Досбол шешеннің: «Ер азарында есірік болар, адамда бір-бір кесірік болар. Елдегі адам ада болар, елдегі жақсы қазан болар. Жігіт кеселші болар, әйел өсекші болар. Елдің ынары болмас, үлкенің ұғары болмас. Ел тозып, ығыр болар, ер қажып, тұғыр болар», - деген шешендік нақылдарын ескерсек, жақсылары азайып, жаман мінездер көбейген сайын «бұл дүние тұл» болады»[5,106 б.], - дейтін ойды сезетініміз рас. «Әдепсіз болса, бала қасиетсіз. Ұятсыз болса, қыз қасиетсіз», –деп Ескелді би айтқандай, рухани тазалық, жан сұлулығы жоқ жерде дүние бүлінбек, былғанбақ, мәдени үйлесімділік бұзылмақ. Адам рухани тазалыққа тек қана махаббат, мейірім, шапағат сезімдерінің күшімен ғана ынтығуы мүмкін дейтін ойға жетелейді. Мұндай қоғамда жақсылық атаулының сағы сынып, мәдени құндылықтар орын ауыстырады. Әдепсіздік орнаған жерде адамда дұрыс жолға ұмтылдыратын рухани тетік жойылып, бұзақылықтың ордасына айналады дейтін ой жатыр. Демек, би-шешендер адамдар қарым-қатынасындағы эгоизмді көрсетеді. Қарым-қатынастан тек пайда табу пиғылын аңғарады. Би-шешендер адамдардың теріс мінездерінен әлемнің соқыр дүниеге айналуын, қараңғылануын байқағандай болады. Адамзаттың рухани-мәдени азғындауынан бүкіл әлем күнәға батып тұрғандай болады. Адам затының күнәға батқандығы соншалық оған «өмір» деп аталатын мәдени ортаның өзі құры бекер мәнсіз кеңістікке айналатын сияқты. Мұндай мінезге қатысты Қорқыт ондай адамның ата белінде жаралып, ана құрсағында шаранаға оралмағанын құптайды. «Адам баласының басына бар қасиеттің бәрі сыя бере ме, бірі жетсе

де, бірі жетпей жатады ғой» (Қазыбек би), «Жақсы мен жаманның нарқы басқа, айта берсең бірталай сөз болады» (Байжігіт би)[5, 106 б.], - деген ескертпелер адамның рухтық бостандығы мен мәдени жауаптылығы арасындағы байланысы тұрғысындағы мәселені нұсқайды. Адам бостандығы мен кісілік мінез алдындағы жауапкершілік арасындағы қатынаста үйлесімділіктің де, үйлесімсіздіктің де болатынын ескертеді. Мәдени тұрғыдан алғанда шешендік сөз өнерінде дұрыс та, бұрыс та мінездер талғам еркіндігіне ие болатын жеке индивидтердің іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қарастыру үрдісін байқаймыз. Осыған байланысты Балпық бидің: «Атадан жаман ұл туса – маңдайға біткен сормен тең», Қазыбек бидің: «Тентек болса ұл қиын, не істеріңді біле алмай, ашиды сонда бас миың», -деген нақылдарға сүйене отырып, шешендік өнерде әдеп мәдениеті хақында «өз мінезімен адамға жүк болған адам» мәдени парадокстық идеясы қозғалады деп айтуға болады [5,107]. Ол басқаны түсінбейді, басқа оның соншама адам түсінбейтін мінезіне таңқалумен болады. Дене бітімі адам болғанымен, көкірек бітімі өзгеше тар, бар теріс мінездің ұясына айналған адам. Би-шешендердің қабылдауында ондай адам еш мәдени өлшемге сыймайды, оны тек жер бетіндегі есті жануардың ғажабына балап, тағдырдың бұйрығының жемісі дейтін шешімдерге келеді. Ондай адамды олар өмірдегі өзінің мәнді өмірін жоғалтқан, тек тірі бейне кейпінде бар болумен ғана шектелетіндердің қатарына жатқызатын сияқты.

Қазақ шешендері жаман мінездерді сипаттай отырып, адам мен адам үнемі өзара қарым-қатынаста бола тұра оның бойында жападан жалғыз болатын сезімнің болатындығынан белгі береді. Өйткені адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанымен олар бір-бірін түсінгісі келмейді деп есептейді. Олардың пікірінше адами қарым-қатынаста ақыл мен ақылдың, жүрек пен жүректің диалогы болуы тиіс. Алайда, кей шешендік толғау, арнау, нақылдарға қарасақ, адам көп жағдайда өзімен өзі ғана сөйлесіп, өзімен өзі ғана қарым-қатынас жасап сұхбаттасатын сияқты. Дегенмен, біздің пікірімізше, қазақтың сөз ұстарлары адамды монологқа да, мәдени диалогқа да көңіл аударуға үйретеді. Қарым-қатынастың осы екі түрі арқылы ғана адамзат арасындағы бүкіл мәдени қарым-қатынас әлемі құралады дейтін идеяны көтерді. Қазақ даласының сөз ұстар – даналары бұл фәни дүниенің қызықтарының соңына түсіп, жетегінде кетуден сақтандырады. Егер күнделікті тіршілікке бойынды алдырып, адалдық пен арсыздықты шатастырып, рух тазалығын жаман мінездердің құрбаны етсең, онда өнегелі ережелерді танып, қабылдамақ түгілі ізгілік жолына түсе де алмайсың дейтіндей. Осының өзі елдің тәуелсіздігі үшін бүгінгі азаматтарға баю инстингінен көрі ақыл-парасаттың, тәрбиелі сананың ерекше құндылық болатындығын көрсетеді.

Енді қазақ шешендігіндегі адамға жақсы мінездер тұрғысынан берілген сипаттамалар болмысына үңілетін болсақ, олар кішіпейілділік, кісілік-адамдық, жомарттық, ақ көңілділік, қайырымдылық, ізеттілік, инабаттылық, әділдік, шыншылдық, сабырлылық, ұстамдылық, төзімділік, шүкіршілік, тәубашылдық, қанағатшылдық т.б. сияқты мәдени категориялар арқылы көрініс табатындығын байқаймыз. Мысалы, «Кішіпейілділіктен кішірмессің», «кішіпейілділік – кісінің

көркі» -деген мақал-мәтелдерді алсақ, кішіпейілділік адамның адамгершілік мінезін құрайтын басты мәдени атрибут ретінде қарастырылады. Кішіпейілділік моральдық тұрғыдан жетілген адамның мәдени образын беріп, адамның мәдени-руханилық болмысының мәні дейгейіне көтеріледі. «Бермегенді беріп ұялт», «Таспен ұрғанды, аспен ұр», «Өзін ғана ойлаған, жамандықтың белгісі. Өзгені де ойлаған, адамдықтың белгісі» (Шағырай шешен), -деген шешендік нақылдарды алсақ, олар «өз арбамнан бұрын өзгенің арбасы жүрсін», «кісі болар баланың кісіменен ісі бар», -дейтін мәдени концепцияның қорынан қуат алдырады. Осы орайда, Қазы би: «Инабат ердің қазығы емес пе? Инабатты ер – елдің қазығы емес пе?», - деген мәдени концепцияны ұсынады. Олай болса, кісілік пен адамдық, инабаттылық тектіліктің қайнар көзі дер едік. Тектілік мәдениет үлгісін Төле бидің мына айтқандарынан да көруге болады: «Басым бұлтқа тиер деп бұққан – батыр, кесірім жұртқа тиер деп ыққан батыр». Бұл жерде, басқа ұлттарға қарағанда, әсіресе батыстың дәстүрмен салыстырғанда, қазақ даласындағы адам мен адам қарым-қатынасындағы мәдени базистік қағиданың мықтылығын, адам мінезіне байланысты мәдени құндылықтардың тұрақтылығын және қазақтағы ішкі рухани реттеуші күштердің салмақтылығын көруге болады. Міне осындай көзге көрінбейтін, ақылдың төрінде, бірақ көңілге жақын тұратын трансценденттік мәдени рефлексия қазақы рухани реттілік және оны қысқа да нұсқа айта білу батысқа қарағанда шығыс өркениетінің түбірлі ерекшелігін көрсетеді.

Қожбанбет би: «Жомарттан асқан нарлық жоқ» -десе, Бапан би: «Жомарт болар кісіні табағынан танымын. Бай болатын жігітті пейілінен танымын», - деген екен. Бұл «кең болсаң, кем болмайсың», «қолы ашықтың – жолы ашық» деген ұлттық мәдени құндылықтан туындайтын концепттер. Бұлар тұлғаның әлеуметтік ортада әдеп талабына сай өзін-өзі игере алу мәдениетінің салтанатты тетіктерін айшықтап отырады. Дәлірек айтқанда, жомарттық адамды ізгілікке қарай жетелейтін мәдени қағидатты құстанымды байқауға болады. Мәселен, Балпық бидің: «Қайырымдылықтан түңілме, пейішің ол түбінде» және Есет бидің: «Сол дәулеттің тұсында, аспадым да, таспадым» [5, 108 б.], - деген шешендік нақылдарынан кісіге қарапайымдылық пен ұстамдылық мінездің жарасымды болатынын дәріптейтін мәден тұғырды аңғарамыз.

Қазақ фольклорындағы адамның оң мәдени дағдылары тұрғысынан сипаттала түсетін тұстары – адалдық пен әділдік сияқты категориялар арқылы өрнектелетін мінездер. Мәселен, Едіге мен Төле би-шешендердің құн заңын шешу барысында өзара тілдесуіндегі Төленің: «Алмасыңа мойным бар, асылыңа қойным бар. Жарлық сізден болғанда, жабдық бізден болсын» деуі, сол адалдық пен әділдік мәдениетті иеленген тұлға образын берсе керек. Мұнда «Бір күн тұзын татқанға, қырық күн сәлем» дейтін ізеттілік пен кісілік мәдениеттің жол-жосығына тоқтай білген, «Ала ойлаған алысқа бармайды» дейтінді ескере отырып, адалдық принципіне бағына білген ақ сөйлеп, әділ шешімге келген мінезге куә болмаыз. Балпық бидің: «Қамшы көтерілген жерде әділдік жоқ. Әділдік жоқта дау көбейеді», «Адалдықтан ауған ер бір кеселге жолығар» [61, б. 141], - деген мәдени құндылықтық кесімі жоғарыдағы ойды

кепілдеп тұрғандай болады. Тағы да би-шешендердің айтқандарына назар аударсақ, Төле би: «... әділдік ісін бұрмаса, ұқсап туар бозбала, бала қайың – өрімге», - десе Балпық әулие: «Әділ бидің белгісі – ренішке жұртты қалдырмас», - деп әділдік мәдениеттің қаншама жоғары моральдық құндылық екенінен белгі береді. «Аумай тұрса таразы, ауыр менен жеңілге, елім сонда ұқсар еді, суы қанған егінге», - деген Төле бидің шешендік нақылынан адам адалдық мінезімен сомдалып мәдениет иерархиясының биігіне көтерілген мәдени әлеуетті концепцияны байқаймыз. Осыдан төмендегідей тұжырым шығаруға келеді. Адалдық – адам өмірнің өн бойындағы барлық талпынысы мен іс-әрекетінде адами ізгілік ереже-мәдениетке сай ғұмыр кешу шарты болған деп айта аламыз. Әділдік – ақиқатқа ұмтылдыратын, кісілік мінездің сақшысы, азаматтық талап, ізгі мәдениет өлшемі, адамның рухани шығармашылығының шынайы өрісі. Адалдық пен әділдік – адамзатының биік ұлылық мәдениеті дейтін мәдени қағидаттық тұғырды көреміз. Мәселенің ауырлық нүктесі, ақиқаттың анықталатын жерінде «жанды ар садағасына» беретін таза қазақы қаннан жаратылатын мәдени мәртебеге ие болатын адам образын дәріптеу идеясын көтеруінде дер едік.

Мұндай идеяның көтерілуін мақұлдайтын тұстарды Қазыбек бидің: «Адалдықты әрқашан жасырмаған елміз, адал ниетті ақтай білген елміз. Құлақтың құрышын қандырып, әділ сөзді халыққа айта білген елміз» [91], – деген шешендік арнауынан аңғаруға болады. Адалдық тұлғаның кісілік мінезін айқындаса, әділдік кісінің кісі мен жақындасу мәдениетін белгілейді. Адалдық пен әділдікті мәдени нормалар контесінде бағамдайтын қазақы баян: «Ақ жүрген азбас», «Адал адамның аты арып, тоны тозбас», «Тек жүрсең тоқ жүресің», «Арам түбі реніш, адал түбі кеніш»[5, 110 б.], - дейтін субмәдени принципке келіп тіреледі. Жоғарыда келтірілген мысалдан ежелден келе жатқан адамзатының ең кәміл де аяулы моральдық сапасының бірі әділдік болғанын байқаймыз. Әділдіктің мағынасы адалдықты, туралықты, ұяттылықты, түзулікті білдіріп тұр. Мәдени аксиологиялық тұрғыда әділдік қандай да бір оң моральдық сапаны білдіріп, адамның ең асыл қасиеті, адамгершіліктің, тектіліктің, инабаттылықтың, парасаттылықтың, тәрбиеліліктің негізгі болып саналатынды меңзейді. Демек әділдік жоқ жерде адамгершілік жоқ дейтін мәдени таным жатыр. Сондықтан да қоғамды жетілдіріп, әлеуметтің өмірін жақсартуды аңсаған би-шешендер, «заманды түзеудің басты шарты – әділдікті адамдар іс-әрекетінің мәдени нормасына айналдыру» (Н.Т. Чернышевский) деп қараған. Кезінде И. Кант: «Әділдік болмаса, адам өмірін мәнді ететін ештеңе де қалмайды», – дегенді айтқан екен. Бұл сапаның қазіргі аксиологиялық мәнін осымен-ақ түсіндіруге болады. Әділдік ұғымы қазақ шешендігіндегі мәдени-аксиологиялық жүйенің өзегін құрап тұр десек артық айтпағандық болар еді.

Шығыс нанымında: «Әділ сұлтан дер кезінде жауған жауыннан да жақсы», – деген шешендік нақыл бар. Бұл – қазақ шешендегінің опасыздықтан сақтап, жалақорлықтан аулақ бол, өтірік айтпа, өзің ақ болсаң, туралық, әділдік жеңеді, өмірден үйрен, өрге жүр, адамгершілікке ұмтыл дейтін ғибрат айту үрдісі. «Аққа қара жоқ, қараға шара жоқ», «Пейілі жаман кісіні түйе үстінде ит

«кабар» дейтін мәдени принципті ұстанушы елдің үлгі – өнегесі осылай болмақ. Олай болса адалдық пен әділдік – бүгінгі ұрпақтың азаматтық адамгершілік мәдени болмысын бейнелейтін абзал қасиеттер. Міне, осындай халықтық мәдени тұғырларға ғана негізделетін іс-әрекет пен мінез, осындай мәдени тағлымнан таймайтын азамат бүгінгі қоғамның руханилық тұрғыдан пәк субъекті бола алады деп есептейміз. «Халқыңа жағам десең – әділ бол», (Жанқұтты би), – деген мәдени ұстанымының мәнісі сонда болса керек.

Дала ділмарлығындағы адамгершілік мінездің ең мықты серігі – қанағат пен шүкір – тәубашылдық мәдениет. Қазақ би-шешендері адам мінезіндегі қанағатшылдықты, шүкіршілік-тәубашылдықты қай-қайсысы да зерделілік пен сабырлық, тоқтамдылық пен ұстамдылық сезімнен туындаған, халқымыздың адамгершілік абзал қасиеттерінің үлгі-өнегесі ретінде дәріптеген. Мәселен, Қараменде би: «Қазақ жолы қанағат», - деп есептеген. «Қанағатты қарнын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады» дейтін мақалды алсақ та «барымен базар болып», барға қанағат жасаған адамның адамгершіліктік мәдени бітімін дәріптейді. Қазыбек бидің: «...барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкіршілік тұрмас па?!», - дегенінің мәнісі сонда болар. Әйтеке би: «Дүние деген фәни бұл, панасы жоқ, тұрағы жоқ. Шүкіршілік етіңіз, - десе, Бөлтірік шешен: «Бәйтеке батыр, тәуба қыл! Асқынба, көпке ізет қыл», - деп келтіреді. Жүсіп Баласағұн адамгершілік мінездің бірі – «ұстамдылық, қанағат», - деп көрсеткен. Бұл айтылғандарда рух биіктігін өзіңнің ішкі мәдени әлеміңнің қасиеті мен әдетіне айналдыр дейтін идея жатыр. Адам баласы рух жемісін татпай өмірдің терең мән-мазмұнын, шын мақсатын түсіне алмайды дейтін ой айтылады. Қанағатшылдық, тәубашылық, шүкіршілік адамның адамгершілік мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Осы мінездер арқылы адамға жер бетіндегі барлық жамандық пен жақсылық алдындағы жауапкершілік жүктеледі. Қанағат – адамның мәдени болмысының мәніне телінеді.

Сөз соңында қазақ шешендік өнеріндегі адамды моральдық құрылымның жаман мен жақсы жақтары тұрғысынан жіктеп, оған сипаттама берген әдеп мәдениеті дәстүрін *қорытындылай келіп*, мәдени тұрғыда жетілген адам образын жасау идеясын аңғаруға болады. Яғни, адамды өз «Менін» өзі толық түсіне алатын мәдени деңгейге көтеру идеясын көруге болады. Би-шешендер адам мінезіндегі күнделікті тіршілік деңгейіндегі ұсақ қасиеттерді сынай отырып, адамгершілік қасиетті жеке адамның болмыс бітімінен жоғары мәдени идеал деңгейіне көтереді. Шешендік сөз дәстүріндегі адамгершілік философиясының мәні адамның ізгілік мінез тұрғысындағы өзіндік жетілуінде, өз бойына әдеп-иба принциптерін жинақтап орнықтыра білу және өзін сол бағытта тәрбиелей білуінде деп есептейміз. Мәдени құндылықтық тараптан келгенде ділмарлықсөз – мәдени антропософия өзегі болмақ. Жалпы тұлғалық мәдени бітімді түйсінудің кешенді кеңістігі болатыны анық. Бұл ретте, «Шешендік сөз өнері адамға адамды, оның мәдени мінез әлемін басқаға танытуды ғана емес, адамды өз мәдени позициясы, өз көзқарасы тұрғысынан өзін өзі тануына мүмкіндік жасайды. Бұл қазақтың дәстүрлі қоғамында

адамгершілік заңдары мен нормаларын жасауда өте маңызды рөл атқарады» [5, 112 б.], - дейтін көзқараспен келісуге болады. Осы орайда Шоқан Уәлихановтың: «Далалық орданың тұрғыны – қырғыз (қазақ – М.Ә.) өзінің моральдық қасиеті... жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр...» [92], - деп жазғанын келтіруге болады. Сондықтан, қазақ даласындағы сан ғасырға созылған этноөндіріс тәсілінің шыңдалуы, оның экономикалық тұрғыдан қуаттануымен ғана шектеліп қалған жоқ, сонымен бірге, ең алдымен біртектес өмір салттың, бірыңғай мәдени, дәлірек айтқанда адамгершілік нормалардың (қалыптардың) қалыптасуына мұрындық болды деп айта аламыз. Далалық дәстүрлі қоғамда әр ұрпақтың адамдары бір-бірімен қатар өмір сүріп, көшпелі өндірісті бірге атқарып, бірге демалып қана қоймай, қоғамдық өмірдің, адамгершілік тәрбиенің күрделі мәселелерін бірлесіп шешкен. Өмірлік маңызы бар осы мәселелерді бірлесіп шешу барысында әртүрлі ұрпақ өкілдерінің әлеуметтік-психологиялық айырмашылықтарының салдарынан олардың өзара түсінісуінде әртүрлі қиындықтар аз болмаған. Бірақ қоғамның осы тектес маңызды әлеуметтік-мәдени мүдделерін іске асыру алуан түрлі қарапайым қалыптарын қалыптастырған. Оған қазақ шешендігіндегі адамгершіліктік мәдени қалыптар жүйесі дәлел бола алады.

Екінші тарауды қорытындылай отырып, ойымызды төмендегідей қорытындыларға тоғыстыруға болады:

Біріншіден, кешегі шешендеріміздің сөз саптау дәстүрінен ой азаттығы мен сөз бостандығының терезісінің тең келуін аңғарамыз. Сол себепті шешендік өнердің мәдениеттанулық өзегі және мәдени астарына үңілудің өзі қазіргі ұлтымыздың жаңа рухани сапасын тіктеп келе жатқан Тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын келешегін қалыптастыруымыздағы алтын дінгегі болатын мәдениософиялық базасын, ізгі мінезді тұлғалық жүйесін орнықтыру тарапынан да маңызы зор болмақ. Олай болса, би-шешендердің сөз саптау өнері отандық мәдениеттану ғылымының танымдық өрісі, рухани нәрі болатыны анық. Оның мәдени астарын қаншама айқынырақ анықтаған сайын, соншалық ол мәдени ділдің субстанциялық негізі бола береді. Шешендік сөз мәдениеті елдік мәдениеттану тарихының өзекті тұтқасы болып қала бермек. Шешендік сөз өнері – ұлттық мәдениеттің қыр-сырын терең түсіну үшін үлкен негіз және әдіснамалық құрал. Шешендік сөз өнерінің шеңберінде қазақтың этномәдени ойлау дәстүрі қалыптасқан деуге болады. Онда экзистенциялық таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, ұлттық ойдау үлгілері көрініс тапқан. Сол себепті қазақтың шешендік сөз дәстүрі ірі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде өзінің ғылыми құндылығымен қатар, жоғары рухани күш ретінде де маңыздылығымен ерекшеленеді.

Екіншіден, ділмарлық өнеріндегі саяси-мәдени концепциялар туралы ойымызды түйіндей отырып, 1) саясат пен қазақтың дәстүрлі саяси мәдениетіндегі беймәлімділік құбылыстың арасында түпбірлік ұстанымның жатқандығы анықталады; 2) саяситұлғаның ментальдық тұғырының шешуші фактор болу мәселесінің маңыздылығы; 3) беймәлімділіктен қазақ билерінің

тәуекелдік мәдениетінің қалыптасатын заңдылығын мойындау; 4)тәуекелдің антроморфтық сипат алатындығына сену; 5)тәуекелшілдік рух әрсәт тәсілдері тұлғаның пассионарлық мәдениетіне тәуелді болу заңдылығы анықталады деп айта аламыз.

Үшіншіден, қазақ шешендік өнеріндегі адамды моральдық құрылымның жаман мен жақсы жақтары тұрғысынан жіктеп, сипаттама берген әдеп дәстүрінде мәдени тұрғыда жетілген адам образын жасау идеясын аңғаруға болады. Адамды өз «Менін» өзі толық түсіне алатын мәдени деңгейге көтеру идеясын көреміз. Би-шешендер адам мінезіндегі адамгершілік қасиетті жеке адамның болмыс бітімінен жоғары мәдени идеал деңгейіне көтереді. Мәдени аксиологиялық тұрғыдан алғанда шешендік өнер – адамтану орталығы. Бүкіл адам затына бітетін мәдени бітімді тану институтына айналады. Сондықтан шешендік сөз өнері адамды өз мәдени позициясы, өз көзқарасы тұрғысынан өзін өзі тануына мүмкіндік жасайды. Бұл қазақтың дәстүрлі қоғамында адамгершілік заңдары мен нормаларын жасауда өте маңызды рөл атқарды деуге болады. Бірақ қоғамның осы тектес маңызды әлеуметтік-мәдени мүдделерін іске асыру алуан түрлі қарапайым қалыптарын қалыптастырған.

3 ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

3.1 Шешендік өнер мәдениетіндегі тәрбиелік ұстанымдар

Бұл параграфта шешендік сөз өнерінің мәдени тәрбиелік құзіретін, жалпы мәдениеттің қоғамда атқаратын «адамды қалыптастыру қызметіне» [4, 16б.] сүйене отырып, біз жеке тұлғаның мінездік бітімін, яғни оның еркіндігі, ойлау, сөйлеу, өлеуметтік қарым-қатынаста сыйымдылық, қоғамдық ортада өз орны мен қызметін білу және атқару, өзін-өзі тану және өзін-өзі игеру, ұлтжандылық, елжандылық, отансүйгіштік, моральдық мәдениетін қалыптастыру мен дамытудағы маңызы тұрғысынан қарастыруды жөн санаймыз.

Қазақ шешендік өнердің тәрбиелік ұстанымдарын сөз етер тұста, жалпы шешендік өнердің шығу тарихының өзі әу бастан-ақ тұлға тәрбиелеу мақсатын көздегені анық. Олай болса, адам тәрбиелеу, оның әлеуметтік мінезін қалыптастыру, оны тіршілік ыңғайына, адам болмысына сай реттеп отыру көнеден келе жатқан мәдени үдеріс болатыны хақ. Мәселен, Диоген Лаэртскийдің III ғасырдың бірінші жартысындағы пайымдауынша Платон диалогын екі үлкен топқа – *тәлімгерлік және зерттемелік* – деп жіктеуге болатын болған. *Тәлімгерліктің өзін теориялық және тәжірибелік* деп, ал теориялық – физикалық және логикалық, *тәжірибелік – этикалық және саяси* деп бөлінген. Ал шығыс Аристотелі әл-Фараби «Тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер *философия* деп немес абсолюттік мағынада айтқанда даналық деп аталады» [93], - дегенінен-ақ философияны мәдени феномен деп мойындайтыны және оны теориялық және азаматтық деп бөлгені белгілі. Ал азаматтық философия «арқылы адам әрекеті даритын заттарды, осындай қасиеті бар заттарды танып, сол туралы білім аламыз»,– деп, оны да екі түрге бөліп, бірін этика деп белгілеп, этика «... арқылы жақсы әрекеттерді тудыратын және осы әрекеттердің себептерін анықтау қабілетін тудыратын жақсы әрекеттер мен мінез-құлықтарды танымыз. ...Бұл түр этикалық өнер деп аталады» [93,б. 139], - деп жазады. Осыдан Фарабидің бұл айтқандары бізді жалпы өнердің, ол философия, этика немесе шешендік болсын *тәлімгерлік табиғаты* – олардың *онтогендік мәні* дейтін ойға жетелейді.

Шешендік өнердің мәдени тәрбиелік қызметін ғылыми тұрғыдан зерттеулерде де оның тұлға қалыптастырудағы қызметінің үш түрін: адамның өз жеке басының шаруасын атқаруды; адамды қоғамдық қызметке дайындауды; мемлекеттік деңгейде түрлі сөз жарыстан өтуді қалыптастыру екенін анықтай келе, Ж.Ж. Молдабеков «*шешендік – жүрек ережесі*» [6,б. 19-72], - деген мәдени-тәрбиелік концептіні ұсынады. Демек шешендік сөз өнерінің түпкі мақсаты – адам тәрбиелеу. Өнегелі азаматты қалыптастыру. Дәлірек айтқанда адамның мәдени ақыл-ой жүйесін, мінез-құлқын мақсатты түрде реттеу. Мәселен, Мұқтар Арын тәрбиенің мақсаттарының бірі ретінде бүкіл бір халықтың өзінің тәрбиелілігін көрсетуін айта келіп, «... тәрбиелі халық – өзін-

өзі дұрыс жолға қоя білген халық. Сөйткен халық қана барлық істі өз бетінше шешіп, өз қолына ала алады» [88,б. 76-77], - деген ой түйіндейді.

Осыдан келіп тәрбие нысаны – адам, ал тәрбие пәні – мінез дейтін күрделі мәдени феномен туындайды. Мәселен, әл-Фараби: «Адамның жетілуі оның мінез-кұлқының жетілуіне сама-сай келеді дейміз біз»[93, б. 129], - деп көрсетеді. Олай болса, адам тәрбиесіндегі басты *тірек ұғым – мінез*. Бұл тұрғыда мінез – адамның онтостық болмысы, өмір сүру бітімі, адамның адам болу – шартты кейпі, бұл дүниедегі тіршілік кеңістігі. Демек, мінез – кез-келген саналы жаратылыстың өмір сүру атрибуты, заңдылығы, тұлғаның өзіндік рухани бет-бейнесі деп айта аламыз. Мінез – адамның жаратылысына тән рухани-мәдени болмысы. Адамнан тыс мінез жоқ, мінезсіз адам болмайды деген мәдениеттанулық аксиома келіп шығады.

Ендігі кезекте, бүгінгі тарихи кезеңде «адам мінезі» – тәрбиелік мәдени феномен болу жағдайынан әлі де қайтар емес. Демек, бұл мәселенің өзектілігі әр қоғамның күн тәртібінен түсер емес. Оған бүгінгі мемлекеттің «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы: «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүние сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптауырын қағидалардан арылмасақ, Көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек»[94], - деген мәлімдемелері дәлел. Тіпті қазіргі таңда әлеуметтік қатынастағы адами мінез, моральдық-мәдени кеңістік, әдеп мәселесі қоғамдағы «моральдық күмбез» ретінде ең маңызды басқару ресурстарының біріне айналды. Бүгінгі техногендік өркениет заманында жеке тұлғаның әлеуметтік мінез мәдениеті, адамның әдептік мәдени әлеуеті, адамдардың эмоционалдық интеллекті – қоғамның стратегиялық тұрғыдағы маңызды қуат көзі, қоғамның бар болуының әлеуеттік ресурсы, өмір сүру континуумы десек болады. Сондықтан, мұнда қоғадағы әлеуметтік мінездің қалыптасуының онтогендік тамырларына теориялық-әдіснамалық, мәдениеттанулық концептуалдық тұрғыда экскурс талдау жасауға талпынамы.

Осы тұрғыдан алғанда параграф міндетіне: 1) жалпы адамзатына тән мінездің антропоцентристік табиғатын айқындау; 3) қоғамның өзгеруі адам мінезінің өзгеруіне тәуелді болуының этикамәденигендік тамырын анықтау; 3) олардың мұсылмандық интеллектуалдық мәдениеттегі әмбебап мәнін ашу және осылардың терең рухани әлеуетін ашып көрсетуді жатқызуға болады.

Қоғамдағы әр адамның өзін рухани-мәдени тұрғыдан көрсетуі мәдениеттанулық тұрғыда әлеуметтік-мәдени моральдық жүйе және ондағы әмбебап моральдық уникалдың өзіндік ашылу формасы болып табылады. Демек кез-келген жалпыға ортақ универсалилердің адамдардың жеке мінез-тәжірибесінде көрініс табуы арқылы ашылуы мәдени әдептік рефлексияны қажет ететіні заңды құбылыс. Сондықтан зерттеу шеңберінде қоғамдағы моральдық уақыт пен моральдық кеңістікті шешендік сөз өнері арқылы талдауға қадам жасаймыз. Осыған байланысты мәселенің бүгінгі мен келешгіне

көз жүгіртуге мүмкіндік туады, оның маңыздылығы арта түседі, оны одан әрі зерттеуге жол ашылады.

Мәселенің өзектілігіне келер болсақ, оған себеп болған басты фактор – бүгінгі қоғамдағы «моральдық мәнгүрттік» тенденцияның қалыптасуы десек артық айтпағандық.

Осы ойымызды Қали Сәрсенбайдың, бүгінгі адамдардың мінезін сипаттай келіп: «Қолдан жасалған қайраткерлер, орташа таланттар көбейген заман. Әрине, ондай қайраткерлердің мінезі де қолдан жасалынады, кісілік, кішілік қасиеті де аз болады. Уәде бергіш, алдампаз. Екі сөйлейді. Одан кейін жұртқа қайдан сүйкімі болсын» [95], - деген көзқарасы растай түседі. Осы ретте жуырда ған болып өткен мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті мәлімдемесіне сілтеме жасауға болады. Онда мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Д.Сәкеновтің төрағалығымен Алматы қаласы Әдеп жөніндегі кеңсінің отырысында бағынысты мемлекеттік қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар жасалғаны үшін орган басшыларының жауапкершілігін арттыру, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін күшейту өзекті мәселелер қатарында аталады [96]. Міне бұл бүгінгі қоғамдағы әр азаматтың әлеуметтік мінезіндегі моральдық тенденцияларды білдіріп, біздің зерттеу объектіміздің өзектілігін білдірсе керек. Егер де Әл-Фарабидің қоғамды жіктеу ұстанымына сүйенетін болсақ, онда нақ қазіргі қоғамды «надан қауымдастыққа» жатқызуға тура келе ме деп ойлаймыз. Демек, бүгінгі адам «әдепсіз әдеттер агрегатына» айналуға десек қателеспейміз. Осыдан келіп өмірдің барлық қыры түгелдей таза күйінде натуралдық-прагматистік сипатта бола бермейтін, сонымен бірге тылсым қуатқа ие болатын рухани-мәдени сипат алатынын ескеру қажет. Сондықтан ол мәдениеттанулық тұрғыда өзінің терең антропогендік этикасофиялық мәселе болатынын дәлелдей түседі. Осы тұста біз рухани, саяси, экономикалық жағдайымызды жақсартуымыз үшін, нақты қадамдар жасауымыз шарт. Нақты қадамдар жасау арқылы жүзеге асатын үлкен мемлекеттік жалпы халықтық жобаға айналуы тиіс. «Рухани жаңыру» - бұл ең алдымен сананың жаңғыруы. Ескімізді ескеріп, қажетін алып, осы өмірге лайықтап трансформациялау бүгінгі күннің күн тәртібіндегі мәселе. Бұл жағдай рухани ғана емес, саяси және экономикалық қиыншылықтарға жол бастайды.

Бұдан мәселенің прагматистік көкейкесті дәрежесін анықтауда мынадай терориялық проблемалардың астарына үңілуді қажет етеді. Біріншіден, әр адамның мінезі кең мағынада әлеуметтік феномен болатынына зер салу. Екіншіден, адам мінезінің әлі құпиясы ашыла қоймаған рухани-моральдық трансцендент универсум болатынына баса көңіл аудару. Үшіншіден, кез-келген қоғамның даму қарқыны мен жетілу дәрежесі адам мінезіне тәуелді құбылыс болуының онтогендік тұстарына талдау жасау қажеттілігі. Әлихан Бөкейхановтың: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден», – дегені соны растай түседі. Бүгінгі қоғам мен мемлекеттің билік жүйесі осы мәселелер жөнінде ойлануы керек. Демек, қазіргі қоғам үшін адамның

моральдық сапасы, оның рухани-құндылықтық әлеуеті басымдық мәртебеде болуы қымбат болып отырғанын мойындауымыз керек. Ахмет Байтұрсынұлының: «Адамның мінезі ойының түрінен, көңілінің күйінен, істеген ісінен көрінеді» [97], немес Бауыржан Момышұлының: «Адамның әр қаракетінен оның жан дүниесінің сыры аңғарылады», - дегендерінің мәнісі сонда болар.

Алдымен біз қоғамның «мәдени антропологиялық онтогенезі» деген концептіні басты теориялық ұстаным ретінде негізге алып, оның *онтомәдени тамырына үңілгенді жөн санаймыз*.

Біріншіден, мәдениет тарихының ежелгі көне дәуірінен бастап қоғамның рухани даму мәселесі адамтану мәселесімен байланыстырыла қарастырылып, оның моральдық-интеллектуалдық жетілуіне тәуелдендірілгеніне адамзат тарихы куә. Міне содан бастап – адам тәрбие туралы білімнің ең негізгі ұғымдар қатарына жатқызылғаны сондықтан болар. Мұнда мәселеге қатысты теориялық принциптің тегі жатқаны анық. Демек, Адам – кез-келген қоғам атаулыны түсіну мен түсіндірудің кілті болмақ. Осының өзі қоғамның этикалық-мәдени тегін іздеу оның онто-антропологиялық тамырына үңілу деген сияқты рухани контекске әкелмек. Белгілі француз тарихшысы Фишердің «Тарихты жасайтын да, жазатын да адам» деп айтқанындай, кез-келген адамзат қоғамын, ондағы әлеуметтік қатынасты құрайтын да, бүлдіретін де, түзейтін де сол «Адам» дейтін жаратылыс болатыны дау туғызбайды. Бұл сайып келгенде қоғамдағы қатынас атаулының адам мінезінен басталып, адам мінезімен аяқталатынын, яғни қоғамның мәдени антропоцентристік әрі этикасофиялық мәнін білдірмек. Олай болса қоғамдағы қатынас әлеумет қатынасының мінездік мәдени табиғатына тәуелді.

Осы ретте мінез туралы әл-Фарабидің анықтамасына сүйенетін болсақ, ол: «Тамаша немесе оңбаған әрекеттер мен жан аффектілерін тудыратын күйдің түрін *мінез-құлық* деп атайды. Мінез-құлықтың арқасында адам *оңбағанда, тамашада* әрекеттер жасайды», – деп жазады. Әл-Фарабидің, «мінез – жанның айнасы», – деп айтуының мәнісі сонда болар. Демек, біріншіден, мінез – адамның адами бітімін құраушы рухани-мәдени константа, екіншіден, мінез – адамның мәдени-моральдық мәтіні, үшіншіден, мінез – адам туралы мәдени білім әлемі деп айтуға ғылыми негіз бар.

Ал осы бір диалектикалық принципке сүйенетін болсақ, әлеуметтік қатынасты құрайтын жекелеген адамдардың өзара қатынас жүйесінің өзі болмыстық тұрғыдан алғанда адамдардың мінездік әрекеттерінің диалектикасынан тұратыны объективті құбылыс. Сондықтан қоғамдағы мінез әлеумет мінезіне, ал соңғысы жеке адам мінезіне тәуелді болып шығады. Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай бірде: «Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да» [96, б. 81], - десе, енді бірде: «Жаман халық деген жоқ, жаман адамдар бар; адамгершілігі мол мемлекет деген болмайды, адамгершілігі мол адамдар болады» [96, б. 84], -деп жиі айтқан екен. Демек, «дүние дидары оны жасаушы жеке адамдардың ой-өрісіне, іс-әрекетіне көп байланысты», -дегені соның

кепілі. Реми Хесс те осы ойды: «Адам – табиғаты тұрғысынан қоғамдық жануар. Сол себепті оның өмірдегі мінез-құлқын зерттейтін негізгі ғылым саясат болуы тиіс. Мораль да осы салаға кіреді» [98], -деп жалғастырады. Міне осының бәрі қоғамдық құбылыстардың бәрінің әрі антропцентристік, әрі моральдық сипат алатынын дәлелдей түседі.

Екіншіден, адамның мінезіне, оның моральдық болмысына, әдепке байланысты мәселе өзінің мәңгілік, шексіз проблема болатыны анық. Демек адам болатын жерде әдеп, мораль мәселесі таусылмақ емес. Неге бұлай дейтін болсақ, ол адамның өз табиғатына байланысты болып шығады. Өйткені, адам жаратылысынан «бейкәміл құбылыс» дейтін аксиомалық таным қалыптасқанын ғылым біледі. Бұл аксиоманы әл-Фарабидің: «Бірінші Тұлға (Алла – Ә.М.) – барлық жан біткеннің өмір сүруінің бастапқы себебі. ...Оның тіршілігі кәміл және болмысында басқаның бәрінен озық, Одан кәміл жетілген ешнәрсе жоқ...», -десе, ал адамның бейкәміл табиғатының себебін оған «...алдамшы тіршілік кемелділікке жетуге кедергі болады» [99]-деген ой-тұжырымдарымен дәлелдеуге болады. Осыдан мұсылман дініндегі «кәміл адам» концепциясы қалыптасқанын, Ж.Баласағұнның «бақытты адам» тұғырнамасы, әл-Фараби іліміндегі «бақытты қоғам» идеясы, Абай мұраларындағы «толық адам» концепті осыған байланысты болғанын түсіну қиын емес. Ежелгі грек ойшылы Аристотельдің де «адам – жартыкеш жаратылыс» деуі де сондықтан болар. Олай болса, адам аяқталмаған, үнемі жетіліу, даму үстінде болатын жаратылыс. Осыдан бұл мәселе жалпы эйкумендік феномен-процесс болып қала береді дейтін ақиқат келіп шығады.

Тағы да әл-Фарабиге зер салсақ, оның пікірінше, адамның (*жақсы, жаман*) мінез-құлқының бастамасы «оның өзінің *жаратылысына* біткен потенциясында болуы мүмкін», ал осының негізінде туындаған адам «әрекеті ...актуальды түрде болады» [100]. Ахмет Яссауидің: «Жақсыларды жарылқап, жамандарға берер жаза, қияметте жазаларын тартар достар» [101], - дегені сол мінез өзектілігінің әлеуетін көрсетсе керек. Бұдан біріншіден, адамның жаратылысынан жақсы және жаман мінезге бейім болуы табиғи онтогендік құбылыс болатыны анық, екіншіден адам мінезі мәдени моральдық тұрғыда потенциалды стратегиялық құбылыс болатынын дәлелдейді, үшіншіде, мінез әр кезде өзінің өзектілігін бойына сақтап әрі жасырып тұратын актуальды құбылыс, төртіншіден, мінездің осы өзектілік табиғатынан туындайтын өзінің шексіз өзгермелі мәдени феномен болатыны туралы ой қорытындылауға болады.

Үшіншіден, адам мінезі өзінің таза руханилық, құпиялылық, трансценденттік табиғатымен ерекшеленеді. Мәселен, әл-Фараби: «Әрекеттен туатын рахаттың ...басқа біреулері біз үшін ...анағұрлым құпиялау болады», - дей келіп, олардың «құпиялары табиғи болып табылатынын» [93,б. 138], - атап көрсетеді. «Адам баласы – Ұлы Жаратушының құдіретімен келген жұмбағы мен сыры қалың құбылыс. Құбылыс сырына қанша сүңгіп, тереңіне қанша бойласаң да, шеті мен шегіне жету мүмкін емес» [100, б. 119], - деген пікір, осы ретте өте орынды. Ал К. Ясперс оны әлемдік «құпия» деп атаған. Өйткені шындығы солай. Олай болса, Ахмет Яссауидің: «Қасиетсіздер қайетті болып

көрінбек, тіліменен қол ұшын беріп, ішіменен бөлінбек» [100, б.120], -дегеніне және қазақ халқының «мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дейтін ұстанымына сүйенетін болсақ, Адам – жаратылысынан өзіне өзі және басқаға да таныла бермейтін, ішкі рухани әлемі өзіне де, өзгеге де құпия болып қала беретін трансцендент әлем болатыны ақиқат. Жоғарыда аталған ғұлама ойшылдардың да ілімдерінде айтылған адам, оның мінезі мен әрекеттеріне қатысты саналуан идеялардың, пікірлер мен көзқарастардың, ойтұжырымдар мен болжамдардың бүгінге дейін айтылуы бұл мәселенің түпкі сырының ашылмауында деп білеміз. Сократтың адамның өзін-өзі тану мәселесін сонау антика заманында көтеруінің сыры осында болар.

Төртіншіден, адамдағы табиғи-болмыстық дуализм антропологиялық мәңгілік қасиет деуге болады. Осы ойға дәйекті Фарабидің ілімінен табуға болады. Мәселен, ол: «Адам табиғи жандардың бірі, ал оның қазіргі кездегі тіршілігі табиғи тіршілік емес. ...Адам өзінің жаратылысына сәйкес келетін істі істемей, өзінің жаратылысына лайықсыз істі істейді» [99,б. 119], - деп айтса, енді бірде осы ойын нақтылай келіп, адам өзінің «қарама-қарсылығымен бірге бола алатынын» және «адам» деген сөз осының екеуіне де ортақ есім ретінде қолданылады» [99,б. 123], - деп жазады. Бұл көзқарастан біз мұндай құбылыс адам табиғатына тән қасиет деген тұжырым жасауға мүмкіндік аламыз. Оған онтостық негіз – адамның әрі тәни, әрі рухани жаратылыс болуы. Бұл да Фарабидің этикалық антропологиясында мойындалып, «...жаман әдет жанның тәнмен қосылуынан келіп шығады...» [99,б. 120], - деген оймен көрініс табады. Осыған сәйкес адамның қажеттілігі екіге жарылады: тәни және рухани қажеттілік. Бұлар адам қалауының бағыттарын анықтап отырады, осыдан адамзатының горизонтальдық әрі вертикалдық тіршілік кеңістігі құралады. Әл-Фараби бақытты адамның жетілуі деген ойды анықтай келіп, «жетілу дегеннің өзі ...адамның қалауы», -дейді және адам талпынатын қалаудың саны көп болатынына сілтеме жасайды. Ал олар адамның мінездік әрекетінің траекториясын көрсетеді. Мәселен, *Ахмет Иассауи*: «Жаны сергектің – тәни сергек», «Тәни тәрбиелінің жаны жәннатта болады. Жан – жара, көңіл – нала» [99,б. 105, б. 107] -деп келтіргендері адамның жани және тәни бағыттағы дуалистік тіршілігін көрсетеді... Абай өзінің жетінші қара сөзінде: «...Бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсек, жесек, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. ...Көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [102], - деп келтіреді. Сайып келгенде бұлардың барлығы адамның табиғатына тән онтостық қасиеттер жүйесін құрайтыны анық.

Бесіншіден, жоғарыдағыдан туындайтын, ең бастысы – адам болмысынада болатын оң және теріс мінездердің табиғи егіз құбылыс болуы. Әл-Фараби адам мінезі нормаларындағы шекті түстарды, жақсы мінездің жаман мінезге ауысып кету шегін қозғай келіп, «жаратылысымыз бойынша өзіміздің бейімдірек тұратындарымыз бар болғандықтан біз бұлардан сақтануымыз

керек. ...Қатерлі істің тұсында батылдығымыз жетпей қалушылық, жаратылысымызда өзіміз бейім тұратын сараңдық бұған мысал бола алады. ...Мінез-құлық міні – рухани кеселге жатады» [93,б. 134], - деген пікірмен соны дәлелді түрде бекіте түседі. Шарифат бойынша, пенденің бір басында жақсы да, жаман да қасиеттер болады [103], теолог-дінтанушы Б. Сағындықұлының айтуынша, «адамның бойында 999 жақсы қасиеттің 999 жаман сыңары бар» [104]. М. Әуезовтің: «Нашар жаннан осал мінездер туады» [97,б. 113], Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Сөзінді түзе – әдетіңе айналады, әдетің – мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың» [97,б. 112], - дегенінің мәнісі сонда болар. Ал теоретик моралистерді тыңдайтын болсақ, адамзаты «ізгілік пен зұлымдық арасындағы алаңда» өмір сүреді. Адамзатының өмірі – «жақсылық пен жамандық» арасындағы күрес алаңы болатын көрінеді [105]. Осы ретте Абайды тыңдасақ, жиырма сегізінші қара сөзінде: «...Жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, ләкин қылдырған құдай емес... деп, нанып, ұқсақ болар» [102, б. 126.], - деген тұжырымды оқимыз. Бұдан түйетініміз оны жасайтын адамның өзі әрі олар адамның табиғи болмысына тән онтогендік қасиеттер. Мұндағы басты онтогендік моральдық актор – нәпсі. Өйткені ол оң іске де, теріс әрекетке жетелейді. Тағы да Фараби: «Біз мінез-құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре-тұра пайда болады дейміз» [93, б. 128], - деп келтіреді. Бұл келтірілгендерден біз адамның мәдени-моральдық болмысының динамикалық сипатын әрі оған негіз болатын моральдық-мәден факторлардың болатыны анық байқалады. Сондай-ақ, бұлар мінездің мәдени экзистенциялық және эмпирикалық құбылыс болатынынан хабар береді.

Алтыншыдан, егер осы мәселеге рухани-онтогендік тұрғыдан келетін болсақ, бұған негіз болатын себептің бірі – адам табиғатындағы жаратылысынан берілетін еркіндік. Мәселен Қайта өрлеу дәуірінің гуманисі Эразм Роттердамский: «Еркін ерік – ізгі мен зұлым істерді анықтаушы түп негіз», -деген екен. Мұстафа Шоқай: «...еркіндік пен азаттыққа талпыну – табиғаттың болмай қоймайтын заңы тәріздес нәрсе» [96,б. 81], -деп көрсетеді. Олай болса, *ерік – мінез бастамасы*. Мәселен, әл-Фарабиді зерттеуші ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғ. Құрманғалиева егер адам өз қалауына сәйкес әрекет ететін болса, онда ол еркін адам болғаны деген көзқарасты білдіреді [106]. Ал әл-Фараби: «Егер ...әрекеттер оның өзінің ықтиярына және өз еркімен таңдауына негізделетін болса, ол бақытқа жетеді» [93, б. 126], -деп жазады. Теориялық принциптерге сүйенетін болсақ, әрине бұған негіз болатын себеп – адамның төрт қасиетке ие болуы: *ақыл, рух, нәпсі, көңіл*.

Жоғарыдағыларды жинақтай келе біз жалпы әлеуметтік мінез антропоцентристік табиғатқа ие және ол шексіз өзгеріп отыратын рухани феномен деген қорытындыға келеміз. Міне осыған сүйене отырып, біріншіден, адам тәрбиесі әр дәуірде өзекті бола беретініне көз жеткіземіз. Екіншіден, оның басты арқауы – адамгершілікке бағытталған оңморальдық ұстанымдар болғанын негіздеуге болады. Бұл да мәселенің мәңгі этика-антропологиялық құбылыс болатынын дәлелдей түспек. Міне сондықтан қоғамның рухани

болмысын зерттеуде оның моральдық-антропологиялық негізі мен теориясына сілтеме жасайтын, дәлірек айтқанда жеке тұлғаны, оның жеке даралығы мен мінез болмысы әлеуетін мойындайтын дала ойшылдарының ұтқыр тәжірибесі мен идеялық тұғырнамаларының маңызы арта түспек. Бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс болатыны сондықтан. Сондықтан, біздің зерттеуіміздің пәніне айналған шешендік өнер мәдениетіндегі тәрбиелік ұстанымдардың бүгінгі күні өзектілігінің туындауының себебін анықтаудың теориялық әрі әдіснамалық негізді анықтау тұғыры болатынын көре аламыз.

Сонымен қазақтың адамгершілігін қалыптастыру, оның оң мінезін толықтырып, адами қасиетін өрбіту – шешендік сөз өнерінің басты мақсаты да, негізгі ұстанымы да болғаны анық. Шешендік өнер – асыл мінез қордасы, мәйегі. Өйткені шешендік:

– адамды ақиқат пен әділдікке, кемелділік пен бақытқа жетелейтін шынайы кісілік қасиеттердің көрінісі мен тоғысы;

– кісілікті, өнегелі, әдепті және инабатты болуды, ізгілік қасиеттерді сақтауға баулитын мектеп, өсиеттік қызметтің өлшемі мен өрісі;

– адамның тұлғалық қасиеттерімен, қажыр-қайратымен, біліктілігімен, көрегендігімен, мұрат-мақсаттарымен ерекшеленетін ділмарлық өнердің мәртебелі деңгейі;

– халқымыздың рухани мәдениетінің кең тараған, ықлым заманнан адамзатын өзіне магниттей тартқан өнегелі өнер түрі, рухани мәдениет үлгісі.

Енді шешендіктің мәдени-тәрбиелік ұстанымдар жүйесін айтар тұста, алдымен, қазақтың *әдеп ұғымына* тоқтала кетеміз. Шешендік сөз өнері өмір шындығымен, әлеуметтік уақыттың қатал да құбылмалы мінезімен бетпе-бет келгенде адамға рухани жәдігер болып, көзден алыс, көңілге жақын құбылыстарды қазақы *әдеп мәдениеті тұрғысынан* түсінуге жетелейді. Шешендік сөз өнерін – қазақтың әдеп кодексі деп айтуға болады. Әдеп – адамның жаратылысынан бері қарай пайда болған әрі тәрбие арқылы қалыптасып, қол жеткізілген рухани білім жүйесін білдіретін жинақтық ұғым. Әдеп адамның оң мінез-құлықтық нормалардың жиынтығы. Әдеп адамда туа пайда болмайды, жүре қалыптасатын, оның өмірімен бірге өсіп, жетілетін мәдени үдеріс. Қазақ шешендік өнеріндегі «әдептілік пен ізгілік – адам көркі» – деп айтылатын теңеулік тоқтам, осы ойдың жалғасын «әдептілік ар-ұят – адамдықтың белгісі...» - деген шешендік мақалдан да көре аламыз. Бұл келтірілген мысалдардан қазақ даласында қалыптасқан халықтық білімде әдеп адам болмысының субстанциясы, оның адамдық болмысының өлшемі болатындығы дәлелдене түседі және әдеп априорлық құбылыс дегенді білдіреді. Қоғамдағы жоғары құндылық – әдепті адам. Әдепті адам – қоғамның рухани байлығы, биік мәртебесі. Айталық, Абылай ханға қаратып Бұқар бидің: «Хан Абылай атандың дүниеден шықпай мінезің. Алтын тақтың үстінде үш жүздің басын құрадың, жетім менен жесірге ешбір жаман қылмадың, әділдікпен жүрдіңіз, әдепті іске кірдіңіз»–деп айтқаны соның дәлелі.

Шешендік сөздің мұндай мүмкіндік қуатын ғалымдардың жалпы тілдің ұлттық әдеп жүйесін қалыптастыруға ықпалы туралы айтқан пікірлерінен-ақ байқауға болады. Мәселен, Мағжан Жұмабаевтың көзқарасы бойынша қазақ тілінде қазақтың сары даласы, тарихы, тұрмысы, асықпайтын – саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр.

Ал қазақ шешендігіндегі ұлттық тәрбие жүйесінің тереңіне үңілу және ондағы әдеп-ибалық құндылықтардың адам бойында ұлттық мінезді қалыптастырудағы маңызы мен ролі туралы мәселелер біз үшін жаңа зерттеу тақырыбы. Осы ретте, қазақтың өзіндік мәдени ұстанымдары қандай еді? Ұлттық тұлғаның субмәдени болмысын ерекшелеп көрсететін тұғырлық база неден тұрады? Міне осы мәселелердің тұңғығына бойлай отырып, осы тараушада ұлтымыздың мәдениеттану жүйесінесараптама *жасауға назар аударылады*. Ұлтымыздың мәдени әлемін зерделей келіп, халық дәстүріндегі этномәдени тұтқаларды пайымдауға *қадам басамыз*.

Егемен еліміздің төл мәдени қалыптарын, үлгілерін өзіміздің текті мәдениетіміз мен кісілік санагерлік бітімімізден қарастырғанымыз дұрыс деп есептейміз. Осының өзі күллі өркениет атаулының сергек рухани мәдениетіне ағылып келіп құйылатын зор жетістік болмақ. Бұл ізденісті қазақ даласында әділ қазылық, төрелік қызмет атқарып, ақыл-кеңесші болып, даналықтың биігінен көріне білген би-шешендерге соқпай табысты жүргізу мүмкін емес. Қазақстанның зайырлы мемлекет болып дамуы, көзделген мақсатқа сай қазақтың би-шешендерінің моральдық ұстанымдарын зерттеп, солар арқылы бүгінгі және ертеңгі қоғамдағы адамдардың мінез-құлқын реттеу, басқару жүйесін толықтырып жасауды қажет етеді. Оның жетістіктері мен кемшіліктерінің басын ашып, болашақпен сабақтастырмай өркениетті ел болып қалыптасу мүмкін емес. Болашақтың басы өткенінде. Соның рухани моральдық жүйесінен, әдет-ғұрып заңдарынан, салт-дәстүрінен, оны толық қамтамасыз ету құралдары мен бастамаларынан іздеу керек деп есептейміз.

Егер қазақ елін жалпы шығысқа тән әлемдік үйлесімділік заңын бұзбайтын тектілік пен кісілік өлшемдерін берік ұстап, қадірлеген халық десек, онда шешендік өнердегі тұрақты тәлім тұнбаларына әр қазақтың тағзым етуі неғұрлым берік болса, оның ішкі «мені» соғұрлым жетіле түседі, мінезі бай түседі. Сайып келгенде, олар қоғамдық санаға, оның ішінде мінездік сана мен қатынастарға тікелей әсер етіп, оның құрылымдық элементтерін, жүйесін құрды. Сонымен бірге қоғамдағы орныққан мәдени-тәлімдік құндылықтар бастауларын уағыздаушы қызметін атқарған. Осы орайда, мұндағы біздің міндетіміз – қазақтың би-шешендерінің әдептік мәдени жүйесіне талдау жасау. Оның өзі қазақ халқының рухани қазыналарының мәдениософиялық тереңіне үңілуге және оның рухани-мәдени потенциалын көрсетуге мүмкіндік туғызады. Дәлірек айтқанда еліміздің іргелі мәдениетін, оның ділмарлық сөз сөйлеудегі мәдени үлгілерінен, мәден тапқырлық нұсқаларынан, мәдени тәмсіл сөздері мен мәселелерінен байқаймыз. Ақылман билермен шешен абыздардың ұлағатты тағлымдарында *адам мен табиғат* сұхбатындағы білімпаздықпен айтылған тәлімгерлік мәселенің үлгі жұрнақтары мәдени тұғырнама есебінде баяндалады.

Мұндағы мәдениеттанулық тұрғыда ерекше зерделенетін мәселе – адамдағы мінез мәдениеті мен табиғат «мінезіндегі» мәдени салыстырмалы астарлардың өзара үйлесіп келетініне назар аудару мәдениеті. Бұл екі дүние арасындағы тектамырлық байланысты анықтауға билердің өнегелік мәдениеті адамның таным зердесін сергітетіні ерекше құбылыс. Бұл қазақтың шешендік өнеріндегі мәдени танымның пайда болу үдерісін сезінудегі *этноәдіснаманың* өзіндік болмысын білдірмек. Демек, дала өркениетіндегі ұлттық мәдени-тәрбиелік құндылықтардың қалыптасу үдерісінің өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Қазақтың ұлттық мәдениетінің және оның ұлттың шешендік өнерінде көрініс табуына негіз болған фактрлардың ең бастыларының қатарына қазақтың көшпелі өмір салты дейтін болсақ, оның халықтың мәдени танымдық жүйесінің қалыптасуына тікелей ықпалы болғаны заңды құбылыс. Әдіснамалық тұрғыдан келгенде көшпелілік тұрмыстың тұрақтылығы, қазақтың мәдениеттанудағы әдістемелік негіздерін қалап, адам мінезіндегі мәдени шамаларды анықтаудың өзіндік дидактикалық тәсілдерін, прагматикалық амалдар базасын түзіп отырды. Қазақ халқының әдептік эпистемасы кездейсоқ жағдайлар мен көріністердің жәй ғана қоспасы емес немесе ретсіз қозғалыс емес, ол әлдеқайда бірегей, адамдардың қоршаған ортаға деген тұтас түсінігін анықтайтын мәдениеттанымдық білік. Бұл құбылысты, біздің пікірімізше, мынандай объективтік доминанттармен түсіндіруге болады. Біріншіден, мәселе табиғат мінезі мен қазақ мінезінің тамырластық байланысында. Белгілі бір геожүйелілік ортада ғана қазақтың өзіне тән спецификалық тұрмысы мен әлеуметтік тарихы қалыптасып, оның басқаға ұқсай бермейтін рухани әлемі, мінез-құлқы, мәдени-моральдық ұстанымдары орнықты деп айта аламыз.

Жер бетіндегі кез келген халықтың, ұлыстың, ұлттық төлтума мінез-құлықтарында экожүйемен астасып жататын, кіндіктес болатын шаруашылық түрінің белгілері көрініп отыратынын байқауға болады. Демек, әр ұлт, ұлыс – өз болмысының, өзінің төл мінезінің авторы сияктанып келеді. Әрбір ру-тайпаның өз ата-мекеніне, табиғатқа деген көзқарасы мен оған қатынасы олардың мәдени-ұстанымдық негіздерге сүйеніп тұтастанған салт-дәстүр арқылы көрініс табатын заңды құбылыс. Ендеше қазақтың да ұлт ретінде қалыптасуына себеп болған сол өзі өмір сүрген геортасы. Сондықтан табиғат көшпелі қазақ халқының да адамгершілік пайымдауларының түп негізі, бастауы болып отырған. Демек, қазақ жан-дүниесіне ерекше болмыс берген, қазақ мінезін табиғат мінезімен байланыстырып, ерекше ұлттық әдеп мәдениетін жасаған – қазақтың малының күтіміне тәуелді болған көшпелі өмірі деген ой түйіндеуге негіз бар. «Мал – қазақ үшін тіршіліктік субстанция болса, ал табиғат – қыс қыстау, жаз жайлау, күз күздеу, көктем көктеу – мал үшін тіршілік атрибуты болған. Басқа халықтарға қарағанда қазақ жиі-жиі табиғаттың алуан сырлы құбылыстарымен бетпе-бет келіп, табиғатқа етене жақын, онымен сырлас-мұндас болып, тағдырлас болған халықтардың бірі» [5, 86 б.], -дейтін пікірдің растығы құптарлық. Осы ретте Ақселеу Сейдімбектің: «Көшпенділердің өмір салты табиғатты жатсынбаған, табиғатты болмыс-тіршілігінің құрамдас бір

бөлігі деп қараған. Мыңдаған жылдарға созылған биосферамен үндес өмір ырғағы табиғаттың өзіндей табиғи-мәдени ортаны дүниеге әкелген. Сондықтан барша құбылыстардың тек-тамырын көшпелі өмір салтымен сабақтастыра қарастырған абзал», - дегенімен келісуге болады. Белгілі қазақстандық ғалым тарихшы әрі философ Зардыхан Қинаятұлы да осы көзқарасты білдіреді. Ол: «Қайсы бір ұлттың ахуал-тұрмысын, жан-дүниесін, тіпті мінез-құлқын жетік түсіну үшін ең алдымен аталмыш ұлттың қоғамдық қатынасының сыр-сипатын тану керек» – деп жазады. Осы ғалымдардың айтқан көзқарастарымен келісе отырып, оған жалпы қазақ фольклорына тән геожүйемен тамырлас келетін мәдени-этикалық көқарастардың негіздік ұстанымдарын айтуға болады. Әсіресе қазақтың би-шешендері табиғат мінезіне қарай, уақыт, заман, дәуір, тіршілік мінезін, соған орай адам мінезін анықтап, оларды белгілі бір ұстанымдарға топтастыра білген. Осыдан келіп туындайтын қазақ шешендігіндегі табиғаттың өзі адамда мінез жүйесін қалыптастыратын үлкен күш болатынын мойындау тенденциясының жатқандығын аңғаруға болады. Қазақ шешендігінде «*жарық пен қараңғы*» ұғымдарының өзі дүниені реттеуші күш ретінде таныла отырып, сонымен бірге олар мәдени-тәрбиелік қызмет те атқарған. Мәселен, «Жарық» – жақсылықтың, бақыттың бейнесін берсе, ал «қараңғы» – жамандықтың, қырсықтың, белгісін бергені анық [5,87б.].

Олар бір-біріне қарама-қайшы мінездік мәдениеттің өзара байланысы тұрғысында сарапталады. Осылайша, тұлғаның оң және теріс мінездік мәдениетін сипаттайтын, бір-біріне жанаса бермейтін жұпталып отыратын мәдени ұғымдар тізбегі түзілді. Сондықтан, «қазақ шешендік өнеріндегі адами мінез-құлықтардың жаман-жақсы болып келуі әрі олардың бірлігі мен өзара күресінің үздіксіз процесін би-шешендер табиғат әлеміндегі жарық пен қараңғыдан бастау алдырып, табиғат құбылыстарының жағымды-жағымсыз сипаттарымен адам мінезін сәйкестендірген немесе оларға балай отырып сипаттаған» [5, 87 б.], -дегенге сенуге болады.

Жеке тұлға мінездік мәдениетіндегі әркелкілік табиғаттың әрқилылық мінездеріне тәуелдендіріледі. Оны қазақ би-шешендерінің адамның мінездік мәдениетін, алдымен оладың *табиғат атрибуттарымен* өлшейтін әдіснамалық ұстанымынан аңғаруға болады. Олар оны: «Таста тамыр жоқ, қанда бауыр жоқ», «Кісідегінің кілті аспанда», «Адам қатасыз болмас, көл бақасыз болмас», «Ай толғанын білмес, жігіт болғанын білмес», «Қатты жауған күн, тез ашылады, қатты ашуланған кісі тез басылады», «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Сумен ойнама, батарсың, отпен ойнама жанарсың», «Талаптың жолы тастан да ауыр», «Жаман еркек жер қадірін білмес», «Ақыл жастан, қына тастан», «Сабыр түбі сары алтын», «Арық көңіл – жарық» [5, 87 б.], -деген сияқты шешендік нақылдармен көрсете білген. Бұл өзінше бір мәдени-тәрбиелік тұғырнама деп айтуға болатын үрдіс.

Бұл *ең алдымен*, дала ділмарлығындағы мәдени-тәрбиелік принциптерді табиғат көріністерінен табу болса, *екіншіден* табиғат көріністерін әдептік-мәденибиігіне көтеру, әдептік-мәдени шектер мөлшерін анықтаудағы мәдени интеллекті көрсетпек, *үшіншіден* табиғат мінезі мен адамның іс-әрекеттік

мәдениетінің тектамырлық қосарлығын тани білу деп пайымдауға келеді. Шындығында, егер табиғи орта адамзатының өмірі сүруінің бастама негізі болатынын растайтын болсақ, ондақазақтың сөз ұстарлары онытабиғи шындық ретінде танып, адамның жақсы-жаман мінезінің мәденидәрежесінтабиғат көріністерімен өлшеуі табиғи заңдылық деуге негіз бар. Ол әлемдік дуализмнен, әлемдік дихотомиядан туындайтын және Адам мен әлемді бір-біріне бағындыратын мәдени дүниетанымнан, оның бірлігін мойындаған нанымнан туындаған дәстүр. Макроәлем мен микроәлем бір-бірімен кіндіктес дейтін ұлттық түсініктен туындаған мәдениет деп есептейміз. Бұл ғаламдық гармонияға бағындырылған мәдени таным[5, 88 б.]. Екінші сөзбен айтқанда, бұл қазақ шешендік өнеріндегі адам мінезінің жақсы да жаман жағын өлшей білудің ұлттық мәдени-тәрбиелік ұстанымы және ол халық даналығындағы әдептанудың әдіснамалық негіздерінің көрінуі формасы деуге болады[5, 77 б.].

Жеке тұлға бойындағы теріс мінездік дағдының теңдесін анықтау мәдениетіне келер болсақ, оны сыртқы ортаның сүрең көріністерімен баламалау мәдени үрдісті аңғарамыз. «Сайлау жердің ағашы, сабырсыз ердің жазасы», «Асқанға аспан да аласа», «Ақымаққа айтқан сөз, ағып жатқан сумен тең...», «Ақымақ жауынды күні суға түсер», «.. сараң адамның алды – қу-тақыр, арты шөл – жазира», «Өкпеден соққан жел жаман, елінен безген ер жаман», «Қас жаман күн жаумай су болар», «Жаман сайға су түссе, өткел бермес кешуге, жаман адамға іс түссе, жаныңды сұрар шешуге», «Бұлттан шыққан күн ашты, жаман кісінің тілі ашты», «Тақыр жерге су төксең, жүруге тайғақ болар, жаманға сырыңды айтсаң, тар жерде айғақ болар», «Пайдасы жоқ жігіттер – ел қонбаған шөлмен тең», «Сабырсыздың басына қауға бітер»[5, 88 б.], - деген шешендік нақылдар соныңқуәсі. Сондай-ақ, «Талабы жоқ жастықтың, жалыны өшкен шөкпен тең», (*Қылышбай шешен*), «Езге айтқан тура сөз, құмға сінген сумен тең», (*Майқы би*), «Жамандардың мінезі асуы жоқ белмен тең», «Жаман қатын мінезі қаңтардағы қармен тең», (*Байсерке шешен*), - деп айтылатын шешендік сын сипаттар дәлел бола алады. Бұл мысалдардан халық дана-ділмарларының адам мінезін қалыптастыратын ішкі құрылымдық элементтерді немесе психикалық процестер мен табиғат құбылыстарының өзгеру циклы арасындағы сәйкестікті іздеу, адам мінезінің өзгеру процесін табиғи құбылыстардың құбылу, өзгеру процесімен баламалау арқылы көрсеткен тәрбиелік ұстанымдар жүйесін әрі мысал келтіре отырып тәрбиелеу мәдениетінің биік үлгісін көреміз. Біздің пікірімізше, бұл – жәй ғана негізсіз дәстүр емес, біріншіден, адамның жаман мінезін жіктеу, екіншіден, табиғатты тани отырып, оның сүрең жақтарын жіктей білу дәстүрін білдіреді. Үшіншіден, макроәлем мен микроәлемнің жағымсыз жақтарын ұқсастыру, теңеу идеясын байқаймыз. Төртіншіден, табиғаттың сүрең жақтарын адам мінезінің күрең тұстарымен бекіте отырып тәрбиелеу идеясын байқасақ, бесіншіден, адамның жаман мінезді таңдау еркіндігі мен табиғаттың құбылу «еркіндігі» арасындағы өзара тәуелді байланыстылықты көрсету мәдениетін аңғаруға болады. Сонымен бірге, бір жағынан адамның табиғат құбылыстарына деген эмоционалдық бағасы байқалса, екінші жағынан, табиғат құбылыстарының ырғақтық

иерархиясына адамның мінезіндегі иерархияны үйлестіру идеясын байқаймыз. Дала ділмарларының табиғат көрінісінің белгілі бір күрең қырын суреттеу, оны адамның теріс мінезіне теңгеру арқылы адамзатына моральдық нормаларды қалыптастыру парадигмасын ұсынады.

Сонымен бірге, қазақ шешендігіндегі адамның оң мінездерін табиғаттағы ыңғайлы, жайлы құбылыстармен бейнелеп көрсету үрдісін де байқауға болады. Адамның оң мінез-мәдениеті табиғаттың жайлы көріністеріне теңестіріледі. Мәселен, «Естіге айтқан тура сөз, шынға тіккен тумен тең» (Майқы би), «Жақсы әйелдің мінезі, алуа, шекер балмен тең» (Байсерке шешен), «Жұртқа болса сенімің, жүрерсің күндей нұрланып» (Жиембай би), «Сабыр – алтын» (Ескелді би), «Жақсы ердің ішінде алтын ертоқымды ат жатады, жақсы әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатады» (Балпық би)[5, 89 б.], - деген шешендік толғауларсоған мысал бола алады.

Осындай кісілік мінез мәдениетінмензейтіншешендік тілмен айтылатын мақал-мәтелдер де аз емес. Мәселен, «Бетегеден биік, жусаннан аласа», «Жақсы жалынсаң кешер, асыл жанысаң өтер», «Жақсының жаны жаннат», «Жақсы – ай мен күндей», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз», «Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады», «Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші, жақсылықтың уытын алып келді десеңші», «Пайдасы мол жігіттер – дария шалқар көлмен тең»[5, 89-90бб.], – дегендер соның көрінісі. Мұнда да табиғаттың жағымды бейнелері мен субстанциялары тұлғаның ізгі мінездің мәдени өлшемі қызыметін атқарып тұрады деп айтуға болады. Кісілік мінездердің аспан денелерімен салыстырылып баламалануы, бір тараптан қазақ би-шешендерінің адам мінезін сипаттаудағы космо антропоморфтық мәдени әдісін анықтаса, екінші тарапынан, бұл рухани дәстүр адамның вертикалды кеңістігін кеңістікпен қатынасын тұлға мінезіндегі мәдени ұмтылысты өзектендіре түсетін тәрбиелік тұрғыда маңызды әлеуетті қуат көзі болып табылмақ. Ал енді ізгі мінездің табиғаттың көлбеу кеңістігімен теңгеріліп жатуы дала шешендік өнеріндегі бір жағынан, ондай мінез табиғатының ауқымдылығы мен өрістілігін айқындайтын ұтқыр мәден тенденцияны көрсетер боласа, екінші жағынан, адамзатының мінездік болмысындағы көлбеулік үдерісті объективті заңдылық тұғырына көтеретін мәден интерпретацияны аңғаруға болады, үшінші жағынан, бұл қазақ ділмарлығындағы адамзанының табиғатпен үйлесімділік заңдылығының оның мінезі арқылы көрініс табу универсумын мойындаудағы ерекше ментальдық мәдениет деп бағалауға болады.

Сонымен бірге,«Бетегеден биік, жусаннан аласа» деп келетін шешендік нақыл қазақ шешендік өнеріндегі кісілік мінез мәдениетінің өлшемдік шамасын анықтай келіп, ізгілік мәдениеттің тәрбиелік тағлымдық мәртебесін пайымдау тұғырнамасын көрсетіп тұрғанына көз жеткізуге болады. Бұны Шығыс ойшылы әл-Фарабидің түсінігімен айтар болсақ, қазақтың дәстүрлі моральдық мәдениетіндегі адам мінезіні «алтын ортада» болып отыру парадигмасы деуге болады. Түйіндеп айтсақ, осы бір мәдени дилемма дала шешендігіндегі моральдық-мәдени тәрбиелік аксиома қағидалар жүйесін қалыптастыру

ерекшелігінің бірі болмақ. Бұл бір тараптан, табиғи орта кеңістігінде болып жатқан әр түрлі көріністер мәден құндылықтарды қалыптастыруға объективті тұғыр болады деп есептесек, енді бір тарапынан сол табиғат көріністеріне антропоморфтық сипаттың сіңірілу тенденциясын аңғаруға болады. Шешендік өнерде жер-су, ай, күн, жұлдыздар, өсімдік әлемі жалпы алғанда табиғат адамзаттың тек материалдық тіршілік кеңістігі, өмір сүру көзі ғана болып қалмаған, сонымен бірге ол мәдени-тәрбиелік құндылықтар, жалпы қазақтың әдептану әрекеті үшін де субстанциялық бастама қызметін атқарған. Бұл қазақы тіршіліктегі қарым-қатынас нормалары объективті болмыс заңдылықтарымен жарасымдылық, үйлесімділік тауып, әдеп нормалары сыртқы болмыс көріністері мен заңдылықтары негізінде қалыптастырған мәдени үрдісті білдірмек.

Қазақ шешендік өнеріндегі әдептану мәселесінің тағы бір ерекшелігі – адамның мінез-құлқының жан-жануарлар мен малдың мінезімен баламалық тұрғыда сипатталу дәстүрі. Жан-жануарлар мен мал мәдени-тәрбиелік құндылықтарды қалыптастыруда және мінез иерархиясын сипаттауда объективтік негіз қызметін атқарған. Осы мәселеге нақтырақ тоқталатын болсақ, мұнда да мал мен жан-жануарларды адамның оң-теріс мінездеріне қарай жіктеу дәстүрін байқаймыз. Тұлғаның жағымсыз мінездік мәдениетіне жануарлардың мінездік әрекеттерімен салыстыра отырып ұқсастық жақтары арқылы қазақтың дәстүрлі мәдениеттану амалын төмендегі берілген мысалдардан көре аламыз. Мәселен, «Арық қой тырысқақ, аш адам ұрысқақ», «Сылбырдың аты шылбырына сүрінер», «Көнектен шошыған бие оңбас, төсектен шошыған ер оңбас», «Жаман түйе жабуын жер, жаман жігіт аулын жер», «Жаманға ақыл айтсаң, алдайды дер, жаман атпен су кешсең, жалдайды дер», «Арыстан асқынса айға шабар, ақмақ асқынса анасын сабар», «Жапалақ мақтанса жардан қоян алдым дер, жаман мақтанса жақсының жағасынан алдым дер», «Жыланның тілі айыр, жылан мінезді адамның сөзі айыр», «Жаман атқа жал бітсе жанына торсық байлатпас, жаман адамға мал бітсе жанына қоныс қондырмас», «Тоғышардың ту қойы қысыр қалады», «Жаман қойшының қойы жүдеп тұрады»[5, 91 б.], -деген нақыл сөздер соның дәлелі болмақ.

Би-шешендердің айтқандарына зер салсақ, та зерттеушілердің «Бәйдібек би: «Қасқыр мен ұры мінездес – екеуі де түнді аңиды» дей келе қасқырдың мінезі мен адамның ұрлық жасау қасиетін теңестіреді.. «Өгізді өрге салма, қанатың талар, наданға көзіңді салма, сағың сынар. ... Мақтаншақ жігіт жисаң – ұятқа қалдырар. Ұрыншақ ат жаз жарға шығар, қыс қарға жығар», – деп атақты батыр – шешен Шақшақұлы Жәнібек ақыл айта отырып, өгіз бен наданның, мақтаншақ жігіт пен ұрыншақ аттың мінездерінің бара-бар екенін көрсетеді»[5, 79б.], -деген пікірлерімен толық келісе аламыз.

Бұлар – ақыл иесі пенденің мінездік көріністері мен хайуандар әрекеті арасындағы ұқсастықтардың мәдениеттанулық өлшемдер тұрғысынан бағамдау формасы деуге болады. Осы аталған тәмсілдік мысалдар арқылы қазақ шешендік сөз өнеріндегі адам мінезіндегі сыр берген тұстарды көре білу және оған сын айтудың әдіс-тәсілдік мәдениетінің ерекшелігін аңғарамыз. Сонымен

бірге, оларды салыстыра отырып, пендедегі кісілік мінездің кему тенденциясын анықтау парадигмасын, осылар арқылы адамзатын ізгі мінезге қарай тәрбиелеу мәдениетінің әлеуетін анықтай білген деп айта аламыз. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі тәрбиелік мәдениеттанулық ұстанымдарының биік рухы осында болар. Өйткені мұндай тағлымдық тәрбиелік тәсілдер өздерінің демократиялық, гуманистік сипатымен, өзінің сыпайылық қуатымен, өтімділік ықпалымен, тіршіліктік пәрменімен адам өмірінде әрі ұтымды, әрі өміршеңдігімен маңызды тәрбиеші қызметін атқармақ.

Сонымен бірге, дала өркениетіндегі тағы бір мәдени танымдық қырға назар аударсақ, ол адам мен малды дұрыс мінездер тұрғысынан салғастыру арқылы адамтану әрі мінезтану мәдениетіндегі үлгілерді сөз етуге тұрарлық деп санаймыз. Осыретте, қазақ сөз өнеріндегі «жігітке лайық ат туар» дейтін мәдени ұстанымға табан тірейтінін байқаймыз. Бұл – адам мінезі мен төрт түлік малды үйлесімдікке келтіретін ерекше мәдени диалектикалық парадигма деуге болады. Мұнда адам диалектикасы мен табиғат диалектикасы көрсетудің мәдениеттанулық сыры жатса керек. Оған «Жүйрік бестіден шығар, кеңес келбетіден шығар», «Жорға жолына тоқтар, жақсы жөніне тоқтар», «Жүйрік тоқтығын білдірмес, жомарт жоқтығын білдірмес», «Қайрат атта болады, ақыл жаста болады», «Тұлпар түбін табады, жақсы адам елін табады», «Арғымақ аттың баласы, аз оттап көп жусайды, асыл ердің баласы аз сөйлеп, көп тыңдайды», «Жақсы кісі қартайса да, ақылынан танбас, жақсы ат қартайса да, жүрісінен танбас», «Ат жақсысы керуеннен, зат жақсысы шеберден»[5, 97 б.], – дейтін шешендік тәмсіл сөздердәлел. Мұнда қазақ шешендігі адам тұлғасындағы әдептік көріністер мен төрт түлік мал мінезі арасындағы сәйкестік екі бірдей табиғат жаратылысының тіршілікте болу моделінің ұқсастығын анықтау арқылы жаһан тұтастығын айқындаудың мәдени концепциясын ұсынады. Сондай-ақ, адамның мінездік әдебі үшін малдың мінездік көріністері мәдени өлшем болуы – дала шешендігінде күллі жер жүзіндегі болмыстық дүниедегі экзистенциялық қозғалыстың өзара шарттастық пен тұтастық принципі айшықталып тұр дегенге келеді. Бұл көрсетілгендерге негізделе отырып, ділмарлық сөз шеберлігінде көрініс табатын дала өркениетіндегі ұлттық мәдени санада ізгі мінезді жасаудың мәден әдіснамалық тұғырларын анық көруге болады. Мұның өзі келешек жас буынды әдептілікке тәрбиелеуде маңызы зор мәден мектеп болмақ. Ең алдымен, қазақ ұғымындағы табиғат құбылыстары мен адам мінез-құлқы арасындағы байланыстың болуы туралы түсініктің орнығуын айтуға болады. Халық ұғымында адамдардың жұлдыздары әр түрлі (топырақ, су, от, жел) сияқты болып, адамдардың мінезін анықтаған. Олар адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеудегі, анықтаудағы негізгі мәдени-моральдық өлшем қызметін атқарған. Осыдан «жұлдызы қарсы» деген сияқты сөз тіркестері қалыптасқан. Мысалы, бұдан «жұлдыз от» болып келетін адам «жұлдызы су» болатын адаммен жарасымды өмір сүре алмайды дейтін астрологиялық шығармашылық мәдениетті көре аламыз. Демек, қазақтың мәдениеттану дәстүріндегі табиғи ат құбылыстары арқылы мәдени қалыптар жүйесін саралау мен талдап жіктеу мәдениетін

аңғаруға әбден болады. Сонымен бірге, мұнда адам мен адам қатынасындағы өзара сиымдылық пен сыйласымдық мінезге тәрбиелеудің ұстанымдық негіздері мен заңдылығын көрсететін мәдени таным төрінің жатқандығы анық. Бұл нормалар қазақ үшін табиғаттың әрбір құрамдас бөлігіне қатыстылықтың өзі белгілі бір әдептік-мәдени принциптерге бағынатындығын білдіріп, оны сақтай білу адам баласы үшін парыздық салмағының бар екенін білдіреді. Демек, табиғи зат-құбылыс – жәй табиғат атрибуты ғана емес, ол өзіндік сыры бар және оның мәні белгілі бір әдептік норма шеңберіндегі мінез образы арқылы мойындалады.

Шешендік сөз өнерінің басты ерекшеліктерінің бірі – адам мен табиғат арасындағы мінез тартысы барысында адам бойында адамгершілік, қайырымдылық, имандылық, тектілік сезімінің оянуы, мінездің табиғатпен үйлесімді даму идеясын ұсынуы. Осы бір ішкі әдептік логикадан тұлғаның рухан әлеміндегі жоғары мәдени-моральдық перцепцияны арттып шыңдау және сол арқылы адамзатының мәденитанымдық дәрежесін жоғарылату, әдепті көресін өрлету әрі мәден танымгерлік қуатын арттыруға қатысты мақсатты аңғарамыз. Бұған Жанқұтты шешеннің: «Адал болсаң судай бол, су арамды кетіреді» және Шабанбай шешеннің: «Халқыңа жағам десең – әділ бол, судай таза бол, жердей берік бол»[5, 94 б]., - дегендері дәлел. Бұлар адами тұлға мен табиғат арасындағы өзара тәуелді байланысты және осы байланыстағы пенде жаратылысының табиғи ортаға қатысты мәдени жауапкершілігінің үстем болып, оның айқындаушы фактор болатынын үстемелей бермек. Осы тәуелділік пен жауапкершілікті кейіпкерлердің психологиялық бейнесі, әлеуметтік жағдайы, өмірлік тәжірибелері арқылы бере отырып, ділмарлар адам мен табиғат арасындағы мінездік байланыс мәселесін әдеп мәдениеті деңгейіне көтерген. Сонымен бірге қазіргі адамның гуманистік потенциалын, отансүйгіштік, елжандылық мінез әлеуетін, оның қоршаған табиғатты түсіну дәрежесін және онымен қарым-қатынас тәсілін анықтай білген. Бұдан біз шешендік өнер қазақтың әдептік мәдени жүйесінің синкретті сипат алып, өзінше құрылу логикасы бар өте күрделі құбылыс екенін дәлелдейтінін байқаймыз. Мінез – психологиялық, эмоционалдық, этнотұлғалық синкретті жүйе дегенді білдіреді. Қазақ шешендік сөз дәстүрінде көтерілетін ұлттық мораль мәдениеті мәселелерін өзара диалектикалық үйлесімділікте болатын «табиғат пен адам» қарым-қатынасына негізделетін қазақтың рухани-мәдени дүниетанымындағы заңдылық ретінде қарауға болады.

Қорыта келгенде дала өркениетінің ділмарлық өнерінде шешен тілмен өрілген нақылдарында жеке тұлғаның мінездік әдепмәдениетінің белгілі бір нұсқалары көрсетіліп баяндалғанына куә боламыз. Әсіресе, адам мінезінің табиғат құбылыстарымен іштейгі мәдени логикалық тұрғыда тоғыстырылуы, тұлғаның мінездік бітімінің дала тағыларының мінездерімен төркіндестірілуі би-шешендердің бір жағынан, адамзатына арнаған өмір сүру мәдениетінің траекториясын көрсету болса, екінші жағынан, пендені әлеуметтік ғұмырын ұйымдастырудың, оны басқарып отырудың, оған талдау жасаудың әдептік мәдени әдіснамасын байқаймыз.

Бұл ретте, «Ұлттық шешендік сөз өнерінде этикалық таным мен сананың шынайы себептері мен негіздері және адамды табиғатқа, оның атрибуттарына бағындыратын, оның күштеріне сақтықпен қарауға, оны құрметтеуге үйрететін, адам мен табиғат арасындағы гармонияны, жалпы әлемдік үйлесімділік заңын бұзбауға баулитын әдеп принциптерінің арқаулары жатыр» [5,93 б.], - деген көзқараспен келісуге болады. Осының өзі ақыл иесі пенде мен сыртқы қоршаған орта арасындағы өзара диалектикалық байланыстың константты жағдайын анықтап, табиға заңдылығын мойындатып, оның жеке тұлға үшін мәдени тәрбиелік маңызын айқындайтын мәдениеттанулық уникум болатынынан мәлімет беретіні анық.

Түйіндей келіп айтқанда, жеке адам мен табиғи орта арасын байланыс өзектері мен арналарын мәдени-құндылықтық тұрғыда сарапталып әрі мәдени герменевтикалық ретпен тәпсірленуі дала сөзмерлігіндегі өзіндік мәдениеттанулық концепциялар бағыты мен этномәдени мазмұнының доминанттық сипаты айқындайды. Бұл табиғат құбылыстарын мәдени-құндылықтық тараптан танымгерлің мәдениет болмақ. Адам мен сыртқы әлем бірлігі арқылы жалпы әйкумендік мәдени құндылықтардың тұтастығын анықтаудағы ұлттық ғұламалық мәден позицияны шебер көрсете білген деуге негіз бар. Олай болса, осының өзі ұлы дала өркениетінің әдептік мәдениет универсумының түзүлу тарихын айтып тұрса керек. Сол бірлік арқылы бүкіл ұлттың мәдени өлшемдер арнасы беріліп, оларды зиялы ортамын байланыстыру жолы мен тәсілдерін қарастырып, өмірлік мәдени құндылықтармен үйлестіріп отырды.

3.2 Кәсіптік шешендік

Бұл тараушада шешендік сөз өнерінің трансформациялану үдерісіне негізделе отырып, оның ағартушылық және инновациялық бағыттарын қарастыруға талпыныс жасалады. Екінші сөзбен айтқанда, бүгінгі кәсіби мәдени құндылықтарды жасаудағы өміршеңдігіне қатысты тұстарын мәдениеттанулық тұрғыдан талдауға қадам басамыз. Осы жерде мәдениеттің трансформациялану сипатына қысқаша тоқталып өтуді жөн санаймыз. Бұл тұста біз шешендік өнердің трансформациялану қасиетін мәдениеттің трансформациялану сипатымен байланыстырамыз. Ғылыми әдебиеттегі соңғысының трансформациялану сипатын мәдениетті адамның әмбебап (универсалды) сипаттамасы ретінде қарастыратын, нақтырақ айтқанда, оның трансформациялану үдерісін адамның біршама көбірек өзін автономды әрі еркін жаратылыс ретінде сезіне бастауымен байланыстыратын көзқараспен келісеміз [1, с. 15].

Шешендік сөз өнерінің кәсіби қызметкердің сөз шеберлігімен байланыстырар тұста оның тарихи теориялық-әдіснамалық аспектілеріне тоқталу қажет деп есептейміз. Шешендік өнерінің әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәні мен ерекшелігі, біздің ойымызша, адамның өзінің мәнімен байланысты. Адам болмысы мәселесі, (материалдық пен руханилықтың, әлеуметтік пен табиғидың біртұтастығы сияқты) мәдени философияда ең басты

болып табылатыны белгілі. Адамның болмысы – бұл оның шынайы өмір беретін көптеген мүмдіктердің ішінен еркін таңдау жасау, мәселелерді қою және оны шешу қабілеті, шығармашылық қабілеті: әлеуметтік ілгерілеу мүддесі үшін жаңаны жасауға бақытталған рухани-практикалық қызметке қабілеттілік[107]. В.Г. Белинский өте әділ атап көрсеткендей, «шығармашылық қабілет табиғаттың ұлы сыйы; жасаушының жан-дүниесіндегі шығармашылығының өзі ұлы құпия» [108].

Ғалымдардың пікірі бойынша, қызмет – «адами қоғамның тіршілік ету формасы; субъектнің белсенділігінің көрінісі, ол қоршаған ортаны мақсатты түрде өзгерту және адамның өзін-өзі өзгертуі түрінде білінеді». Еңбектің мақсаты, құралдары, үдерісі мен нәтижесі біріктірілетін қызмет саналы сипатта болмақ. Материалдық-практикалық қызмет пен рухани (идеалдық) қызметті қоғамдық өндірістің екі негізгі түріне бөліп қарастыру қалыптасқан. Адамгершілік, эстетикалық, ғылыми және т.б. болып бөлінетін рухани қызметке рухани-практикалық шығармашылықтың тәрбиелік, ағартушылық сияқты әралуан түрлері, сонымен қатар, рухани қызмет нәтижелерін тұтыну, өндіру және тарату саласы жатқызылады. Бұл орайда, зерттеушілердің «мәдениетті дамытуда анықтаушы рөл атқаратын – материалдық-практикалық қызмет» деген пікірімен толық келісуімізге болады. Әрине, бұл шартты түрдегі жіктеу болып табылады, өйткені материалдық-практикалық қызмет әрқашан да адам руханиятының жетістіктерін білдіреді, ал рухани қызмет материалдандырылады, заттандырылады. Қызмет барысында материалдық және рухани бастауларды өз бойында біріктіретін, қызметтің көзі және оның нәтижелерін тұтынушы болып табылатын адамның өзі де өзгереді».

Жалпы қоғамдық санада «қызмет» сөзі қандай да бір заттың немесе адамның белсенділігін білдіру үшін қолданылады, сонымен қатар қандай да бір еңбекті, қимылды білдіреді. Қызметтің әмбебаптығы турасында айта келіп, В.С. Швырев «...қызмет адамға тән белсенділіктің формасы болып табылады» деп атап көрсетеді. Ол адамның әлеуетін ашу үшін «... қызметті тек сыртқы шынайылықтың өзгертілуі ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі әлемінің де өзгеруі деп түсіну қажет...» деп есептейді. Мұндай өз әлемін өзгерту дегеніміз араласуды, «түсінуді». «диалогты» және т.б. қамтиды». Тұлғаны және оның рухани әлемін қалыптастыратын түсініктердің диалогтылығы әлеуметтік-практикалық қажеттіліктен, өзара әрекеттестіліктен туындаған.

Болмыстың өздігінен дамитын әлеуметтік формасын білдіретін қызмет адамдарға қандай да бір тұлғааралық қатынастарға түсуге және сыртқы әлеммен, шынайылықпен байланыс жасауға мүмкіндік беретін ұжымдық немесе дербес қызмет түрінде көрініс табады. Қызметтің құрылымында қызметті жүзеге асыратын субъект, осы қызметтің бағыты болып табылатын объект (объект ретінде субъект те әрекет ете алады), мақсат және оған қол жеткізу құралдары, сонымен қатар қызметті түзетін әрекеттердің нәтижелері бар. Қызметтің қозғаушы күші қажеттілік – уәждеме: биологиялық, рухани, тұлғалық, әлеуметтік. Қажеттіліктердің қалыптасуында сенімдер мен мүдделер де маңызды рөл атқарады. Мұның барлығы интеллектуалдық қызметке де

жатқызылады, өйткені ол Е. Суименконың берген анықтамасы бойынша «...микромоторлық деңгейдегі физикалық қызмет болып табылады». Материалдық (тәжірибелік) қызмет нақты нысандарды жасауға немесе өзгертуге бағытталатын болса, рухани қызмет адамдардың санасына ықпал етумен, олардың ішкі дүниесін өзгертумен байланысты. Осы орайда, Б.С.Грязновтың адамдар қызметінің, мысалы, әрекеттің бұрыннан бар тәсілдерін, машықтар мен білімдерді түрлендіру, өзгерту сияқты барлық түрлері шығармашылықтың элементтерін қамтиды деген пікірімен келісуге болады.

Қызмет түрі ретіндегі шешендік өнері, сонымен қатар қоғамдық қажеттіліктерге байланысты да туындайды. Шешендік өнерінің пайда болу бастамалары, алдыңғы тарауларда атап көрсеткеніндей, адами қоғамның әлеуметтік-мәдени тарихының түп-тереңінде жатыр. Ежелгі Грекияда шешендік өнерін «өнерлердің патшасы» деп атаған, өйткені оның қоғамдық санаға, әлеуметтік және мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге келтіретін әсері мен ықпалы өте жоғары болған. Шешендік өнерін меңгерген адамды ритор, сөз шебері (ықпалы күшті сөз сөйлейтін адам) деп атаған, кейінгі кездері ритор деп шешендік мектептеріндегі практикалық шешендік оқытушыларын атай бастады[109]. Риторика, (грекше *rhetor* – шешен) – сөз мәдениетінің әмбебап принципі, шешендік өнерінің теориясы, нақты жағдайларға байланысты әсем де жатық сөйлей білу туралы ғылым. Риторика, адамзат тарихындағы ең көне ғылымдардың бірі ретінде тек грек тілінде («риторика») ғана емес, латын тілінде де «элоквенция», яғни «шешендік өнері» деп белгіленген. Шешендік өнерін «тәтті тіл» деп атаған М.В. Ломоносов, «тәтті тіл» теориясына және оның шеберлеріне былай деп анықтама берген: «Риторика дегеніміз әсем жазу және сөйлеу турасындағы барлық деректер туралы ғылым... Кім де кім осы өнерді шебер меңгерсе, сол ритор». Орыс тілінде шешендік өнерді меңгерген адамды «вития» деп, ал «жасанды шешендікті, жасанды болу себебі бойынша әсірелілікті» – «витийство» деп атаған. «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Оратор (шешен) – сөз сөйлеуші адам; жиналыста баяндама жасайтын немесе сөз сөйлейтін адам; тіл өнерін, сөз өнерін меңгерген адам».

Бұл ретте шешендік сөздің кәсіптік өнермен байланыстық жағы оның шығу тарихымен тамырлас болғаны белгілі. Мәселен, осы өнердің негізін қалаған гректің ұлы ойшылы Аристотель (б.з.д. 384-322 жж.) өзінің үш кітаптан тұратын «Риторика» деп аталатын еңбегінің бірінші кітабында шешен сөйлеудің түрлері мен жалпы қағидалары туралы сөз ете келіп, риторика адамды сендіру өнері деп анықтама берген. Аристотельдің пікірі бойынша «Шешендік өнерінің түпкі мақсаты – шешім қабылдау болып табылатындықтан», шешендік өнерінің мәні, біздің ойымызша адамның өзі, оның мәні мен болмысы болып табылады. Д. Лаэртскийдің пікірінше де, әлеуметтік қатынаста *дұрыс сөйлеуді үйрету* шешендік сөздің мақсатының бірі болып есептелген, сондықтан шешендік өнер тұлғаның сөйлеу өнерін жетілдіру саясатының түрі қатарына жатқызылған. Әл-Фарабиді тыңдайтын болсақ, ол

өзінің «Риторика» атты еңбегінде шешендік өнерді шешендік тілмен, көркем сөйлеу мәдениетімен тікелей байланыстырғанына куә боламыз. Мәселен әл-Фараби: «Сөз» деген атау ...тіл арқылы пікір айтуды ...көрсетеді. Адамның дүние тануына жағдай жасайтын нәрсені және «парасат» деген нәрсені ежелгі адамдар «сөз» деп атаған»[93,б. 140], - дей келіп, сөз адам «жанының парасатты бөлігі» деп санаған [93, б. 141]. Аристотель, шешендік өнерінің мақсатына (ұсынылатын материалдар) сүйене отырып, былай деп санаған «...риторикада сөздің үш түрін ажырата білуіміз керек: кеңесшілік, сот және эпидейктикалық (мадақшылық)»[110]. М.В. Ломоносов сөздің «нұсқаушы, кеңесші және сот» сияқты түрлері бар деп көрсеткен[111]. Олай болса, мұнда да шешендіктің көздейтіні көркем сөз болатын дәйектеле түседі.

Біздің ойымызша, шешендік өнер араласу мен тілге байланысты адам қызметінің ерекше бір түрі бола отырып, өз бойында ғылым мен өнердің белгілерін ұштастырады: ғылым ретінде ол ойлау мен сөйлеу қызметін білдіретін белгілі бір қағидалар мен заңдылықтарға сүйенеді, ал өнер ретінде, шығармашылықтың айрықша бір түрін білдіреді, мұндағы басты рөл орындаушы-шешенге беріледі. Шешендік өнері – көпшілік алдында сөз сөйлеуге, аудиториямен қарым-қатынас жасауға қажетті білімдер мен дағдыларың жиынтығы. Шешеннің тұлғасы мен білімі ең алдымен оның ойы мен сөзі арқылы білінеді, сол арқылы адамның табиғатын, оның санасын түсінуге мүмкіндік береді. Адамның санасы Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша «жалғыз тамшы суға түскен күннің сәулесі сияқты көрініс береді», өйткені, «саналы сөз адам санасының микроғарышы».

Көпшіліктің алдында сөйленетін сөз – орындаушылық, өзіндік бір көрініс, қойылым, бір актердің – шешеннің спектаклі, ал оның әріптесі – аудитория – көрермендер залы дейтін болсақ, онда шешендік өнерін сахна өнерінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Оған қоса, қызмет түріне қарамастан адамдардың барлығы да белгілі бір мөлшерде актерлік кәсіпке қатысы бар болып келеді (бұл турасында, мысалы Д. Дидро тікелей атап көрсеткен), өйткені адам қандай да бір мөлшерде, әлеуметтік «рөлдерді» орындау кезінде актерлік шеберлік тәсілдерін қолданады: дәрігер, қатардағы қызметкер, судья, мұғалімдер және т.б. Д. Дидро, қоғамда бір адамды жақсы актер ретінде жиі атап өте отырып, былай деп жазды: «Мінберлерде, жиындарда, көпшіліктің санасын жаулау қажет болатын барлық жерде тыңдаушыларды әртүрлі әсерге бөлеу үшін біресе ашу, біресе үрей, біресе аяныш сезімі жасанды түрде көрсетіледі. Нағыз құштарлық ашып көрсете алмағанды әсіре құштарлық көрсетеді».

Кәсіби шешендіктің табиғаты шешендік тілмен табиғи онтостық тұтастықта өмір сүретін жаратылыс болатынын ежелгі ойшылдардан бері мойындалып келеді. Аристотельдің пайымдауынша шешендік сөздің бітімін белгілейтін үш белгі бар. Олар – тіл, стиль және құрылымдық жүйе. Шешендік сөз өнерінің басты *қуаты* – *тіл* болып есептелген. Антикалық ойшылдың шешендік көркем сөзге қойған талабы *екеуболған: тілдің айқындылығы және шынайылығы*.

Адамдар қандай да бір құралдарды жасап алғаннан кейін өздерінің дағды, машықтарын дамыта бастады, адамға тән тәртіпке үйренді, өз қызметін жоспарлай білуімен ерекшелене бастады (мұның өзі ойлау қабілеті болып табылады). Жоспарлау қабілетіне қоршаған орта туралы ұғымдарды білдіретін сөздер арқылы іске асатын, қолдағы бар немесе жоқ заттар туралы, өткен немесе келешек оқиғалар туралы ойлауға, айтуға мүмкіндік беретін тіл, сөйлеу қабілеті – жоспарлау қабілетіне себеп болды. Адам қоғамында бекіген және саналы қызмет атқару үшін қажетті болып табылатын тіл бүкіл шынайылықты, оның ішінде жинақталған тәжірибені де білдіреді. Тіл – адамның сезінушілік, дыбыстық табиғаты ретінде оның психикалық қызметінің, адами санасының да компонентіне айналды. И.П. Павловтың пікірі бойынша, тіл бір жағынан адамды шындықтан алыстатып жіберді, ал екінші жағынан ол адамды адам етті. Тіл – араласу құралы, ойды білдіру және жеткізу құралы ретінде пайда болды. Қандай да бір тілдің көмегімен сөйлесудің, араласудың әлеуметтік негізі бар, ол адамның қоғамдық қызметінің бір бөлігі болып табылады.

Олжас Сүлейменов тіл мен санаға қатысты былай деген: «Адам сәби күннен сөз атмосферасына түседі. Сөз оны өсіреді, өшіреді, қуат береді. Сөз адамның көркемдік талғамын қалыптастырады, көзқарасын, сана-сезімін оятады». Адамның жан дүниесінің тілден көрініс табуы, яғни ой шындығының сөз арқылы бейнеленуі және оның қазақ мақал-мәтелдерінен мол көрініс беруі туралы жазған Қ.Жарықбаевтың пікірі де жоғарыда аталған ойлармен тоғысып жатыр.

Шешендік сөз кез-келген нақтылы бір ойды айта отырып, сөзді айтушыға да, оны тыңдаушыға да биік талап қойған. Сөйлеушіден айтар ойдың, тұтас сөздің түйінін шебер сөйлеу арқылы тыңдаушыны өз пікіріне ойыстыру, көркем тіл арқылы өз ойына өзгені иландыру, сендіру, мойындатуды талап етеді.

Орта ғасырдың тағы бір ойшыл данагөйі Ж. Баласағұнның «Құтты білігіне» жүгінетін болсақ, мұнда да тіл мәдениеті шарттарын тілге тиек ете келіп, хан-хәкімдердің қарапайым адамдармен сөйлесу тілі қалай болады деген мәселені көтергені, бектерден ізгі тектілікті көргісі келіп, олармен бірге болғанда «тілге берік болуды» ескерткені, оқыған білімді адам болумен қатар, мырзалар сөзге шешен, көркем тілді болуды ескерткені айтылады [б, б. 58, б. 60, б. 62]. Ал осы дәуір ділмары М. Қашқари де өзінің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде де адамдарды көркем сөзге, тіл шеберлігіне баулыған тағлымы «сежі» және «нәсір» деген категориялар арқылы беріліп, «сежі» – сөздің ішкі ырғақ, шебер ұйқас мәдениетін талап етсе, ал «нәсір» – тілдің сұлулығы мен көркемдігі талап етілетіні көрсетіледі [54,б. 187]. М. Қашқари тіл мәдениеті – шешендіктің басты құралы, тәсілі әрі тәжірибесі деп көрсеткені мәлім. Ахмет Яссауиде өз заманында шешендік пен көркем сөзділікті ізгілік мәдениеттің үлгісі ретінде бағалап, «Сөз өнерін меңгеріп, өмір іліміне жетіңдер» [101], - дей келіп, өзінің бар ғұмырын соған арнағаны тарихтан белгілі. Ал Ахмет Иүгінекиге құлақ салсақ та өзінің «Шындық сыйы» еңбегінде тіл туралы қағидаларды қозғап, тілге сақ болуды ескертіп: «Атлас қымбат, бөз арзан, көп сөйлеген сөз –арзан. ...Ей досым, білім ізде осы тұста, әрдайым біліп сөйле

қақтығыста», – деп толғайды. Біздің мәселемізге қатысты тұрғыдан бағамдайтын болсақ, мұнда да тіл мәдениетін биікте ұстап, «шешендік тіл – жұмсақ күш» дейтін концепцияны аңғаруға болады.

Шешендік өнерді отандық зерттеушілерді алсақ та «шешендік – сөйлей білу» [6, б. 27], -деген концептіні ұсынады. Ал Қадір Мырзалы шешендіктің кәсіби-қызметтік бітімін меңзей отырып, «түйетін де – тіл, шешетін де – тіл» - деп көрсетеді.

Шешендік сөз кез-келген нақтылы бір ойды айта отырып, сөзді айтушыға да, оны тыңдаушыға да биік талап қойған. Сөйлеушіден айтар ойдың, тұтас сөздің түйінін шебер сөйлеу арқылы тыңдаушыны өз пікіріне ойыстыру, көркем тіл арқылы өз ойына өзгені иландыру, сендіру, мойындатуды талап етеді. Мысалы Жүсіп Баласағұн:

Біліп айтқан сөз – білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.
Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін,
Бір сөзбен шеш тәмәм сөздің түйінін.
Туған өлер, көрің қалар белгісіз,
Сөзінді ізгі сөйле, өлсең де өлгісіз [5,73 б].
Қос нәрсені шалмас қарттық құрығы

Бірі ізгі сөз, бірі ізгі құлығы [83,б. 93] - дейтін жолдарында әдеп пен шешендік тілдің диалектикалық сабақтастығын көрсетеді. Сөздің жинақталып, көркемделіп тұтастанып әдептік ой қорытынды ретіндегі көріну формасы шешендік сөз өнері болатындығы туралы байлам жасайды. Олай болса шешендік сөз өнерінің әдептік мазмұны Ж. Баласағұнның сөзімен айтқанда «Біліп айтқан сөз – білікті саналар» деген принципке тоғысады. Сонымен бірге шешендік сөз тыңдаушысына. «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды» дейтін талап қояды. Міне бұлар шешендік сөз өнерінің моральдық қайнар бола алуына негіз болатын тұстар.

Шешендік өнер кәсіби қызметтің түрлі салаларымен тығыз байланысты болатынын да тарих дәлелдедеп келеді. Мәселен, шешендік өнері – көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде (сахналық шеберлік компоненттерін пайдалана отырып) театр өнерінің қағидаттарын ұштастыруды қажет ететін ерекше өнер түрі, себебі ол ғылым мен өнердің белгілерін қамтиды. Осы айтылғандарға байланысты, шешенді бір мезгілде ғалым деп те, суреткер деп те атауымызға болады. Өйткені олардың табысты болуы актерлік шеберлік элементтерін меңгеру деңгейіне, даусының күші мен әсемдігіне, тілінің жатықтығына, сахнада өзін-өзі ұстауына байланысты. Ғалымдардың пікірі бойынша, «сахналық орта тілдің ерекше техникасын қажет етеді: айрықша тыныс алу, қанық дауыс, ерекше «қойылған» дикция». Бұл ретте тілдің нақтылығы оның шынайы өмірмен байланыстылығында емес, көркем ойды жеткізудің өзіндік мәдени формасында екенін атап өту қажет.

Театр өнеріндегі ғылым мен суреткерліктің бір тұлғаға бірігуінің осынау өзіндік ішкі әлемінің өзі де шешен қызметінің ерекшеліктерінің бірі іспетті. Ғалымның мақсаты – өз зерттеуінде шындықты барынша нақты да дәл көрсету

болса, суреткердің мақсаты – өзінің көркем шындық әлемін «әсемдік заңдары бойынша» суреттеу. Осы орайда И. Канттың пікірі өте орынды, «табиғат сұлулығы – өте керемет нәрсе, ал өнердегі әсемдік – сол нәрсе туралы ғажайып елес»[112]. Адамның кез-келген қызметінде де ақыл-ой, дене және эмоционалдық белсенділік бар екендігіне қарамастан, суреткердің шығармашылық қызметінде эмоционалдық-сезімталдық сәттер, қиял ойыны басым, ал ғалымның шығармашылық қызметінде ұтқырлық, интеллектуалдық белсенділік басым келеді. Шешеннің шығармашылығында ғылыми қызмет пен өнердің белгілері ұштасатындақтан, шешендік қызметінің барлық қайшылыққа толы шығармашылық үдерісі дәстүр мен жаңашылдықтың, мазмұн мен форманың диалектикалық өзара әрекеттестігімен сипатталады. Бұл алға қойылған мақсатқа жетер жолдағы ерен еңбекті, табандылықты, ерік пен жігердің ұштасуын талап етеді. Бұл үдерістің барысында мазмұн тұрғысынан да, форма тұрғысынан да жаңашылдық қажет, шешеннің тұлға ретіндегі деңгейі, оның дүниетанымы, қалыптасқан дәстүрге орай ерекше ойлау қабілеті өте маңызды[113].

Эвристикалық қызметтің өнімі шешен тұлғасының (ғалым мен суреткердің), жаңа қоғамдық құндылықтардың маңыздандырылуы болып табылады. Өйткені шығармашылық дегеніміздің өзі – «тікелей сезімталдық образдарының... санада үйлестірілуі, осының нәтижесінде жаңа образ-елес және оған сәйкес қоғамдық іске асырылым туындайды: яғни, шешендік өнер – ең мәнерлі құралы (ойды білдіру құралы ретінде) тіл, оның қисынды құрылымы, сөз таңдау, дикция, интонация (сөздің астарын білдіру формасы ретінде), дыбыс пен мағынаның бір мезгілде ұйымдастырылуы (сөйлеу техникасы), сонымен қатар, сахна кеңістігінде мимиканы, ым мен ишараны, денені басқара білу қабілеті болып табылатын, қызметтің ерекше түрі[114].

Осы аталғандардың барлығы да шешендік өнердің театр өнерімен (орындаушылық өнермен) ерекше жақын екендігін көрсетеді. Тұтас алғанда, өнер, шынайы өнердің шындығы мен танымдық моделінің көрінісі бола отырып, мақсатты қызмет пен ойындық қызметті үйлесімді ұштастырады деп ойлаймыз. Өйткені орындаушылық шығармашылықты (музыканттардың, актерлердің) «ойын» деп атайтынымыз тегін емес. Орындаушылық өнер – шығармашылық қызметтің біршама дербес формасы болып табылады. Біздің ойымызша, орындаушылық өнері – орындалатын туындының механикалық түрдегі материалдандырылуы емес (ноталар, пьесалар, жазбаша мәтіндер), ол орындаушының деңгейіне, оның дүниетанымына, этикалық және эстетикалық қағидаттарына, өз трактовкасын іске асыруының көркем құралын таңдауына байланысты туындының интерпретациялануы болып табылады. Мұнда орындаушының бір сәттік эмоциялық күйін көрсетіледі, ал орындаушының өзі орындап тұрған туындыға қатысты түсінігі әрдайым даму үстінде болатынын да ұмытпауымыз керек. Туындыға көзқарас, туынды туралы түсінік кейде орындау барысында, тыңдармандармен, көреремендер рухани араласу барысында түрленіп, әсерленіп кететін жағдайлар да кездеседі [115]. Шешендік өнерінің орындаушылық өнердің басқа түрлерінен айырмашылығы – егер ол,

орындаушы (шешен) біреудің жазған (дайындап берген) сөзін дыбыстап тұрса, ол бір сәтте мәтіннің авторына да, режиссеріне де, орындаушысына да айналады. Шешендік өнердің қоғамдағы ең белсенді өнерлердің бірі болып табылатын театр өнеріне жақындығы нақты себептер арқылы түсіндіріледі. Театрдың әрекеттік-ойындық ерекшелігі сахна мен көрермендер залының арасынағы өзіндік біртұтастылықты, белгілі бір мөлшерде спектакльге қатысушы болып табылатын аудиторияның қызығушылығын қажет ететіні белгілі. Актерлердің шығармашылық үдерісі көрермендердің көз алдында жүріп жатады және оларға моральдық әрі эстетикалық ықпал етіп, интеллектуалдық-рухани сезімталдыққа жетелейді. Спектакль, театр өнерінің өнімі ретінде актерлердің орындаушылық мәдениетінің нәтижесі. Театр, өзіне тән бағыттардың, мектептердің, режиссерлық схемалардың, актерлік ойынның, сахна өнері теорияларының саналуандылығымен қоса, адамның ішкі жандүниесін ашуды, адамгершілік-қоғамдық проблемаларды ашуды көздейді. Театр мен шешендік өнерінің ең басты ұқсастығы да дәл осы әлеуметтік бағыттылықта. Көзбе-көз араласу, орындаушы мен көрерменнің арасындағы эмоционалдық біртұтастықтың орнауы, оның «автор» және «орындаушы» болып екі бөлінуі, оның жеке шеберлігінің айқын байқалатын мәні[116] – осылардың барлығы театр өнері мен шешендік өнерін жақындастыратын аспектілер болып табылады. Театр өнері өзінің табиғаты жағынан екінші сатылы болып келеді, өйткені ол драматургтың шығармасынан туындайды, оның сахнаға қойылуы пьесаның тақырыбына, режиссердің топшылауына, актерлердің шеберлік деңгейіне және т.б. бағынады[117]. Актер орындаушы ретінде актерлік шеберлік элементтерін, сахна тілінің ерекшеліктерін меңгерген болуы тиіс, өйткені сахна өнерінде көрерменге әсер қалдыратын және тікелей қабылданатын – орындаушының өз тұлғасы. Біздің ойымызша, шешендік өнері мен орындаушылық өнердің ішкі және сыртқы мәні диалектикалық тұрғыдан алғанда біртұтас. Ойластырылған, терең мағыналы сөз тиісті бір формаға ұласуы тиіс. Актерлердің кәсіби орындаушылар сияқты шешендердің де сыртқы мәнерлік құралдарды тұрақты түрде жетілдірумен айналысатыны осыдан. Мазмұн мен форманың біртұтастылығы – бұл абсолюттік тепе-теңдік емес, өзара сәйкестіліктің дәрежесі, ал бұл өз кезегінде кәсіп иесінің дарындылығына, шеберлігіне, оның дүниетанымына, өз сөзін жүзеге асырудың дәл және анық, көркем формасын таба білуіне байланысты.

Ғалымдар «дәстүрлі риторика тұрғысынан алғанда монологиялық сөз – сөйлеушінің, ритордың (шешеннің) қызметі» деп санайды, солай бола тұрғанымен, араласу үдерісінде «сөз шығармашылығының екі формасы – монолог пен диалог» бір-бірімен біте қайнасып жатқан формалар»[118]. Монолог, ұзақ уақытқа созылатын, ешкім араласып, ойды бөлмейтін толғану (дауыстап айталатын ой), оған айтылатын сөздің тақырыптық біртұтастығы тән болып келеді және аудиториямен араласудың ерекше формасы болып табылады, монолог диалогтан сөз таластырудың, ілікпе сөздің жоқтығымен ерекшеленеді. Монолог, біздің ойымызша, іске асырылуының мәнерлілік құралдары бойынша драмалық өнерден біршама ерекшеленетін көркем сөз оқу

өнеріне өте жақын. Көркемсөз оқушының басты міндеті – кейіпкердің образына еңбестен, оның рөлін ойнамастан өз кейіпкерінің мәтінде айтылатын ойын, сезімдерін, қандай да бір қатысы бар оқиғаларын айтып беру, көрерменмен өзара әрекеттестіктің мақсатын және осы мәтінді нақты жағдайда айтып берудің қажеттігін нақты түсіну. В.Н. Аксенов былай деп жазған: «Сөздік әрекет – көркемсөз оқушының бүкіл дайындық жұмысы бағытталатын түпкі мақсат»[119].

Шешендік өнер өзінің мәні жағынан көркемсөз оқу өнерімен ұқсас деп те топшылауға болады, өйткені көркемсөз оқитын адамның айтып тұрғанының барлығы да оның жүрегінен, ой сүзгісінен өткен, заманауи дәуір мен идея тұрғысынан сараланған. Көркемсөз оқушының аудиторияға әсер ету құралдары сөз әрекетінің аясынан шықпайды. Көркемсөз оқуда сезімге қарағанда ой басымырақ[120].

Сайып келгенде, театр өнеріндегі актердың орындаушылық қызметінің шешендік тілмен тығыз байланыстылығы, тіпті шешендік тілдің актер кәсібіндегі айқындаушы фактор болатынын мойындауға тура келеді. Мәселен, П.Валери былай деп жазған: «Тіл – практикалық құрал, оған қоса, біздің ішкі «Менімізбен» тығыз байланыстылығы соншалықты, оның барлық жай-күйін ең қысқаша жолмен тілге салып береді...» [115, б.44]. Міне сондықтан, тіл (атап айтқанда шешен үшін) – адамның ойын, ішкі сезімдерін, алаңдаушылықтарын білдіретін, үнсіз қалдырмайтын, сөйлеуге мәжбүр ететін аса оңтайлы құрал болатыны анық. Актер көркемсөздің шебері ретінде аудиторияға ықпал ете отырып, көрерменнің назарын бір өзі баурайды. М.Т. Цицерон былай деп жазған: «Шешеннің ең басты міндеті – тыңдаушыны жалықтыратын қарабайыр, жаттанды сөздерден бойын аулақ ұстап, ойды толық та анық жеткізе алатын, құлаққа жағымды, әбден іріктеліп алынған сөздерді пайдалану»[121]. Осының *өзі шешендік тілдің кәсіптік ортадағы орны мен рөлін айқындайтын фактор болуының дәлелі.*

Шешендік өнер адам эмоцияларын басқара алады[122] «Сөзді әрлендіру», мәнерлік құралдар таңдау арқылы шешеннің шеберлігі, оның эстетикалық сезімі байқалады, сөздің идеялық мағынасы ашылады, ал осы таңдаудың өзі шешеннің қиялының қаншалықты дамығандығымен, оның «табиғи сезімталдығымен», оның шығармашылық шабыттаныу сәттерімен анықталады. И.И. Лапшиннің пікірі бойынша, «шешендік өнердегі интуицияға айтылар сөзді суырып сала отырып, оңтайлы құрастыруды дамыта білу дағдысы тән». Шабыттаныу сәттерінде басқа қызметтер саласының өкілдері сияқты шешеннің де өмірлік тәжірибесі, білімі, таланты пен шеберлігі жүзеге асады[123]. Біздің ойымызша, шешендік (орындаушылық) өнердің ерекшеліктерінің бірі, оның ең басты «құпиясы» – шешеннің «сахна суретшісі» сияқты өзінің шабытын басқарып, реттей білуінде. Бұл жүйкенің санадан тыс үдерістерін санамен басқара білу деген сөз. К.С. Станиславский, шығармашылық үдеріс механизмін сипаттай келіп, былай деп жазған: «адамның жүйке техникасының табиғаты сананың тасасындағы материалды ұйымдастыруға және оны көркем формада іске асыруға көмектесе алады»[117, с. 379]. Біздің ойымызша, адамның

органикалық табиғаты оның санасы, тасадағы санасы, сезімдері туралы хабардар бола отырып, оның интуициясын, шабытын және бүкіл шығармашылық үдерісін басқарады.

Шығармашылық дегеніміз – табиғаттың сыйы және құпиясы болғандықтан, шешендік өнері саласындағы қызмет, біздің ойымызша, аудиториямен қатынастарда, өзара әрекеттесу кезінде пайда болатын және санадағыны да, санадан тысқарыны да, ішкі (жасырын) мен сыртқыны да қамтитын аса күрделі үдерісті білдіреді. Актерлер де шешен сияқты, өзінің аудиториямен байланысын да, өз сөзінің қандай аудиторияға арналғандығын да жақсы сезінуі тиіс. Аудиториямен қарым-қатынастың өзі көпсатылы үдеріс, оның басталуы, бапталуы, дамуы, кульминациясы және өзара әрекеттен шығу сәттері бар. Біздің ойымызша, шешен-актердің қызметінде де дәл тұлғааралық қатынастағы сияқты, назар аударудың негізгі құралы – сөз.

Осы жерде кәсіптік шешендік өнердегі «назар» мәселесі келіп шығады. Платон: «Назар – жанның танымға деген ұмтылысы» [124], - деп жазады. Аса көрнекті заңгер және шешен А.Ф. Кони, шешеннің қызметінде оның назарды тіктей білу қабілетін өте жоғары бағалаған: «назар тіктелген және шашыраңқы болып екіге бөлінеді»[125], яғни назардың әңгіме тақырыбы мен әңгімелесіп отырған әріптеске тіктелуі немесе тақырыптан да әңгімелесушіден де ауытқып кетуі өзара әрекеттестік үдерісінің нәтижелі болуына және дұрыс шешімнің қабылдануына үлкен әсер етері даусыз. Назарды басқару өте күрделі іс. Адам өзінің табиғаты бойынша назарында бір мезгілде бірнеше нәрсені тең дәрежеде ұстап тұра алмайтыны белгілі. Назардың көлемі, алға қойылған мақсатқа қарай кеңейе немесе тарыла алады. К.С. Станиславский назардың қамту кеңістігін «назардың шеңберлері» деп атаған. Оның назары бір нысаннан екінші нысанға әртүрлі жылдамдықпен көшетін, көргенінің қайсыбірін басты назарға, қайсыбірін одан кейінірек орынға қоятын қасиеттерге ие. Ол назардың үш «шеңбері» бар деп санаған: актердің өзін және оған ең жақын кеңістікті қамтитын «кіші шеңбер»; театр өнеріндегі сахна мен онда ойнап жүрген актерлерді, яғни тікелей қарым-қатынас аясын қамтитын «орташа шеңбер»; назарға қабылданатын, көзге көрінетін барлық кеңістік – «үлкен шеңбер» (мысалы, театрдағы көрермен залы). Сонымен қатар, қиялдағы образдар орналасатын, ал дене жазықтығы назардың ішкі және сыртқы шеңберлерінің ортасындағы шекара болып табылатын «ішкі шеңбер» де бар деп айтуға болады. Ал, осы кейінгі назарға қойылғанды бірінші кезекке алып шыға алатын фактор – сөз. Ол назарды жинақтауға, тіктеуге берілген «нұсқама» іспетті әсер етеді.

Біздің ойымызша шешендік өнер назардың ерекше бағытталуын, тіктелуін ғана емес, сонымен қатар оның басқа нысанға эп-сәтте және жеңіл көше алуын да қажет етеді. Өз назарын көңіл-күйге емес, мақсатты қажеттілік бойынша басқара білу – шешеннің өнерін, шеберлігін құрайтын аса маңызды факторлардың бірі. Осы тұрғыда аудиторияда «назар дағдарысы» деп аталған құбылыс жиі туындап отыратыны туралы пікірлер бар. Академиялық сабақтың 45 минутқа созылатыны, сахналық көріністердің барысында антракт,

жиналыстардың барысында үзілістер жарияланып отыратыны да осы себептерге байланысты болса керек. Шешен-актер де өз қызметінде осы жайларды ескеруі тиіс. Мысалы, көрерменнің назарын күшейту үшін арасында иллюстрациялар, схемалар, видео көрсету, дауысты бәсеңдету немесе күшейту, сөздің ырғағы мен қарқынын өзгертіп отыру және т.с.с. Шебер шешен-актер өз білімділігінің күшімен, жігерімен, сезім қуаттылығымен аудиторияның назарын өте жылдам баурап алады, тыңдаушыларын сұқбатқа, өзара әрекетке, шығармашылық ойлауға тартады. Бұл жөнінде В.Г. Белинский өте орынды айтқан: өнердің мақсаты «табиғаттағы барлық тіршілікті сөзбен, дыбыспен, өзіне тән белгілерімен және бояуымен бейнелеу, суреттеу» [108, с. 108-110].

Тыңдарманмен араласудың мәнеріне шешен-актердің жеке қасиеттері өте күшті әсер ететіні даусыз. Адамдардың шешендік қызметке лайықты немесе лайықты емес екенін салыстыра отырып, олардың мынадай типтерін атап өтуге болады: бірінші – бастамашыл, оның дамыған қиялы өте еркін, бұл оның аудиториямен жеңіл тіл табысуына мүмкіндік береді; екінші – бастамашылдыққа бейім емес, бірақ көмектесіп жіберсе одан әрі алып кете алады, бұл да шешеннің шығармашылық қызметінде керек қасиет; үшінші – көмекті қабылдайды, бірақ оны әрі қарай өз күшімен қолдана алмайды, бұл оның жұмысында көптеген қиындықтарға ұшыратады, өйткені ол өзінің шешендік қабілетін дамытуда әрқашан жетекшінің көмегіне жүгінуге мәжбүр; төртінші – берілген көмекті қолдана білу қабілеті болмауымен қоса, шығармашылық қызметпен шұғылдануға мүлдем қабілетсіз, яғни шешендік өнерге лайық емес адамдар [126]. М.Т. Цицерон айтқандай, шешендік өнерде «...табиғатынан ақылды, өмірде көпті көрген, өзінің сөзіне сендіргісі келетін маңайындағы және барша адамдардың бұдан не күтетінін, не ойлайтынын бірден танитын адам керек» [69, с. 119]. Мысалы, шешендерді мынадай типтерге бөледі: эмоционалдық-интуитивті, оның сөзінде терең философиялық-әлеуметтік қорытуларға ұмтылыспен сипатталатын сезімдер басым болады; тиімді-логикалық, бұл заңгерлерге тән ерекшелік; көркем, оның сөзі қызғылықты спектакльге бергісіз болады және т.с.с. Сонымен қатар, шешендердің басқа да типтері бар: «оқушы-шешендер», олар жазылған мәтінді оқиды; «еркін» сөйлеуші, мәтінге қарап сөйлейді; «декламатор-шешендер» сөзді жаттап алып айтады; «сәулетші-шешендер», олар өз сөзін негізді түрде, белгілі бір кезектілікпен, бейне бір үй салғандай етіп құрастырады (нақты жоспар бойынша) [127]. Мысалы, әйгілі шешен – үгітші Демосфен өзінің сөздерін ұзақ, асқан ұқыптылықпен дайындайтын болған, оның сөздері ерекше нақтылықпен, ойының анықтығымен, кезектілікпен ерекшеленген. Ғалымдардың пікірі бойынша, ол өзінің сөзін құрылыс салып жатқан сәулетші іспетті, әр сөзін кірпіш өргендей етіп, байланыстыра, кезектестіре құрайтын болған» [108, с. 47].

Шешендерді алуан түрлерге бөлу негізінен шартты түсінік деп қабылдаған дұрыс деп ойлаймыз, өйткені бұл шешен тұлғасындағы қандай да бір қасиеттердің басым екендігін ғана білдіреді. Алайда, көпшілік алдында қандай да бір ойды, идеяны айту үлкен азаматтық жауапкершілікті және ерекше

дайындықты, яғни өзін-өзі ұдайы жетілдіріп отыруды қажет ететіні сияқты шешендердің табиғи немесе жүре қалыптасқан қасиеттері оның шығармашылығында орасан зор рөл атқаратыны да дау тудырмасы анық. Бұл тек қана ерік-жігері мықты болғанда, яғни адам өз эмоцияларын, әрбір қадамын саналы түрде басқара алатын болғанда ғана мүмкін болмақ. Сахна (мінбер) еліктіретінімен қатар өте күрделі жер. Онда адамның тұлғасы үлкейткіш шынымен қарағандай ашылады, яғни өзінің қоғамдық мәні тұрғысынан қарастырылатын, көптеген қасиеттердің (белсенділік, өзін-өзі реттеуші, дербестік, біртұтастық) жиынтығына ие адам – дербес тұлға. Дербес тұлға (адамды өзгелерден ерекшелендіріп тұрған қасиеттердің өзіндік үйлесімі) жалпы өнерде және, оның ішінде орындаушылық өнерде аса маңызды фактор болып табылады. Сахнаның ұлы шеберлері, аса көрнекті шешендер – ең алдымен олар жарқын дербес тұлғалар, ұдайы дамып отыратын, орнықты азаматтық ұстанымы бар тұлғалар. Шешен тұлғасының моральдық-этикалық деңгейі өте маңызды, өйткені ұғымдар мен эмоцияларды қамтитын ақыл-ой, ерік-жігер, сезімдер, шығармашылық үдеріске басшылық жасайтын жеке қасиеттер[128]. Сезімдер (борыш, міндет, адалдық) өз табиғаты бойынша әлеуметтік құбылыстарға жатады, олар эмоцияларға қарағанда сыртқы ортаға онша тәуелді емес. Эмоциялар болса, психикалық күйдің ерекше бір түрі, сезімдерге қарағанда өзіншіл, эгосы басым келеді, және тұлғаның қобалжушылығын білдіреді. Олар, әрине жағымды (қуану, рахаттану) және жағымсыз (қайғы, қорқыныш) болып бөлінеді. Сезімдер адамның күйіне, оның назарына, ойына, қабылдауына әсер етеді, яғни адамға сезім органдары арқылы келіп түсіп жатқан ақпараттарды қабылдау және өңдеу үдерісіне әсер етеді. Ғалымдардың пікірі бойынша, «организмнің күрделі, белсенді, ізденуші, детерминантталған қоғамдық-практикалық қызметі»ретіндегі қабылдау қабілеті белгілі бір образды қалыптастырумен аяқталады.

Біздің ойымызша, шешендік өнері де жалпы өнер саласы сияқты, ең алдымен адамның қабылдауына, оның сезімдеріне әсер етеді. Сахналық қойылым, көпшілік алдындағы сөз бір-бірімен өзара шарттылықтағы екі үдерісті біріктіреді: орындаушының өз толқуы және көрерменнің осыған ұқсас сезімдерін қозғау. Сөздің эмоционалдық қыры тақырыпқа және көрерменнің ерекшелігіне сай болуы тиіс, олай болмаған жағдайда ол жасанды, әсерсіз болып шығады және көрермен оны қабылдамайды. «Жанның организмге, мінездің темпераментке тәуелділігі сияқты, шешеннің шығармашылығы да оның өзіне байланысты»[128, с. 5].

Шешен-орындаушының сезімдері күнделікті күйбең өмірдегі эгоистік (жеке) эмоциялардан өзгеше болатын себебі, біздің ойымызша, олар әсемдік заңдары бойынша пайда болған, және пайымдалған, ізгілік сипатта болады. Өйткені олар бірлесе сезінумен, бірге уайымдаумен байланысты. Сөз сөйлеушінің эмоциялары алға қойылған мақсатқа сәйкес болады. Шешен-актер, өзінің көрермен алдында «ойнап» тұрған жағдайының біршама шартты екенін біле отырып, шынайы толқығандай, толғанғандай кейіпке енеді, сөйте тұрса да шынайылықтан алшақтамайды. Ол өз эмоцияларын екіұдай күйде, яғни шешен-

орындаушы және нақты тұлға ретінде басқарады: оның жеке эмоциялары кейінге қарай ысырылып, назар шешен-орындаушының сезімдеріне тіктеледі. Шешеннің шығармашылық жігері оның аудитория алдындағы әрекеттерін басқарады және еріктен тыс туындаған сезімдерді саналы сезімдерге айналдырып отырады. Шешеннің жоғары кәсіби шеберлігі, дарындылығы және мәдениеттілігі оның «...жаңаша қабылдау мен тәртіпке немесе бастапқы стереотиптерді өзгертуге жетелейтін белгілі бір эмоциялар мен сезімдерді туындату мақсатында» тыңдаушыны сендірушілік дарынынан байқалады».

Эмоционалдылық – шешен-орындаушының сөзін мәнерлі ететін, аудиторияға жол таба алатын, көрерменнің қосыла толқуын тудыратын факторлардың бірі (өзінің табиғаты жағынан ізгі болып табылады). Эмоцияның мән-мағынасы орындаушының өне бойы (құралы): денесі, пластикасы, дауысы, тілі арқылы беріледі. Осындай мәнерлілік құралдарын және оларды саналы түрде басқару дағдыларын жетілдірумен, тәртібі мен жағдайдың сәйкестілік дәрежесін бақылайтын өлшем сезімін тәрбиелеумен шешендік өнерінің өкілдері ұдайы айналысады [129]. Мысалы, туғаннан дене кемшіліктері мен тіл кемістігі болған Демосфен, өзінің табанды еңбегі мен үздіксіз жаттығуларының арқасында әйгілі шешен болған. Ол өзінің сөздерімен көрерменді жалындатып, өзі мінберде сөз сөйлеп тұрғанда оттай лаулап, сынаптай сырғыған, денесі мен қолын соншалықты орынды қимылдата отырып, өзінің әр сөзін әсерлі ете түсетін болған»[130]. Демосфен, сахналық шеберлік техникасын, экспрессивті мәнерлілікті тамаша меңгергендігімен «шешендік мінберді драмалық сахнаға айналдырғандардың ең алғашқысы болды». Шешендік өнер шебері актерлік дарын нышандарын, туындаған жағдайларға сәйкес орынды әрекет ете отырып, шығармашылық міндетке бағындырады.

Сонымен, біздің ойымызша, орындаушының шешендік өнері дегеніміз аудиторияға тиімді әсер етудің ережелері мен заңдылықтарын меңгеруді талап ететін қызмет түрі, ол әлеуметтік және жеке мәселелерді шешуге бағытталған және келесі мақсаттарды көздейді: әлденені түсіндіру; ойлануға, шешім қабылдауға, әрекет етуге итермелеу; тыңдарманды рухани ләззатқа бөлеу. «Шешендік» сөзінің өзі «өнер» сөзімен үйлесе отырып, шешеннің (орындаушы ретінде) актерлік шеберлік элементтерін, сөйлеу техникасын, жетілген мәнерлілік құралдарын меңгергендігін ғана емес, сонымен қатар оның шеберлік сапасының өте жоғары екендігін, оның көпшілік алдындағы сөйлеген сөзінің күрделі шығармашылық үдерістің нәтижесі екенін, сезімталдық-материалдық формада рухани-мағыналық түпкі ойды іске асыратын көркем шығарма екенін де білдіреді деп ойлаймыз.

Қазіргі кезеңде шешендік өнерінің түрлері мен класы өте көп. Мысалы, Г.З. Апресян шешендіктің мынадай класы мен түрлері бар деп көрсетеді: әлеуметтік-саяси (баяндамалар, шолулар, митингілік, үгітшілік сөздер); академиялық (дәріс, ғылыми баяндама немесе хабарлама); сот ісілік (прокурорлық, адвокаттық және өзін-өзі қорғау сөзі); әлеуметтік-тұрмыстық (мерейтойлық, дастархан басындағы немесе жерлеу рәсіміндегі сөздер); діни-шіркеулік (уағыз, шіркеуде сөйленетін сөздер). Мәскеу қаласының дәріскерлер

университетінің материалдарында «... шешендік өнерінің тарихи қалыптасқан он табын және олардың одан әрі шешендік түрлеріне бөлінетіні» туралы көрсетіледі»: әлеуметтік-саяси; академиялық; сот ісі; әлеуметтік-тұрмыстық; дипломатиялық; әскери; дәрістік; пікірсайыстық; сауда; шіркеулік-діни. Шешендік өнерін пайымдаудағы ғылыми әдебиеттерде кездесетін тәсілдемелерді назарға ала отырып, біз ортақ белгілері бойынша шешендік өнерінің бірқатар түрлерін біріктіретін таптарды жіктейміз: академиялық (дәріс, ғылыми хабарлама және т.б.); әскери (бұйрықтар, жарғылар, рапорттар және т.б.); дипломатиялық (халықаралық келіссөздер жүргізу, келісімдер жасасу және т.б.); саяси (саяси баяндама, үгітшілік сөздер және т.б.); өндірістік-іскерлік (ресми-іскерлік сөздер, қызметтік хат алмасу және т.б.); әлеуметтік-тұрмыстық (тұрмыстағы сөздер, достық, отбасылық әңгімелер және т.б.); сот ісілік (заңгерлік білімдерге, сот ісіне негізделген сот талоқылаулары және т.б.); шіркеулік-діни (уағыздар, шіркеуде сөйленетін сөздер және т.б.) шешендік өнері. Біздің ойымызша, саяси және дипломатиялық, сот және әскери шешендік өнер өзара өте тығыз байланысып жатыр, ал әлеуметтік тұрмыстық – әр адамның өміріндегі ажырамас компонент екені белгілі. Шешендік өнерінің таптары мен түрлерін толығырақ қарастырып көрейік.

Саяси шешендік мемлекеттік қызметпен тікелей байланысты, өйткені саясат дегініміздің өзі – кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, «мемлекетті басқару өнері». Саясат – бір-бірімен біте қайнасып жатқан бірқатар элементті қамтитын қоғамдық құбылыс: саяси сана (теоретиялық-идеологиялық және күнделікті деңгейде); әлеуметтік-таптық қатынастар; саяси нормалар; саяси қызмет, сонымен қатар осы қызметті бағыттап отыратын институттар (мемлекеттік, партиялық, ұлттық және т.б. мекемелер).

Саяси шешендік өнеріне сөйленетін сөздердің келесі түрлері жатады: ақпараттық-бағдарлық шолу; әлеуметтік-саяси тақырыптағы баяндама немесе жиналыста есеп беру баяндамасы; үгітшілік (түсіндіру-бағдар беру) және эмоционалдылықпен, пафоспен ерекшеленетін, ұжымдық көңіл-күйлер мен ұмтылыстарды білдіретін митингтік сөздер[15, с. 47]. Саяси сөздерде әдетте ұлы ойшылдар мен жазушылардың афоризмдері, қанатты сөздері жиі қолданылады, сонымен қатар көрнекі насихат құралдарымен: плакаттармен, ұрандармен, рәміздермен, транспаранттармен, музыкалық безендірумен толықтырылады. Мұндай сөздер кейіннен мақала, брошюра, кітаптар түрінде басылып шығарылып жатады, ал қазіргі кезеңде аудио- видео жазбалар түрінде тираждалады.

Сыртқы (мемлекетаралық) саясат дипломаттардың, елшіліктер мен консулдықтар қызметкерлерінің, сауда, туристік және мәдени өкілдіктердің қызметімен тығыз байланысты. Мұндай санаттағы адамдарға ерекше жауапкершілік жүктеледі, өйткені олар өз қызметімен өзі таныстырып отырған мемлекет туралы пікір қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар көбіне мемлекетаралық қарым-қатынастардың ахуалын да анықтайды. Осыған байланысты, өкілдіктің қызметкері, дипломат жоғары білімді, шетел тілдерін жетік меңгерген, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрін, қабылданған тәртіп

нормаларын құрметтеуі тиіс. Тіпті, ол сөйлеп тұрған адамды мұқият және шыдамдылықпен тыңдап, сөздің астарын дәл таба білуі тиіс, сонымен қатар өткір де ұшқыр ойлы шешен; сөйлеу мәдениеті жоғары, саяси ұстамды болуы тиіс, өйткені оның әрбір сөзі маңызды, ал келіссөздер, келісім-шарттар жасасу кезінде жіберілген қате айтарлықтай себеп-салдарға: тұрақтылықтың бұзылуына, ұлтаралық және мемлекетаралық қақтығыстардың, соғыстар мен апаттардың шиеленісіне апарып соқтыруы мүмкін. Бұл ретте дипломаттың тілі – Отан қорғаудың қаруы мен құралы деп түсінген абзал болар. Әрине, дипломатиялық шешендік өнерінің қасиеттерін белгілі бір дәрежеде шешендік өнерінің барлық көрнекті өкілдері меңгерген екендігі даусыз, алайда бұл қасиеттер әрбір адам үшін де қажет деп ойлаймыз.

Дәріс оқу деп аталатын сөз өнерінің ерекше формасы пайда болғанын атап өтуіміз керек. Оқытушы, түсінік бере отырып, қолжазба нұсқаның қымбаттығы мен сиректігіне байланысты кафедраға бекітіліп қойған үлкен де ауыр кітаптан оқып тұратын болған. Кейінірек, кітап басып шығару пайда болған кездері дәріс риторикалық жанрға айналды, ол материалды ауызша айтып берумен сипатталатын болды. Ортағасырлық философияның ең басты ерекшелігі оның діни проблемалармен, христиандық таптаурындармен ұштасқандығы болғаны белгілі. Шіркеу ол кездері білім мен мәдениет саласында монополист болғандықтан, барлық философтар теологиялық білімнің салтанат құруына байланысты діни бағыттарға икемделетін болды. Л.И. Шестовтың пікірі бойынша, Ортағасырлар дәуірінің философиясы «...рационалды философияның негізгі проблемаларын да, принциптерін де, ойлау техникасын да қабылдауға дәрменсіз еді».

Академиялық («белгіленген дәстүрлерді ұстанатын, тек қана теориялық») шешендік өнері педагогикалық қызмет пен білім беру саласымен байланысты. Оған сипаты жағынан тек қана ғылыми, яғни дәрістер, ғылыми хабарламалар, баяндамалар сияқты шешендік өнер түрлерін жатқызуға болады.

Оқу орындарында белгілі бір тақырып бойынша оқылатын дәрістер немесе дәрістер курсы, ең алдымен танымдық маңызда болады. Циклдық дәрістердің ерекшелігі оның ойластырылғандығы, аргументтілігі, дәлелділігі, қисындылығы, мазмұндау мәнерінің қатандығы, өзіне тән терминологияларға құрылғандығы, әдістемелік тұрғыдан әзірленгендігі, тыңдаушыларды оқытуға, тәрбиелеуге, олардың дүниетанымын қалыптастыруға бағытталғандығы. Мұндай курстарға, мысалы Б.Т. Лихачевтың педагогикадан дәрістер курсы жатқызуға болады [110, с. 46].

Ғылыми баяндама (есеп) әдетте жеке бір мәселені, ғылыми жаңалықты немесе қандай да бір құбылыстарды зерттеудің жаңа тәсілдемелерін білдіреді, және көбіне олар талқылау, пікірталастар тақырыбына, зерттеудің одан әрі жалғасуына немесе жаңа зерттеулердің басталуына ұласып жатады. Ғылыми хабарламаның баяндамадан айырмашылығы – ол зерттеудің бастапқы немесе қорытынды нәтижелері туралы қысқаша және нақты ақпаратты қамтиды.

Академиялық шешендік өнері (ауызша және жазбаша түрдегі) абстрактылық ұғымдар мен өзіне тән терминдер көптеп қолданылатын ғылыми

фразеологиямен, қысқаша мазмұндалуымен, сонымен қатар мазмұнының ақпараттық қанықтылығымен ерекшеленеді.

Сот саласындағы шешендік өнері іс материалдарын (тергеуші жинаған айғақтарды, куәгерлік көрсетулерді, тергеу хаттамаларын) қарастырудың, сонымен қатар, судьяның төрағалық етуімен айыптаушы және қорғанушы тараптарды, куәгерлер мен айыпталушының көрсетулерін тыңдаудың нәтижесінде ақиқатты анықтауға бағытталған әділет органдарының (прокурорлардың, адвокаттардың, судьялардың) қызметімен, сот процестерімен байланысты екені даусыз. Сот риторикасы айғақтылығымен, дәлелділігімен, адамгершілік-құқықтық бағыттылығымен ерекшеленеді.

Әшкерелеуші, айып тағушы сипатта болатын прокурордың сөзі мемлекеттің, халықтың атынан айтылатыны белгілі. Үлкен құқықтар берілген прокурор, «сотта айып тағуды жүзеге асырушы тұлға» ретінде (А.Ф. Кони) сөз сөйлей отырып, барынша байсалды, объективті, адал, жауапты болуы тиіс, өйткені сотталушының тағдыры прокурордың анықталған фактілерге беретін бағасына тікелей байланысты[131]. Әрбір сотталушының қорғанысқа құқығы бар, қорғау қызметі адвокат жүзеге асырады. Осыған байланысты прокурордың және адвокаттың сөздері сот шешіміне ықпал ететін айғақтар мен дәлелдердің дәйектілігі тұрғысынан алғанда сөзсайыстық сипатта болады. Адвокаттық шешендік өнеріне сотталушының өзін-өзі қорғау үшін айтатын сөздері де қосылады, ол кей кездері айыптаушылық сөзге айналып кететін жағдайлар да кездеседі (мысалы, саяси процестерде). «Сөз – әділеттілікті әділетсіздіктен айырып алатын құрал»[124,с. 361] - деген Платонның сөзі дәл осы сот риторикасына өте жақын.

Әскери қырағылықтың биік үлгілері, ерен ерліктер халық әндері мен жырларында (мысалы, эпосты, лириканы, шешендік өнер жанрын біріктірген ежелгі орыс әдебиетінің ескерткіші, «Игорь полкы туралы сөз»), тарихи және деректі туындыларда, көркем әдебиетте және поэзияда (мысалы, М.Ю. Лермонтовтың «Бородино» атты еңбегінде) мәңгіге сақталып қалғаны белгілі. Әскери құрылымдарда қызмет ететін қызметкерлерге тән батырлық, ерлік, қайсарлық, патриотизм, біздің ойымызша қатардағы солдаттар мен матростардың, армияның, флоттың және ішкі істер ведомстволарының кадрлық офицерлерінің, жоғарғы әскери қолбасшылар мен бас қолбасшылардың сөздерінде көрініс табады[132].

Шіркеулік-діни шешендік өнері дінбасылардың, шіркеу қызметкерлерінің, шіркеуге келушілердің, Құдайға сыйынушылардың қызметімен байланысты. Шешендік өнерінің бұл тармағы өсиеткерлікпен, моральдық-этикалық бағыттылығымен, ежелден келе жатқан, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, сақталып келе жатқан салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға бай екендігімен ерекшеленеді. Ол уағыздарда, шіркеулерде сөйленетін сөздерде, псалмдарда, литургиялық, құлшылық ету мәтіндерінде көрініс береді. В.В. Розанов былай деп жазған екен: «Шіркеуге сөз не үшін керек? Оның сөзі литургиялар мен құлшылық етуде[133]. Бұл ұлы қазына, шіркеу сөзінің қазынасы, ол кітап жазу ісі пайда болғанға дейін де болған, қолданылған, кәзір де бар, кәзір де

қолданылады»[134]. Шіркеулік-діни шешендік өнері салмақтылығымен, баяулығымен, ойлылығымен, тәрбиелеушілігімен, эмоциялық толқыныстардың жоқтығымен, Қасиетті жазбалардан (Библиядан, Құранның) дәйексөздердің жиі келтірілуімен, дикциялық-интонациялық биік мәдениетімен ерекшеленеді. Ол адамдарды сендіру үшін емес, олардың Құдайға сенуге бет бұруына, адамгершілік тұрғыдан тазаруға, адамның рухани күшін бекітуге бағытталған. М.В. Ломносов айтқандай, «... ежелгі замандардан бері ұлылар... шіркеу мұғалімдері мен жасаушылар, көне шешендік өнерін діни догмалармен асқақтатып, Құдайға деп ынтамен айтқан әндерін қалықтатып, сөз шеберлігін көрсететін»[112, с. 148].

Әлеуметтік-тұрмыстық шешендік өнері қоғамдық қатынастарды, халықтың өмір салты мен оның дәстүрлерін көрсетеді. Шешендік өнердің бұл тармағына оның дастархан басында айталып отырған тілектер, мерейтойлық (мадақтаушылық-қорытындылаушылық), сонымен қатар қабір басында, жерлеу рәсімдерінде айтылатын түрлері жатады. Әдетте қысқаша мерейтойлық сөздер той иесіне деген құрмет пен сыйды білдіреді. Олар мейірлі сезімдерге, игі тілектерге толы, кейде өлең шумақтарымен айтылады, немесе шумақтармен толықтырылады, құттықтау хаттарында айтылады. Жалпы мемлекеттік атаулы күндерге, өңірдің, аймақтың, қаланың немесе кәсіпорынның мерекесіне арналған мерейтойлық сөздер өздерінің мәні мен формасы жағынан саяси шешендік өнеріне жақын келеді. Дипломатиялық, ресми қабылдаулардағы дастархан басында айтылатын тілектер де солай. Достық қарым-қатынастардағы дастархан басында айтылатын тілектер мадақ-мерекелік сипатта болғанымен, олар әзілге, түрлендірушілікке, даралыққа, еркін лексикалық айналымдарға толы. Қабір басында немесе жерлеу рәсмінде айтылатын сөздер қайтыс болған адамға арналады, оның өмірдегі жарқын істері, адамгершілік қасиеттері туралы қысқаша мәліметтер келтіріліп, оны әрдайым есте сақтауға уәде беріледі. Осылардың барлығы да, бейресми тақырыптардағы достық, отбасылық жағдайдағы әңгімелер, әзілдер, сөз таластырулар, телефонмен сөйлесулер, басқа да тұрмыстық сөздердің формалары, халықтың қандай да бір ерекшеліктері бар мәдениетінің элементтері болып табылады. Әлеуметтік-тұрмыстық араласу кезіндегі сөздер эмоцияларға толы, әп-сәтте туындайтын, сол сәттегі әсерлерге негізделеді. Араласу үдерісінде диалог пен полилог (әңгімеге бірнеше адам араласқан жағдайда) басым болады, мұнда араласудың вербалдық емес құралдары, ауызекі әңгіме, диалектизмдер, жаргонизмдер, вульгаризмдер және т.б. қолданылады.

Өндірістік-іскерлік шешендік өнері кәсіпкерлер мен мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, ведомстволар, министрліктер, департаменттер, банктер, кеңселер және т.б. қызметкерлерінің қызметіне тән. Біздің ойымызша, қазіргі уақыттағы уақыт тапшылығына байланысты жеделдік жағдайында өндірістік-іскерлік шешендік өнері өндіріс мүддесі үшін іскерлік әріптестермен қарым-қатынастардағы мәселелердің барынша тиімді шешілуіне әсер етеді. Іскерлік сөздің (ауызша және жазбаша) мазмұны ақпараттық тұрғыдан барынша

қанық болатынына қарамастан, мұнда артық эмоция жоқ, логикалық және заңдылық тұрғысынан толық негізделген. Өндірістік-іскерлік шешендік өнері қолданылатын терминдер мен айналымдардың нақтылығымен, ұстамдылығымен, әдеби тіл нормалары мен компьютерлендіру және ақпараттық технологиялар ғасырында серпінді дамыған ресми-іскерлік мәнердің қатаң сақталуымен өзгешеленеді.

Шешендік өнерді радиода және телевизияда жұмыс істейтін журналистер өз жұмысында ауызша тілді кәсіби түрде қолданады, аудиовидеофайлдар дайындап жазады, мәтіндер жазады, оларды түзетеді, материалдарды дыбыстандырады, дикторлық мәтіндер, сонымен қатар кадрда немесе кадр сыртында айтылатын сөздер дайындайды. Олардың басты міндеті журналистік материалды жазу ғана емес, оны дыбыстау, айту, ал ол үшін *тілдік* құзыретті көтеру және телерадиожурналистің *шешендік* шеберлігі деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңына сәйкес, журналист – бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарламалар мен материалдар жинау, оларды өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға [135]. Әмбебап медиақызметкер ретіндегі телерадиожурналистің шешендік шеберлігін зерттеу болып табылады, ал зерттеудің міндеттері – теледидардың, компьютердің немесе ұялы телефонның экранындағы сөз бен бейненің үйлесу ерекшеліктерін талдау, мультимедиялар мен конвергенция кездерінде аса маңызды болып табылатын аудиовизуалдық коммуникацияның ерекшеліктеріне байланысты сюжеттің немесе материалдың аудиовизуалдық контентін қалыптастырудағы телерадиожурналистің рөлі.

Телерадиожурналист жұмысының экрандық және аудиовизуалдық аспектілерін талдау кезінде есте сақтайтын тағы бір жай бар. Қазіргі заманда телерадио хабарларының таратылуын тасымалды қондырғылардың (планшет, ұялы телефон және т.б.) экранынан бөлек, жеке қарастыру мүмкін емес, олар тыңдарманның көрерменге айналуы мүмкіндігін береді, ал интерактивтіліктің арқасында қолжетімді аудиовидеоқызметтердің барлығын пайдалануға мүмкіндік береді.

Телерадиотарату тұтынушыларының аудиториясы интернеттің және әлеуметтік желілердің аудиториясын сипаттайтын «тұтынушылар» деген ұғымның өзі бірте-бірте телевизия мен радио саласына да еніп келеді. Өйткені телерадио өнімдерін тұтынушылар тек тыңдап, көріп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа аудиовизуалдық технологиялары да қолданады. Интернеттен алынған материалдарды тасымалдағыштарға жазып алады, электрондық хаттар мен әлеуметтік желілердің көмегімен сюжеттердің тақырыптарын ұсынады. Онлайн-форумдарда телерадиожурналистермен және басқа да тұтынушылармен телерадиобағдарламаларды талқылайды, әуесқой аудиовидео контенттерімен бөліседі. Алайда, Президент биылғы Қазақстан халқына Жолдауында ашығын айтып, «әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқтығын» [136] атап өтті. Ең бастысы, қазіргі теледидардың, компьютердің немесе ұялы телефонның экраны аудиторияға бір мезгілде видео көруге, аудио тыңдауға және аудиовидеоконтентті тұтынуға мүмкіндік береді. Сондықтан,

заманауи телерадиожурналистің тілдік мәдениетін зерттеу контексінде, оның қоғамдағы мәдени ортаны қалыптастырудағы рөлінде шығармашылықтың вербалдық аспектінің маңыздылығы ерекше болып табылады.

Қазақстандық ақпараттық телерадиобағдарламаларға жүргізілген талдауда журналистердің жүйелі түрдегі тілдік қателері анықталды, бұл қателер тілді меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігінен, кәсіби білімдердің жетіспеушілігінен, микрофонмен сөйлеу техникасы үлгілерінің жоқтығынан туындаған. Осы жерде тағыда мемлекет басшысының үстіміздегі жылғы халыққа Жолдауында: «...біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін ...білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн» [136], - деп айтқаны оған дәлел болмақ. Телерадиода өзінің шығармашылық жолын жаңа ғана бастаған жас журналистер материалдың дыбыстық қырына қарағанда мазмұндық қырына көбірек көңіл бөледі, сондықтан да эфирден әлі жетілмеген, ұйқассыз, интонациялық жағынан қалыптаспаған дауыстарды естиміз, бұл кемшіліктер тыңдаушының сенімсіздігін тудырып қана қоймай, оның жүйкесіне тиюі де мүмкін. Сауатты және сенімді болу үшін телерадиохабарламаның аудиовизуалдық қабылдану ерекшеліктерін ескеру қажет. Осы тұста медиомәдениеттегі «сөз» құбылысының орны мен рөлі жоғары болатынын мойындау қажет деп есептейміз. Аудиториямен араласу үдерісіне табанды түрде, жүйелі дайындық қана шешен-орындаушының бойына сенімділік, еркіндік, батылдық, ішкі орнықтылық, маңыздылық, сонымен қатар «көрерменді дәл сезіну» қабілетін беретіні даусыз (бұл өз кезегінде шешенге аудиториямен араласу кезінде өз әрекеттерін нақтылап отыруға мүмкіндік беретін кері байланысты қамтамасыз етеді), осының барлығы шешендік өнерді жетік меңгергендіктің маңызды белгісі болып табылады. М.В. Ломоносов былай деген: «нағыз шынайы ритор болғысы келген адам, сөзді дұрыс айтуға жиі жаттығуы қажет» [134, с. 91].

П.Бордо «сенім ұялататын сөз» деп мыналарды қарастырады:

1. Неғұрлым кең, бірақ таңдап алынған жанрға сәйкес келетін жиілік диапазонды, әралуан үндестік контурлары.
2. Қарқындылық айтарлықтай қанық болуы тиіс. Қарқындылық болмаған кезде сөз енжар, қызықсыз болып шығады.
3. Кідірістердің саны, олардың ұзақтығы сөз тіркестеріндегі жекелеген сөздердің мәнімен анықталуы тиіс.
4. Адам жадының уақыттық көлемін ескере отырып (4-10 секунд) сөзді синтагмалар мен сөз тіркестеріне мүшелеу кезінде осы уақыттан аспаған абзал [137].

Телерадиобағдарламаларда ауызекі-тұрмыстық лексика да қолданылады, бұл сюжеттің кейіпкерін (оның сөзін тікелей келтіру) ғана емес, телерадиожүргізушілердің тіл мәдениетін де көрсетеді. Кей кездері журналистер танымалдыққа ұмтыламын деп шекті аядан шығып кетіп, трампизация әдісіне жүгінетін кездер де болады, яғни телерадиошоу эфирінде тілдік «берекесіздік» белең алған: тұрмыстық тіл, сленг, жаргонизм, дөрекі, тұрпайы сөздер, тіпті былапыт сөздер де кездесіп қалады. Мұндай «эфирлік

шындық» қоғам арасында үлкені резонанс тудырып, қалың талқыға түсіп жатады[138].

Бір жағынан, осы арқылы телевизия немесе радио (қазіргі кино мен әдебиет сияқты) өмірді «боямасыз» көрсетеді, ал екінші жағынан телерадиоэфирдегі «вербалдық қоқыс» – мәдени азғындауға жасалған қадам. Модераторлардың шамадан тыс вербалдық еркіндікке бой алдыруы журналистердің классикалық үлгідегі функционалдық міндеттерінің маңыздылығына күмән тудырады (телерадиотарату аудиторияны тәрбиелеуге, ағартушылық миссиясын орындауға, қалың бұқараға мәдениеттілікті жеткізуге арналған, керісінше емес)[139]. Телерадиоэфирдің осы аспектісі зерттеуді қажет етеді, өйткені аудиовизуалдық, экрандық бұралық ақпарат құралдарының тілі шындықтың түзетілмеген әлеуметтік мәдени моделін білдіреді.

Телерадиожурналистика дегеніміз телерадиожурналистің ең алдымен тілдік тұлғасының болуын қажет ететін, тілдік-коммуникациялық құзыреттілігіне қажеттілік туындайтын шығармашылық түрі, журналистің шешендік оның рухани қалыптасу деңгейін де көрсетеді[140]. «Сананың жаңғыруы» өмірге деген көзқарастың үдерісін қарастыру. Бұған өмірдің барлық аспектілерін қайта қарап шығуымызға әкеп соғады. Құндылығымызды қайта қарап, жалпы сана жаңғыруына шақыру үшін не істеуіміз керек? Ел Президентінің: «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерін көбірек болғанын қалаймын. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруы тиіс», -дей келе, «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру. Сондай-ақ, ұлт сапасын арттыруға атсалысу»[136], - дегені сондықтан болар. Осы орайда, біз ең алдымен, әлеуметтік желідегі ақпараттық істің мәдени мәртебесін көтеру тетіктерін жетілдіру көздей отырып, ондағы жоғары мәдени кәсіби дағдыны іске асыратын құралдарға назар аударуды жөн санаймыз. Ол – Сөз арқылы және сөзді пайдалану арқылы реализацияға түсетін объектілер: телевизия, әдебиет, музыка (ән), әлеуметтік желі, радио, кино, театр, т.б.

Сезім мен сөздің әсерін пайдаланып, біз ықпал етудің «Soft power» (жұмсақ күш) стратегиясын пайдалануымызға болады. Біздің пайымдауымызша, міне осылар жоғарыда Президент атап өткен «халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерін» үстемелеудің қайнар көздері болып, ұлтымыздың өнегелі мәдениеті биігін көрсетер механизмдер дер едік. Елімізде адамгершілік тәрбиесінде тиімді құрал ретінде қолданыс аясы анықталды. Атап айтқанда бұқаралық ақпараттық жүйедегі сөз мәдениеті мен тәрбиелік мәні талқыланды. Салыстырмалы түрде шолу жасағанда ұлттық арналарымызда осы позицияны нығайту, жақсарту жұмыстары жүргізіліп келеді. Олай болса, ұлтымыздың жаңа мәдени сапаға көшуінің кепілі болатын, біздің күнделікті

өмірлік мәдени ұстанымдарымызды да өзгертетін тұста жоғарыда аталған мәдениет ошақтарын қазақ қоғамында жаңа мәдени қағидаттар мен жаңа бағдарлардың салтанат құруына мұрындық болатын, мәдениеттің жаңа форматын енгізудің негізгі мәдени институттары деп қарау керек деп санаймыз.

Шешендік өнерінің жоғарыда көрсетілген барлық кластары мен түрлерін адамдармен байланыс орнатуға арналған, белгіленген мақсат бойынша әңгімелесушімен, аудиториямен өзара түсіністікке қол жеткізу және тиімді әсер ету жөніндегі әлеуметтік бағыттылық біріктіретіні даусыз. Осылайша, бұл параграфты қорытындылай келіп, мыналарды атап өтуімізге болады:

1) шешендік өнері адамның әлеуметтік, рухани-практикалық қызметінің бір түрі, ал қызмет – адам болмысының бір формасы, тәсілі және мәні;

2) шешендік өнері (араласудың ең басты құралы – сөз сияқты ұжымдық (материалдық және рухани) қызмет саласында пайда болған әлеуметтік қажеттіліктердің қатпарларында пайда болды және сөзбен ықпал ету шеберлігін тамаша меңгерген, қоғамдық проблемалардың мән-мазмұнын барыншы анық, дәл көрсете алатын әлеуметтің жарқын өкілдері – шешендердің сөз шығармашылығы арқылы кеңінен тарады;

3) қоғамның объективті қажеттіліктерінен туындаған, адамның әлеуметтік өмірдегі әралуан салаларға қатысуымен шартталған шешендік өнері өзінің принциптері жағынан театралдық, оқушылық, орындаушылық (яғни бастапқы негізден кейінгі екінші) және авторлық өнермен ұқсас болып келетін шығармашылық қызметтің айрықша түрі;

4) шешендік өнерінде көптеген құрамдас компоненттерден тұратын, оның ішінде тұлғааралық қатынас барысында аудиториямен өзара қарым-қатынас тәсілдері, сондай-ақ сөйлеу техникасы (ойды білдірудің және тыңдармандарға әсер етудің ең басты құралы – сөз) кіретін актерлік шеберлік элементтерін меңгермей айтарлықтай жетістіктерге жету мүмкін емес, өйткені, М.В. Ломоносов айтқандай «... кім де кім ритор болғысы келсе, ол барлық білімдер мен ғылымдарды оқуы қажет»[134, с. 56].

Біздің ойымызша, шешендік өнері адамзаттың ортақ мәдениетінің, араласу және сөз мәдениетінің бір бөлігі, рухани-тәжірибелік және көркем-шығармашылық қызметтің айрықша түрі, ол әлеуметтік өзара әрекеттестіктің және өмірлік құндылықтар жүйесі мен адамның дүниетанымын қалыптастырудың құралы болып табылады. Шешендік өнері – тұлғаның өзін-өзі іске асыру тәсілі, ол тұлғаның дүниетанымы мен ойлау мәдениетін, тұлғаның қоғамдық маңызы бар мәселелерді шешуге, адамдармен байланыс орнатуға, белгіленген мақсат бойынша әңгімелесушімен, аудиториямен өзара түсіністікке қол жеткізуге және тиімді әсер етуге бағытталған көпшілік алдында сөйленетін сөздің мағынасын көркем түрде жеткізу технологиялары мен практикалық дағдыларын меңгеру деңгейін көрсетеді. Шешендік өнерінің мәні – адамның өзі және оның мәні мен болмысы.

Шешендік өнердегі көпшіліктің алдына шығып сөз сөйлеу бағыты қарқынды дамып келеді. «Көпшілік алдында сөйлеу» ұғымына, атап айтқанда, тыңдаушыны сендіре сөйлеудің табиғатына, көпшілік алдында сөз сөйлеудің

дағдыларына және пікір сайыс өнеріне, сөз сөйлеушінің өз ойын логикалық кезектілік ретімен, түсінікті де дәл құрастыру қабілетіне, сөйленетін сөздің тыңдарманды сендірушілік қасиетіне салыстырмалы талдау, жүйелеу жасалып, күнделікті өмірде көпшілік алдына шығып сөз сөйлеудің, шешеннің тыңдармандармен қарым-қатынас жасауының түрлері көрсетіледі. Шешендік өнерінің дағдыларын меңгеру тұлғаның кәсіби қызметтегі кез-келген салада табысқа жетуінің аса маңызды компоненті және оның дүниетанымын қалыптастырудың пәрменді құралы болып табылады[141]. Шешендік өнердің бұл түріне, оның мақсаттарына және әр алуан жанрларына назар аударған жөн. Сонымен қатар, көпшілік алдында сөз сөйлеу өнерін зерделеудің кейбір қорытындылары жасалып, оның саралауды, ретке келтіруді, өзіндік бақылауды қажет ететін тұстары көрсетілген, өйткені, бұл сала заманауи қоғамдағы, тіпті барша әлемдегі араласу мәдениеті болып табылады. Көпшілік алдында сөйлеудің контекстіне талдау жасалады, ол аса маңызды және қажетті төрт аспектіден тұрады: физикалық, мәдени, уақыттық, әлеуметтік-психологиялық.

Шешендік өнердегі көпшілік алдында сөйлеу, оның күнделікті өмірде қоғамға тигізер ықпалы бар екенін біз жоққа шығара алмамыз. Мәселен, алға қойылған мәселелерді шешу үшін сөйлеушілер салыстырмалы талдау, логикалық талдау әдістерін қолдану қорытындыларының дәйектілігін қамтамасыз етуге талпыныс жасауға мүмкіндік берді.

«Көпшілік алдында сөйлеу» ұғымы жүйлендіру тұрғысынан қарастыруда, көпшілік алдында сөйлеудің бірқатар түрлерге бөлінуі ашып көрсетілді. Көпшілік алдында сөйлеудің түрлері саралауды, ретке келтіруді, өзіндік бақылауды қажет етеді. Оның кейбір түрлері көптеген ғасырлар бұрын да ғылыми тұрғыдан зерттеліп, сараланып қойған, ал кейбір түрлері жаңадан ашылып келеді: мысалы, сөздің ішкі мәдениеті, айта кететіні, ол адам өмірінде ең үлкен, ең қиын және уақыт тұрғысынан ең ұзақ бөлікті құрайды.

Бүгінгі таңда көпшілік алдында сөйлеуде шешенге сөздің тақырыбын, проблеманы таңдау кезінде мұқият болу керек, тыңдаушыға әлеуметтік тұрғыдан айтарлықтай әсер ете алатын мәселені анықтап алу қажет. Тақырыптың аудитория үшін қаншалықты қызықты екенін, оның берілген тақырыпқа қаншалықты сай екендігін түсіну де өте маңызды.

Көпшілік алдында сөйлеу дегеніміз – хабарламаны әзірлеп, оны аудиторияға, тыңдарманға жеткізу үдерісі. Көпшілікке арналған сөздің әсерлі болуы үшін оның мақсатын анық, элементтері мұқият таңдап алынған, тақырыбы аудитория үшін түсінікті және шебер жеткізілуі тиіс. Тәжірибесі мол шешендер өз материалын алдын ала жоспарлап, ұйымдастыра отырып, сөйлейтін сөзін әсерлі, ықпалды етіп әзірлеу қажет екенін жақсы біледі. Көпшілік алдында сөйлей білу мансап үшін де, білім алуда да, жеке өмірде де пайдасын тигізуі мүмкін. Көпшілік алдында сөйлеу техникасын білу шешендердің мақсатқа қол жеткізуіне септігін тигізе алады. Көптеген авторлардың «көпшілік алдында сөйлеу» туралы анықтамаларын қарастыра отырып, түрлі ғалымдардың ұғымдары жүйелендіруді қажет ететіні анықталды.

М.В. Будильцева, И.Ю. Варламова және И.А. Пугачев өз еңбектерінде көпшілік алдында сөйлеудің келесі түрлерін атап көрсетеді (кесте 1).

1 кесте – Көпшілік салдында сөйлеудің түрлері, мақсаттары және жанрлары

Түрі	Мақсаты	Жанрлары
<i>Ақпараттық сөз сөйлеу</i>	Қандай да бір ақпаратты хабарлау	Баяндама, хабарлама, дәріс, нұсқаулық, ауызша жауап, алдағы болатын оқиға туралы хабарландыру және т.б.
<i>Сендірушілік сөз сөйлеу</i>	Өз ұстанымның дұрыс екендігіне сендіру	Ғылыми және саяси пікірталаста сөз сөйлеу, сайлауалды, үгітшілік, жарнамалық сөз сөйлеу, таныстыру және т.б.
<i>Хаттамалық-этикеттік сөз сөйлеу</i>	Жалпықабылданған рәсімді, хаттаманы, этикетті сақтау	Ресми қабылдау, құттықтау, ресми шарада алғысөз сөйлеу, қаралы митингте сөз сөйлеу және т.б.
<i>Ойын-сауықтық сөз сөйлеу</i>	Жиналғандарың көңілін көтері	Банкетте сөз сөйлеу, өмірдегіқызықты жайлар туралы әңгімелеу, анекдот және т.б.
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [141, с.; 142]		

Әдетте шешендер хабар жеткізуді, шеберлікті, құмартушылықты шебер пайдаланады. Мәтінді анық, реттілікпен ашқан жағдайда ол көпшіліктің назарына ие болады. Шешен көпшілік алдында сөйлеудің негізгі дағдыларын меңгеруі тиіс, атап айтқанда, аудиторияның назарын өзіне аударып, өзінің өктемдігін, өзінің артықшылығынкөрсете білуі керек.

Шешеннің тыңдарманмен қарым-қатынасының интерактивтік және транзакциялық үлгілерін қарастырайық (кесте2).

Кесте 2 – Шешеннің тыңдарманмен қарым-қатынасының интерактивтік және транзакциялық үлгілері

Интерактивтік		Транзакциялық	
Бастапқы үлгі радио және телефон технологияларында көрініс беретін: көз, арна және қабылдағыш	Коммуникацияны ң интерактивтік үлгісін Уилбур Шрамм әзірледі, ол желілік үлгіге негізделген. Кері байланыстың үш түрі: тікелей, баяу тікелей, жанама	Өзара әрекеттестік үлгісі көздердің бір мезгілде өзара әрекеттесуі кезіндегі жағдайларды өңдей алмайды. Бұл кемшіліктерді жою үшін	Адамның мәдениеттілігі, тәжірибелілігі және мұрагерлігі оның басқа адамдармен араласу мүмкіндігіне әсер етеді
Шрамм коммуникацияның негізгі екі үдерісін анықтады: кодтау және қайта кодтау	Осы түрлерді болдырмау немесе оған бейімделу. Шу шешендер үшін маңызды проблема болып табылады	Коммуникация диалог болуы тиіс. Аудиториямен жұмыс істеу тәжірибесі болу керек	Тәжірибелі шешен диалог жүргізе алады және аудиторияны белсенді түрде диалогқа тарта алады
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған[143]			

Мысалы, көпшіліктің алдында сөз өйлеудің диалогтық үдерісінің бір бөлігі – қандай сөз сөйленетініне байланысты шешен мен тыңдаушының да әртүрлі болатынын түсіну.

Баяндамашы ретінде шешен аудиторияның мақсатын ескере алатын, аудиториямен кері байланыс орната алатын хабарламаны жеткізу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануы тиіс. Ойдағы маңыздылықты жеткізуде табысқа жету үшін шешен аудитория туралы біршама мәліметтерден хабардар болғаны абзал, бұл контекст үшін барынша оңтайлы тілді таңдау үшін де қажет. Арасында егде адамдар бар тыңдаушылардың жекелеген сөздерді, мысалы жасөспірімдердің сленгін пайдалануды қалай қабылдайтынын алдын-ала анық білу мүмкін емес, өйткені мұндай тәсіл шешеннің ойындағы мағынаның дәл берілуіне кедергі келтіреді. Ресей ғалымы М. Бахтин, адамдардың өзара іс-әрекеттері мәдени нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады деп атап көрсетеді [142].

Көпшілік алдында сөз сөйлеу – аудиторияның мәдени деңгейін ескеру мәселесі және осы аудиторияны оның өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа тартуға талпыныс жасау болып табылады. Көпшілік алдында сөйленетін сөздің контекстін қарастыру төрт аспекті тұрғысынан ой толғауды көздейді: физикалық, мәдени, уақыттық, әлеуметтік-психологиялық.

Қарым-қатынастың *физикалық аспекті* шынайы, көзге көрініп тұрған ортаны, сол ортадағы қарым-қатынастарды білдіреді. Мысалы, сыныпта, корпоративтік залда немесе үлкен амфитеатрда сөз сөйледіңіз делік. Осы орталарың әрқайсысы да Сіздің аудиториямен қарым-қатынас жасау қабілетіңізге ықпал етеді. Кең көлемді кеңістіктесөзсөйлеу микрофон қолдануды талап етуі мүмкін, акустикалық жүйе көрнекі материалдар дайындап, оны көрсету мүмкіндігін қарастыратын болуы керек.

Уақыттық аспект. Көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін алдын-ала дайындық қажет. Залды немесе кабинетті тексеру, аудиториямен тығыз қарым-қатынас жасау үшін қызықты материалдармен, плакаттармен безендіру. Залдың температурасы да үлкен рөл атқарады. Шамадан тыс салқын немесе қапырық болса, аудиторияның қабылдауы, қызығушылығы төмендейді. Сөз сөйлеу кезінде жұмыс уақытын жоспарлау да жолданатын хабарламаның аудиторияға жетуі үшін өте маңызды. Аудиторияның алдында сөз сөйлеуді түскі астың алдындағы уақытқа жоспарлау. Шешендік өнерінде сөз сөйлеуші аудиторияның назарын әзілмен, қызықты әңгімелермен баурап алуы тиіс.

Әлеуметтік-психологиялық аспект. Әлеуметтік-психологиялық өлшем «қатысушылардың арасындағы мәртебелік қатынастарға, қоғамдық нормаларға, жылы шырайлылыққа, формальдық ережелерге жатады». Аудиторияда отырғандар мен олардың реакциясын кең диапазонға жатқызуға болады.

Мәдени аспект. Американдық профессор Josef A. Debit (Джозеф А. Дебито) атап өткен контекстік өлшем – мәдени аспект. Әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынастарда білінеді. Кейбір жете түсінбеушіліктердің себебі де әралуан мәдени сенімдердің, нормалар мен практикалардың

нәтижесінен болуы мүмкін. Қоғамдық спикерлер сияқты, аудиториямен диалогқа қатысушылар да аудиторияның мәдени құрамын алдын-ала анықтап алуға тырысуы тиіс, сол арқылы жете түсінбеушіліктердің орын алмауына жол ашуға болады. Ең басты ерекшелік – өзгелердің Сіз жеткізген хабарламаны қабыл алуы оның мазмұнына, берілу шеберлігіне ерекше назар аударуды талап етеді, контентпен қарым-қатынас орнату шеберлігі арқылы берілген ақпараттың мазмұнына қызығушылық артады. Байланыстың интеракциялық үлгілері коммуникациялардың және негізгі терминдердің пайдалы негізін түсінуді қамтамасыз етеді: жолдаушы, қабылдағыш, шу, хабарлама, арна, құпиялап жасыру, құпияны ашу, кері байланыс.

Көпшілік алдында сөйлеудің диалогтық теориясы – сөз мағынасының түсінікті болуы шешен мен тыңдаушының көзқарастарына байланысты екенін түсінуді талап етеді, бұл контекст хабарламаларды қалай әзірлеп, қалай тарату қажет екеніне ықпал етеді.

Көпшілік алдында сөйлеудің түрлері саралауды, ретке келтіруді, өзіндік бақылауды қажет етеді. Бұл араласу, қарым-қатынас жасаудың мәдениеті, яғни сөз мәдениеті. Оның кейбір түрлері ғылыми тұрғыдан әлдеқашан сараланып қойған, ал кейбірі жаңадан ашылып келеді: мысалы сөздің ішкі мәдениеті, айта кететіні, ол адам өмірінде ең үлкен, ең қиын және уақыт жағынан ең ұзақ бөлікті құрайды.

Тараушаны қортындылай келе шешендік сөз өнерінің трансформациялану үдерісіне негізделе отырып, оның ағартушылық және инновациялық бағыттарын қарастырылды. Екінші сөзбен айтқанда, бүгінгі кәсіби мәдени құндылықтарды жасаудағы өміршеңдігіне қатысты тұстарын мәдениеттанулық тұрғыдан талданды. Мәдениеттің трансформациялану сипаты шешендік өнердің трансформациялану қасиетін мәдениеттің трансформациялану сипатымен байланыстырылды. Ғылыми әдебиетте соңғысының трансформациялану сипаты мәдениетті адамның әмбебап (универсалды) сипаттамасы ретінде қарастыратын, нақтырақ айтқанда, оның трансформациялану үдерісін адамның біршама көбірек өзін автономды әрі еркін жаратылыс ретінде сезіне бастауымен байланыстыратын көзқараспен негізделді. Шешендік сөз өнерінің кәсіби қызметкердің сөз шеберлігімен байланыстырар тұста оның тарихи теориялық-әдіснамалық аспектілеріне талдау жасалынды.

3.3 Әлеуметтік желідегі онлайн тренингтер

Бұл тараушада біз әлеуметтік желі жүйесіндегі онлайн-платформа мәдениетіне, экрандық хабарламаның тиімділігі мәдениетіне, телерадиокоммуникацияның аудиовизуалдық мәдениеттің ерекшеліктеріне (аудиторияға әсер етудің тең дәрежелі аспектілері аудио және визуалдық ықпал болып табылады) қатысты мәдениеттанулық талдаулар жасалады. Жалпы бүгінгі интернеткоммуникацияның медиомәдени аспектілеріне шешендік сөз өнері тұрғысынан сараптама жасауға талпыныс білдіріледі.

Әмбебап медиақызметкердің шешендік шеберлігін зерттеу болып табылады, ал зерттеудің міндеттері – теледидардың, компьютердің немесе ұялы телефонның экранындағы сөз бен бейненің үйлесу ерекшеліктерін талдау, мультимедиялар мен конвергенция кездерінде аса маңызды болып табылатын аудиовизуалдық коммуникацияның ерекшеліктеріне байланысты сюжеттің немесе материалдың аудиовизуалдық контентін қалыптастырудағы рөліне барлау.

Аудиовизуалдық хабарлама мазмұнды ақпаратты ғана беріп қоймайды, сонымен қатар дыбыстық-көріністік образды да білдіреді: эфир тілі араласу құралының қызметін атқарады, коммуникациялық функцияны атқарады, сөз сөйлеп тұрған адамның даусы арқылы ол туралы түсінік қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен, аудиторияның хабараманы қабылдауының табыстылығы үшін *не* айтылғаны ғана емес, *қалай* айтылғаны да маңызды [144]. Студиядағы микрофон алдында немесе тікелей эфир орнында жұмыс істеп тұрған сөйлеуші, аудиторияның көңілінен шығу үшін ерекше актерлік шеберлік танытуға міндетті емес. Ол тыңдаушы мен көрерменді өзінің шеберлігімен, бұл ретте орындаушылық ептілігімен ғана емес, микрофон алдында және кадрда шебер жұмыс істеуімен, тіл байлығымен, сөйлеу техникасының жетіктігімен, ең алдымен, эфирде бірегей жолмен ашылған тақырыптың маңыздылығымен «тәнті етуі» тиіс.

Ең бастысы, қазіргі теледидардың, компьютердің немесе ұялы телефонның экраны аудиторияға бір мезгілде видео көруге, аудио тыңдауға және аудиовидеоконтентті тұтынуға мүмкіндік береді. Сондықтан, заманауи тілдік мәдениетін зерттеу контексінде, оның қоғамдағы мәдени ортаны қалыптастырудағы рөлінде шығармашылықтың вербалдық аспектінің маңыздылығы ерекше болып табылады [145].

Сұхбаттас адамның құлаққа жағымды, мәнерлі дауысы көңілге сенім, ұнатушылық ұялатады, араласуға жетелейді. Кейде тәжірибелі сөйлеуші «жарқын көркем образдарды, әралуан бояулар мен сезімдерді, адам жанының өте нәзік тербелістері мен өрнектерін» тек дауыстың көмегімен ғана жеткізе алады. Әрбір адамның сөйлеуіндегі вокалдық ерекшелік оның жеке-даралығын білдіреді. Сондықтан да, эфирде әртүрлі адамдар айтқан белгілі бір грамматикалық құрылымның өзі аудиторияға әртүрлі әсер қалдыруы мүмкін, олай болса, тыңдалған ақпарат әртүрлі көзқарастар туындатуы да мүмкін. Экрандағы образдың семантикалық толықтығы грамматикалық конструкцияны сәйкестендіру деңгейінде ғана емес, тұлғаның тілдік сипаттамаларының өзіне тән ерекшеліктерінің арқасында да байқалады [146].

Сондықтан да, көпшілік алдында сөйлеуші дауысын «қою» бойынша жұмыс жасауы тиіс: дауыстың тембрлік қанықтығын, икемділігін, биіктігін дамыту, шешендік өнерін жетілдіру. Кадрдағы немесе кадр сыртындағы мәтіндерді дайындау кезінде оны дауыстап айтатыны, әрбір сөзді мұқият саралап, дауыстың интонациясын, мәтіннің айтылу қарқыны мен ырғағын және т.с.с тексеру керек. Материалдағы қандай да бір қателіктер мен дәлсіздіктерді іздеу, өйткені сөздердің ұйқасты, әуезді айтылуы, аудиовизуалды

қолайлылығы, бейнелердің, дыбыс пен мазмұнның тепе-теңдігі өте маңызды (сонда экрандық контекст қалыпты қабылдау шегінен тыс қалмайды, яғни аудиторияның құлағына жағымды, табиғи және үйлесімді болып қабылданады.

Бұл қазақы мәдениеттегі «Құлақтан кірген суық сөз, көңілге барып мүз болар», «сөз самал»[147], -дейтін шешендік мәдениеттегі ұстанымдық өлшемдерге сәйкес келеді десек болады. Міне, сондықтан да «жанды сөзді» сапалы түрде меңгеру өте маңызды, өйткені телерадиоэфирде «мұқият дайындалған импровизациядан, жаттанды сөзден, жасандылықтан қорқынышты ештеңе жоқ».Бүгінгі таңда ақпараттық бағдарламалары бар барлық эфирлерде «live» (жанды) хабар жүргізуді қоданады, осының өзі де телерадиотарату коммуникациясы мәдениетінің ерекшелігіне жатады.

Аудиовизуалдық құралдардың көмегімен болып жатқан оқиғаның атмосферасын, сондай-ақ оның мәдени деңгейінен де хабардар етеді. Дәлірек айтқанда, біздің зерттеуіміз үшін ең маңыздысы олардың сол оқиғаларды сөздік және тілдік атмосферада жеткізе алу мәдениеті. «Сол жерде болғандай әсер алу» телеэфирде, теледидардың экранында немесе компьютердің мониторында «шынайы өмірдің фактілері түріндегі бейнелер» көрсетілген сәтте туындайды»,сөйтіп көрермен сол оқиғаның куәгеріне айналады: ол оқиғаны дер кезінде, болып жатқан сәтінде көріп, тыңдап отыр. Алайда, аудиовизуалды туындыларды біз ең алдымен, өз мәдени болмыс-бітімі, берілу тәсілдері мен технологиясы бар, өзінше бір аса жоғары шығармашылық мәдениетті талап ететін рухани өндіріс деп білеміз. Ол басқаша бола алмайтын – мәдениет туындысы. Сөз дәстүрінің қажеттілігі ауызша сөйлеудің аясы кеңіген сайын арта түсуде[148].

Сондықтан, кадрдағы сөз – тікелей аудиторияға эмоцияларды жеткізуге деген мәдени-рухани талпыныс. Шындығында, видеообъектив шынайы оқиғаның ырғағын да көрсетеді, ол «деректілік – өмірлік фактілерге тікелей жүгіну, қандай да бір баптаулардың жоқтығы – «кәсіби ар-ождан» ісі.

Біздің еншімізге технологиялық турбулентілік кезеңде өмір сүрудің сәті түсіпті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті Қазақстан халқына Жолдауында осы жәйітті меңзей отырып, қазіргі кезеңде «табиғи және техногенді апаттар дәуіріне қадам басқанымызды» [136], атап өтеді. Бұл өз кезегінде рухани-мәдени турбулентілікті өмірге әкелуде. Шындығында бүгінгі рухани-мәдени әлем адамзат баласының алдына үлкен сынықтар қоя отырып, орасан зор жылдамдықпен өзгеруде. Біздің болашағымыз алдымызға қойылған міндеттерді қалай шешетінімізге тікелей байланысты. Осы ретте, өнер саласының майталманы Асанәлі Әшімов ағамыздың рухани мәдениетке қатысты: «Еліміздегі жағдайды өзгерту ортақ күш-жігерді талап етеді. Бүгінгі күні біз Президенттің халыққа арнаған Жолдауында қойылған міндеттерді жүзеге асыруға сөзімізбен және ісімізбен көмектесуге тиіспіз», -дей келіп, «...өскелең ұрпақтың бойында мәдени рухты қалыптастыруға ерекше назар аударуға» [136] - шақырғаны сол міндеттерді орындаға деген үндеуі деп білеміз. Бұл айтылғандар ендігі даму адамдағы мәдени фактордың жоғары деңгейіне тәуелді болатынын дәлелдей түспек.

Әлеуметтік желілер адамдардың коммуникациялық принциптерін түбегейлі өзгерткені соншалықты, бүгінгі таңда бизнесті әлеуметтік желіден тыс елестетудің өзі қиынға соғатын болды. Инстаграмм желісі қауымдастықтарды қалыптастыру және оларды басқарудың ең қуатты құралына айналды, дамыған компаниялар сұранысты қалыптастыра отырып, үлкен қаржы табуда.


Қазіргі уақытта біз коммуникациялық мәдениеттің өзара алмасуы сәтіне куә болып отырмыз. Мұны интернеттің пайда болуына байланысты ғылыми тұрғыда да бұл революция – әлеуметтік желілер революциясы, ол көптеген адамдар үшін байқалмай жүріп жатыр. Технологиялық революциясының теріс жағы адамдар кез-келген ақпаратқа жылдам қол жеткізіп, әрекет етуге, коммуникация жасау қаблетінен бірте-бірте айырылуда. Отбасы құндылықтары мен қарым-қатынастан қол үзіп келеміз. Уақыттымыздың көпшілігін интерактивті визуалды әлемге арнап, уақыт кеңістігінің шектелгендігін байқай алмай қалдық. Біздің кеңесшіміз, сырласымыз, досымыз – Жасанды интеллект. Соған Жақындарымыз білмейтін мәліметтерді сеніп тапсырдық. Балаларымызды теледидар мен You Tube желісі тәрбиелеуде.

Әлеуметтік желілер революциясының көшбасшысы деп Инстаграмм желісін атауға болады. Бүгінгі таңда кез-келген тұтынып жүрген тауардың парақшасының өзі миллиондаған тұрғыны бар ірі қаланың халқынан артық болуы мүмкін. Жасөспірімблогердің аккаунты ұзақ жылдар бойы шығарылып келе жатқан белгілі журналдың тиражынан артық болуы мүмкін. Инстаграмм бәрін өзгертті. Ол қолданушылардың өзін-өзі танытуына, адамдардың өзара жаңаша араласуына, өз тауарларын тікелей сатуына мүмкіндік берді. Бұрын тек жарнама арқылы таралуы мүмкін болатын тауарлар мен қызыметтерді ел арасында танымал ету, жарнамалау әлеуметтік желісінде еш қиындық тудырмайтын болды. Instagram жеке брендті дамытудың ең тиімді құралына айналып отыр. Біздің пікіріміз бойынша, адамдар шындығында да көп уақытты осы желіде өткізеді. Өкінішке орай, қазіргі заманда, егер әлеуметтік желіде парақшаң болмаса, сенің бар екенің де, жоқ екенің де беймәлім. Қандай екенің, сырт келбетің, дарының, ақылың, т.б. мағызды емес, ең бастысы – әлеуметтік желіде неше жазылушысыз бар, сені қанша адам қолдайды? Instagram – тек селфи, ішіп-жем ғана емес, ол тез арада іске асыруға жол ашатын, серпінді дамып келе жатқан желі.

Инстаграмм жақсы нәтижелерге жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді. Блогер болып, өз блогіңізді жүргізесіз ба, өз өміріңіздің қызықты оқиғалары жайында әңгімелеп, қызықты контенттермен бөліскіңіз келесе, бизнес-профиліңізді ашып, өз ісіңізді бастай аласыз. Инстаграмм толығымен визуалды әлеуметтік желі. Контенттің 80% жуығы визуал, яғни видео және фотосуреттер. Бүгінгі таңда Инстаграмм желісінде барша әлем бойынша 700 миллионнан астам қолданушылар тіркелген. Инстаграмм желісіндегі әйел адамдарының үлесі – 77%, бұл ең тегеурінді аудитория, олар сауда жасау, қандай да бір тауарды сатып алу туралы табан астынан шешім қабылдауға бейім. Аудиторияның басым көпшілігі 25-34 жас аралығындағылар. Шын

мәнінде сіз үшін ешқандай шекара жоқ. Инстаграмм бүгінгі таңдағы ең арзан трафик, өйткені бұл әлеуметтік желіде жазылушының құны басқа желілермен салыстырғанда өте төмен. Осы ретте бүгінгі әлеуметтік желі туралы Жапсарбай Қуанышевтың пікірі: «...Әкелік сөзбен бала өсіріп, ағалық сөзбен соңына іні ертуші еді. Қазіргі жаһандану мен ақпараттандыру заманында адамдар арасындағы қарым-қатынас сиреді, тіптен алшақтап барады. Жедел дамып кеткен әлеуметтік желілер тасқынында адамдар сөздің мәнісі мен мазмұнына көңіл аударудан қалды. Сөз жансыздана бастады. Жансыз сөз – тұл болып, жауыр сөз бен қысыр әңгіменің заманы туды. Сөздің салмағы түсіп, қадірі кете бастады. Егер бұрын сөзге тоқтау деген болса, қазір ол да жоқ. Сәйкесінше сөзді еститін құлақ та қалмай барады. ...Сөздің мәні әбден кеткен» [147], - дегенге тоғысады. Ал Ахмет Байтұрсыновты тыңдайтын болсақ: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», -деп ой қорытады. Әрине бұл бүгінгі әлеуметтік желінің бір қыры, мұнда оның сөз мәдениеті мәселесінің астары мензелетіні анық, мұны да ескеруіміз керек деп есептейміз. Осы ретте зерттеу барысында сауалнама жүргізудің барысы, осыған байланысты қоғамдық көзқарас бізді төмендегідей деңгейде ой қорытуға мүмкіндік берді:

1. Сіздің ойыңызша, әлеуметтік желідегі онлайн тренингтермәдени контент ретінде қоғам өміріне ықпалы қалай болды? (сурет 1).




– сауалға респонденттердің басым көпшілігі 54% әлеуметтік желі арқылы тарайтын тренингтерді жағымды деп бағаласа; – 20% жағымсыз; – 16% әсер етпейді; – 12% жауап беруге қиналады

Сурет 1 – Сіздің ойыңызша, әлеуметтік желідегі онлайн тренингтермәдени контент ретінде қоғам өміріне ықпалы қалай болды?

Ескерту – Бұл әлеуметтік трендтердің әлі де болса мәдени тартымдылық тұстарын, сөз қуаты мен тіл шеберлігін, ой ұшқырлығын жетілдірудің қажеттілігін көрсетсе керек


2. Сіз,қазақстандықтар арасында әлеуметтік желідегі онлайн тренингтер күн сайын танымал болып келеді деген тұжырымды қалай қабылдайсыз және

ол контенттің берілудегі сөз бен тілдің көркемдік деңгейіне байланысты деп есептейсіз бе? (сурет 2).



Сурет2 – Бұл сұраққа респонденттердің жауабы: 64% жағымды, 28% жағымсыз, 8% жауап беруге қиналамын деп жауап берді

3. Онлайн тренингтерге қаншалықты жиі қатысасыз? (сурет 3).



– сауалға респонденттердің 30% аптасына бір рет; – 25% айына кем дегенде бір рет; – 15% жылына бірнеше рет; – 5% жылына бір рет немесе оданда аз; – 15% қиындықтарға тап болғанда; – 10% ешқашан деп жауап берді

Сурет 3– Онлайн тренингтерге қаншалықты жиі қатысасыз?

Ескерту – Бұл мәдени диллемадан біз күн санап әлеуметтік желі арқылы өткізілетін тренингтерге сұраныс бар деген қорытындыға келеміз.


4. Шетел онлайн тренингтеріне қатысасыз ба? (сурет 4).



– сауалға сұралған респонденттердің 62% қатысатынын; – 48% қатыспаймын деп жауап берді. Бұдан көпшіліктің шетел тренингтеріне қатысатындығын байқадық.

Сурет 4 – Шетел онлайн тренингтеріне қатысасыз ба?

5. Әр түрлі онлайн тренингтер қазақтың мәдени менталитетіне(діліне)әсері қандай деп ойлайсыз? (сурет 5).




– 55%, ықпалы оң болады; – 35% ықпалы теріс; – 10% жауап беруге қиналамын

Сурет 5 – Әр түрлі онлайн тренингтер қазақ менталитетіне әсер ете ме?

Ескерту – Мұнда да мәдени ділдік күдіктің бар екенін аңғаруға болады

6. Сіз үшін рухани-мәдени бағдар, ақыл кеңес беруші кім, сіз оның пікіріне құлақ асасыз ба? (сурет 6).



– 32% басым бөлігі отбасы мүшелерімен ақылдасатынын; – 23% әлеуметтік желі арқылы коуч тренерлер мен психологтармен кеңесетінін; – 15% дін қызметкерлеріне; – 15% ешкімге жүгінбей дербес шешім қабылдайды; – 11% достарының ыңғайына бейім; – 4% ғана ұстаздарының ақыл-кеңесіне жүгінеді

Сурет 6 – Сіз үшін рухани бағдар, ақыл кеңес беруші кім, сіз оның пікіріне құлақ асасыз ба?

Ескерту – Бұл көрсеткіштерге қарап жыл санап отбасы құндылығы келесі кезекке қалып, рухани-мәдени бағдарды біз сырттан іздейтініміз көрініп тұр

7. Сіздің ойыңызша, көрсетілген тренингтердің рухани бағыттары қарапайым қазақстандықтардың мәдени ұстанымдық өміріне қалай әсер етеді? (кесте 3).

Кесте 3 – Сіздің ойыңызша, көрсетілген тренингтердің бағыттары қарапайым қазақстандықтардың өміріне қалай әсер етеді?

Тренингтердің бағыттары	Жағымды, %	Жағымсыз, %	Еш әсер етпейді, %
Бизнесті дамыту	55	23	22
Өзін-өзі тану және дамыту	61	12	27
Денсаулық	36	58	6
Қарым-қатынас	46	32	22
Білім алу	70	8	22

Ескерту – Деген сауалға сұралған респонденттертер әр салаға байлатысты көзқарастары әр түрлі екенін байқатады:


1 Бизнес дамыту: респонденттердің басым бөлігі 55% бизнесті дамытуға жағымды десе, 23% жағымсыз, 22% еш әсер етпейді деп жауап берді. Бұл қазіргі бизнестің тілдік мәдениетінің біршама константты қалыптық тіл болатынын көрсетсе керек.

2 Өзін-өзі тану және дамыту: сұралған респонденттердің 61% жағымды, 12% жағымсыз, 27% еш әсер етпейді деген жауаптар алдық. Бұл осы тұрғыдағы материалдардың баяндалуындағы сөз мәдениетінің біршама жоғары болғанының дәлелі болмақ.

3 Денсаулық: респонденттердің 36% жағымды, 58% жағымсыз, 6% еш әсер етпейді. Бұл ретте медицинаны қазақ тілінде сөйлетудегі мәдени дәреженің әлі де болса жетіспеушілігін аңғаруға болады.

4 Қарым-қатынас: 46% жағымды, 32% ағымсыз, 22% әсер етпейді.
 5 Білім алу: респонденттердің 70% жағымды, 8% жағымсыз, 22% әсер етпейді. Бұл тұста да материалдардың берілуіндегі сөз қуаты мен тіл мәдениетіндегі кейбір жетімсіз тенденцияларды байқауға болады

8. Тренинг жүргізушілерінің сөйлеу мәдениеті көңіліңізден шыға ма? (сурет 7).




– 52% көңілдерінен шығатынын; – 43% мүлдем қанағаттанбаймын; – 3% жауап беруге қиналамын

Ескерту – Бұл көрсеткіштерге қарап тренинг жүргізушілердің сөйлеу мәдениетінің әлі де төмен дәрежеде екені көрініп тұр

Сурет7– Тренинг жүргізушілерінің сөйлеу мәдениеті көңіліңізден шыға ма?

9. Әлеуметтік желі арқылы тарап жатқан тренингтер біздің қоғамға қажет пе? (сурет 8).




– 58% қажет; – 28% қажет емес; – 14% жауап беруге қиналамын

Сурет8– Әлеуметтік желі арқылы тарап жатқан тренингтер біздің қоғамға

қажет пе?

Ескерту – Бұл көрсеткіш онлайн материалды тұтынушылардың тіл когнициясындағы мәдени дихотомиялық мәселенің орын алатынын аңғартса керек

10. Танымал тұлғалардың тренингтері сөз мәдениеті тұрғыдан Сізді қызықтыра ма? (сурет 9).



– 71% қызықтырады; – 22% қызықтырмайды; – 7% жауап беруге қиналамын деп жауап берді

Сурет9 – Танымал тұлғалардың тренингтері сөз мәдениеті тұрғыдан Сізді қызықтыра ма?

Сауалнама жауаптарын негізге ала отырып әлеуметтік желі аудиториясының өсімі артып келеді. Ондағы ақпараттың таралуы жылдамдығы өте жоғары.

Қазір Инстаграмм желісінің танымалдығы мен басқа желілерге қарағанда қолайлылығы соншалықты, мұнда ақпараттар әраулан көздерден келіп құйылуда, ал бұл сіздің профиіңіздің тезірек танымал болуына көмегін тигізеді. Пайдалы контент, жарнамалық, және ойын-сауық контенттерінің ара қатынасы: 50% ақпараттық, 30% ойын-сауық, 20% жарнамалық.

Әлеуметтік желідегі қызығушылық:

1. Билік – Басымдылық, билік, күш-қуат – мұның барлығы да спорттық тауарлаға, авто, сағат және да қымбат бағалы брендтерге қатысты сияқты болып көрінуі мүмкін. Бұл жасырын түрдегі көшбасшы болу.

2. Отбасы құндылықтары – Өте маңызды тиггер. Көбінесе отбасылық суреттерді жариялап, өздерінің бос уақытты қалай тамаша өткізгендігі туралы жазады. Лайк жинайды.

3. Басымдылық – «Мен одан артықпын» деген форматтағы тиггер бәсекелестердің кемшілігіне негізделген ұдайы қарсыластыққа құрылан. Сіз өзіңіздің олардан артық екендігіңізді дәлелдеп бағасыз, әрине сәл бүркемеленген түрде.

4. Жаңа құбылысқа сүйсіну, шаттану – Сіз өзіңіздің өміріңіздегі жаңа өзгерістерге қатысты эмоцияызбен бөлісесіз. Бұл жаңа заттар сатып алу, өміріңіздегі жарқын өзгерістер жіне өзге оқиғалар болуы мүмкін.

5. Бақылау – Бақылауға ұмтылыс. Бұл тиггер көбіне қымбат бағалы автомобильдерді жарнамалауда қолданады. Сіз уақытыңыз бен мүмкіндіктеріңізді бақылылайсыз.

6. Ләззат алу, рахаттану – Бұл сіздің хоббиіңіз. Сіз өз аудиторияға қандай әспен айналысуды қалайтыныңызды көрсетесіз және осы туралы әңгімелейсіз, сөйтіп, жазылушыңызды осы үдеріске тартасыз.

7. Өзіндік даму және шығармашылық – шығармашылық және өзіндік дамуға арналған жүйелер.

8. Армандардың орындалуы – көп уақыт бойы армандаған атқа қол жеткізу.

9. Қамқорлық – адама балаға, жануарларға деген қамқорлық – адамдара әсер етпей қоймайтын құбылыс. Сондықтан, бұл ең мықты тиггер болып саналады.

10. Шектеулі уақыт – Белгілі бір уақыттық шектеу қойып, «40 минуттан кейін тіркеуді тоқтатамыз» деп жарияласаңыз, адамдар неғұрлым белсендірек тіркеле бастайды. Өз жазылушыларыңы үшін әрқашан нақты, анық дедлайн орната біліңіз.

11. Отансүйгіштік – Бізді біріктіретін біздің туған еліміз, отанымыз. Біздің мақтан тұтарлық себептеріміз бар. Еліміздің тарихи жетістіктерін, оқиғалар туралы көптеген мәліметтер туралы айта аламыз.

Қазақ халқының шешендік сөздері арқылы көрініс тапқан даналығында адамның мінез үлгілерінің қандай да бір модельдері берілген. Адам мінезі табиғат құбылыстарымен баламаланып, жан-жануарлардың, төрт түлік малдың мінездерімен астарласуы шынайы өмірге бағдар-бақылау жасаудан туған. Ол адамның қауымдық тіршілігін ұйымдастыратын, оны реттеп отыратын әдептік мәдениет жүйесінің қалыптасу үрдісі бола алған. Ұлттық шешендік сөз өнерінде этикалық таным мен сананың шынайы себептері мен негіздері және адамды табиғатқа, оның атрибуттарына бағындыратын, оның күштеріне сақтықпен қарауға, оны құрметтеуге үйрететін, адам мен табиғат арасындағы гармонияны, жалпы әлемдік үйлесімділік заңын бұзбауға баулитын әдеп принциптерінің арқаулары жатыр. Адам мен табиғат арасындағы өзара қатынас тәсілдері мен жолдарының моральдық-құндылықтық сипат алуы шешендік сөз өнерінің тақырыптық бағдары мен этномәдени мазмұнының детерминдік ерекшелігін көрсетеді. Адам мен табиғат тұтастығы арқылы табиғат көріністері мен моральдық-мәдени құндылықтардың бірлігін көрсету идеясы анық аңғарылады. Бұның өзі қазақтың моральдық мәдениет жүйесінің қалыптасу кеңістігін көрсетеді.

Шешендік сөз өнерінің трансформациялану үдерісіне негізделе отырып, оның ағартушылық және инновациялық бағыттарының болуы заңдылық. Екінші сөзбен айтқанда, бүгінгі кәсіби мәдени құндылықтарды жасаудағы өміршеңдігіне қатысты тұстары мәдениеттанулық феномен бола алады. Мәдениеттің трансформациялану сипаты шешендік өнердің трансформациялану қасиетін мәдениеттің трансформациялану сипатымен байланысты деп есептейміз. Ғылыми әдебиетте соңғысының

трансформациялану сипаты мәдениетті адамның әмбебап (универсалды) сипаттамасы ретінде қарастыратын, нақтырақ айтқанда, оның трансформациялану үдерісін адамның біршама көбірек өзін автономды әрі еркін жаратылыс ретінде сезіне бастауымен байланыстыратын көзқараспен негізделді. Шешендік сөз өнерінің кәсіби қызметкердің сөз шеберлігімен байланыстыру бүгінгі қоғам қажетіне жауап беретін заңды үдеріс ретінде мойындалады, оның тарихи теориялық-әдіснамалық аспектілеріне талдау жасалынды.

Осыларды ескере отырып, біз көрсетілген тараушада қазіргі медиокеңістіктің мәдени жай-күіне талдау жасай отырып, оның тілдік мәдениетін шешендік сөз мәдениетіне қарай ойысуы объективті құбылыс. Қорыта айтқанда, әлеуметтік желі торабына тоғытылған мәдени контент кеңістігі қоғамдағы мәдениетті сақтауда, ұрпаққа ізгі ұлттық тағлым беруде, адамда қоғамдық құлшыныстарды қалыптастыруда жоғарыда көрсетілген мәдени ошақтардың сөз қуаты мен тілдік жүйесінің көркемдік деңгейінің маңызы зор деп есептейміз. Атап айтқанда, бұл мәселедегі тиімді тәсілдің бірі – сөздің функциясы. Көркем сөз бен шебер тіл – адамгершілікті дәріптеуде тиімді тәсіл ретінде қызметін кеңінен танытуға бағытталған. Олардың бүгінгі және ертеңгі келер ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін күшейту жолдарын айқындау және талдау бүгінгі күнгі қажеттілік, әлеуметтік желі тұтынушысын озық мәдениетке тәрбиелеуде – «жұмсақ күш» болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі күні Қазақстандағы этномәдениеттанудың алдында өте ауқымды да қомақты мәселелердің тұрғаны мәлім. Біздің дәуірімізге шешілмей жеткен және бүгінгі рухани трубаленттік кезеңнің де тудырып отырған мәселелер шашетектен. Бүгінге сол шешімін таппай тұрған қоғамдық, мәдениеттанулық мәселелердің рухани астарын, ішкі сырын, шешім-түйінін аталмыш еңбекте біз адамзат өркениетінде өз орнын тапқан, тарихи-мәдени құбылыс, рухани-мәдени жәдігер ретінде қалыптасқан әлемдік батыс-шығыс шешендік өнерінің және халқымыздың кешегі дәстүрлі шешендік өнер мәдениетінен іздестіруге тырыстық және олардың қазіргі қоғамдық саяси-мәдени, әлеуметтік-рухани мәселелермен сабақтастығын анықтауға аталмыш ғылыми зерттеуде қадамдар жасалынды. Шешендік өнер туралы Жаңғабыл би: «... бұл – атадан балаға мұра болып келе жатқан сөз. ... Зер салып қарасаң, тірлік-тіршілік атаулының бәрін – болмыс-бітімін, жай-күйін толғап айтып кеткен ғой» [147], - деп келтіреді.

Жалпы халқы шешендік сөзбен тек сөйлеп қана қоймаған, ол арқылы дүниені көрген, естіп-білген, бағалаған өз орнын өлшеп тапқан. Шешендік арқылы дүниені қозғалысқа түсірген. Шешендік сөз – адамзатының өзі де, көзі де, жүрегі де, құлағы да болған деп айтуға негіз бар. Демек, қазақтың «бас кесу болса да, тіл кесу жоқ» дегенінің мәні осында болса керек. Олай болса, шешендік өнер адамзат үшін байланыс құралы болумен шектелмеген, ол – халықтың рухани компедиумы мен ауызекі энциклопедиясы, мәдени, ғылыми және ағарту ошағы болған. Ғылыми зерттеуде шешендік пен мәдениет бөлінбейтін тұтас құбылыс ретінде қарастырылады. Әсіресе, шешендік өнердің мәдени астарлары, шешендік өнердің мәдениеттегі орны мен рөлі, идеялық, мәдени-саяси, мәдени аксиологиялық, мәдени-әдептік, әлеуметтік-тәрбиелік, мәдени кәсіптік қызметке, бүгінгі медиомәдениетке қатысты тұстары мен ерекшеліктері, ондағы мәдени философиялық идеялар дискурсы ауқымы сөз етіледі. Шешендіктегі көркем сөз дәстүрі мен біртұтас идеялар жүйесіне біріге отырып, мәдениеттанулық концепциялар үрдісін құраған деп айтуға болады. Шешендік өнерінде жалғанның жарығын көрген әрбір тіршілік иесінің өмір сүруінің өзі – үлкен мәдени философиялық феномен ретінде берілген.

Аталмыш еңбектің құрылымдық ауқымын айқындайтын тарауларда шешендік сөз өнерін мәдениеттанулық жүйе ретінде қарастыра отырып, шешендік тілдің адамның мәдени санасы, ойлау және мәдени таным процестері арасындағы өзара шартты байланыстарын, олардың шешендік сөз арқылы көріну ерекшеліктерін, адам болмысы, әлеуметтік-мәдени әдеп, мәдени аксиологиялық жүйені таразылауға отандық мәдениеттануда алғашқы қадамдар жасалынды. Бұл мәселенің қазіргі дәуір үшін аса маңыздылығы сонда, ол бүгінгі ғылыми-теориялық, әдіснамалық әрі әдістемелік кеңістіктегі интеграция процесін анықтаса керек. Шешендік сөздердің мәдени құбылыс ретіндегі бүгінгі ғылыми-методологиялық жүйедегі сүбелі үлесі баршылық. Мәселен, шебер сөз бен ұтымды ойдың бірлігін анықтау, шешен тіл мен сана ұстамдылығы арасындағы диалектикалық байланыс, ақыл мен шешен сөйлеу

дәстүрі арасындағы диалог, сананың шешендік сөзді анықтаудағы басыңқы ролі, шешендік сөз бен объективті шындық арасындағы сәйкестік мәселесі, шешен сөйлеу арқылы берілетін ойдың пікірдің өтімділігі, оның тыңдаушысына ықпал ету қасиеті т.б. мәселелер оның ғылыми-әдіснамалық астарынан орын алатыны хақ. Сонымен бірге шешендік сөз өнерінің ұлттық мәдениеттанудағы орны мен ролін өзінше бір жан-жақты кешенді зерттеуді талап ететін құбылыс.

Диссертацияның «Шешендік өнердің тарихи-мәдени болмысы» атты бөлімінде ғылыми зерттеудің теориялық-әдіснамалық ұстанымға сүйене отырып зерттеу пәнін тарихи-логикалық тұтастықпен байланыстыру, тарихилық, салыстырмалы талдау, жүйелілік принциптері бойынша мәселені мәдени-тарихи және рухани үдерістермен біртұтас байланыста қарастырдық. Шешендік өнерді тарихи-мәдени құбылыс ретінде пайымдай отырып, шешендік өнердің табиғи болмысына сай: «шешендік – өркениеттік феномен», «шешендік – мәдениет», «тарих – шешендік өнер үдерісі» және «шешендік өнер – тарихи кеңістік континуумы» деген онтогенездік концептік ұстанымдар анықталды. Сонымен бірге, шешендік өнердің шығу тарихындағы объективті факторларға ғылыми талдамалық шолу жасай келе, оның ежелгі дәуірлерден бергі тарихи-мәдени болмысын бойлай отырып, шешендік өнерді мәдени танымдық бағытта қарастырдық. Шешендік өнерді бүкіл адамзаттық игіліктер аясындағы рухани-мәдени кеңістікте өсіп-өркендеген, ұлттық ерекшеліктерімен дараланатын мәдени құбылыс ретінде мойындалды.

Батыс-христиандық мәдениетіндегі шешендік өнер ұстанымдарын анықтау мақсатында шешендіктің қалыптасу кезеңдері мен деңгейлеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасалынды. Оның мәдениеттегі орны мен ролін, ұлттық жетілудің – әлеуметтік-саяси, қоғамдық-тұрмыстық, академиялық, соттық-құқықтық, діни-шіркеулік – сияқты бағыттары анықталды. Егер антикалық дәуір шешендігіндегі мәдени қағидалардың қалыптасуына қоғамның саяси-прагматикалық сұранысы негізгі өлшем болған болса, Ортағасырларда шамадан тыс діни негіздер мен діни түсініктер басымдылыққа ие болып, шешендік өнер христиан дінінің догмаларын санаға сіңіре отырып, адамдардың мәдени сана-сезіміне әсер етуге бағытталған шіркеу шешендігінің гомилетика бағыты қалыптасқаны анықталды. Қайта өрлеу дәуірінде шешендік өнер адамға сана-сезімді, еркін, шығармашылық мүмкіндіктері шексіз жаратылыс тұрғысынан келгені сарапталды. Мұнда сөзбен ықпал ету, шешендік насихат арқылы наным-сенімді қалыптастыру, тілдік агрессияны, «сөз майданын» еңсеру мақсаты көзделгені анықталды [149].

Түркі мәдениетіндегі шешендік өнер қағидаларының: эйкумендік болмыстың ұштағандық тұғыртасы, адамзатының әлеуметтік-саяси жаратылыс болу «ақиқаты», «дұшпандық» пен «бейбітшілдік» саяси концепция, түркілік жершілдік, елшілдік, отаншылдық мәдени қағидаты, түркілік мәдениеттегі «сенім» – адамның тіршіліктік ғұмырының континуумы, түркілік қаһармандық мәдениеті, ізгілік, кісілік, әділдік, адамгершілік, «тіршілік», «төзімділік» сияқты мәдени құндылықтардың кейбір тұстары экзистенциялық мәдени қағида

ретінде мойындалды. Фарабидің «тағдыр» феноменінің мәдени универсум болу қағидасы, оның «адалдық» ұғымын мәдени қағидаттық статуска көтеру мәдениеттанулық позициясы анықталды. Түркі шешендік өнердің эйкумендік болмыстың ұштағандық тұғыртасына және адамзатының этостық белдеу ортасын меңзейтін мәдени заңдылық қағидаты анықталды. Шешендік сөз өнері адамның сана-сезіміне, бүкіл рухани өміріне әсер етіп, өшпестей із қалдыратын шынайы өнер ретінде қарастырыла алатын мәдени әлеуетін дәлелдеуге тырыстық.

Ғылыми ізденітің «Қазақ мәдениетіндегі шешендік өнерге мәдени талдау» деп аталатын бөлімінде біз кешегі шешендеріміздің сөз саптау дәстүрінен ой азаттығы мен сөз бостандығы сияқты қосмәндегі мәдени ұстаным анықталды. Осы шешендік сөз иегерлерінің рух бостандығында бүгінгі егемендігіміздің тамыры жатқандығын көрсетуге талпыныс жасалды. Ата-бабаларымыздың ой азаттығы мен сөз азаттығы – бүгінгі күн үшін қаланған рухани-мәдени негіз. Біз олардың мәдени астарын қаншама айқынырақ анықтаған сайын, соншалық олар мәдени сананың субстанциялық негізі бола береді. Сондықтан шешендік сөз дәстүрі ұлттық мәдениеттану тарихының маңызды тұстарының бірі, құрамдас бөліктерінің бірегейі. Шешендік сөз өнері - ұлттық мәдениеттің қыр-сырын терең түсіну үшін үлкен негіз және әдіснамалық құрал. Шешендік сөз өнерінің шеңберінде қазақтың этномәдени ойлау дәстүрі қалыптасқан деуге болады. Онда экзистенциялық таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, ұлттық ояу үлгілері көрініс тапқан. Сол себепті қазақтың шешендік сөз дәстүрі ірі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде өзінің ғылыми құндылығымен қатар, жоғары рухани күш ретінде де маңыздылығымен ерекшеленеді.

Сонымен бірге, шешендік сөз өнеріндегі саяси-мәдени концепияларды жинақтай келіп, олардың мәдени-саяси сипаты, әлеуметтік-мәдени феномен ретіндегі өзіндік ерекшелігі мен қызметі кешенді түрде қарастырылды. Осы ретте, өз ойымызды төмендегідей тұжырымдарға тоғыстыруға болады:

- 1) саясат пен стохастикалық құбылыстың онтологиялық бірлікте болатындығының қазақ шешендігіндегі мойындалуына көңіл аудару;
- 2) саясаттағы субъектінің белсенді роліне баса назар аударылатынын ескеру;
- 3) саяси стохастиканың бар болуын саясаттың субъективтілік сипатымен байланыстырылуына көңіл аудару;
- 4) саяси стохастиканы саяси-әлеуметтік белгісіздікпен байланыстылығын анықтау;
- 5) белгісіздіктен тәуекелшілдік мәдениеттің туындайтынын анықтау;
- 6) тәуекелдің объективті құбылыс екенін, бірақ оның мазмұнының субъективті құбылыс болуын мойындауға көңіл аудару;
- 7) тәуекел жағдаят әркезде адамның белгілі бір жауапкершілікке байланысты туындайтынына шешен-билердің көңіл аудару үрдісіне үнілу [5, 202].

Сондай-ақ, қазақ шешендік өнеріндегі адамды моральдық құрылымның жағымды және жағымсыз жақтары тұрғысынан жіктеп, сипаттама берген әдеп дәстүрінде мәдени тұрғыда жетілген адам образын жасау идеясына жан-жақты мәдениеттанулық талдау жасалынды. Адамды өз «Менін» өзі толық түсіне

алатын мәдени деңгейге көтеру идеясын көреміз. Би-шешендер адам мінезіндегі адамгершілік қасиетті жеке адамның болмыс бітімінен жоғары мәдени идеал деңгейіне көтереді. Мәдени аксиологиялық тұрғыдан алғанда шешендік өнер – адамтану орталығы. Бүкіл адам затына бітетін мәдени бітімді тану институтына айналады. Сондықтан шешендік сөз өнері адамды өз мәдени позициясы, өз көзқарасы тұрғысынан өзін өзі тануына мүмкіндік жасайды. Бұл қазақтың дәстүрлі қоғамында адамгершілік заңдары мен нормаларын жасауда өте маңызды рөл атқарды деуге болады.

Қазақ шешендік сөз дәстүрінің әлеуметтік-мәдени факт, ерекше әлеуметтік үрдіс ретінде мәнін ашуға алғашқы қадамдар жасалынды. Шешендік сөздер белгілі бір әлеуметтік ортада, қандай да бір әлеуметтік жағдайларға орай қалыптасып, ұтқыр оймен, көркем шебер тілмен айтылатын, қоғамдық-тарихи тұрғыда қалыптасқан әлеуметтік-мәдени шындық тұрғысынан талқыланды. Бұл проблеманың ғылыми-әдістемелік сарапталуынан өрбитін маңызды тұстар сол, ол біздің пікірімізше, шешендік өнердің тек қоғамдық ортада ғана қалыптаса алатын және тек қоғамдық қажеттіліктен ғана туындайтын әрі қоғам үшін қызмет жасайтын феномен болуына көз жеткізу, шешендік сөз өнерінің әлеуметтік құндылық болатынын, оның белгілі бір әлеуметтік күш ретінде қызмет атқаратынын мойындау және т.б. Қазақ шешендігінің әлеуметтік-мәдени болмысын тану қазақ халқының рухани бітіміндегі ішкі мәдени тұтастану үрдісін тану процесімен сәйкес келетінімен маңызды. Шешендік сөз өнері қоғамдық-мәдени құбылыс ретінде қоғамдық мәдени сана мен қоғамдық пікір деңгейін көрсететін өлшем болуына куә боламыз.

Дала ділмарлығындағы қазақы әдеп жүйесі мәселесін қозғай отырып, би-шешендердің әдептану үрдісіне, ұлттық мәдени-мораль жүйесінің тереңіне үңілу және ондағы әдептік құндылықтардың адам бойында тектілік мінезді қалыптастырудағы маңызы мен салмағын анықтау мақсаты қойылды. Адамгершілік нормалар мен ұстанымдар сарапталды. Адам болмысындағы моральдық сапаларға аксиологиялық талдау жасалынып, олардың бүгінгі адам руханияты үшін маңыздылығына сараптама жасалынды. Адамның моральдық қасиеттеріне аксиологиялық талдау жасаған тұста, біз ең алдымен, би-шешендердің адамға мораль тұрғысынан талдау жасаудағы әдіс-тәсілдерінің ерекше маңызды тұстарына тәнті болдық. Аксиологиялық тұрғыдан алғанда, ақыл-парасат, тәккапарлық, кесірлік, жомарттық, адалдық, намыс, ар, имандылық, жауапкершілік, қанағат, кәміл адам т.б. категориялардың өзінше бір моральдық-құндылықтық тұрғыдан дәріптелу дәстүріне тап болдық. Бұлардың этикалық және аксиологиялық тұрғыдағы маңызы өлшеусіз деп есептейміз. Мұның өзі қазіргі адам деген тіршілік иесін руханилыққа, адамгершілікке қарай баулуда белгілі бір қызмет атқарса керек деп есептейміз. Би-шешендердің әдептану үрдісін талдай келіп, біз шешендік сөз өнері - қазақтың әдеп мектебі болатынын дәлелдеуге тырыстық. Қазақ шешендігіндегі әдеп жүйесі сайып келгенде көшпелілер тіршілігіндегі қоғамдық тұтастық пен әлеуметтік тұрақтылықты, адамның ішкі және сыртқы тепе-теңдігін сақтаудың

ұйытқысы ретіндегі рухани үрдіс болғанына көз жеткізіледі. Осының өзі бүгінгі адамның ішкі рухани баланста өмір сүру жолын ашып бермек.

Диссертациялық жұмыстың «Қазіргі заманда шешендік өнердің трансформациялануы» деп аталатын бөлімінде қазақ халқының шешендік сөздері арқылы көрініс тапқан даналығында адамның мінез үлгілерінің белгілі бір модельдеріне тоқтала отырып, адам мінезі табиғат құбылыстарымен баламаланып, жан-жануарлардың, төрт түлік малдың мінездерімен астарласуын көрсететін мәдени идеялар талқыға түсті. Ол адамның әлеуметтік тіршілігін ұйымдастыратын, оны реттеп отыратын әдептік мәдениет жүйесінің қалыптасу үрдісі болғаны кешенді түрде сарапталды әрі ұлттық мәдениеттің өзіндік субмәдени коды ретінде зерделенді. Қазақ сөзмерлік өнерінде мәдени-этикалық таным мен қазақы мәдени сананың қалыптасуының объективті жолдары мен негіздері әрі адамды табиғат атрибуттарымен субстанцияларын тәуелдендіретін, оның тылсым күштеріне ақыл көзімен қарауға, оны қастерлеуге жетелейтін, тұлға мен табиғи орта арасындағы диалектиканы, жалпы ғаламдық үйлесімділік заңына қарсы келмеуге тәрбиелейтін мәдениет қағидаттарының тұғырлық ұстанымдары талқыға түсті. Адам мен табиғат арасындағы өзара қатынас тәсілдері мен жолдарының моральдық-құндылықтық сипат алуы шешендік сөз өнерінің тақырыптық бағдары мен этномәдени мазмұнының детерминдік ерекшелігі ретінде дәлелденді. Адам мен табиғат тұтастығы арқылы табиғат көріністері мен моральдық-мәдени құндылықтардың бірлігін көрсету идеясы анықталды.

Шешендік сөз өнерінің трансформациялану үдерісіне негізделе отырып, оның ағартушылық және инновациялық бағыттарының болуы заңдылық ретінде қарастырылды. Екінші сөзбен айтқанда, бүгінгі кәсіби мәдени құндылықтарды жасаудағы өміршеңдігіне қатысты тұстары мәдениеттанулық феномен болатыны сарапқа түсті. Мәдениеттің трансформациялану сипаты шешендік өнердің трансформациялану қасиетін мәдениеттің трансформациялану сипатымен байланысты болатыны пайымдық талдаудан өткізілді. Ғылыми әдебиетте соңғысының трансформациялану сипаты мәдениетті адамның әмбебап (универсалды) сипаттамасы ретінде қарастыратын, нақтырақ айтқанда, оның трансформациялану үдерісін адамның біршама көбірек өзін автономды әрі еркін жаратылыс ретінде сезіне бастауымен байланыстыратын көзқараспен негізделді. Шешендік сөз өнерінің кәсіби қызметкердің сөз шеберлігімен байланыстыру бүгінгі қоғам қажетіне жауап беретін заңды үдеріс ретінде мойындалады, оның тарихи теориялық-әдіснамалық аспектілеріне талдау жасалынды.

Осыларды ескере отырып, біз көрсетілген бөлімде қазіргі медиокеңістіктің мәдени жай-күіне талдау жасай отырып, оның тілдік мәдениетін шешендік сөз мәдениетіне қарай ойысуы объективті құбылыс болатыны анықталды. Қорыта айтқанда, әлеуметтік желі торабына тоғытылған мәдени контент кеңістігі қоғамдағы мәдениетті сақтауда, ұрпаққа ізгі ұлттық тағлым беруде, адамда қоғамдық құлшыныстарды қалыптастыруда көрсетілген мәдени ошақтардың сөз қуаты мен тілдік жүйесінің көркемдік деңгейінің

маңызы зор екені мойындалды. Атап айтқанда, бұл мәселедегі тиімді тәсілдің бірі – сөздің функциясы. Көркем сөз бен шебер тіл – адамгершілікті дәріптеуде тиімді тәсіл ретінде қызметін кеңінен танытуға бағытталған деген тұжырым жасалды[49]. Олардың бүгінгі және ертеңгі келер ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін күшейту жолдарын айқындау және талдау бүгінгі күнгі қажеттілік, әлеуметтік желі тұтынушысын озық мәдениетке тәрбиелеуде – «жұмсақ күш» болу мәдени мәртебесі анықталды.

Сонымен қатар ділмарлық өнердегі мәдени философия тұрғыдағы мәселелер бой көтерді. Шешендік өнердегі әдептану дәстүрінің жүйелік негіздері анықталып, мұсылмандық-қазақы адамгершілік қалыптардың қатары көрсетіліп, олардың ерекшеліктері сөз етілді. Бұл бүгінгі заман өзгерістерін адами өзгерістерімен өлшеуде методологиялық ұстаным болмақ. Адамның рухани жетілуіне ықпал жасай отырып заманның, қоғамның дұрысқа қарай түзелуін, қоғамның тұрақтылығын, кемелденуін қамтамасыз етуге алғышарттар қалыптастыруға болады деп есептейміз. Әсіресе әлеуметтік бірлік пен азаматтық татулық, ынтымақ проблемаларының танымдық-логикалық арқаулары арнайы зерттеу объектісіне айналды. Осылар туралы шешендік өнерде айтылған идеялар тілге тиек етіле отырып, олардың мақсаты мен мән-мазмұнын ашуға қадамдар жасалынды. Мұндағы басты маңызды мәселелердің бірі - қазақ шешендігіндегі шығыстық менталитетке сай азаматтық татулықтың кілті – жоғары руханилықтың болуы. Осындай ұстанымдарының өзі бүгінгі әр азамат үшін ел тұтастығынан, қоғамдық бірлікті, мемлекет кемелдігі маңызды дейтін патриоттық мәдени сананы мықтылайтыны анық.

Сондықтан шешендік сөзге тек дайын ойды ғана беруші құрал ретінде қарамау керек, керісінше одан ойдан ой туғызып отыратын, сөздің терең де таусылмас шексіз творчестволық күш қорын көреміз. Шешендік сөздердің ішкі формасы адам ақыл-ойының бүкіл пайымдау агрегаттарына түрткі болып отырады. Бұл шешендік сөздің образды жасап қана қоюмен шектелмей, идея туғызуға үнемі ұмтылу қасиетін көрсетеді. Шешендік сөздердің ішкі формасы біріншіден, сезімдік образдарды біріктіреді, екіншіден, адамның мәдени санасын шарттыландырып отырады.

Қорыта келгенде ғылыми ізденісте көтерілген мәселелер адам әлеміне сіңіп орныққан шешендік дәстүр арқылы біз жалпы қазақ мәдениеті тарихының бірыңғай жүйелі образын жасауға мүмкіндік алатынымыздың куәсі. Сондай-ақ, шешендік сөз дәстүріндегі мәдениеттанулық кеңістік бүгінгі қазақтың өзі үшін өзі ажырап отырған немесе белгілі бір себептермен ұмытқан қасиеттері мен мүмкіндік көздерінің бетін ашады. Ғылыми жұмыстың негізгі тұжырымдарында, осы тақырыпты одан әрі сараптаудың жалпы бағыттары мен оның қазіргі қоғамдық өмірдегі маңыздығы баяндалған. Ғылыми ізденісте қазақ шешендігін мәдениеттанулық талдау арқылы қазіргі әлеуметтік-рухани кеңістікті қозғалысқа түсіру мақсаты көзделеді.

Алайда, ғылыми зерттеу жұмысында көтерілген мәселелер қазақ мәдениетінің бүкіл болмысын толық ашып береді деуден аулақпыз. Біздің пікірімізше, шешендік сөз өнерінің мәдени философиялық сыры ұлттық мәдени

сананың, ұлттық ойлаудың даму эволюциясының бір қыры ғана. Шешендік сөз өнері ұлттық өзіндік мәдени сананың өздігінен дами алу іргетасының бірегейін көрсетпекші. Мұнда біз, би-шешендердің адамның мәдени санасын дұрысқа қарай тазалау идеясын ұсынғанын айтпақшымыз. Оның жолы руханилық, кісілік, кәсіби ізгілі мінез бен кәсіби біліктілік, кәсіби сауаттылық мәдениет деп білетіндікті айтып жеткізу.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұржанов Б.Ғ., Ержанова А.М. Культурология в новом ключе: учеб. пособие для ун-тов. – Алматы: Изд-во КарГУ, 2011. – 372 с.
- 2 Ортега-и-Гассет Х. Избранные труды / пер. с исп.– М.: Весь мир, 1997. – 704 с.
- 3 Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. – Алматы: Ғылым, 1994. – 168 б.
- 4 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 203 б.
- 5 Раев Д.С. Қазақ шешендігі философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.
- 6 Молдабеков Ж. Шешендік: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2009. – 432 б.
- 7 Мұхаметханұлы Н. – Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихы. – Алматы, 2007. – 256сб.
- 8 Пряхин М.Н. Риторика и гомилетика: буква и дух // Alma Mater. – 2013. – №2. – С. 107-113.
- 9 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
- 10 Федоровская Н.А. Риторика и гомилетика // Русская речь. – 2009. – №2. – С. 69-73.
- 11 Herrick J. A History and Theory of Rhetoric: an introduction. – Ed. 3rd. – N.Y.: Allyn and Bacon, 2005. – 335 p.
- 12 Смолина К.А. Сто великих театров мира. – М.: Вече, 2001. – 479 с.
- 13 Полевой В.М. Искусство Греции. Древний мир. – М.: Искусство, 1970. – 327 с.
- 14 Блаватский Г.В. Античная цивилизация. – М.: Наука, 1973. – 272с.
- 15 Апресян Г.З. Ораторское искусство. – Изд. 3-е, перер. и доп. – М.: Изд МГУ. 1978. – 278 с.
- 16 Лосев А.Ф. История античной эстетики: в 8 т. – М.: Искусство, 2000. – Т. 2. – 848 с.
- 17 Фрейберга Л.А. и др. Древнегреческая литературная критика. – М.: Наука, 1975. – 480 с.
- 18 Сократ. Платон. Аристотель. Сенека: биограф. очерки. – М.: Республика, 1995. – 266 с.
- 19 Асмус В.Ф. Платон. – М.: Мысль, 1975. – 220 с.
- 20 Ярмо В.Н. Античная культура: литература, театр, искусство, философия, наука: словарь-справочник. – М.: Лабиринт, 2002. – 351 с.
- 21 Плутарх. Сравнительные жизнеописания / пер с греч.– М.; СПб., 2006.– 990с.
- 22 Malikova A.M., Makulbekov A.T., Imanzhusup R. Development of oratory by ancient theologians // European Journals of Science and Theology.– 2019. – Vol.15, №5. – P. 107-117.
- 23 Краткая философская энциклопедия / сост.Е.Ф. Губский, Г.В. Кораблева, В.А. Лутченко.– М.: Прогресс, 1994. – 576с.

- 24 Александр Великий в легендах и исследованиях Востока и Запада /сост.Е.В. Косолобова. – М.: Алетейна, 2000. – 384 с.
- 25 Аристотель. Этика / пер. с греч.– СПб.: Филос. о-во при Имп. С.-Петербург. Ун-те, 1908. – 207 с.
- 26 Античные риторика / под. ред. А.А. Тахо-Годи. – М.: Изд. Московского университета, 1978. – 352 с.
- 27 Полевой В.М. Искусство Греции: 2 т.– М.: Советский художник, 1984. – Т. 2. – 408 с.
- 28 Лосев А.Ф. История античной философии в конспективном изложении. –М.: Мысль, 1989. – 204 с.
- 29 Элемдік өнертану: 3 т. / ред. С. Ордашева.– Алматы: Өлке,2008. – Т. 1. – 328б.
- 30 Библиотека всемирной литературы / под ред. Т. Блантера. –М.: Художественная литература, 1970. – Т. 5. –767с.
- 31 Римское частое право / под ред. И.Б. Новицкого, И.С. Перетерского. – М.: Юриспруденция, 1999. –509с.
- 32 Кузнецова Т.И.,Стрельникова И.П. Ораторское искусство в Древнем Риме.–М.: Наука, 1976.–135 с.
- 33 Рождественский Ю.В. Теория риторики. – М.: Добросвет, 1997. – 597 с.
- 34 Ястребицкая А.Л., Репина Л.П. Средневековая Европа глазами современников и историков: в 5ч.– М.: Интерпракс, 1995. – Ч. 1. – 224 с.
- 35 Аквинский Ф. Онтология и теория познания: фрагменты сочинений. – М.: ИФРАН, 2001. – 204 с.
- 36 Таривердиева М.А. Античная риторика и христианская гомилетика: литературное наследие и проблема преемственности// Вестник МГЛУ. – 2013. – №21(681). – С. 160-170.
- 37 Фаворов Н.А. Руководство к церковному собеседованию, или Гомилетика. – Изд. 12-е. – Киев; СПб.: Н.Я. Оглоблин, 1914. – 259 с.
- 38 Современный словарь иностранных слов:ок.20000 слов /сост.С.А.Кузнецов. – М.: Рус. яз., 1993. – 416 с.
- 39 Александров Д.Н. Самоучитель красноречия. –М.: Фаир-Пресс, 2002. – 299 с.
- 40 Куклев В.В. Проповедь в гомилетике и лингвистике // Известия ПГПУ им. В.Г. Белинского. – 2012. – №27. – С. 302-307.
- 41 Decock P.B. Origen's theological and mystical approach to the Scriptures in the introduction to his commentary on John's Gospel// In die Skriflig. –2011. – №45(2-3). –P. 673-688.
- 42 Troup C.L. The rhetoric of st. Augustine of hippo: «De doctrina Christiana» and the search for a distinctly Christian rhetoric (review)//Philosophy and Rhetoric. – 2010. – Vol. 43, №1.– P.86-90.
- 43 Farrell J.M. The Rhetoric(s) of St. Augustine's Confessions// Augustinian Studies. –2008. –№39, Issue 2.–P. 265-291.

- 44 Garrigós C. Manipulative rhetoric in 17th and 18th century sermons: aporia, the borders of reason// Revista Alicantina de Estudios Ingleses. – 2009. –№22.–P. 99-114.
- 45 Горайко А.В. О значении проповеди Церкви в жизни ранневизантийского полиса на примере деятельности Иоанна Златоуста //Древности 2006-2008: ст.– Харьков: ООО «НТМТ», 2008. – Вып. 7. –С. 95-107.
- 46 Св. Д. Ростовский. Житие Святого Отца нашего Иоанна Златоуста, патриарха Константинопольского. 1907. Житие 998 //https://pravoslavie.ru/66135.html. 15.06.19.
- 47 Лопухин А.П. Св. Иоанн Златоуст, как проповедник человеколюбия и милостыни//Христианское чтение. –1897. –№2. –С. 245-260.
- 48 ЗлатоустИ. Полное собрание сочинений святителя Иоанна Златоуста: в12 т. – М.: Эксмо, 2017.– Т. 1. – 927 с.
- 49 Страхова Н.П. Литература и общественная мысль Древней Руси в домонгольский период // Вестник ВГУ. –2008. –№2(14). –С. 12-27.
- 50 КелімбетовН. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: «Ана тілі»баспасы, 1991. – 265б.
- 51 Есім Ғ. Ғұлама – Наме:ғылыми трилогия. – Нұр-Сұлтан: «Хас-Сақ» баспасы, 2019. – 640б.
- 52 Форобий А.Н. Фозил одамлар шахри. – Ташкент:ЯНГИ АСР АВЛОДИ, 1993. – 320 с.
- 53 Егеубай А. Кісілік кітабы: ғылыми эссе. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 320 б.
- 54 Қашқари М.Түрік сөздігі: 3 т. / ауд. А.Қ. Егеубай. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – Т. 1.– 448 б.
- 55 Ивин А.А. Риторика – искусство убеждать: учеб. пос. – М.: Гранд, 2002. – 299 с.
- 56 Құлсариева А. Аударма және өркениет:монография. – Алматы:Нұрлы бейне, 2006. – 184 б.
- 57 Ақатаев С.Н. Біз қандаймыз?: қазақ халқының мәдени зердесі, ұлттық қасиеті, тыныс-тіршілігі туралы // Қазақ әдебиеті. – 1994, қазан – 21.
- 58 Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. –Алматы: Өнер, 2012. – 335 с.
- 59 Зугра. Киргизская легенда//Материалы по этнографии КиргизТургайской области: сказки, былины, легенды, предания, басни и анекдоты. –Оренбург, 1898. –С. 49.
- 60 Андабеков Ш.А. Билердің төтенше съезі: оның құрылымы мен билік шешімдері: 12.00.01: заң. ғыл. канд.... дис. – Алматы, 1995.– 24 с.
- 61 Билер сөзі. Шешендік толғау, арнау, дау /құраст.Т.Кәкішев. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160б.
- 62 Мыслители Рима:наедине с собой / сост. В. Шкода. – М.; Харьков: Фолио, 1998. – 830 с.

- 63 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлім): заңнаманың 1 сәуір 2000 ж.// adilet.zan.kz. ҚР Жоғарғы Сотының 2007.05.11. N 3 нормативтік қаулысымен.27.09.2020.
- 64 Төрекұлов Н., Казбеков М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993. – 400б.
- 65 Кенжалиев З.А. Казахское обычное право в условиях Советской власти (1917-1937). – Алматы: Ғылым, 1993. – 146 с.
- 66 Косжанов А.С. Исследование Сырыма Датұлы как бия и как остролова:заң. ғыл. канд. ... дис.– Алматы, 1995. – 176 с.
- 67 Валиханов Ч. Собрание сочинений: в 5 т. – Алма-Ата: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1985. – Т.4. – 461 с.
- 68 Демосфен. Речи / пер. с греч. – М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1954. – 608 с.
- 69 Цицерон М.Т. Речи: в 2 т. / пер. с лат. – М.: Изд-во Акад.наук СССР, 1993. – 4413 с.
- 70 Уәлиханов Ш. Мақалдар мен жазысқан хаттар. –Алматы,1949. – 164б.
- 71 Құнанбаев А. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1988.– 243б.
- 72 Байтұрсынов А. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 73 Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. –Алматы, 1984.–136 б.
- 74 Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы:түп-түқиянымнан өзіме шейін / құраст. Б. Қыдырбекұлы. –Алматы: Жалын, 1993. – 416 б.
- 75 Ғали Ә. Қазақтың саяси элитасы және шалақазақтар//Қазақ әдебиеті. – 1999, декабрь – 12.
- 76 Молдабеков Ж.Ж. Қазақ осы – мың өліп, мың тірілген. –Алматы: Санат, 1998. – 208 б.
- 77 Әлжанов Қ. Жерұйық – бірлік мекені//Ақиқат. – 1999. – №2. – Б. 54-56.
- 78 Шаханов М. Бес ғасырлық арман немесе желтоқсан тағлымы//Қазақ әдебиеті. – 1996, декабрь – 17.
- 79 Советский энциклопедический словарь / под ред.А.М. Прохорова. – М., 1987. – 1632с.
- 80 Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі//Қазақ әдебиеті. – 1999, декабрь – 15.
- 81 Әбдібаев Х. Тарих және идея сабақтастығы//Қазақ әдебиеті. – 1996, сентябрь – 10.
- 82 Баласағұн Ж. Құтты білік. –Алматы:Халықаралық Абай клубы, 2015. – 364б.
- 83 Маликова А.М. Шешендік өнердің вербалды тәсілдері қақтығысты жағдайлардың алдын алу мен шешу құралы// «Әл-фараби» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журнал. – 2020. – №1(69). – Б. 122-130.
- 84 Үш пайғамбар/ құраст. А. Нысаналы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 182 б.
- 85 Жұртбай Т. Бесігінді ая//Жұлдыз. – 1996. – №4. – Б. 3-21.
- 86 Құран Кәрім лұғаты: сөздік / құрас. М. Чанга. – Стамбул: Тимаш,1994. – 725 б.

- 87 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ құрас. А.Ы.Ысқақов.– Алматы: Ғылым, 1986. – Т. 9. – 560 б.
- 88 Арын М. Бес анық. –Алматы: Арыс, 1996. –120 б.
- 89 Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: эпос /орыс тіл.ауд.Ә.Қоңыратбаев, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. –128 б.
- 90 Ясперс К. Смысел и назначение истории. –М.: Политиздат, 1991. –527 с.
- 91 Төрекұл Н. Даланың дара ділмарлары. –Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2006. –592 б.
- 92 Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы: 5 т.– Алматы, 2010. – Т. 5. –431 б.
- 93 Әл-ФарабиӘ.Н. Бақыт жолын сілтеу// Кітап: 10 томдық шығармалар жинағы. –Астана: «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – Т. 4. – 296 б.
- 94 Жолдауды жылы қабылдап жатыр атты «Дөңгелек үстел»//Almaty akshamy. – 2020. – №106(5925).
- 95 Басты мақсат – мемлекеттік қызмет заңнамасы мен әдеп нормаларын сақтау// Almaty Akshamy. – 2020. – №27(5846).
- 96 Зәңгіров Е. Ұлт рухы: қанатты сөздер. –Алматы: Апа-б, 2015. – 160 б.
- 97 Алаш ұлағаты / ред. Исин А. –Алматы, 2017. – 224 б.
- 98 Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы / пер. с фр. –Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 368 б.
- 99 Әл-Фараби Ә.Н.Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайындағы трактат// Кітап: 10 томдық шығармалар жинағы. –Астана: «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – Т. 4. – 296 б.
- 100 Яссауидың Қ.А. Диуани хикмет:ақыл кітабы. – Алматы:Мұраттас, 1993. – 262 б.
- 101 Оразалиева Э. Әулетіміздің қазынасы //Almaty Akshamy. – 2019. – №136(5799).
- 102 Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1986. – Т.2. – 200 б.
- 103 Алтай Х.Бақара сүресі // Кітап: Құран кәрім. –Алматы: Жазушы, 1991. – 117 аят. – 674 б.
- 104 Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. –Алматы: Ғылым, 1997. –269 б.
- 105 Диденко Б.А. Этическая антропология. Видизм(speciesism). –М.: ООО «ФЭРИ – В», 2003. –553 с.
- 106 Идеалы ал-Фараби и гуманитарное развитие современного Казахстана:кол. монография/ под ред. З.К.Шаукеновой.–Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 232 с.
- 107 Ильенков Э.В. Философия и культура. – М.:Политиздат, 1991. – 464 с.
- 108 Белинский В.Г. Эстетика и литературная критика.– М., 1959. – Т. 1. – 144 с.
- 109 Выготский Л.С. Мышление и речь.– СПб.: Питер-Трейд, 2019. – 432 с.

- 110 Лихачев Б.Т. Педагогика: курс лекции. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Юрайт, 1998. – 462 с.
- 111 Ломоносов М.В. Для пользы общества... / сост. А.С. Елеонской. – М.: Советская Россия, 1990. – 148 с.
- 112 Кант И. Критика чистого разума. – М.: Мысль, 1994. – 184 с.
- 113 Гончаренко Н.В. Гений в искусстве и науке. – М.: Искусство, 1991. – 432 с.
- 114 Бадмаев Б.Ц., Малышев А.А. Психология обучения речевому мастерству. – М.: Владос-Пресс. 2002. – 202 с.
- 115 Валери П. Положение Бодлера. – М.: Искусство, 1976. – 623 с.
- 116 Лапшин И.И. Философия изобретения и изобретение в философии. – М.: Республика, 1999. – 339 с.
- 117 Станиславский К.С. Работа актера над собой в творческом процессе переживания. – М.: Искусство, 1990. – Т. 3, ч. 2. – 480 с.
- 118 Риторика монолога / под ред. А.И. Варшавской. – СПб.: Химера, 2002. – 240 с.
- 119 Аксенов В. Искусство художественного слова. – М.: АПН РСФСР, 1962. – 176 с.
- 120 Виноградов И.И. Искусство. Истина. Реализм. – М.: Искусство, 1975. – 176 с.
- 121 Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. – М.: Наука, 1972. – 234 с.
- 122 Маликова А.М. Ораторское искусство: основы, сущность, инструмент // Новая парадигма социально-гуманитарного знания: матер. междунар. науч.-практ. конф.: в 6 ч. – Белгород, 2018. – Ч. 1. – С. 98-101.
- 123 Гончаренко Н.В. Гений в искусстве и науке. – М.: Искусство, 1991–432 с.
- 124 Платон. Диалоги / пер. с греч.; сост. А.Ф. Люсев. – М.: Мысль, 1986. – 431 с.
- 125 Кони А.Ф. Избранные труды и речи. – Тула: Автограф, 2000. – 550 с.
- 126 Бехтерев В.М. Избранные труды по психологии личности: в 2 т. – СПб.: Алетейя, 1999. – Т. 2. – 280 с.
- 127 Как слово наше отзовется: сб. ст. / сост. А.В. Кирсанов. – М.: Московский рабочий, 1984. – 284 с.
- 128 Адамов Е.А. Личность лектора. – М.: Знание, 1985. – 160 с.
- 129 Панасюк А.Ю. Управленческое общение: практические советы. – М.: Экономика, 1990. – 112 с.
- 130 Демосфен и Цицерон. Тиберий и Гаи Гракхи. Богдан Хмельницкий. Джузеппе Гарибальди. Михаил Скобелев: биограф. повествования / сост. Н.Ф. Болдырев. – Челябинск: Урал, 1996. – 557 с.
- 131 Кони А.Ф. Приемы и задачи прокуратуры // В кн.: Избранные труды и речи. – Тула, 2000. – С. 107-170.
- 132 Давыдов Д.В. Военные записки. – Воронеж, 1987. – 358 с.

- 133 Розанов В.В. Опавшие листья: лирико-философские записи.– М.: Современник, 1992. –340с.
- 134 Ломоносов М.В. Избранные произведения: в 2 т. –М.: Наука, 1986. – Т. 2. –497с.
- 135 Қазақстан Республикасының Заңы. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы: 1999 жылдың 23 шілдесі, №451-І // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1013966#pos=49.10.08.19.
- 136 Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі // *Almaty aqshamy*. – 2020. – №103-104(5923).
- 137 Bourdieu P. The political field, the social science field, and the journalistic field // In book: Bourdieu and the journalistic field/ ed. R. Benson, E. Neveu. – Cambridge: Polity, 2005. – P. 29-47.
- 138 Маликова А.М. Теле-радио-журналистің сөз шеберлігінің болмысы // *Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журнал*. – 2019. – №4(82). – Б. 56-64.
- 139 Kellner D. Cultural studies, identity and politics between the modern and the postmodern. – London; N.Y.: Taylor & Francis e-Library, 2003. – 357 p.
- 140 Маликова А.М. Публичное выступление в ораторском искусстве // *Адам әлемі*. – 2019. – №2(80). – С. 122-130.
- 141 Будильцева М.Б., Варламова И.Ю., Пугачев И.А. Риторика и культура речи в подготовке современного специалиста: учеб. пособие. – М.: РУДН, 2015. – 206с.
- 142 Лементуева Л. Публичное выступление. – М.: Инфра-Инженерия, 2016. – 128с.
- 143 Wilbur Schramm // https://en.wikipedia.org/wiki/Wilbur_Schramm. 18.12.2018.
- 144 Бережная М.А. Доминанты аудиовизуального текста в аспекте исследования ТВ-дискурсов // *Вестник Санкт-Петербургского университета*. – 2016. – №3. – С. 147-156.
- 145 Кириллова Н.Б. Аудиовизуальные искусства и экранные формы творчества. – Екатеринбург: Изд-во Уральского университета, 2013. – 154 с.
- 146 Саппак В. Телевидение и мы: четыре беседы. – М.: Аспект-Пресс, 2007. – 166с.
- 147 Қуанышев Ж. ...Әкелік сөзбен бала өсіріп, ағалық сөзбен соңына іні ертуші еді. Үзінді ой. Керек дерек // *Almaty Akshamy*. – 2020. – №23(5842).
- 148 Маликова А.М. Сөз адамгершілікті дәріптеуге тиімді тәсіл ретінде // *Тенденции и перспективы развития науки и образования: матер. 32-й международн. науч.-практ. конф.* – Переяслав-Хмельницкий, 2018. – С. 175-179.
- 149 Маликова А.М. Антика кезеңіндегі дін шешендерінің болмысы // *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің хабаршысы*. – 2020. – №1(69). – Б. 62-69.